



ДЖОН БИВЕР

«Шайтан тұзағы» бестселлерінің авторы

ЖАҚСЫЛЫҚ

ПА,

ҚҰДАЙ МА?

НЕЛІКТЕН ЖАҚСЫЛЫҚ ҚҰДАЙСЫЗ ЖЕТКІЛІКСІЗ?

Қымбатты дос,

Біз Құдайға келгенде, Ол біздің өміріміздің әр саласын өзгертеді. Өр күніміз Исаның билігінде, рахымында өтіп, өміріміз рухани игілікке толы ағыл-тегіл мол болады.

«Жақсылық па, Құдай ма?» – жай кітап қана емес, қасиеттіліктің бүкіл әлемге таралуына септігін тигізетін жолдау. Қасиеттіліктің таралуына сіз де үлесіңізді қоса аласыз. Ол үшін қауым мүшелеріне, жетекшілеріне, туыстарыңызға, достарыңызға, т.б. осы жолдауды жеткізіңіз. Бір ғана адам – Пауыл елші кішкентай мектеп қабырғасында ат төбеліндей аз ғана адамға тәлім берді. Соның арқасында Ізгі хабар екі жылдың ішінде Азияның барлық тұрғындарына жетті. Пауылдың шәкірттері Құдайдың құзырына бөленіп, оны таратушыларға айналды (Елшілердің істері 19:1-10 қараңыз). Егер біз, Құдайға құштар адамдар, бірлесіп әрекет етсек, Құдай біз арқылы керемет істер жасамай ма?

Құдай мені осы жолдауды сізбен және басқа жетекшілермен бөлісуге жетеледі. Осы кітапта ашылған ақиқатты алып, айналаңыздағы барлық адамдармен бөлісіңіз. Сізді соған даярлағым келеді. Өтінемін, осы ақиқатпен бірге менің сүйіспеншілігім мен қолдауымды қабылдаңыз. Осы жолдаудың өзіңізге және қамқорлығыңыздағы адамдарға қандай ықпалы болғанын естіп білгім келеді.

Сіздің рухани бауырыңыз,



Джон Бивер

JohnBevere@ymail.com



MESSENGER
INTERNATIONAL
MessengerInternational.org



ЖАҚСЫЛЫҚ
ПА,
ҚҰДАЙ МА?

«Жақсылық па, Құдай ма?» кітабы туралы

«“Жақсылық па, Құдай ма?” – қате түсініктеріңізге қарсы шығатын, ізгілікке толы өмір сүру деген түсінікке қатысты көзқарасыңызды өзгертетін Киелі Жазбаға керемет саяхат».

— МАРК БАТТЕРСОН, New York Times баспасының пікірі бойынша бестселлер болып табылатын «The Circle Maker» кітабының авторы.

«“Жақсылық па, Құдай ма?” – Құдайды және өміріңіздегі Оның мінсіз, кемелді еркін іздеуге түрткі болатын көрегендіктің тамаша тәлімі».

— ДЖОЙС МАЙЕР, Киелі Кітаптан тәлім беретін ұстаз және бірнеше бестселлердің авторы.

«Джон Бивер – құрметті тәлімгер, жетекші және автор, сонымен қатар, ол – нағыз дос және Патшалықты кеңейтудегі қызметтес. Ол әр адамның жай ғана жақсы өмір сүруін емес, сенімін көбейтіп, Исаның бере алатынына нық аяқ бастыратын Құдайдағы өмірге ұмтылғанын көруге құштар. Джонның тәлімі мен оның жеке рухани түсінігі Құдайдың еркіне және Оның болашағыңызға қатысты ең жақсы жоспарларына деген көзқарасыңызды жаңартады».

— БРАЙАН ХЬЮСТОН, «Хиллсонг» қауымының бас бағушысы

«Құдайға деген сүйіспеншілігіне бола теңдесі жоқ істер жасаған адамдар туралы оқығанда, солардың қатарында болуды қатты қалаймын. «Жақсылық па, Құдай ма?» кітабы арзан жалған жақсылықты қабылдаудың орнына Құдайдың бар жақсылығын, ізгілігін, жарылқауларын пәк сеніммен қабылдайтын адамдардың ойлары мен жүректерінде не болып жатқаны туралы айтады. Құдайды білуге және Оған батылдықпен қызмет етуге жалындап жансаңыз, осы кітапты оқып шығуға шақырамын».

— ДЖОН МАКСВЕЛЛ, бірнеше бестселлердің авторы және спикер

«Джон Бивердің «Жақсылық па, Құдай ма?» атты кітабы Құдайдың сіз үшін дайындап қойғанынан азына ешқашан көнбеуге

шақырады. Джон бізге Құдайды іздесек, Оны табатынымызды еске салып, өте жақсы іс атақарып шықты».

— Джентезин Франклин, «Free Chapel» қауымының бас бағушысы, New York Times баспасының пікірі бойынша бестселлер болып табылатын «Fasting» кітабының авторы

«“Жақсылық па, Құдай ма?” кітабы жан-жүрегіңізді серпілтеді. Күнделікті жұмыстарыңыздан қол үзгіңіз келмесе, бұл кітапты оқымай-ақ қоюыңызға болады. Алайда, болашағыңызды біржола өзгерткіңіз келсе, осы жолдаудан шөлдеген адамдай сусындаңыз. Ол өміріңізді жаңартады!»

— Кристин Кейн, «The A21 Campaign»-нің негізін салушы және «Unstoppable» бестселлерінің авторы.

«Өжет. Анық. Қажет. «Жақсылық па, Құдай ма?» кітабы біздің мақсатымыз жақсы болуда ғана емес деген маңызды ақиқатты еске салады. Бұл кітап күнәкар дүниелік моральдің орнын Исадан ғана келетін керемет қызық өмірмен алмастыруды бірінші орынға қояды».

— Луи Гиглио, Атланта, Джорджиядағы «Passion City Church» қауымының бағушысы, «Passion» конференцияларының негізін салушы.

«Қараңғыда жағылған оттай, Джон Бивер Құдайдың айқын құзырына жеткізетін жолға жарық түсіреді. Ол оқырманның жүрегінде тек Құдаймен жақын қарым-қатынас қана қанағаттандыра алатын жалынды ұмтылыс тудырады».

— Епископ Т. Д. Джейкс, «TDJ Enterprises» ұйымының басшысы, New York Times баспасының пікірі бойынша бестселлер болып табылатын кітаптардың авторы

«Құдайдың мейірімі айналамызда, бірақ осыны біз шынымен де түсінеміз бе? «Жақсылық па, Құдай ма?» кітабында Джон жақсы болудың не екенін және жақсылықтың Құдайға қандай қатысы барын зерттейді. Осы кітапты оқи отырып, шиеленіске, сынға тап боласыз, бұл кітап Құдайдың сізге дайындап қойғанының ең жақсы-

сына ұмтылуға түрткі салады да, оны басқалармен бөлісуге деген ниет тудырады».

— Крейг Гречел, «LifeChurch.tv» қауымының бас бағушысы, «This Day Forward» және «Five Commitments to Fail-Proof Your Marriage» кітаптарының авторы

«Джон Бивер тағы да Қауымға қуатты, өмірді жаңартатын үндеу тастады. Өзінің «Жақсылық па, Құдай ма?» кітабында ол оқырмандарға Құдаймен қарым-қатынастан барынша көп нәтиже мен өмірдің барлық салаларында ең жоғары стандартқа қалай қол жеткізуге болатынын көрсетеді».

— Мэтью Барнетт, Лос-Анджелес, Калифорниядағы «Angelus Temple» қауымының бас бағушысы, «Арман орталығының» негізін қалаушы

«“Жақсылық па, Құдай ма?” кітабында Джон Бивер Құдайдың рақымы жайлы түсінігімізді өзгертуге, және өміріміздің қай салаларында Құдайдың стандарттарының орнына өзіміздің стандарттарымызды орнатқанымызды көріп, мойындауға шақырады. Киелі Кітаптың зор даналығы мен өзінің осал тұстарын мысалға келтіре отырып, Джон оқырмандарды жақсылық туралы дүниелік, жалған түсініктен бас тартып, жүректерін Көкегі Әкенің кемел қасиеттілігіне бағындыруға шақырады. «Жақсылық па, Құдай ма?» кітабын Исаның соңынан еретін, Құдайдың өзіне арнаған ең жақсысынан азына көнбейтін адамдардың барлығы оқуы тиіс».

— Крис Ходжес, «Church of the Highlands» қауымының бас бағушысы, «Fresh Air» және «Four cups» кітаптарының авторы

The background of the entire page is composed of numerous overlapping, thin, light gray circles of varying sizes and positions, creating a complex, web-like pattern that fills the space.

ДЖОН БИВЕР

ЖАҚСЫЛЫҚ
ПА,
ҚҰДАЙ МА?

НЕЛІКТЕН ЖАҚСЫЛЫҚ ҚҰДАЙСЫЗ ЖЕТКІЛІКСІЗ?

Good or God? by John Bevere, Kazakh

© 2017 Messenger International

www.MessengerInternational.org

Originally published in English as Good or God?

Additional resources in Kazakh by John Bevere are available for free download at: www.CloudLibrary.org

To contact the author: JohnBevere@ymail.com

«Жақсылық па, Құдай ма?» Джон Бивер, қазақ тілінде

© 2017 Messenger International

www.MessengerInternational.org

Алғаш рет ағылшын тілінде «Good or God?»

атауымен басылып шықты

Қазақ тілінде қосымша материалдарды

www.CloudLibrary.org сайтынан тегін алуға болады

Автордың электрондық поштасы: JohnBevere@ymail.com

*Осы кітапты біздің ұлымызға арнаймын...
Арден Кристофер Биверге*

*Сен зейіндісің, күштісің, биязысың
және парасаттысың.
Сенің зардап шеккендерге деген
сезімталдығыңа таң қаламын.
Ұлым, сені мақтан тұтамын және
мәңгі жақсы көремін.*

МАЗМҰНЫ

Алғыс айту.....	13
Кітап туралы	15
Кіріспе	17
1. Жақсылық дегеніміз не?.....	19
2. Бұл қалай болды?.....	31
3. Жақсылықтың әмбебап стандарты	47
4. Негіз	63
5. Қалау болғаны жеткілікті ме?.....	81
6. Біздің ішкі навигаторымыз	97
7. Бізді қызғанатын	115
8. Достық	131
9. Білгіміз келмейтін ақиқат	151
10. Жанармай	169
11. Жақсы ма, әлде тиімді ме?.....	191
12. Қасиетті өмірге дағдылану	205
13. Бізді ынталандыратын нәрсе	221
14. Біздің өлшемдеріміз	241
15. Айыра білу	261
16 Толық түсінік	279
Оқу және талдауға арналған сұрақтар	285

АЛҒЫС АЙТУ

Жұбайым, балаларым және немерелеріме: әрқайсысың – Құдайдың сыйысыңдар, сендер менің өмірімді керемет байыттыңдар. Сендерді мәңгілік сүйемін.

Messenger International қызметінің командасы, басқарма мүшелері мен серіктестеріне: Лиза екеуімізді қолдайтындарыңыз үшін сіздерге рахмет. Иса Мәсіхтің Ізгі хабарын халықтарға жеткізу жолында сіздерден де адал, нағыз дос болуы мүмкін емес. Сіздер үшін Құдайға ризамын.

Брюс, Джейлинн, Винсент, Эллисон, Эддисон және Лоранға: осы жолдауды редакторлық қабілеттеріңмен ыждаһатты, ынта-лы түрде өндегендерің үшін рахмет. Құдай берген дарындарына таңданамын.

Алланға: осы кітаптың тамаша мұқабасы үшін – анық және сәнді болып шыққаны үшін рахмет.

Эддисон, Колин, Эстер, Том, Мэт, Арден, Аллан, Джейлин және Давидке: осы жолдауды жазудың барлық кезеңдеріне қатысқандарың үшін, күрделі мәселелерде ақылды, дұрыс кеңес бергендерің үшін рахмет.

Том, Эстер, Эддисон, Остин және Джонға: осы кітапты жасау үрдісіне және маркетингке қосқан үлестерің мен ақылдарың үшін рахмет.

Роб және Ванессаға: осы кітапты ел-елге таратудағы талмас еңбектерің үшін рахмет.

Әкеміз, Иеміз Иса Мәсіх және Киелі Рухқа: бізді күнәларымыздан толықтай құтқарғандарың үшін, бізді Өздеріңнің балаларың еткендерің үшін және осы жолдауды Өздеріңнің сүйікті халықтарыңа бергендерің үшін рахмет. Әке, Ұлы, Киелі Рухтың аты мадақталсын.

КІТАП ТУРАЛЫ

«Жақсылық па, Құдай ма?» кітабын кез-келген басқа кітап сияқты басынан аяғына дейін оқып шығуға болады. Кітаптың соңына оны интерактивті оқулық ретінде қолдануға қолайлы қосымша материалдар енгіздім. Бұл материалдарды жеке немесе топ ішінде зерттеуге болады. Материалдар алты апталық курсқа арналған, алайда оны өз қажеттіліктеріңізге қарай бейімдеп алуыңызға болады.

Әр аптаға арналған материалдар:

- Топ ішінде талдауға немесе жеке ойлануға арналған сұрақтар
- Құдаймен жеке уақыт өткізгенде қолданылатын апта сайынғы мінәжат пен Киелі Кітаптан үзінді келтірілген
- *Ойлану*: апта бойы ойлануға арналған аят
- *Қолдану*: алған біліміңізді күнделікті өміріңізде қолданудың оңай тәсілі

Әр аптадағы оқуға арналған тараулар талдауға арналған сұрақтардың алдында көрсетілген.

Егер сіз осы кітапты «Жақсылық па, Құдай ма?» курсының бір бөлігі ретінде оқитын болсаңыз, апта сайын бір сабақты тыңдап, кітаптың соңындағы талдауға арналған сұрақтарға жауап беріңіз. Содан соң топтың әр мүшесі келесі кездесудің алдында сол аптаға арналған тарауларды оқиды. Бір аптада бір тарауды оқып, талдаған дұрыс.

Рахаттаныңыз!

КІРІСПЕ

Жақында мен телефон арқылы өте сыйлы әрі танымал Американдық жетекшілердің бірімен сөйлестім. Әңгіменің соңында ол күтпеген жерден: «Джон, тоқтай тұр. Саған бір айтарым бар. Соңғы 20 жылда сен өте көп кітап жаздың, және қазір тағы бір кітап жазуға міндеттісің. Бұл кітап өте өзекті, мезгілге лайық болмақ, қауымға арналған пайғамбарлық жолдау; бұл Құдайдың саған деген тапсырмасы»,– дейді.

Ол кісі сөзін аяқтамай жатып, мен қастерлі Құдайдың алдында тізе бүгіп отыра кеттім. Осы әңгімеден кейін бірнеше апта бойы менің осы кітапты жазуға деген құштарлығым арта берді.

«Жақсылық бар болса, тағы басқа нәрсе керек пе?» деген қарапайым сұрақ – осы жолдаудың түпкі мағынасы.

Қазіргі кезде «жақсылық» және «Құдай» сөздері мағыналас болып кетті деуге болады. Қоғам әлденені жақсы деп санаса, Құдай міндетті түрде оны қолдау керек деп ойлаймыз. Жомарттық, мойынсұнушылық, әділдік – бұлар жақсылыққа жатады. Өзімшілдік, менмендік, тәкаппарлық, зұлымдықты, әрине, жамандыққа жатқызамыз. Айырмашылығы анық сияқты. Алайда, осымен бітті ме?

Жақсылық сондай айқын болса, Киелі Кітапта жақсы мен жаманды айыра білудің маңыздылығы неліктен айтылған (Евр. 5:14)?

Пауыл елші: «Бұл күнәкар дүниенің өмір сүру салтын үлгі етпедер, қайта, ой тілектерің Құдайдың жаңартуымен түбегейлі өзгерсін! Осылай сендер оның еркін – ненің игілікті, ұнамды және кемелді екенін ажырата білетін боласыңдар»,– дейді (Рим. 12:2). Біздің ой-тілектеріміз жаңармай, шынайы жақсылықтың не екенін танып біле алмаймыз. Жаңарған ақыл-ой жан-дүниеміздің, өміріміздің, ниетіміздің өзгеруіне алып келеді. Осындай өзгеріс

болмаса, біз Иса Мәсіх бізге сый еткен тамаша, Құдайдың құзырындағы өмірге ие бола алмаймыз.

Құдай сіздің өміріңізді жаратылыстан бұрын жоспарлап қойды. Бұл жоспарға анық мақсат, шексіз қуаныш, керемет қанағаттану кіреді. Құдайдың жоспары және еркі толықтай ізгі. Алайда, Құдай беретін асқан жақсылықты қабылдауға кедергі болатын жалған жақсылық та бар.

Өкінішке орай, көбіміз жалғанға қанағаттанамыз. Жалған жақсылыққа ұмтылып, саналы түрде (немесе санасыз түрде) Құдайдан бас тартуымыз да мүмкін.

Алғашқы қауымның жеткшілері алдану қаупі туралы бірнеше рет ескертеді (алданған адам ақиқатқа сәйкес өмір сүретініне сенеді, шын мәнінде ол олай емес). Иса ескерткендей, біздің заманымызда алдау-арбау торының шебер жасалғаны сонша, тіпті Құдайдың таңдап алған адамдарының өздері де сол торға түседі. Осы ескертулерге жеңіл-желпі қарауға бола ма? Жақсылық пен жамандықты ішкі түйсікке сүйеніп ажырата аламыз деп Исаның ескертулеріне немқұрайлы қарауға болады ма? Құдайға шүкір, Құдай Өзінің ең жақсысын бізден жасырмайды, Ол алдамайды. Құдайдың уәдесі: іздеген адам табады. Егер біз ақиқатты іздеуге бар күшімізді салсақ, жалғанға алданып қалмаймыз. Гәп мынада, ақиқаттың Иесіне қараймыз ба, әлде Құдайды және Оның еркін үстіртін ғана танумен шектелеміз бе? Осы кітапты оқи отырып, Құдайдың сізге дайындап қойған игіліктеріне толықтай ие болуға және одан азына көнбеуге берік шешім қабылдайсыз деп үміттенемін.

Әрі қарай оқымас бұрын, бірге мінәжат етейік.

Құдай Әке, Иса Мәсіх атымен, менің жүрегімді Сенің еркіңді толығымен қабылдай алатындай өзгертіші. Киелі Рух, мен осы кітапты оқып отырғанда, мені Иса Мәсіхтің жолымен жүруге үйретші. Сен – менің Ұстазымсың. Осы кітаптың әр сөйлемі арқылы маған сөйлегейсің. Менің өмірім біржола өзгерсін. Амин.

ЖАҚСЫЛЫҚ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Құдайдан басқа ешкім де ізгі емес.
— Марқа 10:18

Құдайдың болмысына сәйкестің
барлығы — жақсылық, ал оған сай
еместің бүкілі — жамандық.
— А. У. Тозер

Жақсылық пен жамандық. Екеуінің айырмашылығын барлығымыз білеміз. Ненің жақсы, ненің жаман екенін адам туғанынан біледі. Жақсы мен жаманды ажырату — туа біткен қасиет емес пе?

Мейірбандық әр адамға тән деген пікірді жиі естимін. Осы пікір дұрыс па? Адамның мейірімділігін паш ететін көркем және деректі фильмдер, телебағдарламалар бәрімізге ұнайды. Егер кітап немесе фильмде жамандық жақсылықты жеңетін болса, ондай өнер туындысының көпшілікке ұнағанын көрген емеспін.

Барлығымыз жағымды кейіпкерлердің қиындыққа төзіп, соңында жеңетінін көріп өстік. Жексұрындар оларға шүйліккенде, олар міндетті түрде жеңіліске ұшырайтындай болып, жеңілуге аз-ақ қалады, бірақ сюжеттің соңында олар кенеттен жеңіс пен әділдікке қол жеткізеді. Шымшытырық хикая сәтті аяқталғанша тағат таппайтынбыз. Әр хикаяның соңында жақсылықтың жеңетінін күтетінбіз. Өйткені Құдай әрқез жақсылықты қолдайды ғой, солай емес пе?

Соңғы жылдары продюсерлер мен телеарналар үлкен өзгерістерді көрсететін реалисти-шоуларды экрандарға шығарып, жаңа тренд енгізді. Барлығы ұрыс-айқайы бітпейтін отбасының дұрысталып, татулыққа бет бұрғандығын көрсеткен телешоудан басталды. Біз экраннан көз алмай, мейірбан филантроптардың жомарттылығына тамсанып отырдық. Біз сюжеттің шарықтау шегін асыға күтіп, қатысушылардың өмірлері біржола өзгеріп жатқандағы тебіренгендерін елестетіп жаттық, байғұстар өздерінің жаңарған үйін көргенде солармен бірге жыладық. Одан кейін семіріп кеткен «бишаралардың» арықтауына көмектесетін шоу басталды, кейінірек, қатысушыларға сәнді киінуге, шашын әдемілеуге, бетін бояуға көмектесетін басқа да шоулар пайда болды.

Аз уақыттың ішінде жұлдыздар да осы трендке еліктей бастады. Әйгілі әртістер ән айту, би билеу таланттарын көрсетуге басқа мүмкіндіктері болмайтын қарапайым адамдарға жол ашты. Біз әп-сәтте сенсация болып кетуге мүмкіндік алған бейтаныс адамдарға қол соғып отырдық. Не деген мейірімділік, не деген жомарттық, не деген кең пейілділік десеңші!

Кінәсіз адамдарды қорғайтын, мұқтаждарға көмектесетін, жалпы, адамның мейірбандылығын көрсететін кез-келген телебағдарлама тез арада кең таралып кететін. Көпшілік ұнататын бағдарламалардың тізімінде қауіпті қылмыскерлерді ұстайтын полиция қызметкерлері жайлы сюжеттер де бар. Бұлар да көрермендердің ең сүйікті телехабарларының біріне айналды.

Сонымен, адамның мейірімділігі бізге ең ұнамды, жағымды, көңілімізді қанағаттандыратын нәрсе болып шықты.

Маркетинг пен сауда негізін қалайтын қағидалардың бірі – тауар тез сатылу үшін, оның иісі, түр-түсі, шығаратын дыбысы, дәмі, қолмен ұстап көргендегі әсері өте жағымды болу керек. Тауар сатып алушыны қуанышқа бөлеп, жақсы сезім тудыруы тиіс. Біз жақсы өнімнің қайтсе де сатылатындығын білеміз. Шынымен де, ешкім жаман затты сатып алғысы келмейді ғой.

«Ол жақсы кісі» деп біреудің айтып жатқанын естісек, әдетте біз оған сеніп қаламыз. Аңқау адам жақсы, мейірімді болып саналатын кісілердің сөздері мен істерін сенімді әрі дұрыс деп қабылдайды. Осы берілген бағалар әрдайым дәл ме екен?

Біз жақсыны жаман деп, немесе, керісінше, жаманды жақсы деп алдана аламыз ба? Кез-келген адам бұлардың айырмашылығын анық біледі емес пе? Жақсылықты жамандық деп, жамандықты жақсылық деп қателесуіміз мүмкін емес қой. Солай ма?

Дәулетті жігіттің Исаға айтқанын есіңізге алыңыз. Ол адал, адамгершілігі мол кісі болатын. Ол ешқашан ешкімді алдаған емес, адам өлтірген емес, неке адалдығын бұзған емес, ұрлық, зұлымдық жасаған емес. Ол әке-шешесін сыйлайтын. Ол көпшілікті тамсандырған нағыз азамат еді. Ол үлкен ізеттілікпен Исаға «Мейірімді Ұстаз» деп тіл қатты.

Бір азамат бір азаматқа тіл қатты. Бір жақсы адам екінші бір жақсы адамды «мейірімді» деді. Аты аңызға айналған Ұстазбен бірінші рет кездескенде, жігіт екеуіне де ортақ қасиеттерге сүйеніп, тіл табысқысы келді. Мүмкін ол іштей «Осы Пайғамбардың мейірімділігін айтып, ықыласын өзіме аударса, Ол менің өтінішімді елеусіз қалдырмайды», – деп ойлаған болар. Алайда Иса жігіттің сұрағына жауап бермес бұрын: «Мені неге мейірімді дейсің? Құдай ғана мейірімді» (Марқа 10:18, NLT, орысшадан аударылған) деді.

Иса не себептен Өзін мейірімді деп атаған адамды түзеді? Иса игі, жақсы болмап па еді? Әрине болды! Онда неліктен өйтіп айтты? «Игі» – баға берудің қате стандарты болғаны ма? Басқа сөзбен айтқанда, адамның игі дегені Құдайдың игі дегенінен басқаша болуы мүмкін бе?

Сіз бен біз сол адамның орнында болып, Исаны «Мейірімді Ұстаз» десек, қандай жауап еститін едік? Өзім үшін жауап бере аламын. Мен көп жыл бойы Құдайдың перзентімін, Киелі Кітапты бірнеше рет толығымен оқып шықтым, Жазбаларды зерттеуге күні-

не бірнеше сағат бөлемін, күн сайын мінәжат етіп, уақытымының барлығын қызметке арнаймын. Сонда да, жігіттің естігенін мен де еститін едім. Иса маған тура солай: «Джон, Мені неге мейірімді дейсің?» – дейтін еді. Мен бұны қайдан білемін? Киелі Рух маған тура Иса дәулетті жігітке айтқандай тіл қатты.

Төбемнен жай түсіргендей болған жаңалық

Түсіндіріп жіберейін. Тоқсаныншы жылдардың соңында мен Швецияға конференцияға келген едім. Түнгі рейспен келгендіктен, Стокгольмге таңертең ерте қондық. Кеденнен өтіп, заттарымды алғаннан кейін, мені қамқоршы бауырым өте жылы қарсы алды. Әуежайдан шығып бара жатып, ол маған осы жылдың, немесе тіпті онжылдықтың басты жаңалығы бола алатын нәрсені айтты. «Джон, сен осында ұшып келе жатқанда бір қайғылы оқиға орын алды, оны әлі естімеген шығарсың, саған айтып берейін», – деді ол.

«Не болды?», – деп мен мазасыздана сұрадым.

Бірнеше сағат бұрын сұмдық көлік апаты болып, осы апатта жалпыға бірдей сүйікті, әлемдегі ең танымал адам қаза тапқан екен. Бұл әйелдің әрбір ісі жағымды жаңалыққа айналатын. Жұбайым Лиза екеуіміз ол әйелдің қайырымдылық істері жөнінде тамсана оқитынбыз. Шынымды айтсам, маған ол кісі жайлы мақалалар ғана емес, өмірін бейнелейтін суреттер де ұнайтын.

Бір сөзбен айтқанда, мен ол кісіге өте тәнті едім. Ол жайлы жаңалықтарды бар шаруамды тастай салып, зейін сала тыңдайтынмын.

Ол әйелдің қаза тапқаны жайлы хабар менің жан дүниемді күйзелтті. Ол өзі ақылды, өзі сұлу көрнекті саяси қайраткер, әрі кішкентай балалары бар жас ана еді. Ол әлемдегі беделін пайдаланып әскери жанжалдардан зардап шеккендер мен жетімдерге көп жақсылық жасайтын. Осының өзі менің жүрегімді жаулап алуға жеткілікті болса да, оның сүйкімділігі мұнымен шектелмейтін. Ол табынушыларын ескерусіз қалдырмай, әрдайым жылы лебіз танытып, көңілдерінен шығатын.

Мұндай адамның өмірі үзілгеніне сену қиын еді. Ол шынымен де көз жұмғаны ма? Бұлай болуы мүмкін бе?

Қонақ үйге жеттік. Бөлмеге кіре салып, теледидарды қостым. Барлық арналардың жаңалықтары сол апат жайлы. Мен швед тілін түсінбеймін, сондықтан «CNN» және «BBC Sky News» арналарын іздеп таптым. Болған оқиғаға сене алмай кереуеттің шетінде отырмын.

Марқұмның резиденциясының алдына мыңдаған аза тұтқан адам жиналған. Кәрісі де, жасы да, көздерінен жас парлап кіре беріске гүл әкеліп қоюда. Құшақтаса жылағандар, топтасып бірге мінәжат еткендер. Бүкіл әлем қара жамылғандай.

Келесі төрт күн бойы осы қайғылы хабар барлық басылымдардың бірінші беттерінен түскен жоқ. Барлық бұқаралық ақпарат құралдары осы көлік апаты, тергеудің барысы, марқұмды жерлеу және отбасының реакциясы туралы жаңалықтарды көрсетумен болды. Жаназаға мемлекет басшылары, әлемдік державалардың жетекшілері, атақты адамдар ағылып келді. Осы жаназаны көрсеткен телебағдарламалар бұрын-соңды көрсетілген басқа бағдарламалардың бәрінен артық назарға ие болды.

Стокгольмдегі сол алғашқы күнім. Қонақ үйдегі бөлмеде қайғырып отырмын. Кешкі қызметке дайындалуым керек, бірақ қайғымды жеңе алар емеспін. Жауабы жоқ шымшытырық сұрақтардың жауабын іздеп әуре болдым. Осындай адамның өліміне алып келген кездейсоқ жағдайға деген ашу-ыза кернейді. Қайғы басқан көңілімде басқа, күтпеген бір ой пайда болатын сияқты.

Осы ойдан құтыла алмадым. Сезімдерім мен рухымның арасындағы бірнеше сағаттық арпалыстан кейін, тізе бүгіп мінәжат ете бастадым: «Көктегі Әке, осы кісінің қазасы мені қатты күйзелтті. Алайда, әлдене көңілімді алаңдатады. Бұл не?».

Сол сәтте рухымның тереңінен «Аян» кітабының он сегізінші тарауын оқы» деген сөз келді. Өкінішке орай, ол кезде «Аян» кітабының мазмұнын терең білмеуші едім. Сондықтан, бұл үзіндіде не

туралы айтылатынынан хабарсыз болатынымын. Киелі Кітабымды ашып, оқи бастадым. Жетінші аятқа жеткенде аң-таң болдым:

«Ол қаншама сән-салтанат пен молшылыққа кенелген болса, оған соншама көп азап пен қайғы қасірет тапқызындар! Ол: «Мен тақта отырған ханыммын! Жесір емеспін! Қайғы қасірет шекпеймін!» – дейді. Сол себепті бір-ақ күннің ішінде мына пәлелерге: індет, қайғы-қасірет пен аштыққа ұшырап, отқа өртенбек. Себебі, оны соттаушы Құдай Ие құдіретті. Бабылдың азғындығы мен сән-салтанатты өмір салтына араласқан жер патшалары оны құртып жатқан өрттің түтінін көргенде жоқтау айтып, еңіреп жылайтын болады» (Аян. 18:7-9).

Осы сөздерді оқығанда көңілім қобалжып кетті. Осында сипатталған әйел мен өлімі баршаны тебіrentкен әйелдің арасында көп ұқсастық бар сияқты.

Төбемнен жай түскендей болды, абдырап, абыржып қалдым. Осындай кең пейілді, мейірімді жанға Киелі Жазбадағы осы сөздің қандай қатысы бар?

Жохан пайғамбар мұнда нақты бір адам туралы емес, біздің күнәкар дүниемізге енген зұлым рух туралы айтып отыр. Алайда, Киелі Жазбаның осы үзіндісі мен болып жатқан жағдай арасында ұқсастық бар еді. Киелі Рух бұл үзіндіні менің санамда өзгеше ұғым тудыру үшін көрсетті. Сізге Құдай өміріңіздегі жағдай туралы Киелі Кітаптың белгілі бір мысалы арқылы сөйлеп пе еді? Бүгін де дәл солай болды.

Киелі Рух менің жақсылық туралы ұғымымның негізін шайқалтқандай болды. Иса дәулетті жігітпен сөйлескенде де осылай болып еді. Құдайдың айтқысы келгені санама жете бастады. Сонда мен: «Ием, бұл сөздердің ол әйелге қандай қатысы бар? Ол қайырымыды істер жасайтын, жетімдерге, соғыста мүгедек болып қалғандарға көмектесетін және...»,– деп Құдаймен сөз таластыра бастадым.

«Ол билікке бағынбаушылығы мен жеңіл жүрісін бүкіл әлемге көрсетті,– деді Құдай,– ол Маған бағынған жоқ».

Мен әлі де шүбеланып, «Оның адамдарға жасаған жақсылығы ше?» – дегенді көлденең тарттым.

Сода Киелі Рух: «Балам, Хауа үшін жақсылық пен жамандықты танытатын ағаш жамандығы емес, жақсылығына бола тартымды болды»,– деді.

Дәл жүрегіме айтылған осы сөзден мүдіріп қалдым. Жаратылыстың басталуы, 3-тарауды ашып оқи бастадым.

«Әйел ағаштың қасына барып, жемісінің жеуге жақсы әрі көз тартарлық әдемі екенін және өзін ақылды етуге қызықтырып тұрғанын көріп, жемісті алып жеді. Оны қасындағы күйеуіне де берді, ол да жеді» (Жаратылыстың басталуы 3:6).

Жақсы, әдемі, қызықтырып тұрған деген сөздерді көргенде тілім күрмеліп қалды, аң-таң болдым. «Маған бағынбайтын, Маған қатысы жоқ жақсылық та болады»,– деді Киелі Рух.

Құдайдың айтқанына терең үңіліп, ой елегінен өткізіп отырдым. Құдайдың сөзі санамның түкпіріндегіні жарыққа алып шығып, қате ұғымдарымды түзетіп жатты. Жақсылық туралы менің ұғымым Құдайдыкінен өзгеше екен.

Құдай маған тағы да сөйледі. Жақсы адамдардың, әсіресе, мәсіхшілердің қалай алданатынын көрсетті. Олар адам өлтірмейді, ұрлық-қарлық жасамайды, шайтанға табынатын рок жұлдыздарының концерттеріне бармайды, тұрпайы сөздері бар сұрқай әндерді тыңдамайды. Көптеген адамдар әдепті жүріс-тұрыс, жақсы мінез және жақсы, ұнамды, дұрыс болып көрінетін, алайда Құдайдың даналығына қайшы келетін басқа да нәрселерге ереді. Киелі жазба былай дейді:

«Адамға түзу болып көрінген жолдар да бар,
Ақырында олар ажалға бастап апарар» (Нақыл сөздер 14:12).

Осы аяттың екінші жартысына көңіл бөлейік: «Ақырында олар ажалға бастап апарар». Көптеген мәсіхшілер бұл сөздерге тиісті

мән бермейді. Өйткені, олар: «Мені Құдай құтқарды, шипа берді, мен көкте мәңгі өмір сүремін», – деп ойлайды. Олардың пікірінше, бұл аяттың сенбеушілерге ғана қатысы бар. Дегенмен, осы сөздің мағынасына тереңірек үнілейік.

«Өлімге апаратын жол» деген сөзге қарайық. Киелі Жазбаларда өмір жолы мен өлім жолы туралы жиі айтылады. Құдай өз халқына (бөтен халықтарға емес) «Ал осы халыққа былай де: Жаратқан Ие сендердің таңдауларың үшін алдарыңа өмір мен өлімге апаратын жолдарды ұсынады», – дейді (Еремия 21:8).

Бұндағы «жол» сөзінің мағынасы өмірлік кемеңгерлік, өмірлік діл дегенді білдіреді. Киелі Кітапта «жол» сөзі жиі кездеседі. Иса айрықша мән беріп айтады: «Тар қақпадан кіріңдер! Тозаққа апаратын қақпа кең, жол да даңғыл, онымен жүретіндер көп. Ал шынайы өмірге апаратын қақпа да, жол да тар, соны табатындар аз ғана» (Матай 7:13-14). Бірақ Иса мұнда тек мәңгілік туралы айтып тұр ма?

Құдай Едем бағының ортасына өмір ағашын отырғызды. Ол Құдайдың өмір жолын, Оның даналығын бейнелейді. Бақтың ортасында тағы бір ағаш бар еді, ол жақсылық пен жамандықты танытатын ағаш. Ол өлім жолын: Құдайсыз, адами даналықты бейнелейді. Адам ата мен Хауа ана тыйым салынған жемісті жеді. Осының салдары олардың болашақ өмірлеріне ықпалын тигізді. Онымен қоймай, жеміс оларға сол сәтте де әсер етті. Осы ақымақтықты жасамай тұрғанда, олардың өмірінде ешбір кедергі-бөгет болған жоқ, олар дені сау, жемісті, қай істеді де табысты еді. Тыйым салынған жемісті татысымен, олардың өмірі кілең қиындыққа айналды. Жоқшылық, бейнет, ауру-сырқау және бұрын-соңды көрмеген қиындықтар олардың үлесіне айналды. Адам мен Хауа өлім жолына түсті.

Алайда, Құдай – Құтқарушы. Ол адамның жоғалтқанын қалпына келтірудің жоспарын дайындап қойды. Ол адамды өмір жолына қайта түсіру үшін келісімшарт жасады. Құдайдың даналығы ра-

хатқа толы өмірді, молшылықты, тыныштықты және нағыз бақытты қайтадан жаратты.

«Қандай бақытты даналықты тапқан адам, ақыл-парасатты иемденген әрбір жан! Өйткені оған қол жеткізу күмістен құнды, алтыннан жоғары оның берер пайдасы. Даналық әлдеқайда құнды асыл тастан, құмартқан ешбір нәрсең тең келмес оған. Ол саған берер ұзақ ғұмыр – оң қолында, әрі байлық пен қадір-құрмет – сол қолында. Даналық ұнамды жолдармен жүргізер, соқпақтары адамды тыныштыққа жеткізер. Ие болғанға даналық – шын өмірдің ағашы, оны мықтап ұстанған әркім қандай бақытты!» (Нақыл сөздер 3:13-18).

Киелі Жазба айтқандай, егер Құдайдың даналығын ұстансақ, өміріміз абыройлы, жемісті, табысты, ұзақ, әрі тыныш болмақ.

Ағаштың жемісін жеген адам оның бойындағы нәрден сусындайды, сол ағашқа тән қасиеттерге ие болады. Осы үзіндіге сәйкес, егер біз өмір (даналық) жолымен жүрсек, біз мәңгілік өмір беретін ағаштай боламыз, яғни біздің жемістеріміз басқаларға рухани азық бере алады. Керісінше, адами даналыққа жүгініп өмір сүрсек, зиянды ағаш тәрізді боламыз, онда біздің жемісімізді жеген адам қиындықтарға, стресске, жеміссіздіке, ауру-сырқауға, өзімшілдікке ұшырап, рухани өлімнің басқа да зардаптарын шегеді.

Нақыл сөздердің 14 тарауы, 12 аятына қайта оралайық: «Адамға тұзу болып көрінген жолдар да бар, Ақырында олар ажалға бастап апарар». Осы аят барлық адамдарға – сенушілерге де, де сенбеушілерге де қатысты. Адамға тік болып көрінетін жол бар. Бұл жол жақсы, ақылға сай, қолайлы, тиімді, мақсатқа жеткізетін тура жол болып көрінеді. Алайда, ескертуге көңіл бөлсек, жақсы болып көрінетін нәрсе шын мәнінде пайдасыз, тіпті зиянды болуы мүмкін – өлімге апарар жол осындай.

Пауыл елші бізді былай деп рухани сергектікке шақырады:

«Бұл тақырып туралы тағы бірталай нәрселерді айтқанымыз жөн болар еді. Бірақ оларды түсіндіру қиын, өйткені сендер

зейін қойып тыңдамайтын болдыңдар. (Мәсіхтің тура жолына түскеннен бергі) кездеріңді ескерсек, өзгелерге тәлім берулерің орынды болар еді. Керісінше, сендер әлі де Құдайдың хаба-рындағы ең бастапқы қарапайым тәлімді басқа біреуден үйренуге мұқтажсыңдар. Өздеріңе «қатты тағамның» орнына әлі де жай «сүт» керек! Тек рухани кемеліне келгендер ғана «қатты тағамдарды» жей алады. Байыппен ойлауға дағдыланғандықтан да, олар жақсы мен жаманды айыра біледі» (Еврейлерге арналған хат 5:11-12,14).

Айыра білу – шын мәнінде ненің жақсылық, ненің жамандық екенін анықтайтын негізгі фактор. Басқа сөзбен айтқанда, біз өзіміздің табиғи, адами санамызға, түйсігімізге, ақылымызға, сезімдерімізге сүйеніп ажырата алмаймыз.

«Еврейлерге арналған хатта айтылғандай, ойымызды дағдыландыру арқылы жақсы мен жаманды ажыратуды үйренуге болады» дейсіз ғой. Иә, солай айтылған. Пауыл елші қай ой туралы айтып тұр? Осы үзіндінің басында айтылғандай, Пауылдың осы сөзі зейін қойып тыңдамайтын сенушілерге арналған. Пауыл тыңдап естудің қай түрі жайлы айтады? Сол сенуші еврейлердің барлығы саңырау болып кетіп пе еді? Олай емес-ау. Мұнда жүрекпен есту қабілеті жайлы айтылған. Иса әрдайым: «Құлағы барлар жақсылап тыңдап алсын!» (Матай 11:15) деп үйрететін. Ести алар құлақ Исаның тәлімін тыңдаған адамдардың барлығында болды, ал Құдайдың сөзін естіп, нағыз жақсылықты ажыратуға қабілетті жүрек барлығында болған жоқ.

Кешірек біз рухани ажырату саласына тереңірек бойлаймыз. Жақсылық пен жамандықты ажырату кей кезде қиын болатыны есімізде болсын. Ақиқат маған сол бір күні, қонақ үйде отырғанымда ашылды. Оған дейін ненің жақсы, ненің жаман екені айдан анық қой деп ойлайтынмын. Енді басқа бір мысалды қарастырайық: Исаның ең жақын шәкірттерінің бірі Петір қасық қаны қалғанша Исамен бірге болатынын, Исаның өмірі ұзақ болуы керектігін

айтты. Оның Ұстазына берген кеңесі өте орынды сияқты. Дегенмен, Иса Петірдің бұл сөзі Құдайдың ниетіне сай еместігін айтып сөгіп тастады (Матай 16:21-23 қараңыз). Бұл біздің жақсы мен жаманды айыра алмаушылығымызды, айыруға қабілетсіздігімізді көрсететін Киелі Кітаптағы көптеген мысалдардың бірі ғана.

Сүлеймен патша: «Өз халқыңның істеріне әділ шешімдерді жасап, дұрыс пен бұрысты ажырата алуым үшін айтқандарыңа құлақ түріп, түсінетін жүрек сыйлай гөр! Онсыз Сенің осыншама көп халқыңа билік жүргізу ешкімнің қолынан келмейтін іс»,– деп мінәжат етті (3 Патшалар 3:9). Құдай нені жақсылық, нені жамандық деп атайтынын ажыратуға дағдыланған ояу жүрек керек. Хауа ана мінсіз жаратылған еді. Эдем бағында Құдайдың құзыры айқын, қуатты еді. Алайда, Хауаның жақсы, жағымды, пайдалы деп санағаны шын мәнінде зұлым, әрі зиянды болып шықты. Ол алданғанынан зардап шекті.

Осы кітаптың мақсаты – Киелі Жазба арқылы және Киелі Рухтың көмегімен біздің өмірімізде жақсылық болып шығатын нәрселер мен ақыр соңында зиянын тигізетін нәрселердің айырмашылығын білу. Мінсіз жаратылған және мінсіз ортада өмір сүрген Хауа алданған болса, күнәға батқан дүниеде өмір сүретін, санамыз күнадан уланған біздер зиянды нәрселерді жақсылық деп санап адаспай, алданбай жүре аламыз ба?

БҰЛ ҚАЛАЙ БОЛДЫ?

Сүйікті бауырластарым,
алданып қалмаңдар:
көктегі Әкеміз берген қай нәрсе де игі.
— Жақыптың хаты 1:16-17

[Мәсіхші] Құдай бізді жақсылығымызға
бола жақсы көреді деп ойламайды,— жоқ,
Құдай бізді сүйгендіктен жақсы етеді...
— К. Л. Льюис

Сол бір күні мен Швецияда, қонақ үйдегі өзімнің бөлмеде саң-таң болып, көңілім толқып отырған едім. Менің қайғы-ма Құдайдың берген жауабы қайран қалдырды. Дегенмен, әлі де көңілім тыныштала алмады. Абыржып, көптеген сұрақ мазалай берді. Көп жыл бойы қызмет етіп келемін, бірнеше кітап жаздым, дүние жүзі бойынша сенушілерге тәлім бердім, енді міне, білімсіздігімді көріп отырмын – мен шын мәнінде ненің жақсы екенін білмейтін болып шықтым.

Мені толғандырғаны: «Құдай жақсы деп санамайтын тағы қай нәрселерді мен жақсы деп ойлап жүрмін?» және, өте маңызды сұрақ «Осындай білімсіздіктің салдары қандай?»

Бұл сұрақтардың жауабын жаратылыстың басталған жерінен – Едем бағынан іздейік. Естеріңізде болар, қонақ үйде отырғанымда, Киелі Рух менің назарымды Едем бағында орын алған оқиғаға аударған еді. «Жылан Хауа ананы Құдайдың тілін алмауға қалай көн-

діре алды?»). Көптеген сенушілерді толғандырған осы сұрақ мені де мазалады.

Ойланып көрейік. Хауа ананың өмірі мінсіз еді. Әкесі, жұбайы, ұстазы, бастығы – оны ешқашан ешкім де ренжітіп көрген емес. Ол мінсіз, ешбір кемшілігі жоқ әлемде өмір сүріп жатты. Хауа ана қамсыз, мұңсыз, ауру-сырқаудың не екенін білмей өмір сүріп, оның үстіне Жаратушысымен жарасымды, тығыз қарым-қатынаста болды. Жер беті Құдайдың құзырына толы еді, Ол Өзі баққа келіп, Адам және Хауамен бірге жиі серуендейтін. Жылан қалай ғана осындай адамдарды алдап, Құдайдан теріс қаратты?

Бұл жұмбақтың жауабын тапсақ, шайтан бүгінгі күні де тура соны қалай жүзеге асыратынын түсінеміз. Оның айла-тәсілдерін білсек, шайтанға оңай олжа болып, Тәңіріміздің айтқанына бағынбай кетуден аман қаламыз.

Тамаша бақ

Әуел баста Құдай еш кемшілігі жоқ, мінсіз дүниені жаратты. Әлем өте жақсы жаратылған, пәк таза, әрі тән мен жанға қажетті нәрселерге толы еді. Құдай жануар, өсімдік және табиғи ландшафтың бірнеше түрін жаратумен шектелген жоқ. Ол миллионнан астам тірі ағзаларды, екі жүз елу мыңнан аса өсімдікті, жүз мыңнан астам ағаш түрлерін, топырақ пен тау жаныстарының алуан түрін және табиғи ресурстарды жоспарлап, жаратты. Жер ғажап жаратылған еді! Мыңдаған жылдар өткеннен кейін де ғалымдар жерді әлі де зерттеп бола алмай, оның күрделі құрылысына таң қалады. Құдайдың жаратылысын толықтай танып білу тіпті мүмкін емес шығар.

Құдай әлемді Өзінің ерекше сүйікті жаратылысы – адам үшін жаратты. Ғаламшардың таңғажайып әсемдігіне қарамастан, Жаратушымыз онымен тоқтаған жоқ. Ол тамаша жерде бақ отырғызды. Киелі Кітапта айтылғандай, Құдай бақты орнатты. Яғни жаратқан жоқ, Өзі отырғызды.

Бақтар мен табиғатты жаным жақсы көреді. Шынымды айтсам, бақта жұмыс жасағанды тіптен ұнатпаймын, бұл сөзімді Лиза құптай алады. Ол қабағын түйіп, менің онда қалай ынта-ықылассыз жұмыс істейтінімді айтып береді. Дегенмен, мәпелі күтім көрген бау-бақшалар, жүзімдік пен ормандарда серуендегенді өте жақсы көремін. Көздің жауын алатын әсемдік, хош иіс, топырақ, ағаштар мен өсімдіктердің алуан түрлеріне сүйсінемін.

Жақында мен Германияда, Констанц атты қалада, Германиядағы ең үлкен көл – Боден көлінің жағалауында уағыз айтқан болатынымын. Боден көліне су Альпі тауларындағы мұздықтар мен қардан келіп құяды. Лиза екеуіміз онда жақын достарымыз – Фреймут бағушы (кең таралған неміс есімі) мен жұбайы Джоаннаның үйіне қонаққа келген едік.

Бұл сапарда бірнеше бос күніміз болып, достарымызбен көңілді уақыт өткізуді ойласытырдық. Констанцта ойын-сауықтың түрлері, жайлы демалыс орындары өте көп екен, бірақ менің қалағаным жоқ болып шықты.

Констанц көлінде Гүлдер аралы деп аталатын жер бар екен. Оның ресми атауы – Майнау, алайда бұл аралға гүлдер аралы деген атау лайық екен, себебі, арал түгелімен баққа айналған. Аралды аралап шыққым келді, бірақ оған бір күн уақыт қажет екен.

Мен аралға барайық дегенде Лиза, Джоанна және Фреймут бұл сөзімді қалжың деп ойлап қалды. Шынымен де, спорт пен белсенді демалыс түрлерін ұнататын жігіт жай ғана үлкен бақты айналып серуендеуді таңдайды деп кім ойлаған? Мен бақты көруді қалайтынымды бірнеше рет қайталағанда, достарым: «Әзілдеп айттың ба десек, ол жерге шынымен де барғың келеді екен ғой. Солай ма?» деп сұрады.

Мен: «Иә!» – деп жауап бердім. Сонымен, басқалардың көңілі аса қаламағанына қарамастан, серуендеуді жоспарлап қойдық.

Сол күні ауа райы тамаша болды. Көпір арқылы аралға жетіп, кіру ақысын төлеп экскурсиямызды бастадық. Бұл үлкен бақтың көркемдігі мен өсімдіктерінің алуан түрлілігі мені тез-ақ баурап

алды. Менің жалғыз бармағаным қандай жақсы болғаны. Осы шедеврдің ішіне кіргенде серіктестерімнің әзіл-қалжың, күлкілері сап тиылды.

Бұл зор бақтың әрбір шаршы метрі көздің жауын алды. Мінсіз пішінді әсем клумбалар түп-түзу соқпақ жолдармен жиектелген. Соқпақпен келе жатқан адамға клумбадағы әрбір өсімдік жақсы көрінеді. Гүлдерден жасалған карталар, алып жануарлардың, балалардың мүсіндері, тіпті толықтай ағаштар, өсімдіктер мен гүлдерден құрастырылған үйлер. Бақтың әр жерінде таң қалдыратын сураттар да кездесті.

Бәріміз де бақтың керемет көркемдігі мен шығармашылық өрісін тамашалап рахаттандық. Ол бақты толығымен көріп шығу үшін жарты күннен көп уақыт керек еді – біз болсақ, оның жартысын ғана көріп үлгердік. Сол күні мен: «Осындай керемет, әдемілігіне көз тоймайтын, хош иісті бақ – адамның жасағаны болса, Құдай орнатқан бақ қандай болды екен?» – деп көп ойландым. Әдемді жай ғана тәжірибелі бағбан отырғызған жоқ, оны Жаратқан Иенің Өзі отырғызды.

Құдай салтанатты бақ отырғызып, ол жерге Адамды қоныстандырды, оған жануарлардың барлығын ертіп әкелді. Құдай 1,25 млн жануарды Адам қалай атайтындығын көргісі келді. Адам ата неткен ақылды еді! Адам әр жануарға ат беріп қана қоймай, олардың әрбірін есте сақтай алды – оған ешқандай айпад немесе Гуглдың қажеті болған жоқ. Адамның ой-санасы керемет жаратылған еді!

Алайда, Құдай жануарларды Адамның алдына тек ат қою үшін ғана әкелген жоқ, Адам қай жануарды өзіне серік етіп таңдайтынын көргісі келді.

Адам барлық құстар мен жан-жануарларға ат қойды, бірақ олардың арасынан адамға көмекші болуға лайықтысы табылмады. Бұдан кейін Жаратқан Ие Адамды терең ұйқыға батырып, ұйықтап жатқанда оның бір қабырғасын алды да, орнын етімен жауып тастады.

Тәңір Ие сол қабырғадан әйел жасап, оны Адамға алып келді. Сонда Адам былай деді:

«Міне, бұл – өз сүйегімнен шыққан сүйек, Өз етімнен шыққан ет! Ол әйел деп аталсын, себебі ол еркектен алынып жасалған» (Жаратылыстың басталуы 2:23).

Ер адамға нағыз серік, көмекші – әйел болды. Олар бір-біріне лайық болып, бірін бірі толықтырды. Оларға ғаламшарға және, әсіресе, баққа қамқорлық жасауға тапсырма берілді.

Хауа жаратылмас бұрын, Құдай адамға анық нұсқау берді: «Саған бақтағы күллі ағаштардың жемістерін жеуге болады. Бірақ жақсылық пен жамандықты танытатын ағаштың жемісін жемейсің! Себебі, одан жеген кезде өлесің» (Жаратылыстың басталуы 2:16-17).

Біз Киелі Кітапта жазылған келесі оқиғаның нақты қай уақытта орын алғанын білмейміз. Бірнеше апта, немесе бірнеше жыл, әлде бірнеше онжылдық, тіпті одан да көп уақыт өтуі мүмкін. Дегенмен, ең қу хайуан – жылан Хауаға тіл қатып, Құдайдың заңына күмән келтірген күн келді.

(Жылан қалай сөйлей алды? Мен күнә жасалғанға дейін барлық жануарлар адаммен тілдесе алатын деген ойдамын. Сондықтан жылан сөйлегенде, Хауа шошынған да, таңданған да жоқ. Бәлкім, жануарлардың сөйлей алу қабілеті туралы түсінік ұрпақтан ұрпаққа берілген болар, өйткені Валаам да есегі сөйлеп кеткенде қорыққан жоқ (Руларды санау 22:21-35 қараңыз). Ол есегіне ешбір таңғалусыз, үрейсіз, түк болмағандай жауап берді).

Шайтан мақсатына қалай жетті?

Енді біздің зерттеуіміздің мақсаты – Едем бағындағы оқиғаға қайта оралайық.

Шайтан билеп алған жылан керемет бақта тамаша өмір кешіп жатқан Хауаны Құдайдан теріс қарата алды. Шайтан осы мақсатына қалай жеткенін анықтап көрейік.

«Ол әйелге сұрақ қойып:

– Құдай сендерге бақтағы ешбір ағаштың жемісін жемендер деп шынымен айтты ма? – деді» (Жаратылыстың басталуы 3:1).

Осы сұрақты қою арқылы жылан өзінің алғашқы стратегиялық қадамын жасады. Оған Хауаны Құдайдың даналығынан алыстату қажет болды. Оның шебер ойлап тапқан сұрағынан әйел жемісін жеуге болатын көптеген ағаштардың барлығы туралы лезде ұмытып, барлық назарын сол жалғыз тыйым салынған ағашқа аударды.

Құдай Адам мен Хауаға: «Саған бақтағы күллі ағаштардың жемістерін жеуге болады. Бірақ...» деді. Біздің Құдайымыз жомарт, сондықтан, «Күллі ағаштың жемісін жей аласың» деп ерекше айтады. Әлемде жеміс ағаштарының мыңдаған түрі бар, менің ойымша, оның әрқайсысы да бақта өскен болатын. Жылан қаншалықты қу болды? Хауа сол мыңдаған ағаш түрлерінің әрқайсысының жемісін жеуге ерікті еді, алайда шайтанның айлакер сұрағын естіп, жалғыз тыйым салынған ағаштан көзін ала алмай қалды.

Уақыт өзгерген жоқ. Құдай әрқайсымызға ағыл-тегіл мол сыйларды тартты, әр қилы рухани игіліктерді сыйлады (Ефестіктерге арналған хат 1:3 қараңыз). Оның барлығын жай ғана тізіп жазу үшін тағы бір кітап керек! Онымен қоймай, Иса Мәсіхте дүниенің барлығы біздің меншігімізде (Қорынттықтарға арналған 1-хат 3:21-23). Бірақ дұшпан тура бақта қолданған амалын қазір де қолданып жүр. Ол Құдайдың берген молшылығын бізден жасырып, «болмайды»-ны ғана көрсетуге ұмтылады. Құдай неліктен бізге белгілі бір нәрселерді жасауға рұқсат бермейді? Бұл маңызды сұрақты келесі беттерде көбірек қарастырамыз, ал қазірше қарапайым жауап берейік – біздің жақсылығымыз үшін. Ол біз үшін ненің жақсы екендігін бізден жақсы біледі.

Хауа Құдайдың айтқан ақиқатын есіне алып, жыланға тез жауап бере қойды:

«Жоқ, бізге бақтағы ағаштардың жемісін жеуге болады. Бірақ Құдай: бақтың ортасында тұрған ағаштың жемісін жемендер, тіпті оған тиіспендер, әйтпесе өлесіндер деп айтқан болатын» (Жаратылыстың басталуы 3:2-3).

Хауаның жауабында аздаған мүлт кетушілік бар екенін байқаған боларсыздар. Құдай ағашқа тиіспендер деген жоқ қой. Бұл болмашы қателік аса маңызды болып көрінбегенімен, жыланның Адамды емес, Хауаны таңдағанының себебі осында жатыр.

Құдай ағаштың жемісін жеуге тыйым салғанда, Хауа әлі жаратылмаған болатын, ол Адам сияқты сол өсиетті тікелей Жаратушыдан ести алған жоқ. Менің ойлауымша, бір күні Адам мен Хауа бақта қыдырып жүріп, сол ағаштың жанынан өткен болар. Адам оған нұсқап, Құдайдың осы ағаш жайлы қандай өсиет бергенін Хауаға айтып берген шығар. Мен мұндай хабарлауды берілген білім деп атаймын. Ал Адам үшін бұл ақпарат ашық білім болды. Айырмашылығы неде? Құдай бізге тікелей сөйлегенде біз үшін ол ашық білім болып табылады.

Күндердің бір күнінде Иса шәкірттерінен: «Мені, Көктен келген Билеушіні жұрт кім деп жүр?» – деп сұрады (Матай 16:13 қараңыз). Шәкірттер басқалардан естігендерін бірінен соң бірі айта бастады: қайта тірілген Жақия, Илияс пайғамбар, Еремия немесе ежелгі пайғамбарлардың бірі. Шәкірттер біздің заманымызда өмір сүрсе, Твиттер, Фейсбук, Инстаграм және әр түрлі блогтарда көргендерін айтар еді.

Иса олардың берілген білімге негізделген жауаптарын тыңдап болып, келесі сұрағын қояды: «Ал сендер Мені кім дейсіңдер?».

Шәкірттер аң-таң болып тіл қата алмай қалды. Иса осы сұрақтарды қоймаса, олар әлі де айналадағыладың айтқандарын қайталап жүре берер еді. Олардың жауаптары берілген білімді бейнелеуші еді. Иса сол екі сұрақпен басқа адамдардан берілген білімді алып тастап, Құдайдың Өзі шәкірттерге не ашқанын білмек болды. Сұрақтың жауабы Жалғыз Петірде ғана бар еді. Ол соны

айтып салды: «Сіз Мәсіхсіз, мәңгі тірі Құдайдың рухани Ұлысыз!» (16-аят).

Исаның күлімсіреп, Петірдің иығына қолын салып: «Сен бақыттысың, Жүніс ұлы Шимон: саған мұны адам баласы емес, көктегі Әкем білдірді!» деп жігерлендіргенін елестетемін. Петір Интернеттен көргенін, не кездейсоқ журналдан оқып алғанын қайталаған жоқ. Ол Құдайдың тікелей оған айтқан ақиқатымен бөлісті.

Соңыра Иса Өз Қауымын осындай ашық білімге негізтейтінін, Құдайдан тікелей келген ашық білімге ие болғандарды тозақтың күштері де жеңе алмайтынын айтты. Керісінше, сенімін берілген білімге ғана негіздейтіндер алданып, шайтанға оңай олжа болады.

Ашық білім бізге әртүрлі жолдармен келеді: Киелі Кітапты немесе жігер беретін жақсы кітапты оқу кезінде, мінәжат уақытында, бағушының уағзын тындап отырғанымызда, үй төбесінде мінәжат етіп отырып көрген Петірдің аянына ұқсас аян арқылы немесе Киелі Рух жүрегімізге сөйлегенде. Ашық білімді Құдай нақты бір ғана жолмен береді деп айта алмаймыз. Кейде сабырлы бәсең үн жүрегімізде естіледі. Кей кезде ашық білім адамның рухына тікелей келіп түскендей болады. Кейде Киелі Кітапты оқып отырып, Құдайдың жүрек тебіренер құзырын сезінеміз. Қай жолмен келсе де, Құдайдан келген ашық білімді жүрегіңізден суырып жұлып алу мүмкін емес. Өйткені, сіз Құдайдың дауысын естігеніңізді білесіз.

Ал енді, әлдекім Құдайдан алған ашық білімін басқалармен бөлісті дейік. Біз сол адамның айтқанын оқып, не естіп білсек, бұл жеткізілген білім болып табылады. Яғни, жеткізілген білім – жай ғана әлдекімнің ол кісіге айтылған Құдайдың сөзі жайлы пікірпайымдауы. Мұндай білім дәл, дұрыс болуы мүмкін. Дегенмен Киелі Рух оны жүрегіңізге ашып бермесе, бұл білім бұрмаланып кетуі мүмкін.

Мысалы, Киелі Жазбаны жақсы білетіндерін мақтан тұтқысы келген әлдекімдер: «Джон, ақша әртүрлі жамандықтардың түп тамыры» дейді. Жаңылып жүрген бұл адамдар «Ақшақұмарлық – әр

түрлі жамандықтың түп-тамыры» (Тімотеге арналған 1-хат 6:10) деген аятты уағыздаушының аузынан естіген.

Ақша – бар болғаны құрал ғана. Құралды дұрыс та, бұрыс та қолдануға болады. Қару да құрал. Қылмыскердің қолына түссе, қару көп зиян келтіре алады. Ал полиция қызметкерінің қолындағы қару біреуді өлімнен құтқара алады. Екеуінің де қолданғаны бір құрал. Өздігінен алғанда, қару – жақсы да емес, жаман да емес, бейтарап. Ақша да солай, жамандықтың түп-тамыры емес, тек құрал ғана.

Ашық білім емес, жеткізілген білімге сүйенетін адамдар жоғарыда айтылғандай жаңылып, адасады. Тәжірибемнен байқағаным, кейде жеткізілген білім білімсіздіктен қауіпті.

Хауа Құдайдың тыйымы туралы айтқанда, жеміске тиісуге болмайды деді. Өйткені, Хауада ашық білім емес, жеткізілген білім ғана бар еді. Сірә, Құдай Хауа және Адаммен бірге бақтың ішінде күнде серуендейтін (Жаратылыстың басталуы 3:8 қараңыз). Адамның әйеліне Құдайдың сөзін жеткізгені дұрыс еді. Бірақ, Хауа Құдайдың өсиетін Оның Өз аузынан естуге құштар болмаған сияқты.

Құдайды терең танып, Оны түсінуге ұмтылғандар ғана Құдайдан білім, түсінік алады. Пауыл елші Берядағы сенушілерге ізгі хабарды жеткізгенде, олардың не істегенін қараңыз:

«Салоникалықтарға қарағанда мұндағылардың пейілдері кең екен. Олар елшілердің хабарын бар ынталарымен қабылдап, шындығына көз жеткізу үшін күн сайын Киелі жазбаларды зерттеді» (Елшілердің істері 17:11).

Берялықтар Паулды зейін салып мұқият тыңдап қана қоймай, өздері де Киелі Жазбаларды зерттейтін. Олар пейілдері кең, яғни жүректері ашық адамдар еді делінген. Осы сөздер маған ұнайды. Олардың санасы Киелі Рухтың даусына ашық еді. Олардың рухы мен санасының арасындағы арналары ашық еді, олар ашық білімді қабылдауға дайын еді.

Осы күні сенушілердің көбісі подкаст, блог және Твиттер мен Фейсбуктағы талқылауларды жүктеп қана алады. Ал Береялықтар болса, онымен шектелген жоқ. Иса Өзі туралы сұрақты қойғанда бұқаралық ақпарат құралдарындағы мәліметті естігі келген жоқ. Ол «Жігіттер, Құдай сендерге не деді?» деп білгісі келді. Береялықтар да Құдайдан келетін ашық білімді іздейтін.

Бәлкім, Петір Исамен бірге саяхаттап жүргенде, біреудің «Иса деген адам Мәсіх шығар» дегенін естіген болар. Сол сәтте ол Киелі Рухтың құзырына кенеліп, сол білім оның жүрегі мен санасына енді. «Солай екен ғой! Ол – Құдайдың Ұлы. Ол – Мәсіх. Міне, ақиқат! Осы күнге дейін түсінбей жүр едім, енді білдім, Иса – Мәсіхтің Өзі екен ғой!». Құдай Өз ақиқатын жүрегімізге ашып бергенде, бізді де тура осындай сезім кернейді.

Бәлкім, басқаша болған шығар. Осы түсінік Петірдің жүрегіне кешқұрым жатар алдында, немесе күндіз жол үстінде, не болмаса Иса шәкірттерімен дастархан басында тілдесіп отырғанда келуі де мүмкін еді. Ишая 9:6-7 сияқты Исаның келуін алдын ала хабарлайтын үзінділердің бірін Құдай Петірдің есіне салған болуы да мүмкін.

Әлде Иса наукастардың біріне шипа беріп жатқанда, Петірдің рухани көздері ашылды ма екен. Сол сәтте Петірдің есіне Мәсіхтің келуі туралы Көне Өсиеттегі пайғамбарлық сөз түсті, оны бала кезінде рухани ұстазы оқып берген еді: «Осылай Ишая пайғамбардың: Ол «біздің қасіретімізді Өзіне алды, біздің ауруларымызды өз мойнымен көтерді» деп алдын ала айтқаны жүзеге асты» (Матай 8:17, Ишая 53:4-ны растайды).

Исаның шын мәнінде кім екені туралы ашық білім Петірге қай жолмен келсе де, ең бастысы, ол ақиқатты Құдайдың Өзі ашып берді.

Ал, Хауада ашық білім болған жоқ, керісінше, ол жеткізілген білімге қанағаттанды. Мүмкін, Адам: «Жаным, жақсылық пен жамандықты танытатын ағашқа қарап тұрғаныңды көрдім. Оған

тиіспе! Құдай «Оның жемісін жесеңдер, өлесіңдер» деген»,– деп Хауаның Твиттеріне жазған шығар.

Екінші баспалдақ

Сонымен, жылан Хауаның назарын бақтағы тыйым салынған жалғыз ағашқа аударды. Енді ол зұлым жоспарының екінші қадамын жүзеге асыруға кірісті. Жыланның сөзі Құдайдың айтқанына толықтай қарама-қарсы болғанымен, тордың шебер құрылғаны сондай, Хауаға ол тартымды, әрі тиімді ұсыныс болып көрінді.

«Сонда жылан әйелге:– Жоқ, тіпті де олай емес, өлмейсіңдер! Қайта, Құдай сендер осы жемісті жеген кезде көздеріңнің ашылатынын жақсы біледі. Сонда сендер ненің жақсы, ненің жаман екенін айыра алып, Құдай сияқты боласыңдар! – деді» (Жаратылыстың басталуы 3:4-5).

«Құдай біледі» деген сөзге назар аударыңыздар. Яғни, жылан-ның тұспалдап айтып тұрғаны: «Құдай өмірлерінді жақсартып, жаңа деңгейге шығаратын нәрсені сендерден жасырып жүр». Өлгі ағаш жамандықты ғана емес, жақсылықты да танытатын ағаш еді. Жылан осыны арқау еткендіктен, оның сөзі нанымды, әрі ақылға қонымды болып естілді. Ол дегеніне жетті.

«Әйел ағаштың жемісіне қарап, оның жеуге жақсы әрі көз тартарлық әдемі екенін және өзін ақылды етуге қызықтырып тұрғанын көрді. Содан ол ағаштың жемісінен алып жеді. Әйел қасындағы күйеуіне де содан берді, ол да жеді» (Жаратылыстың басталуы 3:6).

Хауа ағаштың жемісі жақсы, көз тартарлық әдемі екенін, және даналық бере алатынын көрді де, оған құмартты. Жеміс Хауаға өте қажет болып көрінді.

Хауа ағашқа қарап тұрғанда, неше түрлі ой келді. «Ммм. Бұл ағаштың жемісі жақсы әрі пайдалы екен. Ал Құдай оған тиісуге тый-

ым салды. Құдай бізден ештеңе жасырмағанда, ақылдырақ, бақыттырақ болар едік. Жағдайымыз қазіргіден жақсырақ болар еді.

Жаратушымыз рақымды, сүйіспеншілігі мол деп жүрсем, бізді алдап жүр екен ғой. Оның бізден жасыратыны бар екен».

Осы ойлар оны әп-сәтте баурап алды, жемісті алып жеуге деген құмарлық арта берді. Хауа осы ағаштың жақсы қасиетіне өзін сендірген сайын, жемісті алып жеу дұрыс көріне берді.

Дұшпанның мақсаты – Хауаға Құдайдың мінезі туралы бұрмаланған түсінік беру. Неге дейсіз ғой? Себебі Құдайдың билігі Оның мінезіне негізделіп, бекем болады. Қолынан келсе, шайтан Хауаны тіпті Құдайдан теріс айналдырар еді.

Дәуіт патша: «Әділдік, әділет – тағынның негізі, рақым мен адалдық алдында жүреді»,– дейді (Забур жырлары 88:15). Өзі патша болғандықтан, Дәуіт білетін, мызғымас билік осындай мінезге негізделеді. Патша әділ, дана, уәдесіне берік, сенімді болса, оның билігі ұзақ жылдарға созылмақ. Ал екіжүзді, опасыз адамның патшалық етуі ұзаққа созылмайды.

Құдай мінсіз, мінезінде еш кемістік жоқ. Солай бола тұра, жылан Хауаны теріс пікірге сендірді. Ол Хауаның көз алдына жалған бейнелерді келтірді. Тыйым салынған ағашты ол жақсы, тартымды етіп көрсетті. Оның айтуынша, бұл ағаштың жемісі адамға даналық береді, бірақ сырт бейне – алдамшы. Сондықтан: «Көзге көрінетін емес, көрінбейтін нәрселерге назар тігеміз» деп айтылған (Қорынттықтарға арналған 2-хат 4:18). Көрінбейтін нәрсе дегеніміз – Құдайдың Сөзі. Оның Сөзі әділ және дәл.

Алданбаңыз

Дұшпан Құдайдың мінезі туралы Хауаның пікірін өзгерту арқылы, Жаратушысынан теріс қаратты. Мінәжатыма жауап ойымдағыдай тез келе қоймаса, дәл осындай ойлармен мен де арпалысамын. Ондай кезде, Құдайдың Өз сөзіне адал екендігін есіме

аламын. Басыма қиындық түскенде, «Мәселе Құдайда емес, Ол менен ештеңесін аямайды, Ол – ізгі, рақымды Әке» деп өзіме өзім қайталап айта беремін.

Жылан Хауаны Құдайдың жақсы нәрсені адамға бермей, жасырып қалғандығына сендірді. Мінсіз, еш кемісітігі жоқ, кемел дүниеде өмір кешіп жатқан, бұрын-соңды ешқандай жамандық-жәбір көрмеген әйелді жылан алдап соқты. Олай болса, зұлымдыққа, зорлық-зомбылыққа, өтірікке, азғындыққа толы бүгінгі күнәкар дүниеде шайтанның мақсатына жетуі тіпті оңай емес пе? Сондықтан Жақып елші былай деп қатаң ескертеді:

«Сүйікті бауырластарым, алданып қалмандар»
(Жақыптың хаты 1:16).

Әрбір өтіріктің мақсаты – алдау. Осыны қайталаудан шаршамаймын! Алданып жүрген адам өзінікі дұрыс екеніне, қателеспей, шындық жолында жүргеніне кәміл сенеді. Ал шын мәнінде, ол ақиқатқа қарсы, қателесіп, адасып, жалған жолда жүр. Қауіпті жағдай!

Хауа алданғандықтан, күнәға батты. Жақып біздің Хауаның кебін кигенімізді қаламайды. Оның сөзіне мұқият көңіл бөлейік:

«Сүйікті бауырластарым, алданып қалмандар: көктегі Әкеміз берген қай нәрсе де игі. Нұр шашқан аспан денелерін жаратқан Ол бізге Өзінің мүлтіксіз жарылқауын жаудырады. Аспан денелерінің көлеңкелері қозғала бергенмен, Құдайда ешқандай тұрақсыздық жоқ» (Жақыптың хаты 1:16-17).

Жақып игі нәрсенің көбісі Құдайдан келеді деп жазған жоқ. Көптеген адамдар осылай ойлайды. Жоқ, игі нәрсенің әрқайсысы Құдайдан келеді деп Жақып анық айтады. «Құдайдың еркінен тыс ешқандай жақсылық жоқ» деуге болар еді. Келесі сөйлемді мұқият оқыңыз. Әлдененің қаншалықты жақсы болып көрінуі, сізді бақытқа немесе рухани кемелдікке жеткізе алатындай, өміріңізге қанша қуаныш әкелетіндей, табыс пен байлыққа жеткізетіндей

болып көрінуі, қаншалықты тартымды, жағымды, ақылға қонымды, ұнамды, қолайлы, тиімді болып көрінуі, т. б. маңызды емес. Ол Құдайдың даналығына (Құдайдың Сөзіне) қарама-қарсы келсе, оның ақыры қайғы-қасіретке әкеліп, өміріңіздің күл-талқанын шығарады.

Хауа бұл таңдаудың жақсы, дұрыс екеніне, жұбайы екеуінің өмірін жақсарта түсетініне нық сенді. Алайда оның ойлағанындай болған жоқ. Сіз қазір, бірнеше мың жылдан кейін Құдайдан ақылды болып, өзіңіз үшін ненің тиімді екенін Құдайдан жақсы білемін деп ойласаңыз, тура Хауа сияқты алданасыз. Мұның аяғы ащы өкінішке әкеледі.

Мені саяз ойлы, өресіз, күдікшіл адам, пессимист деп ойларсыз. Мен бар болғаны ескертіп отырмын. Бұл кітап сіздің өміріңіз, қызметіңіз, бизнесіңіз, қарым-қатынасыңыз және өміріңіздің басқа салалары үшін шын мәнінде ненің жақсы екенін білуге арналған ақыл-кеңеске толы. Иса Мәсіхтің ізгі хабарын толықтай уағыздау үшін, мен ескертуге және тәлім беруге міндеттімін. Бұны Пауылдың сөзі растайды:

«Мәсіх туралы хабарды біз барлық адамдарға жеткізіп, бәріне де ескертіп, барынша даналықпен тәлім беріп келеміз. Осылай әрбір жанды Мәсіхпен тығыз байланыста, толық кемелденген түрде Құдай алдына әкелуге талаптанудамыз» (Қолостықтарға арналған хат 1:28).

Ескертусіз және тәлімсіз рухани кемелдікке жете алмаймыз. Мысал келтірейік. Жаңа электрондық құрал немесе басқа техника сатып алғанда, нұсқаулықтың бірінші бетінен «Назар аударыңыз: қолданар бұрын мұқият оқып шығыңыз» деген сөзді көреміз. Әрі қарай осы құралды пайдалану барысында не істеуге болатыны, болмайтыны жайлы бірнеше ескерту жазылған. Ескертулер құралға да, қолданушыға да зиян келмеу үшін жазылған. Осы ескертулерге мән беріп, қолдану ережелерін ұстансаңыз, ол сізге ұзақ қызмет

етеді. Өндіруші ешбір ескерту жасамаса, сіз байқаусызда құралды бүлдіріп немесе өзіңіз жарақаттануыңыз мүмкін. Сосын құралды өндірген компанияға хат жазып, құралды дұрыс қолдану жөнінде ескерту жазылмағанына шағымданып, ондағы жұмыскерлердің мазасын аласыз.

Пауыл елші Жаңа Өсиеттегі ескертулерге назар аударуымыз керек дейді. Ескертулерді ұстансақ, Жаратушымызбен тығыз қарым-қатынаста баянды өмір сүреміз. Алайда, ескертулерге мән бермесек, Адам мен Хауа тәрізді зардап шегеміз. Өмір әділетсіз, азап пен қайғыға толы деген пікірде боламыз және жүрген жерімізде осыны айтумен боламыз. Дегенмен, Құдай анық айтады:

«Осы Таурат заңы кітабында жазылғандардың бәрін сақтап, орындай алуың үшін оларды аузыңнан тастамай, күні-түні оқып, солар туралы ойланатын бол! Сонда ғана өркендеп табысты боласың» (Ешуа 1:8).

Киелі Кітапта жазылғанның барлығын дәл орындағандарға Құдай өркендеу мен табысты өмірді уәде етеді. Алайда бұл Кітапта жүрегімізге жағатын, жігер беретін сөздер ғана емес, ескертулер де бар.

Өкінішке орай, қазіргі заманда тәлімгерлер мен қызметкерлер осы маңызды ескертулер туралы сөз қозғамайды. Киелі Жазбаның бұл үзінділері құлаққа жағымды естілмейді, сондықтан шіркеу мінбесінен осындай тартымсыз уағыз айтылғанын қаламаймыз, тыңдарманға мұндай жолдау ұнамайды. Сол себептен, сенушілер арасында жолдан таю, құлап, сүріну көп кездеседі. Адамдарға дұрыс тәлім беріп, ескертіп отырсақ, мұндай келеңсіз жағдайлардың алдын алар едік.

Құдайдың еркі мен Сөзінен тыс ешқандай жақсылық жоқ, болған емес және болмайды да. Осы ақиқатты сеніммен қабылдаңыз. Сонымен, Құдай мен жақсылықтың арасындағы айырмашылықты зерттеуді жалғастырайық.

ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ ӘМБЕБАП СТАНДАРТЫ

Құдайдың барлық сөздері
пәк таза...

— Нақыл сөздер 30:5

Ақиқат сөзін нық білу
қателесуден сақтайды...

— Мэтью Генри

Бұл кітапта мен жақсылық ұғымының үш қырын қарастырамын. Біріншісі біздің Құдаймен қарым-қатынасымызды қамтиды, екіншісі біздің мінез-құлқымыз бен іс-әрекет, жүріс-тұрысымызға қатысты, ал үшіншісі біздің жоспарларымыз бен стратегияларымызды қамтиды. Үшеуі де бір-бірімен тығыз байланысты, себебі біріншісі – біздің негізіміз, екіншісі – өміріміздің біртұтастығы, үшіншісі – өмірлік жолымыз болып табылады. Алғашқы екі сала мықты болса, еңбегіміз тұрақты түрде жемісті болмақ. Біреуі осал болса, өмір бойғы еңбегіміз ауыр, жемісі мардымсыз болады.

Алғашқы үйімізді салғанымыз әлі есімнен кетпейді. Жүріп жатқан құрылыс әрдайым Лиза екеуіміздің назарымызда болды. Күн сайын барып, қарап жүрдік.

Іргетастың қалануы бізді аса қызықтырған жоқ, оған көп көңіл бөлген жоқпыз. Шамамен сол уақытта достарымыз да үй салды,

олардың үйі біздікінен әлдеқайда әдемі еді. Олар үйлеріне көшіп кірді, арада бірнеше жыл өткенде үйдің қабырғалары еденнен төбеге дейін жарылып, сызат түсті. Бір күні сол үйде қонақта отырғанымызда қабырғаларының жарылғанын байқап, не болғанын сұрадық. Наразылық білдіріп, үй иесі мәселе іргетастың дұрыс қаланбағанында екенін айтты. Үйді салған жұмысшылар құрылыс ережелерін бұзғандықтан, енді жағдайды түзету мүмкін болмай отыр. Бұл мәселенің шешуі көп қаражат пен уақытты талап етеді. Достарымыздың әңгімесінен түйгенім – іргетасты қалау ең қызық шаруа болмаса да, үйдің беріктігін қамтамасыз ететін ең маңызды іс.

Үйіміздің іргетасы қаланып болысымен, қабырғасын көтере бастадық. Құрылыстың осы кезеңі іргетасты қалаудан гөрі бізді көбірек қызықтырды. Барған сайын, онда ұзағырақ кідіретін болдық, өйткені енді үйдің ішін аралауға мүмкіндік туды. Үйдің сұлбасы айқындала берді, әр бөлменің кескінін анық көруді асыға күттік.

Ең қызығы құрылыстың соңында болды, жаңа үйімізде бұрынғыдан да көп уақыт өткізетін болдық. Қабырғалар қаланып болғанда, ішкі әрлеу жұмыстарын, еденнің төселуін, қабырғаларды тегістеуді, және ақыры аспашамдардың ілінуін бақылап жүрдік. Бұл өзіміз салған алғашқы үйіміз еді, оны өз қалауымызша безендіріп, жиһаздадық. Әр күніміз мереке күніндей болды.

Мұнымен не дегім келеді? Құрылыстың алғашқы екі кезеңіндегі жұмыстар (іргетас қалау, қабырға тұрғызу) дұрыс орындалмаса, қалғанының барлығы бірден немесе уақыт өте зиян шегер еді.

Осы кітаптың соңғы бөлімі де – жоспарларымыз бен стратегияларымыз жайлы бөлім – ең тартымды болмақ.

Ол бизнесімізде, қызметімізде, өміріміздің басқа салаларында шешім қабылдау туралы айтады.

Кейбір кезде, екі жолдың бірін таңдау қажет болады. Алайда, біздің таңдағанымыз жақсы болып көрінгенімен, ол Құдайдың бізге дайындап қойған жақсылығына жетпейді. Мұндай таңдаулар біздің потенциалымызды ұрлайды. «...Ол тура жолменен жүретін

адамдарды сыйлайтын игіліктерінен құр қалдырмайды» (Забур жырлары 84:12) – бұл мызғымас ақиқат. Құдай бізге зор игіліктерін сыйлағысы келеді.

Бұған кейінірек ораламыз, ал қазір үй салғандағыдай іргетас қалап, қабырға тұрғызуымыз қажет.

«Жақсы» сөзінің мағынасы

Жақсы сөзінің мағынасын қарастырайық. Иврит тілінде «тов». Сөздерді Зерттеудің Толық Сөздігі (The Complete Word Study Dictionary) төмендегідей анықтама береді: «қуанышқа бөлейтін, лайық, игі, дұрыс». Киелі Кітап Сөздерінің Халықаралық Жаңа Энциклопедиясы тереңірек түсіндіреді:

«Бұл қарапайым сөз жақсылықтың толық мағыналарын қамтиды. Ол көркем, тартымды, пайдалы, тимиі, қалаулы, адамгершілікке сай.

Жақсы сөзінің осы барлық мағыналары баға берумен байланысты. Әлдененің жақсы-жаманын түсіну үшін белгілі бір нәрсе, қасиет, әрекеттерді басқа бір нәрсе, қасиет, әрекеттермен салыстыру керек...

Жаратылыстың басталуы туралы баяндауда «тов» сөзі қолданылған – яғни Құдай Өзінің жасағанына қарап, оны жақсы деп бағалайды. Құдай да баға береді. Шын мәнінде, адам Құдайдың болмысына сәйкес жаратылғандықтан ғана пайымды пікір айта алады. Алайда, күнә адамның сезініп ұғыну қабілетін бұрмалап, өзгертіп жіберді. Сондықтан тек Құдайдың баға беруі ғана мінсіз дұрыс. Көне Өсиетті жазған адамдар Құдай – жақсылықты беруші және оның сарапшысы ғана емес, сонымен қатар тек Құдайдың Өзі ғана біз үшін ненің пайдалы және адамгершілікке сай екенін білетініне нық сенген. Құдай Өз Сөзінде бізбен жақсылықты бағалауды бөліскенінің арқасында ғана, біз әлдебір зат, құбылыс, қасиет, не әрекеттің пайдалы екенін ажырата білеміз».

Мұндағы негізгі ұғым – баға беру. Адам мен Хауа ненің жақсы, пайдалы екенін Құдайдың кеңесіне мән берместен бағалауға

кірісті. Олар (сол кездегі) оқиғаларға Құдайдың стандарттарына емес, өз стандарттарына сүйеніп баға берді. Құдай мен адамзат арасындағы келіспеушілік осы жерден бастау алады. Келіспеушіліктің неше түрлі жолдары, әр алуан түрлері бар болса да, барлығының мәні, ниеті бір – «Өмірім үшін ненің дұрыс екенін өзім білемін, маған ешқандай да ақылшының қажеті жоқ». Солай бола тұра, Құдай: «Адамға түзу болып көрінген жолдар да бар, ақырында олар ажалға бастап апарар»,– дейді (Нақыл сөздер 16:25).

Бірінші тарауда мен осы үзіндіні келтіргенде, оны Нақыл сөздердің 14 тарауы, 12 аятынан алып едім. Бұл сөздің қайталануы бекер емес. Кейбір сөздер Киелі Жазбаларда әдейі қайталанады. Кейбір мәселелерге Құдай ерекше көңіл бөледі (Матай 23:23 қараңыз). Бір сөз бірнеше рет қайталанып отырса, оған мұқият зейін қойғаныңыз дұрыс. Тап осы жағдайда бұл маңызы зор ескерту.

Құдай жақсы мен жаманның арасындағы айырмашылықтың көп жағдайда көмескіленіп, оларды ажырату мүмкін болмай кететінін біледі. Осы жағдай бақта орын алған болса, бүгінгі күні оның қайталануы әбден мүмкін. Біздің бағалауымызша тиімді, дұрыс болып көрінетін жолдар – бойымызға сіңген мінез-құлық, көзқарас, санамызға терең енген ойлар, әдет-дағды, тіпті салт-дәстүрлер бар, бірақ бұл жолдар өміріміздің негізін қалау кезінде бізді адастырып, уақыты өте үлкен қиындық әкеледі. Нәтижесін бірнеше айдан кейін, немесе жылдар өте, не болмаса Қиямет Күні ғана көруіміз мүмкін.

Пауыл: «Кейбір адамдардың күнәлары көзге айқын көрініп, оларды тікелей айыпталуға бастайды. Ал басқаларыныкі кейінірек қана әшкереленеді»,– дейді (Тімотеге арналған 1-хат 5:24). Осы аяттың екінші жартысы, басқаларды білмеймін, өзімнің зәремді алады. Мен Құдайдың Өзінен емес, Одан ажырап қалудан қорқамын.

Құдайдың даналығы мінсіз екеніне және Құдайда менің өміріме қажет игіліктердің бәрі бар екеніне сенемін бе? – ең маңыздысы осы. Әр адамның жүрегінде осы сұрақтың нық жауабы болу керек. Жағдай қалай өзгерсе де, бұл сұрақтың жауабы өзгермеуі тиіс. Не

Құдайдың даналығы әрдайым мінсіз, не оның осал тұстары бар, сондықтан өз мәселемізді Құдайсыз-ақ шешкеніміз дұрыс.

Сонымен, жақсылықтың қай өлшемін дұрыс деп тануымыз керек? Қайсысы өмір жолына апарады? Пауыл елші былай дейді:

«Киелі жазбалардың бәрі Құдай Рухының жетелеуімен жазылған. Олар тәлім беру, әшкерелеу, түзету әрі әділдікке тәрбиелеу үшін тиімді» (Тимотеге арналған 2-хат 3:16).

Осы үзіндінің негізгі сөздерді қарастырайық.

Киелі жазбалардың бәрі. Белгілі бір бөлігі ғана емес. Бізге ұнайтын, өзіміз келісетін үзінділер ғана емес. Біздің көзқарасымызды, пікір-пайымдарымызды құптайтын жерлері ғана емес. Киелі жазбалардың бәрі. Шыныңызды айтыңыз: Сіз кейбір жағдайларда Құдайдың даналығын дұрыс деп қабылдайсыз, бірақ көбінесе ол уақыты өткен, орынсыз ақыл деп ойлайсыз ба?

Хауа Құдайды өзінің Жаратушысы ретінде таныды, Оның ізгілігіне рахаттанып, ғажап құзырына бөленіп жүрді. Хауаның денсаулығы мықты еді, ол тыныштыққа, гармонияға, әлемнің байлығына ие еді, дәмді ас ағыл-тегіл мол еді. Алайда, ол Құдай даналығының дұрыстығына күмәнданысымен, өлім жолына аяқ басты. Хауа мінсіз ортада жүріп алданған болса, күнәнің арасында өмір сүріп жүрген біз қайдан пана табамыз? Біздің жалғыз қорғанымыз – Киелі Кітап.

Олар тәлім беру, әшкерелеу, түзету әрі әділдікке тәрбиелеу үшін тиімді. Кейбір заттар жақсылық сияқты көрінеді, бірақ шын мәнінде жамандық болып шығады. Жақсы, әрі дұрыс болып көрінетін концепциялар, тұжырымдар, пікірлер, қасиеттер, дәлелдер, ойлар бар, бірақ іс жүзінде олай емес. Осындай жасырын қауіптерді ескеріп, Құдай біздің білімізден ақиқаттан тайып, өлім жолына түспеуіміз үшін өмірімізге нұсқаулық берді. Ол нұсқаулық – Киелі Кітап.

Мен Киелі Кітапті күнделікті оқимын ба? Өзімізге осы сұрақты қойып, оған шыншыл жауап беруге міндеттіміз. Киелі Кітапты зерттеймін бе? Өміріме қажетті Құдайдың даналығын іздеуге

уақыт бөлемін бе? Әлде мен Хауа ойлағандай Оның сөзін жақсы білемін деп ойлаймын ба? Мен күнәға батқан дүниеде өмір сүремін, азғырушымен күресудемін, сонда да ақиқатты Хауадан артық түсініп, өмірімде дұрыс бағытты ұстанамын ба?

Киелі жазбалардың бәрі Құдай Рухының жетелеуімен жазылған. Бұл сөйлемнің ауыспалы мағыналары жоқ, жазылғанды тікелей түсінуіміз қажет. Киелі жазбалардың кейбірі ғана емес, барлығы. Киелі жазбалар Құдай рухының жетелеуімен жазылмаса, нұсқаулығымыз дұрыс емес.

Киелі Кітапқа қатысты мәліметтерді есімізге түсірейік. Ол 1500 жыл бойы әр тілде жазылған 66 кітаптан құрастырылған. Авторлары – 3 құрлықтан (Азия, Европа, Африка) шыққан қырықтан астам адам.

Киелі Кітапты жазған адамдардың шығу тегі, кәсібі, көзқарасы алуан түрлі. Олардың арасында балықшылар, қойшылар, әскери адамдар, патшалар, патшаның шарапшысы, дәрігер, салық жинаушы, шатыр тігуші және басқалар бар. Біреулері түрмеде отырып жазса, енді біреулері патша сарайында жазған. Осы адамдардың барлығы әртүрлі тақырыпқа жазған, дегенмен Киелі жазба кітаптарының арасындағы таңқаларлық бірлік, әрине, кездейсоқ емес. Барлық алпыс алты кітаптың өзекгі ойы бір: адамның болмысына күнә енгендіктен, адамзат Жаратушысынан ажырап, Онымен қарым-қатынасын қалпына келтіруге дәрменсіз. Адамзатты осы тығырықтан шығару үшін Құдай Мәсіх, Иеміз Исаның құрбандығын ұсынады. Бұл ой Жаратылыстың басталуынан Аянға дейінгі барлық кітаптарға енді.

Киелі Кітапты жазған адамдардың барлығы жолдаулардың тақырыптарын талқылау үшін бірге жиналған жоқ, ондай мүмкіндік болған да емес. Керемет! Ешбір адам, ешбір команда кітаптардың жазылуын бақылаған жоқ, ондай мақсат ешкімде болған да жоқ. Ол Құдайдың қолында ғана болды. Киелі Жазбаның кітаптары өте ұзақ уақыт бойы жазылғандықтан, авторлардың көбісі бір-бірін танымай, әр түрлі аймақтарда өмір сүрді. 1500 жыл бойы Киелі Кітап толықтырылып отырды. (Тоқтай тұрып, 1500 жылды еле-

стетіп көріңіз. Британ Империясы да осыншама ұзақ жасаған жоқ. Не деген ұзақ мерзім!).

Мені таң қалдыратын нәрсе, біздің Киелі Кітабымыз – еңбектері біртұтас кітапқа енетінін білмеген көптеген авторлардың жазған кітабы. Әртүрлі ұрпақтар мен әртүрлі мәдениеттерден шыққан әртүрлі адамдар бір романның жеке тарауларын жазғандай. Ешқайсысы да романның толық сюжетін, тіпті негізгі тақырыбын да білмейді. Кітаптардың реттілігі мен өзара тығыз байланысы Киелі Кітаптың Құдай қолымен жазылғанын дәлелдейді. Құдай – дирижер, Киелі Кітап – симфония болса, Ондағы әр бөлік жалпы үндестікке өз үлесін қосады.

Бұның өзі Киелі Жазбаның Құдай жетелеуімен жазылғанының сенімді дәлелі болып табылады. Енді әр автордың қаншалықты нақты ақпарат жазғанын тексеріп көрейік.

Құтқарушы Исаның келуі туралы пайғамбарлық сөз Көне Өсиеттің бірнеше кітабынан табылады. Пайғамбарлық сөздер Исаның туылуына дейін жүздеген, кейде тіпті мың жыл бұрын жазылған. Киелі Кітапты зерттеушілердің көбісі Көне Өсиетте Исаның келуі туралы айтатын үш жүзге жуық пайғамбарлық сөз бар деп келіседі.

Иса дүниеге келгенде Әкесіне былай деді: «Уа, Құдай, Сенің еркінді орындау үшін келе жатырмын. Киелі жазбада Мен туралы осылай деп жазылған» (Еврейлерге арналған хат 10:7). Ал адамдарға: «...олар [Киелі Жазбалар] Мен туралы куәлік етеді...» деді (Жохан 5:39).

Исаның барлық пайғамбарлық сөздерді орындауы Киелі Кітаптың Киелі Рух жетелеуі арқылы жазылғанын керемет дәлелдейді. Алайда Құтқарушы туралы пайғамбарлық сөздерге сай келетін басқа да тарихи тұлғалардың бар болуы көптеген пікірталасқа түрткі болады. Шынымен де, кейбір адамдар бір, екі немесе одан да көп пайғамбарлық сөздерді орындай алушы еді. Бірақ олардың барлығын жүзеге асырған адамды табу мүмкін емес.

Келесі бірнеше бет көбіне ғылыми және техникалық ақпарат бермек, бірақ ол ой толғау үшін маңызды, әрі қызықты.

Киелі Жазбаның нақтылығы

Өткен ғасырдың ортасында зерттеуші профессор Питер Стоунер «Ғылым сөйлейді» атты кітап шығарды. Онда ол ықтималдық теориясын ескере отырып Мәсіх жайлы пайғамбарлық сөздер туралы сөз қозғайды. Оның ашқан жаңалықтары жайлы ғылым докторы Х. Хэрольд Харцлер «Ғылым сөйлейді» кітабының алғысөзінде былай дейді:

«Американдық Ғылыми Ассоциациясының комитеті мен басқарушы кеңесі «Ғылым сөйлейді» кітабының қолжазбасын мұқият зерттеп, оны сенімді, әрі нақты деп тапты. Профессор Стоунер өз тұжырымдарын ықтималдық теориясының күмәнсіз принциптеріне негіздейді».

Стоунер өз зерттеуін жүргізіп қана қоймай, он екі топтың алты жүзден астам студенттерінің жасаған қорытындыларын келтірді.

Дәлелдерді нақтылау үшін Стоунер жиналған деректерді мұқият зерттеп, керекті түзетулер жасады. Ол мәліметтерді қатаң сұрыптап, зерттеудің нәтижесі сенімді болуын қадағалады. Бастапқыда олар Иса Мәсіх туралы келесі сегіз пайғамбарлық сөзді зерттеді:

1. Мәсіх Вифлеемде туылуы тиіс (Миха 5:2-тағы сөз Матай 2:1-7; Жохан 7:42; Лұқа 2:4-7 жазған Ізгі хабарларда орындалады).
2. Мәсіхтің келуін алдын-ала жариялайтын адам болады (Ишайа 40:3-тағы және Малахи 3:1-тағы сөз Матай 3:1-3; 11:10; Жохан 1:23 жазған Ізгі хабарларда орындалады).
3. Мәсіх Иерусалимге есекке мініп кіреді (Зәкәрия 9:9-тағы сөз Лұқа 19:28-37; Матай 21:1-11 жазған Ізгі хабарларда орындалады).
4. Мәсікке жақын адамдардың бірі сатқын болып шығады (Забур жырлары 40:10-дағы және 54:13-15-тағы сөз Матай 10:4; 26:47-50; Жохан 13:21-27 жазған Ізгі хабарларда орындалады).
5. Мәсіх отыз мысқал күміске сатылады (Зәкәрия 11:12-тағы сөз Матай 26:15; 27:3 жазған Ізгі хабарда орындалады).

6. Сатқынға төленген ақша құмырашының егіндік жерін сатып алуға жұмсалады (Зәкәрия 11:13-тағы сөз Матай 27:5-7 жазған Ізгі хабарда орындалады).
7. Өзін айыптаушылардың алдында Мәсіх тіс жармайды (Ишая 53:7-тағы сөз Матай 27:12; Марқа 14:60-61; 15:3-5 жазған Ізгі хабарларда орындалады).
8. Мәсіх айқыш ағашта ажал құшады, бұл ұрылардың тартатын жазасы еді (Забур жырлары 21:17-тағы; Зәкәрия 12:10-тағы және Ишая 53:5-12-тағы сөз Лұқа 23:33; Жохан 19:18; Матай 27:38 және Марқа 15:24-27 жазған Ізгі хабарларда орындалады).

Жалғастырмас бұрын, ықтималдық теориясын түсіндіретін мысал келтірейін. Сізде тоғыз сары және бір ақ теннис добы бар делік. Олар бір себетке салынып, араластырылды. Бір адамның көзін байлап, себеттен бір доп алуды сұрайық. Оның ақ допты алып шығуының ықтималдығы оннан бірге тең. Бұл қарапайым ықтималдық.

Осылайша, Питер Стоунер жоғарыда айтылған сегіз пайғамбарлық сөз туралы келесі қорытынды шығарды:

«...Кез-келген адамның осы уақытқа дейін өмір сүріп, барлық сегіз пайғамбарлық сөзді орындап шығу мүмкіндігі 100 000 000 000 000 000-нан 1-ге тең...».

Бұл статистика әсерлі көрінгенімен, оның мағынасын тек математик не ғалым түсіне алады. Стоунердің келтірген мысалын айтып берейін. Егер біздің 100 000 000 000 000 000 күміс долларымыз болса, оны қайда сақтауды білмей әлек болар едік. Дүние жүзінде ондай ақша сиятын ешбір қойма, ғимарат жоқ. Ол ақшаның көптігі сонша, ол Техас штатын қалыңдығы 2 фут (60 см) қабатпен түгел жауып тастар еді. Бұл шынымен де өте көп ақша.

Осы ақшаның барлығын өзімізге алдық дейік. Енді сол күміс ақшаның біреуін басқаларынан айыратындай етіп таңба салып, олардың барлығын Техас штатының жерінде араластырып жібердік дейік. Енді бір адамның көзін байлап, вертолетке мінгізіп, бірге

штатты аралап ұшып шығып, қонатындай бір орын таңдауға мүмкіндік берейік. Қонысымен, көзі байланған адам бір тиын таңдасын. Оның бүкіл Техас штатында бір таңбаланған тиынды табу мүмкіндігі осы уақытқа дейін өмір сүрген бір адамның Иса туралы айтылған сегіз пайғамбарлық сөздерді орындап шыққан адамды табу мүмкіндігіне тең.

Стоунер мынадай қорытындыға келді:

«Бір адамның барлық сегіз пайғамбарлық сөзді жүзеге асыруы сол пайғамбарлық сөздер Құдайдың жетелеуімен жазылғанын дәлелдейді. Бұл тұжырымның қате болуының 100 000 триллионнан бір ғана мүмкіндігі бар».

Бұл таңғажайып фактілер. Бірақ Стоунер жоғарыда айтылған сегіз пайғамбарлық сөзбен тоқтамайды. Ол Исаның өмірін баяндайтын Көне Өсиеттегі тағы сегіз пайғамбарлық сөзді алады (барлығы он алты).

«Бір адамның барлық он алты пайғамбарлық сөзді орындап шығу ықтималдығы 1-дің 1045-не қатынасына тең».

Бұл сан нені білдіреді? Ол бірден кейін 45 ноль бар деген сөз. Яғни:

1 000 000 000 000 000 000 000 000 000 000 000 000 000 000

Стоунердің осы ықтималдықты түсіндіргенін мен басқаша айтып көрейін. Егер бізде саны осындай күміс долларлар бар болса, оларды жер шарына сыйғыза алмас едік. Оларды тығыздап, шарға айналдырсақ, ол шардың немесе сфераның диаметрі Жерден Күнге дейінгі арақашықтықтан алты есе көп болар еді, яғни 5,5 миллиард шақырым!

Сізге осы сфераның шынымен де қаншалықты үлкен екендігін түсінуге көмектесейін. Мен Құдайдың Сөзін үйрету үшін басқа елдерге жиі қатынаймын. Қазіргі кезде ешқайда тоқтамай ғаламшардың басқа бетіне жету үшін бар болғаны жиырма төрт сағат керек. Жаңа Өсиет елшілері осы заманды қатты ұнатар еді. Алайда, 1045 күміс долларлардан жасалған шарды айналып ұшу мүмкін болмас еді, се-

бебі ешбір адамның өмірі ондай ұзақ емес. Күміс доллар шарын тоқтамай айналып ұшып шығу үшін төрт жүз жылдан астам уақыт керек! Егер біз осындай саяхатты пилигримдер уақытында (шамамен б. з. 1620 ж) бастасақ, бүгінгі күні әлі де ұшып келе жататын едік.

Бұл мысалдың Техас штатын екі футтық қабатпен жапқан долларлар туралы мысалдан басқаша екендігін есте сақтаған жөн. Бұл шар толықтай күміс тиындардан тұрады.

Енді осы шардағы бір тиынды таңбалап, қалғандарымен жақсылап араластырып, көзі байланған адамды біреуін таңдап алуын сұрайық. Қалай ойлайсыз, ол таңбаланған тиынды шығарып алады ма? Енді бір адамның Исаның туылуына дейін көп уақыт бұрын жазылған барлық он алты пайғамбарлық сөзді орындап шығу ықтималдығын түсінген шығарсыз.

Міне тағы бір мысал! Стоунер он алты пайғамбарлық сөзбен тоқтамай, қырық сегізін алды. Оның дәлелдері біз білетін нәрсенің бәрінен асып түседі, бірақ оның келесі жазғанын түсініп көріңіз:

«Ең басында қарастырған сегіз пайғамбарлық сөздің бір адамның өмірінде орындалып шығу ықтималдығын алып, тура сол санды қырық сегіз пайғамбарлық сөзге қатысты қарастырайық. Нәтижесінде, санап тапқанымыз – қырық сегіз пайғамбарлық сөздің бір адамның өмірінде орындалып шығу ықтималдығы 1-дің 10^{157} -не қатынасына тең».

Бұл 1 және одан кейін 157 ноль. Ол санды жазып қажеті жоқ. Стоунер жаңа бір мысал келтіру арқылы осы санның қаншалықты үлкен екенін түсінуге көмектеседі. Бұл жолы күміс доллар тым үлкен шама болғандықтан, көлемі әлдеқайда кішірек объектіні қарастырайық.

Электрон – адамға белгілі объектілердің арасында ең кішісі. Электрондардың кішілігі сонша, оларды тізбектеп, ұзындығы 1 дюйм (шамамен 2.4 см) сызық жасасақ, ондағы электрондарды (минутына 250 электрон жылдамдықпен) санау үшін он тоғыз миллион жылдан астам уақыт керек болатын еді. Бұл өте кіші сан, сызықтың ұзындығы бір-ақ дюйм. Бір шаршы дюйм электрондарды,

немесе тіпті бір кубтық дюйм электрондарды санау үшін қанша уақыт кететінін түсіндіріп басыңызды ауыртпай-ақ қояйын.

Оған әлдеқайда көп уақыт кетеді.

Осыны естен шығармай, 10-ның 157 дәрежесі электроннан тұратын шардың қаншалықты үлкен болатынын түсініп көрейік. Жай сөзбен айтқанда, ол шардың радиусы ғарыштағы адамға мәлім ең алыс нүктеге дейінгі қашықтықтан – он үш миллиард жарық жылынан көп болушы еді. (Жарық жылы – жарықтың секундына 300 мың шақырым жылдамдықпен бір жылдың ішінде өтетін арақашықтығы!) Егер бізде радиусы он үш миллиард жарық жылын құрайтын шар болса, біз оған 10^{157} электрондарды бәрі бір сыйғыза алмаушы едік. Олардың алатын көлемі одан әлдеқайда үлкен.

Көзі байланған адам сол шардың ішінен таңбаланған бір электронды алып шығу ықтималдығы бір адамның Иса туралы айтылған қырық сегіз пайғамбарлық сөзді орындап шығу ықтималдығына тең.

Ықтималдық теориясын үш жүз пайғамбарлық сөзге қатысты тексеріп көргіңіз келеді ме? Сіз «Жоқ, өтінемін!» деп ойлап отырған боларсыз, себебі ондай санға қатысты адам түсіне алатындай мысал келтіру мүмкін емес.

Сонымен, бір қорытынды шығарайық. Мың жылдан астам уақыт бойы әр түрлі елде тұрған, әр түрлі заманда өмір сүрген, әр түрлі тілде сөйлеген әр түрлі адамдардың жазған үш жүзден астам пайғамбарлық сөздерін бір Адам жүзеге асырады! Киелі Кітапты Құдайдың Өзі жазғанымен қалай келіспеуге болады? Оның аузынан шыққан келесі сөздердің одан да үлкен маңызы болуы мүмкін бе?

«Құдайдың барлық сөздері пәк таза» (Нақыл сөздер 30:5).

«...Мен де сергек болып айтқан сөзімнің жуырда іске асуын қырағы бақылаймын» (Еремия 1:12) деп Құдай ескертеді. Оған қоса: «Оның... берген ізгі уәделерінің барлығы да орындалды» деп айтылады (Патшалықтар 3-жазба 8:56).

Құдайдың Сөзі таңның атуынан да сенімді, Иса ол туралы былай айтады: «Аспан мен жер жойылатын болады, бірақ Менің сөздерім еш жойылмайды» (Матай 24:35). Жаратушымыз біздің әлемде Өзінің өшпес ізтаңбаларын қалдырып кетті. Соған қарап біз Оның Құдай Ие екенін және Оның еркі Киелі Жазбада ашылғанын білеміз.

Жасырын қауіптер

Пауыл елшінің Тімотеге жазған екінші хатындағы сөздерін қайталайық (3:16): «Киелі жазбалардың бәрі Құдай Рухының жетелеуімен жазылған. Олар тәлім беру, әшкерелеу, түзету әрі әділдікке тәрбиелеу үшін тиімді». Мұнда еш күрделі нәрсе жоқ, барлығы айдан анық. Киелі Жазба – Құдайдың Сөзі, онда жақсы мен ізгі қалай анықталса, сол сенімді әмбебап стандарт ретінде қабылдануы тиіс. Егер өзіңіздің, досыңыздың, қоғамның, немесе эксперттердің даналығы Құдайдың даналығынан артық деп ойласаңыз, келесі сөзге көңіл бөліңіз:

«Құдай көктем көз салады адамзатқа: «Ақылды біреу бар ма бет бұратын Құдайға?» Деп байқайды Ол. Жоқ, бәрі тайып кетті теріс жолға, Әбден бұзылды бірігіп барлығы да. Жақсылық жасаушы ешкім жоқ, тіпті бір жан да» (Забур жырлары 52:3-4).

Осы тарауда талқылағанымыздай, Құдай бізге Киелі Кітаптың нақтылығын көрсететін шүбәсіз дәлелдер келтірді. Осы аяттарда Дәуіт жақсы болып көріне алатын, бірақ Құдайдың Сөзіне қарсы келетін даналықтың біздің амандығымызға зиянды әрі екіжүзді болып шығатынын айтады. Пауылдың Тімотеге жазғанын зейін салып оқиық:

«Ал сен үйреніп, берік сенгендеріңе адал болып қала бер! Өйткені өзіңнің кімдерден тәлім алғаныңды білесің. Сонымен бірге балалық шағыңнан-ақ Киелі жазбалармен таныссың. Олар сені парасатты етіп, Мәсіх Исаға деген сенімің арқылы құтқарылуға бастап әкеледі. Киелі жазбалардың бәрі Құдай Рухының жетелеуімен жазылған. Олар тәлім беру, әшкерелеу, түзету әрі әділдікке тәрбиелеу үшін тиімді. Осылай Құдайдың адамы барша игі іске дайындалып, толықтай даяр болмақ» (Тімотеге арналған 2-хат 3:14-17).

Біз үйренгенімізге адал болып қала беруіміз қажет. Пауыл адамдардың пікірлері, психология, социология, не басқа да адами даналық туралы емес, Киелі Жазбалар туралы айтып тұр. Елші рухани ұлын Құдайдың сөзіне адал болуға шақырады. Оның жүректе басты орын алуын ерекше баса айтады. Адам мен Хауа солай істесе, біз мүлде басқа дүниеде өмір сүрер едік.

Келесі сценарийді елестетіп көріңіз. Сіз минаға толы үлкен жазық арқылы өтуді қажет ететін саяхатқа шықтыңыз. Онда жарылғыш заттар, сусыма құмдар, ажалды қақпандар, улы шөптер мен апандар жасырылған.

Саяхатты бастамас бұрын сіз өзіңізбен бірге әрбір мина мен апанның орналасқан жерін көрсететін және барлық сусыма құмдар, қақпандар мен улы шөптерден қалай құтылуға болатынын айтатын карта аласыз. Осы картаны қалай қолданар едіңіз? Рюкзакқа ас-сумен бірге салып алып, саяхаттың қиындығынан картаға қарауды ұмыттар ма едіңіз? Оған тек мүмкіндік туғанда ғана қарар ма едіңіз? Оны анда-санда бір қол тигенде оқитын ба едіңіз? Оны ең басында жақсылап бір оқып шығып, одан кейін барлығын есте сақтап алдым деп тереңірек тығып қояр ма едіңіз? Осы сіздің әрекетіңізге ұқсас па? Олай болса, сіз ол жазықтан қатты жараланып, немесе мерт болып қайтасыз.

Мен айқын шындықты айтпақшымын. Ақылды адам картаны алып жақсылап зерттеп, біраз ойланып, рюкзактың кез келген уақытта қол жететіндей жеріне салады. Саяхат кезінде ол картаға жиі-жиі көз салып, жүретін жолын картадағы белгілерге қарап, бағытын абайлап тандайды. Сіз осындай жол жүрмек болсаңыз, тура осылай істейтін бе едіңіз?

Біздің өміріміз – осындай саяхат, Киелі Кітап – біздің картамыз. Осыны есте сақтай отырып, Құдайдың Киелі Жазба арқылы айтқанына көңіл бөліңіз. Мен бірнеше маңызды аятты мысалға келтірейін. Осы беттерді оқымастан аударып жібермеңіз, өтінемін. Киелі Кітаптың бұл аяттары сізді саяхат кезінде минаға толы ажалды жазық – біз өмір сүретін дүниеден аман-сау шығу үшін «Киелі Жазба картасын» қалай қолдану керектігі туралы жігерлендіріп, ескерту-

лер жасайды. «Толығымен», «ұқыпты» және «егжей-тегжейлі» сөздеріне назар аударыңыз.

«Өз Құдайларың Жаратқан Ие сендерге бұйырғанының барлығын ұқыпты орындап, Оның өсиетіне егжей-тегжейлі бағыныңдар» (Заңды қайталау 5:32, NLT ағылшыннан аударма).

Құдайдың бұйрықтарының кейбіреулерін емес, барлық бұйырғанын орындаңдар деп жазылған. Біз Оның қалдырған өсиеттерін қабылдап, оларды егжей-тегжейлі орындауымыз керек. Құдай бізді қатты жақсы көреді және жолда жарақат алып, ажал аузына түскенімізді қаламайды. Киелі Кітаптан тағы бір үзінді:

«Сонымен, уа, Израил халқы, сөздеріме құлақ салып, оларды мұқият орындайтын бол! Сонда ағы мен балы ағыл-тегіл елде игілікті өмір сүріп, молынан өсіп-өнетін боласың. Ата-бабаларың сиыңған Құдай Ие мұны саған уәде етті» (Заңды қайталау 6:3).

Біз құлақ салып, мұқият орындағанда, аман-есен боламыз. Құдайдың Өзі уәдесін етіп, Өз Сөзін орындауға кепілдік береді. Тура осындай кеңестерді Заңды қайталау кітабында тағы да кездестіреміз (8:1; 12:28,32 және 28:13). Зер салып қарасаңыз, Құдайдың өсиетін орындасақ, баянды өмір сүреміз, еңбегіміздің жемістілігі артады, біз қоғамда жоғары орын алып, ешқашан артта, төменде қалмаймыз.

Құдайдың Сөзін мұқият оқу, тыңдау және орындаудың қаншалықты маңызды екенін түсінесіз бе?

Сіз: «Джон, бұл сөздер тек заңмен жүретін адамдар үшін жазылды, бұл Көне Өсиет қой. Ал біз, Жаңа Өсиеттің адамдары, Құдайдың рақымымен өмір сүреміз. Иса бізді бұл қажеті жоқ жүктен азат еткен жоқ па?» деп айтуыңыз мүмкін. Иса бізді заңнан азат етті, алайда, біз үшін өмірлік маңызы бар Құдайдың Сөзін орындаудан босатқан жоқ. Көне Өсиетте былай деп жазылған:

«Мұса ата-бабаларымызға былай деген еді ғой: «Құдай Иелерін сендерге мен сияқты бір Пайғамбарды бауырларыңның арасынан шығарады. Соның айтқандарының бәрін тыңдаңдар!» (Елшілердің істері 3:22).

Мұнда Исаның барлық айтқанын түгел тыңда деп айтылған. Жақыптың жазғанын оқиық:

«Ал кім кемелді тәлімге, яғни күнәнің құрсауынан азат ететін Ізгі хабарға, ұқыпты ден қойып, онысын ұдайы жалғастыра берсе, сол ұмытшақ тыңдаушы емес. Қайта, ол естігендерін жүзеге асырушы болып, іс-әрекетінде жарылқанбақ» (Жақып 1:25).

Тағы да бір нұсқау:

«Өзіңе аманатталған Ізгі хабарды өмірімізден орын алған Киелі Рухтың көмегімен мұқият сақта!» (Тимотеге арналған 2-хат 1:14, NLT, ағылшаннан аударма).

«Сол себепті біз беттеген бағытымыздан ауытқып кетпеуіміз үшін Мәсіх туралы естігендерімізге мықтап ден қоюымыз керек» (Еврейлерге арналған хат 2:1).

Адам дұрыс жолдан тайып кеткенін байқамайды. Бала кезімде қайықпен көлге балық аулауға шыққанда, кейде тезірек балық түссін деп асығып, зәкір тастауды ұмытатынмын. Балық аулаудың қызығына кіріп кетіп, жарты сағаттан кейін айналама қарасам, жер көрінбейді. Абайсызда жағадан алыстап кеткен екенмін.

Біз де тура солай, мұқият болмағандықтан ақиқат жолынан байқаусызда тайып кетеміз. Мұндай жағдай біз Киелі Кітапты оқымай, ол туралы ойланбай, оны орындамағаннан пайда болады. Ойымызды саналы түрде дұрыс затқа бұрмасақ, уақыт өте ол күңгірттеніп кетіп, есімізде қалмайды. Дұрыс беталысымыздан ауытқып Құдайдың еркін орындаудың орнына біз айналадағы адамдардың әсеріне түсіп, қоғам даусын тыңдайтын боламыз. Бізге жақсы болып көрінетін нәрсені ғана қабылдап, шындықты бұрмалаумен боламыз.

Алдыңғы тарауда біз өте маңызды ақиқатты анықтап алдық: Құдайдың еркінен тыс ешбір жақсылық жоқ. Сіз Құдайдың еркі Киелі Кітапта жазылғанына сенесіз бе? Олай болса, негізді қалайтын уақыт келді.

НЕГІЗ

... әділдің негізі мәңгі берік болар.
— Нақыл сөздер 10:25

Егер сіз Киелі Кітаптағы сізге ұнамды
нәрсеге ғана сеніп, ұнамайтынын
қабылдасаңыз, сіз Киелі Кітапқа
емес, өзіңізге сенесіз
— Аврелий Августин

Осы кітаптың негізгі ойы болып табылатын үш нәрсені есіңізге салайын: біріншісі – біздің негізіміз, екіншісі – өміріміздің біртұтастығы, үшіншісі – өміріміздің құрылысы. Осы үш аспектіні кітаптың соңына дейін назарымызда ұстаймыз.

Негіз – Құдаймен дұрыс қарым-қатынас орнатуда аса маңызды. Сіз көп жыл бойы сенуші болсаңыз, алдағы жазылғанды өткізіп алмаңыз. Мен сіз қалаған негізді нығайту үшін және сіздің қамқорлығыңыздағы адамдарды Жаратушыға жетелей алуыңыз үшін қолымнан келгеннің барлығын жасаймын.

«...Бірде-бір әділ кісі жоқ, ақылды ешкім де жоқ, Құдайға бет бұратын да жоқ. Бәрі тайып кетті теріс жолға, әбден бұзылып кетті бірігіп барлығы да. Жақсылық жасаушы ешкім жоқ, тіпті бір жан да» (Римдіктерге арналған хат 3:10-12).

Жақсылық жасаушы ешкім жоқ, тіпті бір жан да. Иса Мәсіхтен басқа, бұрын-соңды ешбір адам Құдайдың анықтамасына сәйкес жақсылықты әрдайым тұрақты түрде жасаған емес, жасай алмайды

да. Неге? Себебі әр адам құл болып туылады. Иә, сіз бен біз құл болып туылдық.

– Мен кімнің құлымын? – деп сіз сұрарсыз.

– Күнәнің құлы.

Сенушілерге Пауыл былай деп жазады: «...сендер бұрын күнәнің құлы болғанмен...» (Римдіктерге арналған хат 6:17).

Адам мен Хауа Құдайға бағынбаған сәтте өлімге тап болды. Құдай бұл туралы олар тыйым салынған жемісті жегенге дейін ескертті. Дегенмен, бұл жағдай әлдекім шынымен қаза тапқаннан көп жыл бұрын болған еді.

Сонымен, «Адам мен Хауа жемісті жеген күні қалай өлімге тап болды?» деген сұрақ туады. Өлім олардың болмысының ең маңызды бөлігі – рухтарын жаулап алды. Олар Өмір беруші Құдайдан ажырап, Оның болмысына жат қасиеттерге ие болды. Сол себепті, олардың балалары тұқым қуалаған, қазір де ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын сол жағымсыз қасиеттермен туылды. Жаратылыстың басталуында былай жазылған: Адам ата жүз отыз жасқа келгенде рухы да, түрі де өзіне ұқсас бір ұлды болды. (5:3, The Message, ағылшыннан аударма).

Осы сәттен бастап, адамзат жақсылықтың не екенін нақты білмейді, адамгершіліктің тұсбағдары (компас) істен шықты. Адам енді күнәкар болмысқа бағынатын болғандықтан, шын мәнінде жақсылық пен жамандықты тек Құдайдың жердегі құзыры көрсете алады.

Құдайдың араласуынсыз адам жақсылық пен жамандықты ажырата алмайды. Жыланды билеп алған шайтан (тілазарлықтың атасы) жердің жаңа әміршісі мен заң шығарушысына айналды.

Құдай жерді адамның меншігіне берді, алайда, адам өз билігін шайтанның қолына тапсырды. Мыңдаған жылдан кейін шайтан Исаны таудың басына алып шығып, әлемді көрсетіп, «Осы мемлекеттердің бүкіл билігін, олардың сән-салтанатын Саған беремін. Бұл билік маған тапсырылған, оны көңілім қалағанға сыйлаймын.

Сонымен маған ғибадат етсең бәрі де Сенікі болады»,– деп батыл айтты (Лұқа 4:6). Олай айтуға ол шынымен де құқылы болды, өйткені Едем бағында билікті бірінші адамдардан алды.

Құдай бізді құтқару үшін жерге Өзінің ұлы салтанатында келе алмады, себебі жер адамдарға берілді. Олар өз билігін жоғалтқандықтан, тек адам оны қайтара алатын болып шықты. Құдай Адам атаның күнәға бататынын әуел баста білгендіктен, ол мәселенің шешуін алдын ала дайындап қойды. Оның жоспары жерге адам кейпінде келіп, адамзатты құлдықтан өтеп алуда болды. Құдай Өзінің Ұлы Исаны жіберді. Ол әйелден туғандықтан, толықтай адами болмысқа ие болса, Киелі Рух арқылы (Мәриям Киелі Рухтан құрсақ көтергендіктен) толықтай Құдайдың болмысына ие болды. Сол себепті Иса құлдық қарғысынан азат болып туылды.

Ол жерде мінсіз өмір сүрді. Ол ешқашан күнә жасап, бағынбаушылық танытқан емес. Әлемде кез-келген уақытта өмір сүрген барлық адамдардың арасында ең күнәсіз, тазасы ретінде Иса өз өмірін адамзаттың бостандығы үшін қиды. Айқышқа Ол Өзіне дейінгі, Өз заманындағы және Өзінен кейін өмір сүретін әр адамның күнәсін алды. Ол Өзінің патшалық қанын біздің күнәдан азаттығымыз үшін төкті.

Иса жан тапсырып, жерленді. Ол жерде Құдайдың алдында мінсіз өмір сүргендіктен, үшінші күні Киелі Рух Оны қайта тірілтті. Оны оң жағына отырғызған Құдіретті Құдай былай дейді:

«Сенім туралы біз жариялап жүрген сөз – осы. Өз аузыңмен Исаны Жаратқан Ием деп мойындасаң, жүрегіңде Құдайдың Оны өлімнен қайта тірілткеніне сенсең, онда құтқарыласың. Себебі Мәсіхке жүрегімен сенуі арқылы адам күнәсінен ақталады, Оны аузымен мойындауы арқылы құтқарылады» (Римдіктерге арналған хат 10:9-10).

Біз Исаны өз жүрегімізбен Құтқарушымыз ретінде қабылдаған сәтте, бір керемет нәрсе болды. Біздің күнәкар, өлімге толы болмы-

сымыз кенеттен жойылып, оның орнында рухани жағынан Исаға ұқсас жаңа адам туылады. Біздің тәніміз емес, рухымыз (шынайы болмысымыз) қайта туылады. Табиғи денеміз әлі де тән ынтызарлығына ұшырайды, бірақ күндердің бір күнінде ол жоқ болады.

Жаңа өмірге тек Құдайдың рақымы арқылы ғана ие боламыз. Ұнамды қылықтарымыз, сіңірген еңбегіміз арқылы емес. Нүкте.

Римдіктерге арналған хаттан келтірілген жоғарыдағы үзінді Исаны Құтқарушым деп емес, Ием деп мойындау қажет екенін айтады. Батыс елдеріндегі қауымдарда жиі кездесетін негізгі қателік осында жатыр. Грек тілінен аударылған *kurios* – (Ие) деген сөз «кожайын, ең жоғарғы билік, еге, ие» деген мағынаны білдіреді.

Исаны тек Құтқарушым деп мойындау азаттық пен жаңа өмірге ие болу үшін жеткіліксіз. Осы айтқаным оғаш естілуі мүмкін, біз күнәкарларды тәубе етуге шақырғанда бұлай айтпаймыз. Дегенмен, Киелі Жазба осыны айтады.

«Құтқарушы» деген сөз Киелі Кітапта отыз алты рет кездеседі, ал «Ие» деген сөз жеті мың сегіз жүз рет қайталанады. Қалай ойлайсыз, Құдай не нәрсеге назарымызды аударғысы келеді? Ие – бұл Оның біздің өміріміздегі позициясы, мәртебесі, ал Құтқарушы – Оның біз үшін жасаған ісі. Біз Оны Ие және Патша ретінде мойындамайынша, Оның ісіне ортақ бола алмаймыз.

Біз құл болып туылдық. Күнә бізге билігін жүргізді. Алайда, біз ерікті етіп жаратылғанбыз, сондықтан, кожайынымызды ауыстыру туралы берік шешім қабылдай аламыз.

Құтқарылу – бүкіл адамзатқа тартылған сый, бірақ әр адам оны Құдайдың шартына сәйкес өз бетімен қабылдауы тиіс.

Аралдағы абақты

Осы ақиқатты түсіндіру үшін келесі хикаяны мысалға келтірейін.

Отбасыңыз жауыз кожайынның билігіндегі аралда орналасқан түрмеде отырғанын елестетіңіз. Көп жыл бұрын алыс елден келген өте мейірімді патша бұл аралды сіздің ата-бабаларыңызға сый-

лаған. Бірақ үлкен қателіктің кесірінен, арал жауыз қожайынның қолына түсті. Жалған жолмен жауыз қожайын өз қызметшілерімен бірге аралда өз билігін орнатты. Сіздің ата-бабаларыңыздың әулеті құлға айналды. Жауыз қожайын түрме салғызып, отбасыңызды сонда қамап тастады.

Аралдағы тұрмыс-тіршілік біртіндеп жемқорлық пен бұзақылыққа батқан жауыз қожайын мен оның қызметшілерінің болмысына сай бола бастады. Нәтижесінде мейірімді патша аралға үкім шығарды. Алайда, мейірімді патша сіздің отбасыңызды жақсы көргендіктен аралды жойып жібермес бұрын, жауыз қожайынға қарсы соғысқа шығып, оны жеңіп тастайды.

Патша түрменің есігін ашып: «Енді тұтқындардың барлығы – еркін адамдар. Түрмеден шығу үшін жауыз қожайынның билігінен бас тартып, маған ант ету қажет»,– дейді.

Патшаның мейірімділігінің арқасында барлық отбасыңыз көптен күткен азаттыққа қол жеткізді. Алайда мейірімді патша адамдарды өзінің соңынан еруге мәжбүр етпейді. Тұтқындардың әрқайсысы өз еркімен таңдау жасаулары тиіс. (Өр адамға ерікті таңдау жасауға мүмкіндік берудің орнына патша өзіне сөзсіз бағынуды талап етсе, бұл деспоттық басқарудың басқаша түрі болар еді). Сіз бостандықты таңдасаңыз, түрмеден шығып, мейірімді патшамен бірге кемеге мініп, оның еліне жүзіп келіп, патшалықтың азаматы болып, оның заңдарына сай өмір сүруге тиістісіз. Сізге мүмкіндік беріледі, алайда жаңа патшаның шарттарын қабылдау – сіздің жеке таңдауыңыз.

Мейірімді патша сіздің отбасыңыздың құтқарушысы болып саналады. Бірақ оның атқарған жұмысының нәтижесін қолдану үшін отбасыңыздың әрбір мүшесі оған бас июге, яғни патшалықтың заңдарына бағынуға көну керек. Патшаға бас имей, ешкім де оның жеңісін пайдаланып, аралды тастап кете алмайды.

Егер сіз мейірімді патшаның соңынан еруден бас тартсаңыз, отырған жеріңізде қаласыз. Алайда, жақын жерде патша кетісімен

аралды бомбылап, оны жойып жіберуге дайын әскери кемелер тұрады. Мейірімді патшаның еркін қабылдамай, аралда қалған сіздің жақындарыңыз оларға сыйланған азаттық пен патшаның жеңісіне қарамастан жауыз қожайын мен оның қызметшілеріне арналған жазалаудан зардап шегеді.

Қымбатты оқырман, сөздеріме құлақ сал. Құдай тозақты сен не басқа адамдар үшін жаратқан жоқ. Ол оны шайтан және оның азғын періштелері үшін жаратты. Қиямет күні Иса Өзіне бағынғысы келмеген адамдарға олардың мәңгілік тағдырын жариялайды.

«Бұдан кейін Патша Өзінің сол жағындағыларға да былай деп үкім шығарады: – Менен аулақ кетіндер, қарғыс атқандар! Шайтанға және оның хабаршыларына дайындалған мәңгілік тозақ отына түсіңдер!» (Матай 25:41).

Тозақ – шынында да бар. Иса тозақ туралы жұмаққа қарағанда жиірек айтады. Тозақ туралы ескертіп, ондағы бітпейтін азап туралы айтуды Иса рақымдықтың жетіспеушілігі ретінде қарастырған жоқ. Бұл өлгендердің, Оның сүйіспеншілік Патшалығынан бас тартқандардың мәңгі үйі.

Исаның сөздеріне қарасақ, азап пен жазалаудың бұл орны адам үшін дайындалған жоқ, алайда, өкінішке орай, Адам атамыздың бағынбаушылығынан барлығымызға айыптау үкімі шығарылды. Енді, жаңа қожайынымызды таңдамаған жағдайда, шайтанның тағдыры – біздің тағдырымыз. Иса адамзатты Құдайдың қаһарынан құтқарғанына қарамастан, көптеген адамдар шайтанмен бірге айыпталады, себебі жердегі өмірлерінде олар оның табиғатынан арылған жоқ, басқа сөзбен айтқанда, аралды тастаған жоқ.

«Неге Құдай мейірімділік танытып, барлық адамдарға Өз Патшалығына сол өзгермеген қалыптарында кіруге рұқсат етпейді?» – деп сұрауыңыз мүмкін. Исаның қожалығына бағынбаған адамдардың рухани болмысы кесірлі, әрі жауыз. Олар жерден кеткенде де, сол болмыстан ешқашан арылмайды. Егер оларға Құдайдың

мәңгілік Патшалығына кіру рұқсат етілсе, олар көптеген бейкүнә адамдарға зиян келтіреді.

Осы себептен Құдай Адам мен Хауаны өмір ағашынан алыста-тып, бақтан шығарып жіберді.

«Сонан соң Құдай Ие былай деді: «Міне, адам ненің жақсы, ненің жаман екенін біліп, Біз сияқты болды. Енді ол қолын со-зып, мәңгілік өмірді сыйлайтын ағаштың жемісін алып жеп, мәңгі өмір сүріп жүрмесін». Сонымен Құдай Ие адамды пейіш бағынан қуып шығып, оған өзі жаратылған жердің топырағын өңдетіп қойды» (Жаратылыстың басталуы 3:22,23).

Құдайдың сүйіспеншілігі оларды қорғап қалғандығының арқа-сында біз өлі болмысты мәңгі мұра етпейміз.

Билік

Батыс елдеріндегі қауымдар Исаның Ие ретіндегі мәртебесіне емес, құтқарушылық рөліне көбірек көңіл бөлетіндіктен, біз Оның Билеуші позициясына, мәртебесіне аз негізделеміз. Пауыл елші былай деп жазады:

«Сендер Иеміз Мәсіх Исаны қалай қабылдаған болсаңдар, солай Онымен тығыз байланыста жүріңдер! Негіздерің Мәсіхте болып, терең тамыр жайып, өсе беріңдер...» (Қолостықтарға 2:6,7).

Пауыл «Сендер Құтқарушымыз Мәсіх Исаны қалай қабылдаған болсаңдар» демейді. Біздің өміріміз Оған бағыну керек, тіршілігіміз Оның құтқарушылық ерлігіне емес, Оның басышылығына негізделуі қажет.

Бұл біз Оған өзіміздің ең басты, әрі жалғыз Патшамыз ретінде бағынуымыз керек деген сөз, сонда құтқарылудың жемісін көретін боламыз. Іс жүзінде бұл Оның Сөзіне, даналығына, кеңесіне, ақыл-нұсқауына, түзетулеріне және билігіне (сөзсіз) бағынудан көрінісін табуы тиіс. Себебін түсіну-түсінбеуімізге қарамастан. Ен-

дігәрі біз өзіміздің ненің жақсы, ненің жаман екенін анықтап бағалайтын ағашымыздан сусындамаймыз. Біз Құдаймен тығыз байланыста өмір сүреміз – Оның өмірі біздің өмірімізге айналады.

Лиза екеуіміздің үйленгенімізге отыз жылдан асты. Отыз жыл бойы мен шебер аспазбен бірге өмір сүрудің пайдасын көріп келемін. Лиза кез-келген тағамды шебер әзірлейді. Достарымның кейбіреулері одан әйелдерін песто соусын, салат дәмдеуішін және басқа да деликатестерді дайындауды үйретуді сұрайды.

Кейде мен Лизаны өзімнің «кішкентай шеф-аспазым» деп атаймын. Отыз жылдан астам тұрмыста солай деп он шақты рет айтқан шығармын, бірақ әйелім деп мыңдаған рет айттым. Неге? Себебі, «әйелім» – – оның менің өмірімдегі алатын орны. Ал «шеф-аспаз» деген лауазым менің Лизаның күйеуі ретінде көретін пайдамды ғана білдіреді.

Лизаның маған тамақ дайындауды менің өмірім оған арналғанын көрсетпейді. Біз үйленбей тұрып ол менің туған күніме керемет қонақасын әзірлеп берді. Алайда, бұл бізді тығыз, ұзақ қарым-қатынаспен байланыстырған жоқ. Барлық басқа қыздарды ұмытып, жүрегімді жалғыз оған тапсырып, әйелім деп атап, онымен бірге жасасқан шартым ғана некелік қатынасқа себепші бола алды.

Біздің Исамен қарым-қатынасымыз осыған қатты ұқсас. Оның құтқаруын қабылдау үшін, біз Оның билігі мен патшалығына бағынуымыз қажет. Оның кемеңгер жетекшілігіне, мінезіне, сүйіспеншілігіне және Оның біз үшін ненің ең жақсы екенін білетініне нық сенімде болып, Оған өмірімізді толықтай бағыштаймыз. Оның біздің азат өмір сүруімізді қатты қалайтынына және ғаламат сүйіспеншілігіне қарамастан, Ол – патшалардың Патшасы және иелердің Иесі, біздің өмірімізде бірінші орында не тұрса да, Ол екінші орынға ешқашан қанағаттанбайды.

Американдық қауымдарда және басқа да батыс елдерінде қызметкерлер Құдайды іздеген адамдарға құтқарылуды ұсынып, Иса Мәсіхтің билігі туралы айтпайтынын көп рет байқадым. «Иса-

ны Құтқарушым деп жарияласаң болды, сен – Құдайдың баласысың»,– деп жатады. Немесе: «Бүгін Исаны Құтқарушы ретінде қабылда». Немесе: «Бірге былай мінәжат етейік: ‘Иса, мені жүрегіме кіріп, мені құтқаршы. Мені Өзіңнің перзентің қылғаның үшін рахмет. Аумин’». Құдайдың отбасына осындай шақырулар кезінде пендешілік өмірді тастап, Оның соңынан еру үшін ескі жолдардан теріс қараудың қажеттілігін ешкім ауызына алмайды.

Бұл жолдау жақсы болып көрінеді, онда Жаңа Өсиеттен алынған жеке аяттар бар. Алайда Жаңа Өсиет шынымен де осыған шақырады ма? Құдайдың даналығы осында жатыр ма? Әлде біз құтқарылу туралы шынайы жолдауды өзгертіп, адамдар үшін ыңғайлы қылғанымыз ба? Өзіміздің баға беру ағашымыздан суындап жүрміз бе?

Өзімшілдіктен бас тарту

Исаның не айтатынын қарастырайық. Оның көпшілікке айтқан сөздері қарапайым, әрі анық:

«Бұдан кейін Иса халықты және Өзінің шәкірттерін қасына шақырып алып, оларға мынаны айтты:– Маған еріп шәкіртім болғысы келген әркім өз еркі бойынша өмір сүруін қойсын, әрі айқышын арқалаған кісідей азапты өлімге дайын болып Менің жолыммен жүрсін! Себебі кім өмірімді сақтаймын десе, одан айырылады, ал өмірін Мен үшін және Ізгі хабар үшін қиған әркім оны (мәңгі) аман сақтап қалады» (Марқа 8:34,35).

Исаның соңынан ергіміз келсе, өз еркіміз бойынша өмір сүруді қоюымыз қажет. Нүкте.

Бұл не деген сөз? Екі әртүрлі қожайынға қызмет етіп, бірі екіншісінің айтатынына қарама-қарсы затты талап етсе, екеуіне де адал болу мүмкін емес.

Күнәдан арылмаған тән бір нәрсені қаласа, Құдайдың Сөзі қарама-қарсы нәрсені дұрыс дейді. Егер біз ең жоғары Ие ретінде

Исаның соңынан еруді әлі таңдамаған болсақ, бірақ бұрынғыдай Оны Құтқарушы деп мойындай тұрып, тәуелсіз жолмен оңай жүріп кете аламыз. Осы көзқарасты ұстанып, қателесіп кету мүмкін бе?

Бәлкім осы себептен Иса: «Егер сендер айтқандарымды орындамасаңдар, несіне Мені «Мырза, Ие!» дейсіңдер?» – деп айтқан шығар (Лұқа 6:46). Басқаша айтқанда, еш мағынасы жоқ, бос өмір иемізге айналады. Егер біз «Ие» деп айтқанда, сөздің шынайы мағынасын ескермесек, Иса Оны «ұлы Ұстаз» деп атағанды жөн көреді. Осы жағдайда біз Оған тиесілі екеніміз туралы алданбай, Оның үйреткенін пайдалана аламыз.

Марқа жазған Ізгі хабарда (8:34,35) және Жаңа Өсиеттің басқа да көптеген аяттарында жазылғандай, Иса үшін өмір киюға дайын болу – осы әлемнің айыпталған «аралын» тастаудың көптеген жолдарының бірі емес. Бұл болашақ жазадан құтыламыз десек міндетті шарт. Байқауымша, Батыстың адамдары үшін мұны түсіну өте қиын. Бұл патшалықтың қағидаларын демократия тұрғысынан түсінуге тырысқаннан туады деп ойлаймын. Демократия Америкада және басқа батыс елдерде орнатылған, бірақ оны Құдайға қатысты қарастырсақ, жеңіліске ұшыраймыз. Ол, мысалы, Ұлыбританияның патшайымы сияқты шартты монарх емес, Ол – шынайы Патша.

Демократия дегеніміз – «халық билігі; жоғары билік халықтың қолында шоғырланғанда, халық арқылы немесе оның тандалған өкілдері арқылы атқарылғандағы саяси құрылымның формасы». Бұл – біздің бойымызға сіңген мінез-құлық. Сондықтан біз бір нәрсені ұнатпасақ, оны өзгерте алатынымызға нық сенеміз, жеке бас құқықтарымыз бен бостандығымыз бар емес пе?

Биліктің мұндай формасы АҚШ-та жүзеге сәтті асырылған, себебі бұл саяси құрылыс плюралистік қоғамда өмір сүретін қарапайым адамдарға жарасады, бірақ Құдайға жат.

Біз, батыстық қоғам үшін келесі сөздер өте ерсі естілсе де, бақытымызға орай, Құдай – диктатор. Ол өте жомарт, әрі кең пейілді, алайда соңғы сөз әрдайым – Оныкі. Егер біздің Құдаймен қа-

рым-қатынасымыз демократиялық қағидаларға негізделетін болса, ондайдың нәтижесі – жалған қарым-қатынас.

Шынайы монарх билік жүргізсе, өмір – тіптен басқаша. Ие және Патша – жоғары билік тұрғысынан қарағанда, мағыналас сөздер. Шынымен де Құдайдың соңынан ергіміз келсе, демократия қағидаларын Оның Патшалығына қатысты қолдана алмаймыз. Әйтпесе, жақсылық пен жамандықты танытатын ағаштың жемісін татуды тандаған Адам мен Хауадан еш айырмашылығымыз жоқ. Біз әлі де тізгінді өз қолымызда ұстап, өміріміз үшін не жақсы екенін өзіміз тандайтын болып шығамыз.

Айқышыңды арқала

Әрі қарай Иса бізге Оның шәкірті болғымыз келсе, айқышын арқалаған кісідей азапты өлімге дайын болуымызды талап етеді. Бұл не деген сөз? Өз пайдамыздан бас тарту деген мағынада емес қой, себебі, олай болса, Иса не үшін Өз айтқанын қайталайтын еді? Жауапты Пауылдың Ғалаттықтарға жазған хатынан табамыз:

«Адам өлгенде заңға бағынудан босайтыны сияқты, мен де Таурат заңы бойынша өлімге кесіліп, сол заңды орындаудан босатылдым. Ондағы мақсат – менің Құдай үшін өмір сүруім. Мен рухани жағынан Мәсіхпен бірге айқышқа шегеленіп өлдім, сондықтан өзім бұдан былай өмір сүріп жатқаным жоқ, қайта, бойымда Мәсіх өмір сүруде. Ендігі тәндік өмірім – Құдайдың рухани Ұлына деген сенімімнің арқасындағы өмір. Ол мені сүйгендіктен, Өзін мен үшін құрбан етті!» (Ғалаттықтарға арналған хат 2:19,20).

Пауыл тәннің өлімі туралы жазып отырған жоқ, өлі адам қалай хат жазар еді? Ол бірнеше жыл бұрын Исаның соңынан еру туралы қабылдаған шешімі туралы жазады. Пауыл айқышын арқалады. Құпия Пауылдың «өзім бұдан былай өмір сүріп жатқаным жоқ, қайта, бойымда Мәсіх өмір сүруде» деген сөздерінде. Осындай мәлімдеме Құдайдың әрбір шынайы баласының аузынан шығуы

тиіс. Біз тәуелсіз болуды қойып, жақсылық пен жамандықты бағалайтын өз ағашымыздан сусындауды тоқтаттық. Біз енді Ол арқылы өмір сүреміз, өміріміз толықтай – бір Құдайдан. Құдайға бағынып, Оның күшімен өмір сүруіміз үшін құлдықтан азаттық сыйлаған айқышқа тәуелдіміз.

Айқыш тіптен басқаша өмір ұсынады. Пауыл басқа хатында жазғандай: «Демек, Мәсіхпен тығыз байланысқанда біздер Онымен бірге рухани «өліп, жерлендік». Сонымен, Құдай Әке Өзінің ұлы құдіретінің арқасында Мәсіхті өлімнен қайта тірілтіп, жаңа өмір бергендей, біз де енді жаңаша өмір сүруіміз керек!». Осы жаңаша өмір бізді бұрын тастай алмаған жағымсыз нәрселерді тастауға қабілетті етеді. Күнә енді бізге билігін жүргізбейді, бірақ мұндай өмірді өзіміз таңдауымыз керек. Оның еркіне толықтай бағыну туралы өзіміз шешім қабылдауымыз қажет.

Пауыл былай деп жалғастырады: «Сонымен қатар Иса Мәсіхтікі болғандар айқыш ағашта өлген Онымен бірігіп кетті. Сол себептен олар өздерінің ескі күнәкар болмыстарын және соның азғын құмарлықтары мен тілектерін сол айқыш ағашқа шегелеп тастағандай таза өмір сүреді» (Ғалаттықтарға 5:24). Және тағы: «Мен болсам, Иеміз Иса Мәсіхтің айқыштағы өлімінен басқа еш нәрсеге де мақтанбай-ақ қояйын. Себебі Оның айқыштағы құрбандығының салдарынан осы күнәкар дүние мен үшін, ал мен ол үшін жоқпын» (Ғалаттықтарға 6:14). Айқыш бізге күнәкар болмыстан арылып, бостандықта өмір сүріп, әлемнің ықпалына түспеуге күш береді.

Жас кезімде, Исамен кездескенге дейін, кейде жаман қылықтар жасап, ол істерімді тоқтата алмаушы едім. Тәкаппарлығым мен тән құмарлығына, басқаларды ренжітетініме қайта-қайта өкінетінмін, алайда бұл мінезімнен арылуға тырысқан сайын, өз-өзімнен көңілім қалатын. Мен күнәнің күдерсіз тұтқыны едім. Дегенмен, Исамен бірге айқышта өлген мезеттен бастап, бостандықта өмір сүре бастадым.

«Мынаны білеміз ғой: бұрын өзіміз кім болсақ, сол күнәкар болмысымыз Мәсіхпен бірге айқышта өлді. Осылай біздің күнә билеген болмысымыз күшінен айырылды, сондықтан енді күнәнің құлы емеспіз! Өйткені адам өлгенде күнәнің билігінен босатылады» (Римдіктерге арналған хат 6:6-7).

Осы аятты оқымай кетпейсіз деп сенгім келеді. Осы сөздерден сусындаңыз, себебі бұл – сізге азаттық сыйлайтын күш. Ақиқат бұдан да ғажайып. Айқышқа көз алмай қарау бізді күнәдан одан сайын азат етіп, Құдайға бағынып өмір сүруге мүмкіндік береді. Киелі Кітапта: «Мәсіхтің айқыштағы құрбандығы туралы Ізгі хабарды тозаққа кететіндер ақымақтық деп есептейді, ал құтқарылатын біздер үшін осы хабарда Құдайдың құдіреті жатыр»,– деп жазылған (Қорынттықтарға арналған 1-хат 1:18).

Біз бұрын өз күшімізбен жасай алмағанға – Исаның жолымен жүруге енді қабілеттіміз. Біз енді Құдайға ұқсас бола аламыз. Біз енді Исаның соңынан жүре аламыз.

Сонымен, Исаның соңынан еру өзімшілдіктен бас тартусыз (өз жолымыз туралы ұмытып, Оның киелі билігін бағыну) және айқышты арқалаусыз (күнәдан және әлемнің пендешілік жолдарынан сақтану үшін Мәсіхтің күшін қабылдау) мүмкін емес дедік. Біз өзіміз арқылы және біздің өмірімізде әрекет ететін Оның құдіретіне сеніп өмір сүреміз. Біз Одан сусындаймыз. Бізге не деген тамаша Құдайдың құтқару пакеті (жинағы) сыйланған!

Маңызды ескерту

Иса кеткеннен кейін барлық жерде Оған бағынуды талап етпейтін құтқарылудың уағыздалып, қабылданып жататыны туралы Оның Өзі ескерткен. Елшілер мұндай уағыз Исаның жерге қайта келуіне жақын, яғни біздің уақытымызда кең таралады деп нақтырақ айтқан. Исаны Ие ретінде, яғни өміріңнің нақты иесі ретінде қабылдау міндетті емес деген жалған жолдау кеңінен таралатын

болады. Оны жай ғана солай атау жеткілікті деп айтылатын болады. Адамдар Оны Ие деп атап, бірақ өзімшілдіктен бас тартпайды, айқыштарын аркалап, Оның соңынан еруден бас тартады. Исаның сөздерін мұқият оқыңыз:

«Маған: «Мырза, Ие!» дейтін әркім емес, көктегі Әкемнің еркін орындайтындар ғана Оның Патшалығына кіре алады» (Матай жазған Ізгі хабар 7:21).

Иса Мұхаммедті, Джозеф Смитті, Будданы, Кришнаны, Конфуцийді, не заманымыздың басқа кез-келген жалған пайғамбарын емес, нақты Исаның Өзін Ием деп атайтын адамдар туралы айтып отыр. Иә, ол адамдар Иса Мәсіхті батылдықыпен, ынтыға Ие деп атайды.

Иса неліктен екі мағыналас сөзді (Мырза, Ие) айтады? Білетініміздей, Киелі Жазбада кез-келген сөз тегін айтылмады. Автор сөздің мәніне ерекше көңіл аударады. Дегенмен, бұндай жағдайларда қайталану бір ойға көңіл аудару үшін ғана емес, эмоциялық реңкті көрсету үшін қолданылады. Мысалы: «Патша бетін жауып алып, дауыстап: «Беу, сорлы ұлым Абессалом, о, Абессалом, сорлы ұлым-ай!» – деп дауыстап жоқтаумен болды» (2 Патшалықтар 19:4). Меніңше, Дәуіт шынымен де екі рет «ұлым» деп айтқан жоқ. Бәлкім, бұл оқиғаны жазған адам қайталауды Дәуіттің ащы қайғысын көрсету үшін қолданған шығар.

Қайталау Аян кітабында да кездеседі: «Мұнан кейін қарасам, аспанда ұшып жүрген бір бүркітті көріп, оның қатты дауыспен: «Қасірет, қасірет! Қалған үш періште кернейлерін тартқанда, күнекар дүниеде өмір сүргендердің қасіреті қандай болмақ!» – деп ескерткенін естідім» (Аян. 8:13). Басқа аудармаларда періште «қатты дауыстап айқайлады» деп жазылған. Тағы да, автор «қасірет» сөзін эмоциялық реңкті көрсету үшін пайдаланады.

Ұстаз адамдардың Оған қатысты терең сезімдері туралы айтады. Олар Иса Мәсіх –Құдайдың Ұлы деген ілімді дұрыс деп тауып қана қоймайды, олардың сенімдері ынта мен құштарлыққа толы.

Бұл адамдар өз сенімдерінің қызу куәгерлері болып, қызмет барысында көздерін жасқа толтырады. Олар Исаға беріліп қана қоймай, Оған қызмет етеді:

«Мыңдаған адамдар қиямет соты күні Менің жаныма келіп: «Ұстаз, Сенің атыңмен біз жұртқа Құдайдың хабарын жеткіздік. Сенің атыңмен жындарды қуып шығардық, жұрттың бәрі Құдайдың бізге тапсырған жұмысы туралы айтумен болды» – деп маңғаздана айтады» (Матай жазған ізгі хабар 7:22, The Message, ағылшын тілінен аударма).

The Message аудармасын келітіріп отырған себебім, мұнда бұл адамдардың шетте отырған бақылаушы болмағандары анық көрсетілген. Олар қауымдардың жұмысына тікелей араласып, оларға қолдау көрсетіп отырды.

Олар өз сенімдері туралы батыл хабарлады – «біз Ізгі Хабарды жарияладық». Олар адамдардың өмірін жақсыға қарай өзгерту үшін көп еңбектенді.

Киелі Кітаптың The Message аудармасында «мыңдаған адамдар» деп жазылған. Алайда аудармалардың көбісінде көптеген сөзі қолданылады, грекше *polus*, яғни «үлкен мөлшер, сан немесе жиынтық». Бұл сөз «барлығынан көп» деген мағынада жиі қолданылады. Қалай да болса, Иса мұнда кішігірім емес, үлкен топ – жалпы санның көпшілігі туралы айтады.

Қорытынды шығарайық. Иса Ізгі Хабарға сенетін адамдар туралы айтады. Олар Оны Ие деп атайды, олар шаттыққа толы, олар Ізгі Хабарды жариялайды, олар мәсіхшілік қызметпен белсенді айналысады. Оларды шынайы сенушілер деуге болады. Олардың ерекшелігі қандай? Олардың нағыз сенушілерден айырмашылығы неде? Иса бізге былай дейді:

«Сонда Мен оларға: «Сендерді ешқашан (өз адамдарым ретінде) таныған емеспін. Әділетсіздік істегендер, Менен аулақ кетіңдер!» – деп ашық айтамын» (Матай жазған ізгі хабар 7:23).

Мұндағы негізгі сөздер – «әділетсіздік істегендер». Тэйердің Жаңа Өсиеттің грек-ағылшын сөздігінде әділетсіздіктің анықтамасы мынадай: заңды бұзу немесе оны білмеудің нәтижесінде пайда болған заңнан тыс қалып. Киелі Кітап сөздерінің энциклопедиясы анықтаманы кеңейте түсіп, *anomia* сөзі «моральдің діни немесе туа біткен қағидаларын бұзатын әрекеттер» дегенді білдіре алады деп толықтырады. Жай сөзбен айтқанда, заңды бұзатын адам Құдай Сөзінің билігіне бағынбайды.

Бұл адамдар қайта-қайта сүріне бермейді, олар, дұрысырақ айтқанда, Құдайдың Сөзін әрдайым елемейді, менсінбейді немесе Оған бағынбайды. Егер олар шынымен де Құдайдың рақымымен құтқарылса, олар күнә туралы кез-келген ойды жек көріп қана қоймай, оларды шырмап алатын әрбір күнәдан барынша арылуға тырысар еді.

Олар күнәкар тәндерін айқышқа шегелеп, дұрыс мінез қалыптастырып, өмірінде жақсы жеміс әкелуге талпынар еді.

Иса бір күні оларға: «Сендерді ешқашан таныған емеспін» деп айтады. Тану сөзі, грекше *ginosko*, «жақын білу» дегенді білдіреді. Бұл адамдар Исамен ешқашан шынайы қарым-қатынас жасаған емес. Олар Оны Ұстаз және Ие деп атауларына қарамастан, бұл олар үшін жай атау ғана, себебі олар Исаның айтқанын істемейді. Исамен нағыз қарым-қатынас – Оның Сөзін орындау.

«Егер Құдайдың өсиеттерін орындасақ, Құдайды жақыннан танытынымызды білеміз. Құдайды танымын дей тұра, Оның өсиеттерін орындамайтын кісі – өтірікші, соның жан дүниесінен шындық орын алған жоқ» (1 Жохан 2:3,4).

Тура осы ойды Жақыптың жазған хатынан көре аламыз: «Мүмкін кейбіреу: «Сенің сенімің бар, ал мен игі істер жасаймын» дер. Игі істер тудырмайтын сеніміңнің шынайылығына көзімді жеткізші, ал мен жасаған игі істерім арқылы сенімімді дәлелдеймін» (Жақып 2:18). Бұл сөздер Исаның айтқанымен сәйкес келеді:

«Адамдарды олардың істеріне қарап анықтауға болады» (Матай 7:20, NLT, ағылшыннан аударма). Иса айтқан істер – сенушілік қызмет, Ізгі Хабарды уағыздау немесе қауымға бару емес, себебі жұмаққа кірмей қалатындар да осының барлығын істейді.

Тим Келлер Исаның сөздерін былай деп сипаттайды:

«Бұл сөздер өте өткір естіледі. Бұл адамдардың сенімі оларға интеллектуалды ынталандыру, эмоциялық жігер және қоғамға жағымды болуды береді. Біз барлығымыз осындай сенімге ие болғымыз келеді. Біз интеллектуалды ынталандыру, эмоциялық жігер алғымыз келеді, қоғамға пайда әкелуді қалаймыз, алайда Құдайдың Өзін қаламаймыз... Себебі, егер өмірімізде шынымен де Құдайдың құзыры болса, біз Оған барлық еркімізді бағындыруымыз керек болады, – осылайша біз Құдайды пайдаланып қалғысы келетін адам мен Оған қызмет ететін адамның арасындағы айырмашылықты көреміз».

Құдайды пайдалану – Оны өзіндік пайда үшін ғана (жұмаққа кіру үшін болса да) іздеу. Құдайға қызмет ету – Оған деген сүйіспеншілік арқылы ғана әрекет ету. Біз оны сүйсек, Оның өсиеттерін орындаймыз.

Бүгінгі күні адамдардың көпшілігі Құдайдың баласы деп Исаны Ие деп атайтын, Оның іліміне сенетін, эмоциялық қуатқа толы және сенушілік қызметке белсене араласатын адамды айтар еді. Әйткенмен, Исаның сөздерінен бұл қасиеттердің нағыз сенуші бейнесінде басты роль атқармайтынын анық көреміз. Әрине, нағыз сенушіден бұл қасиеттердің барлығы да табылады, оларсыз адам сенуші бола алмайды. Алайда ол қасиеттерге ие болу – Құдайдың шынайы баласы болуды білдірмейді. Ең бастысы – өзіншілдіктен бас тартып, айқышты арқалап Оның соңынан еру. Ең бастысы – Көктегі Өкенің тілін алу.

Исаның әйгілі Таудағы уағызы осы тақырыппен аяқталады, қорытындылай келе Ол таңқалдыратын сөздермен нүкте қояды.

«Осы айтқандарымды тыңдап, оларды орындаған әркім үйін берік тастың үстіне қалап салған көреген адамға ұқсас болады. Жаңбыр жауып, өзендер тасып, дауыл тұрып үйді соққылағанда, ол құламайды. Себебі оның іргетасы берік тасқа қаланған. Алайда осы айтқандарымды естісе де, орындамаған әркім үйін құм үстіне салған ақымаққа ұқсайды. Жаңбыр жауып, өзендер тасып, дауыл тұрып үйді соққылағанда, ол опырылып құлап қалады» (Матай 7:24-27).

Бұл астарлы әңгіме – Исаның жұмаққа кірмей қалатын көптеген адамдарға жасаған ескертуі.

Егер осы әңгімеде айтылған екі топты қарастырсақ, олардың арасындағы айырмашылық өте аз екенін байқаймыз. Екеуі де Оның сөздерін естиді, бірақ бірінші топ «оларды орындаған» болса, екіншісі «орындамаған». Екі үй де бірдей материалдан – бір ілімнен жасалған. Бір үй Иса Мәсіхтің билігіне қаланып салынған. Екіншісі жақсы-жаманның адами бағасына – Адам мен Хауа сүйенген баяғы философия «ағашы».

Бақта орын алған күнәнің бүгінгі күні де қайталана беретіні – қайғылы жағдай. Оның сыртқы түрі басқаша болса да, тамыры баяғы. Барлығы мынаған келіп тіреледі: біз шынымен де, қалай дұрыс өмір сүру керектігін өзіміз білеміз бе, әлде Құдай оны бізден жақсырақ білетініне сенеміз бе?

ҚАЛАУ БОЛҒАНЫ ЖЕТКІЛІКТІ МЕ?

Ал енді, тілегендеріңді жүзеге асырып,
басында болған даярлық және ынтызарлықпен
осы істі тамамдаңдар...
— 2 Қорынттықтарға 8:11 (Кеңейтілген аударма).

Рухани түсініктің алтын
ережесі – ақыл-парасат емес, бойсұну.
— Освальд Чемберс

Келесі жағдайды елестетіңіз: бір жігіт бойжеткен қызбен кездесіп жүреді. Ол сүйкімді, ұқыпты, керемет ас даярлай алады, кішкентай балалармен жақсы тіл табысады, және ең бастысы – мінезі тамаша. Ол оған ғашық болып, өмірін сол қызбен бірге өткізгісі келеді. Күндердің бір күнінде, сол жігіт жақсылап дайындалып, қыздың алдында бір тізесін бүгіп, ішінде гауһар тасы жарқыраған сақинасы бар кішкентай қорапшаны ашып, қыздан «менің әйелім бол» деп сұрайды.

Жігіттің зор бақытына орай, қыз күлімсіреп, қуанышы қойнына сыймай, көзінен жас шығып, есін жиғаннан кейін: «Иә! Иә! Иә! Мынау тіпті ақылға симайды ғой! Өзім әлі де сене алмай тұрмын.

Бұл менің өмірімдегі ең бақытты күн! Сені сондай қатты жақсы көремін! Иә, мен саған күйеуге шығамын!»

Шексіз бақытқа бөленіп, бір-бірін құшақтап тұрғанда, қыз жігітке қарап былай дейді: «Біз өте бақытты боламыз. Мен саған ең

жақсы әйел боламын, үйімізде жайлы жағдай жасаймын, мінсіз бәйбіше боламын, саған және балаларымызға дәмді тамақ дайындаймын, салауатты өмір салтын ұстанамын, сәнді киініп, әрдайым саған махаббатымбы сыйлаймын».

Жігіт: «Не деген тамаша! Не деген рақат! Мен ең бақытты жан шығармын»,— деп ойлайды.

Бұдан кейін қыз оны тіксіндірген бір нәрсе айтады: «Әрине, мен ұнататын басқа да жігіттер бар, кей кезде мен, мүмкін, олармен кездесіп тұрамын».

Жігіт зәресі ұшып: «Олай болмайды ғой!» – дейді.

«Неге, жаным?»

Жігіт не істерін білмейді. Көңілі су сепкендей басылады. Шаттық жоғалады. «Қалжыңы ма? Осындай да қалжың бола ма екен?»

Мәңгілікке созылғандай көрінген ыңғайсыз үнсіздіктен кейін, қыз бақытты сәтті қайтарғысы келіп, келесідей ұсыныс жасайды: «Жақсы, басқа жігіттерге жылына бір-ақ күн арнаймын. 364 күн – сенікімін, бір ғана күн өзімді басқаға сыйлаймын».

Жігіт естігеніне сене алмайды. Қыздың айтқаны ойын емес, рас екен ғой. Ол қайтадан: «Жоқ, олай да бола алмайды».

Қыз абдырап қалады, бірақ жігітті қатты сүйгендіктен тиімдірек ұсыныс жасап көреді: «Жақсы, ал жылына төрт сағат болса қалай қарайсың? Жылына төрт-ақ сағат мен басқа жігіттермен боламын».

Жігіт: «Жоқ!» – деп одан бетер табандылықпен жауап береді.

Қыз берілгісі келмей: «Жылына жиырма минут ше? Маған басқа жігітпен бір-ақ рет ұйықтауға рұқсат бер!»

«Жоқ!»

Тығырықтан әлдеқалай шығуға тырысып, қыз жігітке жалбарынады: «Жаным, сені қатты жақсы көремін, сенімен бірге бақыттымын. Сені барлығынан да қатты сүйемін. Бірақ менің сондай қажеттілігім бар. Мен бір адамға ғана беріле алмаймын. Мен шынымен де саған ғана адал болғым келеді, басқа жігіттермен қатынасқа түсудің дұрыс емес екенін білемін, бірақ өмірге реалистік көзқараспен қа-

райық. Әлемде жақсы жігіттер көп, маған олардың назар аударғаны қатты ұнайды. Мен неге олардан теріс қарауым керек? Неге бір уақытта сенімен және аздап қана олармен бола алмаймын?»

Жігіттің көңілі бұзылғаны сонша, ол қызға еш жауап бере алмай, тек басын шайқайды. Бірнеше ыңғайсыз секунд өткеннен кейін, қыз жайлап: «Мен саған шынымды айтайын, меніңше, сенің сұрағаның – тым көп. Мен толық өмір сүріп, рахаттанғым келеді»,– дейді.

Жігіт бұған әбден тойып, былай жауап береді: «Бұл мүмкін емес. Біз үйлене алмаймыз, және бұдан былай кездеспейміз».

Сөйтіп, әрбіреуі өз жолымен кетеді.

Осы оқиға туралы ойланайық. Жігіт мінезі тамаша керемет қызды кездестіреді. Ол тұрмыста өзін жақсы көрсетеді, жігітті жақсы көреді, оған қызмет еткісі келіп, өзінің ең жақсысын беруге дайын. Ол жігіттің ұсынысын қуана қабылдайды. Барлығы тамаша. Жігіт тек қана қыздың жылына жиырма минут өзін басқа жігіттерге арнайтынымен келісуі керек. Жігіт неге осыны таңдамасқа?

Жауап ап-анық – қыз жігітке барлық өмірі мен жүрегін беруге дайын емес. Ол ненің дұрыс екенін біледі, және оны қалайды да, бірақ бір кедергі – қыз басқа жігіттерді тастай алмайды.

Ешбір есі дұрыс жігіт мұндай қызға үйленгісі келмейді. Біз онда неге Иса сондай қалыңдық үшін келеді деп ойлаймыз? Оның сөзін тағы оқиық:

«Бұдан кейін Иса халықты және Өзінің шәкірттерін қасына шақырып алып, оларға мынаны айтты:– Маған еріп шәкіртім болғысы келген әркім өз еркі бойынша өмір сүруін қойсын, әрі айқышын арқалаған кісідей азапты өлімге дайын болып Менің жолыммен жүрсін! Себебі кім өмірімді сақтаймын десе, одан айырылады, ал өмірін Мен үшін және Ізгі хабар үшін қиған әркім оны (мәңгі) аман сақтап қалады» (Марқа 8:34,35).

Өмірімді сақтап қалам деп қалағанның өзінен барлығынан айырылып қалуға болатынына назар аударыңыз. Иса «өмірін Мен үшін және Ізгі хабар үшін қиюды қалаған әркім оны (мәңгі) аман сақтап

қалады» деген жоқ. Өмірді Иса үшін қиюды жалғыз қалаудың өзі жеткіліксіз. Жоғарыдағы қыз бен жігіт туралы әңгімедегідей, қыз жігітке толығымен адал болғысы келді, бірақ оның жалғыз қалауы неке қию үшін жеткіліксіз болды.

Әлемдегі ең тамаша Тұлғамен Келісімдік қарым-қатынас жасау үшін, Оған өзімізді толығымен арнауымыз қажет, яғни Оған толығымен бағынуымыз керек. Киелі Кітап Құдаймен жасалатын қарым-қатынасты ерлі-зайыптылардың арасындағы қарым-қатынаспен салыстырады. Пауыл былай деп жазады:

«Сондықтан еркек әке-шешесін тастап, әйеліне қосылады, сөйтіп екеуі біртұтас болады»,– деп (Тауратта) жазылған. Осында терең сыр бар, мен мұны Мәсіхке және қауымға байланысты айтамын. Бірақ ол сендерге де қатысты: әрқайсың әйелінді өзіңдей сүйе тиістісің, ал әр әйел күйеуін құрметтеуге міндетті» (Ефестіктерге 5:31-33).

Пауыл мұнда жұбайлардың қарым-қатынасы жайлы айтады, дегенмен бұл сөздер біздің Исамен қарым-қатынасымызға да қатысты. Ешбір адам оған адал болғысы келетін, бірақ адал болмайтын әйелге үйленбейді. Иса ондай емес деп ойлайсыз ба?

Жақып былай жазады:

«Әй, опасыздар! Осы күнәкар дүниемен достасу Құдайға қастық екенін білмейтін бе едіңдер? Осы дүниемен дос болғысы келген әркім Құдайдың жауына айналады» (Жақып 4:4).

Құдайға қарсылық туралы ойдың маңызын көрсету үшін Жақып оны екі рет қайталайды. Бұл бір болмашы, ұсақ, түкке тұрмайтын нәрсе емес, бұл – Құдаймен қарым-қатынасымыздың маңызды бөлігі.

Сатқын, зинақор, ойнасқор опасыз адам – бір адаммен келісім жасағаннан кейін, басқа бір адаммен қарым-қатынасқа түсіп, бастапқы келісімді бұзатын адам. Ондай адам жасасқан келісімінің шарттарын сақтаймайды.

Иса Мәсіхпен келісім жасағанда, біз Оның соңынан жүріп, өз-өзімізден бас тартып, айналадағы әлемнің жүйесінен шығуға міндеттенеміз. Бізден толықтай жан-тәннің берілуі талап етіледі. Бұл Оның еркін қабылдап, оны өз еркімізден жоғары қоюымызды білдіреді. Өз өміріміздің орнына біз Оның өмірін қабылдаймыз. Әйел мен күйеудің арасында неке тура осылай құрылады.

Мен әлі де өзімше өмір сүргім келеді

Өздерінің баяғы өмірлерін сақтап қалуға рұқсат етілсе, адамдардың көбісі құтқарылудың артықшылықтарын қуана қабылдай еді. Көптеген адамдар Құдайдың соңынан еру үшін көп нәрсені қалдырудың қажеттілігін біледі, және ондай құнды төлеуге дайын емес. Олар өздерінің және Құдайдың алдында шыншыл.

Менің көршім осындай адам еді (аты Кевин делік). Ол спортшы, әрі рестлинг әлемдік федерациясының чемпионы болатын. Ол отбасымен бірге бізбен бір көшеде үш үйден кейін тұратын. Олар біздің ауданға көшіп келгенде, оның әйелі оған бізден аулақ жүру туралы ескертті. «Бұл адамдар Исаның фанатиктері», – деді ол.

Екі айдан кейін паникалық дерттің шабуылынан көзі жасқа толған ол әйелді Лизаның құшағынан тапым. Бұл жағдай Лизаға Иса туралы айтуға мүмкіндік берді. Рестлердің әйелі құтқарылуды қабылдады. Осыдан көп кешікпей олардың екі ұлы да өмірлерін Исаға арнады.

Біз қарым-қатынасымызды жалғастырып, отбасыларымызбен жақсы дос болып кеттік. Бірге көп уақыт өткіздік, жиі кездесіп, ұлдарымызбен бірге баскетбол және хоккей ойнап жүрдік.

Бір жолы кешке жақын Құдай маған Кевиннің өмірінде болатын бірнеше оқиғаны көрсетті. Сағат онға жақын еді, бірақ Кевинмен қайтсе де кездесу керектігін сездім. Кевин есік ашты, мен келесі тоғыз айда оның өмірінде орын алатын үш оқиға туралы айтып бердім.

Әрине, барлығы солай болып шықты. Мен: «Сөз жоқ, енді Кевин де өз өмірін Исаға бағыштайды», деп ойладым. Бірақ оның өмірінде әлі де еш өзгеріс боған жоқ.

Бірнеше айдан кейін Құдай маған оның өміріндегі тағы да бір оқиғаны көрсетті. Мен онымен тағы да сөйлесіп, осы жолы тура сұрақ қойдым: «Кевин, Құдай сенің өміріндегі үш оқиға туралы айтты, сен Оның саған сөйлеуін көріп тұрсың ғой, өмірінді неге Исаға арнамасқа?»

Кевиннің бойы 193 см болатын, салмағы 109 килограмдай, ал оның денесіндегі майдың үлесі 4% ғана еді. Оның сырт келбеті кез-келген адамды қорқыта алар еді. Ол маған жоғарыдан төмен қарап: «Себебі, мен оның құнын төлеу керектігін білемін. Өмірімді Исаға арнап, Оған бағынуым керек болатынын білемін, бірақ мен өз өмір салтымнан айырылуға дайын емеспін», – деді.

Одан кейін ол: «Джон, біздің ұйымда бір өте танымал спортшы бар. Ол өзін қайта туылған сенуші деп атайды, ол сен сұхбат берген телеарнада Құдай туралы уағыздайды. Сонымен бірге мен оның есірткі қолданып, ретсіз сексуалды қарым-қатынасқа түсетінін білемін.

Айтшы, менің одан айырмашылығым қандай? Мен ол сияқты өтірікші болғым келмейді. Маска кигеннен гөрі өмірдің барлық ләззатын алғаным жақсы».

Досымның әңгімесі – осындай жалғыз оқиға болмаса да, оның айтқанынан қатты абыржып қалдым. Әлемде қауымға барып, Исаны өздерінің Иесі деп, Құдайдың балалары атанып, бірақ өз өмірлерін Оның билігіне бағыштамаған адамдар көп. Олар құтқарылған ба?

Қауымға жаңадан қосылған, бірақ Құдайдың балалары болып табылмайтын адамдардың болуы мүмкін бе? Иса өткен заманның жетекшілеріне былай деді: «Бір-ақ адамды болса да дінге кіргізу үшін жиһан кезіп, су кешесіңдер. Ал кіргізген соң оны өздеріңнен екі есе бетер теріс жолға салып, тозаққа түсетін қыласыңдар!» (Матай 23:15). Мен батыс қауымының жетекшілерін теріс жолда жүр деп отырған жоқпын. Бірақ бір сұрайтыным: біз (өз сенімімізге) қандай адамдарды кіргізіп жатырмыз?

Егер біз Құдайды іздеген адамдарға ескі өмірлерін Иса үшін қалдыру керектігін айтпасақ, біздің жаңадан келген адамдарымыз «барлығы жақсы, ештеңені өзгертудің қажеті жоқ, мәңгі өмір қайтсе де уәде етілген» деген ойда болады. Жаңадан келген адам «күнәкар дұғасын» оқығаннан кейін, оның ар-ұжданы әп-сәтте тазаарады. Теориялық тұрғыдан енді оны Құдайдан ештеңе ажыратып тұрған жоқ. Бұл адамдар сенушілер қауымына қосылып, қауыммен тығыз қарым-қатынаста болады. Әлбетте олар жақсылыққа талпынып, қоғамдық әділетсіздік құрбандарына, кедей-қайыршыларға көмектесе бастайды, тіпті волонтерлік жобаларға қатысады. Оған қоса, олар уәждемелік тәлімдерді, жұмақ туралы уәделерді тыңдайды – нәтижесінде көп адамдар ие болғысы келетін қызықтырарлық жинақ (пакет) пайда болады.

Алайда, осы жаңа адамдар шынымен де құтқарылды ма, әлде олар адасып жүргендіктен бүкіл шындықты естуге қабілетсіз бе? Ондай жолдаудың (Матай жазған Ізгі Хабардың 7-тарауында айтылған) Исаның «Сендерді ешқашан таныған емеспін» деген сөздерін еститін қателескен ерушілерді тудыратыны мүмкін бе?

Біздің жолдауымыз Исаның жолдауымен бірдей ме?

Иса күнәкар адамдарға сөздерін осылай жеткізе ме? Дәулетті жігіт туралы әңгімеге қайта оралайық.

Бірнеше жыл бұрын мен Американың ең ірі қауымдарының екі жүздей жетекшілері жиналған конференцияда уағыз айттым. Мен оларға: «Дәулетті жігіттің Исаға жолығуын көз алдымызға елестетейік. Ол Роллс-Ройс лимузинінен түседі, үстінде Армани сәнді костюмы, қолында Ролекс сағаты. Сабырлықпен, сәл тәкаппарлана: «Ізгі Ұстаз, Мәңгілік өмірге ие болу үшін не істеуім керек?» – деп сұрайды ол».

«Қалай ойлайсыздар, ол оқиға шамамен осылай болған ба еді?» – деп бағушылардан сұрадым. Өкінішке орай, олардың көбісі келісім білдіріп, қолдарын көтерді.

«Алайда Киелі Жазбадағы сипаттама тіптен басқаша»,– деп мен келесі үзіндіні оқып бердім:

«Иса сапарға шыққанда, бір жігіт алдынан жүгіріп шығып, Оған тізесін бүгіп тағзым етті. Жігіт Исаға:– Ізгі Ұстаз! Мәңгілік өмірге ие болу үшін не істеуім керек? – деген сұрақ қойды» (Марқа 10:17).

Көпшіліктің көз алдында ол адам Исаның алдынан жүгіріп шығып, тізесін бүгіп, құтқарылу үшін не керектігін айтуын Исадан жалынып сұрады. Оның еш тәкаппарлығы болған жоқ.

Бұл көріністі тыңдармандардың көз алдына келтіру үшін, жетекшілердің бірін аудиторияның қарама-қарсы шетіне тұрғызып, өзім бар күшіммен оған қарай жүгірдім. Оған жарты метрдей қалғанда тізерлеп отыра кеттім де, пиджагының шетін ұстап: «Құтқарылу үшін не істеуім керек? Мәңгі өмірді иелену үшін не істеуім керек?» – деп қатты дауыстап жалбарына сұрадым.

Осы күнге дейін, өзімнің жеке өмірімде де, қызметімде де маған жүгіріп келіп, тізерлей кетіп: «Қайта туылу үшін не істеуім керек?» – деп сұраған ешбір бай не кедей адамды кездестірген емеспін. Еш күдіксіз, бұл жігіт өте шыншыл, әрі құмарлыққа толы еді!

«Иса оған:– Мені неге ізгі дейсің? Құдайдан басқа ешкім де ізгі емес» (Марқа 10:18).

Айтып кеткенімдей, бұл жігіт Исаны «Ізгі Ұстаз» деп атағанының арқасында, Одан жағымды жауап естігісі келді. Иса Өзін жағымпаздықпен алдаусыратуға жол берген жоқ. Құтқарылуды осы адамның жақсылық пен жамандықты бағалау стандарттарына дейін «түсіріп» жіберуге болмайды.

Бір жағынан, ол өте шыншыл еді. Ол Исаны Ие және Патша деп атаған жоқ. Ол Исаны олай атаса, Исаның барлық айтқанын орындау керектігін білді. Қазіргі кезде көпшіліктің мінезі осындай ма? Адамдар Исаны Ие дей алады, Киелі Кітапқа деген өз сенімдерін

жариялай алады, бірақ сонымен бірге Құдайдың Сөзін бұлжытпай орындаудың орнына өмірлерін жақсылық пен жамандық туралы білгендеріне негіздеп бағалайды. Олар Киелі Кітап тәлімі кезінде «Аумин» деп күлімсірейді, алайда ол олардың өмірлік мақсаттарына сәйкес келмесе, олар жүректерін жабады. Олар Рухтың айтқанын естиді, бірақ өздеріне қатысты қолданбайды. Олар айтылатын жолдау тек жағдайы олармен салыстырғанда әлдеқайда «жаман» адамдар үшін деп жиі ойлайды.

Иса мәңгі өмірді құмарта тілеген адамға қалай жауап бергенін тыңдаңыз:

«Оның өсиеттерін білесің ғой: «Неке адалдығын бұзба; кісі өлтірме; ұрлық жасама; жалған куәлік берме; ешкімнің ақысын жеме; ата-ананды сыйла!» – деді. Жігіт:

– Ұстаз, бұлардың бәрін де жастайымнан орындап келемін, – деп жауап берді» (Марқа 10:19,20).

Иса он өсиеттің адамдармен қарым-қатынас туралы айтатын соңғы алтауын келтірді. Дәулетті жігіт (көзі оттай жанып) оларды өмір бойы орындап келе жатқанын айтты. Мен оған сенемін. Осы үлгілерге сәйкес, жігіттің мейірімді, адал, әрі инабатты адам екенін көреміз. Ол мінезінің осы жақсы қасиеттеріне сеніп, Құдайдың рақымынан үміттенді.

Дегенмен, Иса әдейі адам және Құдайдың қарым-қатынасы туралы айтатын алғашқы төрт өсиетті қалдырып кетеді. Олардың ең біріншісі Құдайдан басқа ешбір тәңір бола алмайтыны туралы. Басқаша айтқанда, біздің өмірімізде Оны сүйе, Оған тәнті болуға және өзімізді Оған бағыштауға кедергі жасайтын ештеңе болмауы тиіс. Ол жігіт бұл өсиеттерді орындаған жоқ, сол сәтте оның оларды орындағысы келмеді. Иса оған дұрыс бағыт беретін, сол жолмен адаспай жүруіне көмектесетін оның өміріндегі бір нәрсені көрсеткісі келді.

«Иса оған қарап тұрып, сүйіспеншілікпен:

– Саған бір нәрсе жетіспейді: барып, қолыңдағы мал-мүлкіңді сатып, түскен ақшаны мұқтаждарға үлестіріп бер. Сонда сенің қазынаң көкте болады. Өзің қайтып келіп, шәкіртім болып соңымнан ер! – деді» (Марқа 10:21).

Исаның жігітке сүйіспеншілікпен тіл қатқанына назар аударыңыз! Ол Өзінің осы бай жігітке деген сүйіспеншілігін қалай көрсетті? Ол бұл іздеушіге ескерту жасады. Иса жігіттің ақшасы күндердің бір күнінде оны Исаның билігінен және Исаға бағынудан теріс қарататынын білді. Иса жігіттің өз жолын дұрыс бастап қана қоймай, оны толығымен дұрыс өтуін қалады.

Ақша ол үшін кедергі болды. Басқалар үшін қыз не жігіт, спорт, шопинг, бизнес, философия, білім, тамаққа не секске тәуелділік кедергі бола алады. Біз Исадан артық көрген, күшімізді көбірек жұмсаған кез-келген нәрсе қиындық тудыра алады.

Иса Мәсіх сүйіспеншілігін білдіру үшін айтқан жолдауына жігіттің жақсы көретін басқа бір затын кіргізді ме? Ол жігітті ренжітіп алмау үшін ақиқатты жеңілдетті ме? Неліктен Ол жігіт болашақта ақшаға деген әуестігін тастайды деп үміттеніп, оған жай ғана тәубе ету дұғасын оқытқызыған жоқ? Қалай болса да, жігіт құтқарылуды аңсаған тамаша үміткер еді ғой. Иса ау тастаса болғаны, әйгілі бай, жалықпай қызмет ететін адам сенуші болар еді!

Алайда Исаның жүрегінде жігітке деген шынайы сүйіспеншілік бар еді. Ол қуанышқа толы тамаша адамды жоғалтып алу тәуекеліне бел буып, оған ақиқатты – өте қуатты сөзді айтты. Иса жігіттің көзіне қарап оған не жетпейтінін тура айтты – ынтықтық емес, жүрек пен ақыл-ойдың қандай құн төлеу керектігіне қарамастан, патшалардың Патшасына бағынуға дайын болу.

Менің ойымша, бұл кісі Исаны Құтқарушы деп қана түсінді, себебі мұндай жағдайда сөзсіз бағыну міндетті емес. Яғни, ол Исаның кеңесін жақсы деп санаса, оны орындар еді. Ал егер Исаның кеңесі оған жаман болып көрінсе, оның кетіп қалуға мүмкіндігі болар еді.

Жалынды іздеушіге оған не жетпейтіні және оны мәңгі өмірден не ажыратып тұрғанын айта алар ма едіңіз? Егер оны шынымен жақсы көрсеңіз, шындық ащы болса да, ол сізден бас тартатын болса да, оған ақиқатты айтуыңыз керек.

Көптеген сенушілер мен қызметкерлер тыңдармандардың олардан бас тартуларынан қауіптеніп, ақиқаттың орнына жағымды сөз айтумен болады. Олар тыңдаушыларының мақұлдап ұнатқанын аңсайды. Шынымды айтсам, бұрын мен де осындай болатынмын. Мен адамдарға олардың естігісі келетінін айтқандықтан, мені барлығы ұнататын. Мен дауласу мен келіспеушілікті жек көріп, барлығының риза болғанын қалайтынмын. Кейіннен Құдай маған менің сенімсіздігім мен өзімшілдік сылтауларымды көрсетті. Ол шын мәнінде нені қалайтынамды көрсетті. Себеппен мен сөйлесетін адамдарда емес, менің өзімде болды.

Шындықпен ымыраласуға тырысып, адамдарды өтірікке сендіруден гөрі, ақиқатты айту әлдеқайда артық.

Адамдарды басқа тәңірлердің болуы рұқсат екеніне сендіріп, кейіннен олар Ұстаздың «Аулақ кетіндер, сендерді ешқашан таныған емеспін, сендер адастындар!» дегенін естігенде есеңгірегендерінен оларға шындықты қазір естірткен артық.

Енді Құдайдың жалынды іздеушісі Исаның айтқанынан кейін не істегенін қараңыз:

«Бұл сөзге жігіт еңсесі түсіп қапаланды да, сол жерден кетіп қалды. Себебі ол аса дәулетті болатын. Иса айнала қарап, шәкірттеріне: «Мал-мүлікке бай адамдардың Құдайдың Патшалығына кіруі қандай қиын!» – деді» (Марқа 10:22,23).

Бұл адам көңілі бұзылып, қапаланып кетіп қалды!

«Иса, бұның қалай болғаны? Бұл адам құлшыныспен Саған жүгіріп келді, бірақ Сенің сөзінді естіп, еңсесі түсіп кетіп қалды! Сені іздеген адамдарға жағымды жолдау естірту керектігін білмеймісің? Сенің айтқаның қайғы әкелмей, керісінше адамдардың рухын кө-

теріп, көңілдерінен шығу керек. Иса бағушы, Сені ынтыға іздеген адамдарға, әсіресе байларға осылай жауап бере берсең, Сенің қауымыңда адам саны азайып кетеді ғой. Жаңағы адамға барып, жұмсақ сөйле, соңында, әрине, ол ақиқатты толығымен қабылдамақ!»

Бәлкім, қазіргі кезде Иса өз жетекшілер тобы мен батыстық қауым кеңесі мүшелерінен осындайды еститін шығар. Иса сөгіс естіп, қызметтен шығарылатын еді.

Қалай ғана қаумның бір жылдық шығындарын оп-оңай төлей алатын осы әлеуетті адамды ренжітуге Исаның дәті барды? Ол қауым ғимаратының бірнеше миллион долларлық қарызын төлей алатын еді. Иса бағушы үлкен тиімді қызмет құрудың әдістерін түсінбейді. Мүмкін ол адамдарға қалай жағымды әсер етуді ұмытқан шығар. Ол жұмсақ сөйлеп, уәждемелік (мотивациялық) жолдауларды уағыздауы қажет – адамдардың рухы мен өз-өздерін бағалауларын көтеруі тиіс.

Бұл батыстық қаумдарда орын алған жағдайға ұқсас па? Біз адамдарды Исамен танысуға және Оған еруге шақырамыз. Сол арқылы біз тағы да тығырыққа тірелдік. Біз қауымға келушілердің санын арттыру үшін адамдарды Твиттер арқылы шақырамыз, Фейсбукта көбірек адамдармен достасамыз, өзіміздің блогымызға көбірек адамдардың кіруі үшін әрекет жасаймыз. Біз қайтадан жақсылықты Құдайдан жоғары қоямыз.

Адамдарды Мәсіхте шақыру керектігі рас, бірақ ол ақиқатқа негізделуі тиіс. Біз Жаңа Өсиет жолдауын Құдайдың құтқаруға апаратын жолдарынан тәуелсіз өмір сүргісі келетін адамдар үшін жеңілдетеміз. Құдай олай жоспарламағанын түсуніміз керек. Құтқарылу біздің жақсылық пен жамандықты бағалау ағашымызда емес. Киелі Жазбаға сәйкес, құтқарылу – өмір ағашында. Күйеуге шығатын қыз барлық басқа жігіттерді тастайтындай, біз де басқа сүйетін заттарымыз бен тәңірлерімізді тастауымыз қажет. Біз Исаны тек Құтқарушы ретінде ғана емес, өміріміздің Иесі деп қабылдауымыз керек. Бұл – өмір ағашы!

Енді дәулетті жігіт кетіп қалғаннан кейін Исаның айтқанын оқиық:

«Иса айнала қарап, шәкірттеріне: «Мал-мүлікке бай адамдардың Құдайдың Патшалығына кіруі қандай қиын!» – деді. Оның айтқандарына шәкірттері абыржып, қайран қалды. Ал Иса тағы да: – Жігіттер! (Байлықтарына сенгендер үшін) Құдайдың Патшалығына кіру қандай қиын!... деп қосты» (Марқа 10:23,24).

Бірде мен осы оқиға туралы ойланып отырғанымда, Киелі Рух назарымды бір маңызды затқа аударды. Мен көпшіліктің құрметіне бөленген дәулетті жігіттің көңілін мұң басып, бәсеңдеп Исадан алыстауын көз алдыма елестеттім. Кенеттен Ұстаз оның соңынан жүгіріп барып, иығынан ұстап: «Тоқтай тұр. Нақыл сөздер (19:17) кітабында жазылған Сүлеймен патшаның ақылын есіңе салайын: «Жарлыны қамқорлаған – Жаратқанға қарыз бергені, Игі ісінің сауабын Жаратқан қайтып береді». Мен саған мал-мүлкінді сатып, ақшанды мұқтаждарға үлестіріп бер дедім. Бірақ, Нақыл сөздерде айтылғандай, жарлыға бергенінді Жаратқан қайтарып береді. Ол қайтарып қана қоймай, бергенінді жүз есе арттырып қайтарады!»

Дәулетті жігіт жақсы бизнесмен болған шығар. Сондықтан, ол адамды Өзінің соңынан еріткісі келген Иса солай айтса, ол қызығып кетіп: «Рас па?» – деуі ықтимал.

Сонда Иса: «Иә! Енді Менің сенің байлығың туралы қам жегенімді көріп тұрсың ба? Сен тек осы қаланың ғана емес, бүкіл елдің ең бай адамы боласың»,– деп жауап берер еді. Бәлкім осы сөзді естіген жігіт Исаның соңынан жүретін еді.

Құдайдың Сөзі шынымен де біз өзімізде барды берсек, тұқым фермерге қалай бірнеше есе көбейіп оралса, тура солай оның бізге оралатынын айтады. Бұл ақиқат жігіт кетіп қалған сәтте Петірдің айтып салғанынан дәлел табады:

Міне, біз барлығын қалдырып, Сіздің соңыңыздан еріп жүрміз,– дей бастап еді. Иса былай деп жауап қатты:

«Сендерге шындығын айтайын: үй-жайын, бауырларын, әкешесін, әйелін, бала-шағасын не жер-суын Маған және Ізгі хабарға бола қалдырған әркімге сол үшін осы заманда қуғын-сүргін көргеннің өзінде де үй-жай, аға-іні, апа-қарындас (не әпке-сіңлі), әке-шеше, бала-шаға, жер-су жүз есе артығымен қайтарылады, әрі келер заманда ол мәңгілік өмірге ие болады» (Марка 10:28-30).

Осы сәтте Иса барлығын қалдырып Өзінің соңынан ерген шәкірттеріне қарап: «Сендер қалдырғандарыңнан жүз есе артыққа, осы өмірде және келер уақытта – мәңгі өмірге ие боласыңдар» – деді.

Неліктен Иса осы айтқанын немесе Сүлейменнің ақылын мәңгі өмірге қатты ие болғысы келген дәулетті жігітке айтпады? Неліктен Ол осы ақпаратты ұстап қалды? Жауап өте қарапайым: Иса адамдарды Өзінің соңынан ерсін деп ешқашан сый-марапат, жарылқау, сауап пен Патшалықтың пайдасы туралы сөз қозғаған жоқ. Ол Петір, Жақып, Жохан және басқаларды шақырғанда жай ғана «Соңымнан ер» деді. Ол: «Соңымнан ер, сонда Мен саған жарылқау, береке, гүлдену, жақсы өмір және қалғанның барлығын бермекпін»,– деген жоқ. Ол: «Соңымнан еріндер, сонда Менің сендер үшін не істей алатынымды көресіндер»,– деген жоқ. Ол былай деді: «Менің Кім болып табылатынымнан соңымнан еріндер. Мен – Иса Мәсіхпін, сендерді Жаратушы, Ұстаз, әрі бүкіл әлемнің Патшасы».

Егер Петір, Жақып, Жохан және Әндірі Исаның соңынан ақша үшін ерсе, олар бизнестерін ешқашан қалдырмас еді. Олар бизнесін қалдырған күн олардың балық аулау мансаптарындағы ең сәтті күн болып шықты. Исаның арқасында олар жағаға балыққа толған екі қайық шығарды! Олар «жүз есе артық» деген уәде туралы білген жоқ. Олар ол туралы бірінші рет естіді. Бірақ олар Исада өмір сөзі бар екенін білгендіктен барлығын қалдырды. Олардың шешімдері қаражатқа негізделен жоқ.

Құдай Исаның соңынан еру үшін адамнан мінсіз болуды талап етпейді. Құдайға Оған бағынғысы келетін және бағынуға дайын

адамдар керек! Мүмкін дәулетті жігіттің Петірге қарағанда жетекшілік қабілеті артық болған шығар. Алайда Петір Құдайдың барлық сұрағанын орындауға дайын болды. Иса бұрынғыдай осыны бізден де күтеді және барлығын тастап, Оның соңынан еруге шақырады.

Менің жоспарым және Оның жоспары

Мен 1979 жылы Иса Мәсіхті өз Құтқарушым және Ием ретінде қабылдағанда, Ол бірден маған қызметім туралы айта бастады. Мен Пердю Университетінің механикалық инженерия факультетінде оқып, озат студенттердің қатарында болдым, университеттің теннис турнирлеріне қатысып, МВА бағдарламасы бойынша оқуымды Гарвардта жалғастыруды жоспарлап жүрдім.

Тамаша қызға үйленіп, болашақта корпоративті саудада немесе менеджментте жұмыс істеуді жоспарладым. Менің ешбір қызметпен тіптен айналысқым келген жоқ. Мен білген барлық қызметкерлер маған қолынан басқа ештеңе келмейтін адамдар болып көрінді. Олар қапырық үйлерде тұрды, ал олардың балалары оғаш мінезді болып өсті. Мен тұрғын саны үш мыңға жуық қалада өстім, сондықтан сенушілік қызмет туралы түсінігім өте шектеулі болды. Ол кезде мен әлі жақсы қызметкерлермен таныспаған едім, ал кейіннен олардың өте көп екенін білдім.

Дегенмен, бірде қауым жиналысында мен Киелі Рухқа кенеліп, Одан келесі сөздерді естідім: «Джон, Мен сені Өз қызметіме шақырдым. Осымен не істемексің?»

Мен: «Менің барлық туысқандарым менен теріс қарайды, себебі олар католиктер. Барлық басқа қызметкерлер сияқты менің өмірім нашарлап кетеді, мен кедейлікте өмір сүретін боламын»,— деп ойладым. Алайда, Құдайға бағыну мен үшін маңыздырақ болды, сондықтан мен басымды иіп мінәжәт еттім: «Иә, Құдайым. Мен Саған бағынып, не де болса уағыздайтын боламын! Мен Сен көрсеткен жерге барып, Сен айтқанның барлығын істеймін».

Шындығында, бұдан кейін мен елестеткеннің ешқайсысы да орын алған жоқ, бірақ ол кезде Құдай маған болашақта болатын оқиғаларды көрсеткен жоқ. Ол менің барлығын қалдырып, Оның соңынан жүруге дайын екенімді білгісі келді.

Петір, Пауыл және басқа шәкірттердің қызметтерін Елшілердің істері кітабына және хаттарға сүйеніп зерттесек, олардың жолдаулары Исаның дәулетті жігітке айтқанымен тура сәйкес келеді! Бүгін біз жолдан адасып кеттік, бұл Американың рухани жеңілісінің басты себебі. Осы себептен көптеген адамдар өздерін Исаға тиесілі деп есептейді, бірақ шын мәнінде ол олай емес. Біз Исаны Ие деп мойындауымыз қажет, сонда ғана негізіміз дұрыс болады. Біз әлі де қате ағаштан сусындап жүрміз. Бізге жақсы болып көрінген нәрсе біздің ең басты құндылықтарымызды ұрлайды.

Біздің Құдайдың дайындаған көптеген керемет жарылқауларынан айырылып қалатын себебіміз – біз шынайы Киелі Кітаптағы жолдауды нарықтық жолдауға алмастырдық. Өзімізге өзіміз адал болайық, дәулетті жігіт бүгінгі кез-келген қауымға келсе, ол «құтқарылып», тез арада қауымның қадірлі мүшесі болатын еді. Мүмкін тіпті қауым кеңесіне сайланар еді.

Қауым тым жиі «жақсы» құтқарылу жолдауын Құдайға бағынудан бөлек ұсынады. Адамдарды алдамау үшін, кері жағдайда «Аулақ кет» дегенді естуге мәжбүр болатын көптеген адамдар үшін, қауымның күші үшін, Құдайдың жарылқауларында адал жүру үшін, нақты емес, «жақсы» Ізгі Хабар жолдауынан бас тартып, өмір ағашына – Киелі Кітаптың құтқарылу жолдауына қайта оралайық.

БІЗДІҢ ІШКІ НАВИГАТОРЫМЫЗ

Құдайдың сыйына – Оның Мәсіх Иса
арқылы шақырған көктегі
өміріне ие болу
үшін көздеген мақсаттан көз алмаймын.
— Філіпіліктерге арналған хат 3:14
(The Message, ағылшыннан аударма)

Құдайға ғашық болу – ең үлкен романтика;
Оны іздеу – ең қызықты оқиға;
Оны табу – адамның ең үлкен жетістігі.
— Аврелий Августин

Біздің негізіміз – Иса Мәсіхтің билігі. Өміріміздің барлық салалары осы берік білімге негізделуі тиіс, сонда олар көпке шыдайды. Кері жағдайда олар ең соңында күйреп, ғайып болады.

Үй салудың келесі кезеңі – толығымен іргетасқа тұрғызылатын қаңқа салу. Құрылыстық үрдістің бұл кезеңі барлық бөліктерді біріктіреді. Еден, қабырғалар, төбе, электр сымдары, ішкі әрлеу, терезелер, құбырлар және үйдің басқа барлық бөлшектерін және ішіндегі заттарын қаңқасыз орнату мен бекіту мүмкін емес.

Берік іргетас пен мықты қаңқа болса, сенімді және орнықты үй – өмірді салуға болады.

Сіздің ішкі навигаторыңыз

Сенімге негізделген сәтті өмірдің екінші аспектісін көрсету үшін құрылыс мысалынан басқа аналогияға қарайық.

Сұрақ қоюдан бастайық: сіздің ең соңғы, түпкі мақсатыңыз қандай? Басқаша айтқанда, сіздің қай қалауыңыз басқаларынан басым? Шыншыл жауап бере аласыз ба? Олай болса, сіз барғыңыз келмеген жерге тап болмайсыз.

Қараңыз. Егер смартфон навигаторына соңғы пункт – әуежайды енгізіп, ал шын мәнінде сауда орталығына барғымыз келсе, жүргізуші жолдың соңында дүкендердің орнына әуежай терминалдары мен әуе жолдары белгілерін көріп қатты өкінетін болады.

Өз көзіне сенбей, ол «Бұның қалай болғаны? Бұл жерге қалай келдім?» деп наразылық білдіре бастайды. Жауабы анық. Навигатор жүргізушіні енгізілген соңғы нүктеге келіп тоқтатты.

Пауыл елші де өз навигаторында белгілі бір мақсат қойды: «Құдайдың сыйына – Оның Мәсіх Иса арқылы шақырған көктегі өміріне ие болу үшін көздеген мақсатты қуып жүрмін» (Флп. 3:14). Ол не нәрсеге ұмтылып, навигаторындағы соңғы мақсатты білді. Қарсыластыққа, жолындағы бөгеттер мен тосқауылдарға қарамастан, ол алға ұмтылып, ешбір басқа бағытқа ауып кеткен жоқ.

Сіздің навигаторыңызда соңғы пункт қандай? Достардың көп болуы ма? Танымал болу ма? Өзіңіз ұнататын өмір салтынан ләззат алу ма? Қызмет салаңызда ең жақсы жұмыскер болу ма? Мықты денсаулық пен бақыт па?

«Осының барлығын қалаймын» деп айтарсыз. Көбіміз осы заттардың барлығын тілейміз, алайда нені бәрінен де көп қалайсыз? Оны өзіңіз үшін анықтап алған жөн, себебі, сол зат сіздің соңғы пунктіңізге айналады.

Кей кезде әр түрлі мақсатқа бір жолмен жетіп отырамыз, бірақ сөзсіз, сіздің саяхатыңызда бір уақытта барлық жолдар тармақталып кетіп, сіз біреуін ғана таңдауыңыз керек болады.

Сонымен, сіздің соңғы пунктіңіз қандай? Егер сіздің басты мақсатыңыз – жақсы, адал, адамгершілігі мол, ауқатты адам болу болса, сіз дәулетті жігіттің кейпін киноіңіз мүмкін, – ол осы қасиеттердің барлығын иеленді, бірақ оған ең бастысы жетіскен жоқ.

Егер сіздің басты мақсатыңыз – достарыңыздың көп болуы болса, сіз Мұсаның бауыры Харондай болуыңыз мүмкін – тау етегінде қайнап жатқан жұмыстың арасында, барлығының назарында, жиналған қауымға көмектесіп жүріп, алайда Құдайдан алыстап кетуіңіз мүмкін. Сіз жасаған алтын бұқа достарыңыз бен таныстарыңызға ұнауы мүмкін, бірақ, өкінішке қарай ол оларды да, өзіңізді де ең жақсыдан айрады.

Егер сіз танымал спикер, әртіс, көшбасшы болғыңыз келсе, немесе Твиттер не Фейсбукта көбірек жазылушы жинағыңыз келсе, оның барлығын сенушілік ортада да жасай аласыз. Ең соңында сіз Исраилде ең танымал адам, бірақ қазасын жалғыздықта тапқан Ұзиях патшадай болуыңыз мүмкін (Шежірелер 2-жаз 26 тарауды қараңыз).

Мүмкін, сіздің ішкі навигаторыңыз одан сенімдірек, әрі дәл шығар. Мүмкін сіз кедейлер мен мұқтаждарға жомарт қайырымдылық жасайтын шығарсыз. Қазіргі кезде көпшілік осы мақсатты алдына қояды, оны дұрыс деп санаймын. Адамдар «Messenger International» қызметінің кедейлер, мұқтаждар мен қоғамдық әділетсіздіктен зиян шеккен адамдарға қандай көмек көрсеткенін қызыға тыңдайды. Дегенмен, Пауыл қорынттық қауымға барлық байлығын жарлы-жақыбайларға үлестіріп берсе де еш пайданың болмауы мүмкін деп жазады (1 Қор. 13:3 қараңыз).

Мүмкін, сіз қауымдағы ең мол құрбандық беретін адам болғыңыз келеді – өте жақсы мақсат. Алайда Анани мен Зәпира иерусалимдік қауымда жақсы адамдардың санатында болды. Күндердің бір күнінде олар бағалы жер телімін сатып, үлкен құрбандық әкеледі.

Олар айналадағыларға Құдайдың үйін салуға қатты берілгендерін көрсеткісі келді. Олар мақтау күтті, бірақ оның орнына айып-

талған болып шықты (Елшілердің істері 5-тарауды қараңыз). Олардың өлімі жан түршігерлік оқиғаға айналды.

Мен өзімді жақсы, діндар адам деп санаған уақыт болды. Бір жарым жыл бойы мен күнде сағат таңғы бесте тұрып, жетіге дейін мінәжат ететінмін. Осы екі сағаттың әжептәуір бөлігін мен «Құдай Ием, мені көптеген адамдарды құтқарылуға әкелу үшін, Сенің Сөзіңді тайсалмай уағыздау үшін, халықтарды Сенің Патшалығына бағыттау үшін, ауруларды емдеп, тұтқындарды азат ету үшін қолдан» деп өтінетінмін. Күн сайын мен осыны Құдайдан сұрайтынмын.

Айлар өткеннен соң, бірде Құдай маған былай деді: «Балам, сенің мінәжаттарың нысанаға тимей, мүлт кетеді».

Мелшиіп, қимылдай алмай қалдым. Менің осы сұрауым басқа барлық өтініштерден гөрі Құдайға ұнамды емес пе? Мен Құдайдың маған айтқанын дұрыс түсіндім бе деп ойланып қалдым. Қалай ғана осы тамаша рухани мінәжаттар нысанаға тимей кетеді?

Киелі Рух лезде маған: «Яһуда барлығын тастап, Менің соңымнан ерді. Ол таңдап алынған он екінің бірі болды. Ол Құдайдың Патшалығын уағыздады. Ол ауруларды емдеп, кедейлерге қайырымдылық жасап, адамдарды азат етті. Алайда қазір Яһуда тозақта» деді.

Мен күйзеліс пен үрейден дірілдеп кеттім. Мен Яһуданың мен мінәжат еткеннің барлығына жеткеніне қарамастан, мәңгі жоғалғанын түсіндім. Егер ол навигаторын мұқият зерттесе, мүмкін оның өлімі ондай қайғылы болмаушы еді.

Білімсіздігімнен Яһудамен бірге бір санатта бола алатынымды түсініп, «Менің ең басты мақсатым қандай болуы керек?» деп ашық сұрадым.

Басқа дәулетті жігіт

Бұл жолы Құдай маған Исаға жүгіріп келген емес, Мысырдың өркендеу дәуірінде ханзада болып өскен дәулетті жігітті көрсетті. Оның аты Мұса.

Мұсаның өмірін елестетіп көріңіз. Ол ақшаға, тамаққа, киімге, материалдық затқа, білімге мұқтаж болу дегеннің не екенін білмей өсті. Ол қоғамда жоғары мәртебеге ие болды, онда ең жақсының барлығы болды. Бүкіл әлемнің жақсысы Мұсада болды. Ол ең жақсы дизайнерлік киім киді, кез-келген уақытта ол шығынға басы аурымай дүкендер аралап кете алды, бәлкім Мұсада сол заманның барлық «ойыншықтары» болған шығар. Оның күймесінің бүгінгі күнгі баламасы – «мазератти», «ламборджини» немесе «феррари» және «харлей-дэвидсонның» кез-келген моделі. Егер ол жүргізушісін алып қыдырғысы келсе, ол сөзсіз орындалатын еді.

Мұса унитаз және ванна тазаламай, гүлзар қырқпай, машинасын жумай, бөлмесін жинамай, ыдысты жумай, киімін тазаламай, не үйдің басқа кез-келген шаруасын істемейтін, себебі бұның барлығы үшін оның қызметшілері болатын.

Патшаның аспаздары оның қалаған барлық тамағын даярлады. Ол ең жақсы жемістерді жеп рахаттанды.

Оның жұмысы нағыз ғанибет болды. Әскери қолбасшы болғың келе ме – бол, ғимараттардың жобаларын құрастырып немесе той-тоймалақ жасағың келе ме – жаса, ұстап тұрған ешкім жоқ. Ол күндіз жарыс не турнир көріп, кешке таңдаулы ойын-сауықпен көңіл көтере алар еді. Ол күнін қалауынша жоспарлай алатын еді.

Ол сол жердің ең қызығарлық бозбаласы болатын. Ол өзі ұнатқан кез-келген қызбен кездесіп, үйлене алатын еді. Гарем ұстап, көптеген әйел мен күң ала алатын еді. Жомарттық танытқысы келсе, ол өте қымбат сыйлар сатып ала алатын. Ол достарын қорғау үшін полиция не әскери күштерді қолдана алар еді. Ол кейдерге көмектесетін немесе оларды көзге ілмей кете алатын. Ол өз еліндегі ойын-сауық индустриясына әсер етіп, ең жақсы суретшілер мен актерлерді шақырта алар еді.

Патша тағынан басқа ол барлық затқа ие болды. Көпшілікке Мұсаның өмірі арман болып көрінсе де, ол оған қанағаттанбады. Еврейлеге арналған хатта былай деп жазылады:

«Сеніміне бола Мұса жасы кәмелетке келгенде перғауынның қызының баласы деп аталудан бас тартты. Ол күнәкар өмірдің өткінші рақатынан гөрі Құдай халқымен бірге жәбірленуді таңдады» (Евр. 11:24,25).

Мұса бай, қуатты Мысырдағы игіліктерді тастауға бел бұды. Ол неліктен бас тартты? Ол перғауынның сарайында өмір сүріп Құдайға қызмет етуден қанағат алмайтын ба еді? Жоқ. Мұсаның ішкі навигаторы оның шынайы қалауын Мысырда қалып жүзеге асыруға болмайтынын көрсетті. Сондықтан Пауыл былай деп жазады:

«Осылай Мұса (Құдай уәде еткен) Мәсіх үшін маскара болуды Мысырдың қазыналарынан артық байлыққа санады. Себебі ол болашақтағы зор сыйды көздеді» (Евр. 11:26).

Қандай зор сый? Осы сұрақты аудиторияға қойғанымда, барлығының жауап беретіні – уәде етілген жер. Олай болса, ағы мен балы ағыл-тегіл мол жердің Мысырдан несі артық? Ол заманда Мысыр табиғи ресурстары мен ауыл шаруашылығына бола даңқы жер жарып тұрған. Уәде етілген жерде Мысырда жоқ қай нәрсе бар еді? Уәде етілген жер Мысырдан жақсы болды ма? Мұса Мысырдағы үйінен әдемі, үлкен үй жасай алатын ба еді? Меніңше, жоқ деп еркін айтуға болады.

Олай болса, Мұсаның көздегені – қай сый? Патша сарайында жүріп, Мұса оның нақты не екенін білген жоқ, бірақ одан әлдеқайда артық нәрсенің бар екенін білді. Ол өз жолымен жүріп, кейіннен іздегенін тапты.

Осыны басқаша қарастырайық. Сіз жылы ауа-райын, жағажайды ұнатасыз, ал қар мен суықты жек көресіз. Қазір қыстың ортасы, сіз Вермонттасыз. Ондағы температура нөлден жиырма градус төмен, сіз өзіңіз ұнататын ауа-райын аңсайсыз. Сөйтіп, сіз машинаға отырып, Interstate 95 трассасымен оңтүстікке, жылы жаққа қарай бет аласыз. Сіз нақты қайда бара жатқаныңызды білмейсіз, бірақ ол жерде суық пен қардан гөрі артық жақсылықтың бар

екенін білесіз. Жолдағы жанармай бекетінде Флоридадағы Палм-Бич фотографиясы бар жарнаманы көресіз. Сіз күлімсіреп, «Маған керегі – осы» дейсіз. Сіз жарнамада жазылған адресіті навигаторға тезірек енгізіп, армандаған жағажайға қарай бағыт аласыз.

Мұса шамамен осы жағдайға тап болды. Ол алда маңыздырақ нәрсенің бар екенін біліп, сарайды тастап шығып кетеді, бірақ өз сыйын тек қырық жылдан кейін, шөлдің ортасындағы жанып тұрған бұтадан табады. Онда ол Құдаймен кездесіп, Оның құзырына кенеледі. Осыдан кейін Мұсаның навигаторы дәл күйге келтіріледі. Құдайдың құзыры оның сыйына айналды, кейіннен ол Исраилді Мысырдан шығарғанда Мұсаның көзі осыған жетеді.

Құдайдың ұсынысынан бас тарту

Мұсаның өмірінде стресске толы қиын кезең басталды. Ол халықпен бірге құнарсыз шөл далада көптеген қиыншылық пен ауыртыпалықтардан өтеді. Олардың көбісінен тек Құдайдың араласуымен ғана құтылуға болатын еді. Ал Құдай Өз халқын ол қиындықтардан құтқаруға кейде асықпайтындай көрінетін. Оған қоса халық өз тарапынан ешқашан Мұсаға мардымды қолдау көрсеткен жоқ. Осындай беймаза уақытта Құдай Мұсаға былай дейді:

«Өзің және Мысырдан бастап алып шыққан халқың бұл жерді тастап, әрі қарай жүріңдер! Мен «өз ұрпақтарыңа табыстаймын» деп Ыбырайым, Ысқақ, Жақыпқа уәде еткен елге көшіп барыңдар. Сенің алдында жүріп отыратын періштені жіберемін, әрі канахандықтар, аморлықтар, хеттіктер, перездіктер, хевтіктер және ебустіктерді сол елден қуып шығамын. Періштем сендерді ағы мен балы ағыл-тегіл сол жерге бастап алып барады. Бірақ Өзім араларыңда жүріп бірге бармаймын...» (Мысырдан шығу 33:1-3).

Мұсаның және бүкіл Исраил халқының сол кездегі жағдайын елестетіп көріңіз. Айналада әсем алқаптар, бұлақ-жылғалар,

орман, жеміс ағаштары, таза суаттар, құнарлы жер, не жасыл жайлаулар болған жоқ. Олар соңғы рет базарға барып, киім-кешек, азық-түлік сатып алғандарынан бері өте көп уақыт өтті. Күн сайын олардың жейтіндері бір – аптасына алты рет пайда болатын бұрын-соңды көрмеген нан және кейде ет ретінде асатын бөденелер. Олардың жағдайына көз жеткізу үшін бірнеше ай бойы бір наннан басқа ештеңе жемей көріңіз. Сонда оларды түсіне бастайсыз.

Олардың өмірі қиындыққа толы еді. Мысырдағы жан түршігерлік құлдықтан кейін олар енді шөл даладағы қиындықтарға төзді. Дегенмен, ираилдіктер өздерінің жері, оларға уәде етілген жер – Қанахан жерінен үміт үзген жоқ. Көп жыл бойы Құдай ол жердің шұрайлы, құнарлы, ағы мен балы ағыл-тегіл мол екенін айтып келді. Ол уақытта халық құрылыстағы ауыр еңбектен басқа ештеңе білген жоқ. Көп кешікпей, олар өздерінің әсем үйлерін, ауылдары мен қалаларын салатын болады. Бұл халық тарихындағы бірегей жаңа мәдениет болмақ. Бұл – ұрпақтан ұрпаққа берілуге тұрарлық мұра.

Ақыры, Құдай олардың көшбасшысы Мұсаға халықты уәде етілген жерге алып шығуды тапсырады. Құдай олармен бірге жүріп, оларды қорғайтын періштені жіберетінін айтады. Ол жауынгер періште барлық жауларды жеңіп шығады. Алайда, бір кішігірім ескертпе бар – Құдайдың Өзі олармен бірге бармайды.

Мұндай сөздерді есту оңай болды ма? Құдайдың Өзі сіз және сіздің ата-бабаларыңыз ғасырлар бойы аңсап келгенін ұсынады. Төрт жүз отыз жыл олардың өз үйі болған жоқ, олар өмір үшін күресіп, мұқтаждық көрді, ал енді Құдай оларға осындай ұсыныс жасайды.

Әрине, Мұса оны қабылдап, таудың басына шығып, жиналған қауымға қуанышты жаңалықты хабарлайды. Халық оны ұлы жетекші ретінде мойындап, оның рейтингісі тез арада өсіп кетеді. Барлығы шаттыққа бөленіп, уәде етілген игілікке апарар жолға түседі.

«Жарамды» игілік басты мақсат болса, осылай болар еді. Алайда, Құдайдың ұсынысына Мұсаның жауап бергенін оқиық:

«Егер Өзің бірге барып жар болмасаң, бізді бұл жерден уәделі елге апара көрме» (Мысырдан шығу 33:15).

Еске алайық, бұл жерден деген қай жерден? Мұқтаждық, бақытсыздық, қысымшылық пен қиыншылыққа толы жер – шөл даладан. Әдетте мұндай жауап естіген адамды күмілжітер еді, Мұса есінен адасты деп ойлаушы еді. Шын мәнінде Мұса былай деді: «Егер Сенің құзырың мен Сенің игіліктеріңнің арасында таңдауым керек болса, мен Сенің құзырыңды таңдаймын. Мұқтаждық пен қиындыққа толы болса да, мен үшін ол Сенің тамаша игіліктеріңнен артық».

Мұсаның осы пікірі сау адамның ойлауынан өзгеше ме? Шөл даланың шаңқай ыстығы Мұсаны есінен тандырды ма? Жок. Оның ішкі навигаторы ең жақсыға бағытталды. Құдай ақылға қонымды жақсы ұсыныс жасаса да, ыңғайсыз жағдайлар мен ақыл-парасат сол ұсынысты қабылдауға қарай итермелесе де, ішкі навигатор Мұсаны ең жақсы шешімге жетеледі.

Мұсаның асыл арманы, оның сыйы – Құдайды жақын танып-білу. Ал біреумен бірге уақыт өткізбей, оны қалай шынымен танып-білуге болады? Адаммен көзбе-көзбе кездеспей, ол туралы бірдеңе білуге болады, бірақ бірге уақыт өткізу арқылы ғана адаммен жақын танысуға болады. Мұсаның ең жоғары сыйы осындай болатын. Мұса үшін одан бағалы, одан тартымды ештеңе болған жоқ. Тіпті Құдайдың Өзі жасаған жақсы ұсыныс Мұсаның басты мақсатын өзгерткен жоқ. Құдайға мұның қаншалықты ұнағанын елестете аласыз ба?

«Құдай неге Оның ұсыныстарынан бас тартқанда қуануы керек?» деп сұрайтын шығарсыз. Өз өмірде орын алған оқиғаны айтып берейін.

Лиза екеуіміз жол жүріп, бірнеше бос күнімізді бірге өткізейік дедік. Жақын арада тамаша гольф алаңы болатын. Мен гольф ойнауды, әсіресе жақсы алаңдарда гольф ойнауды ұнатамын. Достарым мені сол алаңда гольф ойнауға шақырды, алайда менің Лизамен өткізетін уақытым өте аз болды.

Менің сүйікті жұбайым: «Джон, барып гольф ойна»,– деді. Мен: «Жоқ, жаным, сенімен уақыт өткізгенім артық»,– деп жауап бердім.

Бұл тамаша күндер еді. Менің таңдауым Лизаны қатты қуантты, себебі ол менің достарыммен бірге гольф ойнауды қалай жақсы көретінімді білетін. Лиза маған ұсыныс жасады, оның ойында еш арам ниеті болған жоқ, мен ол айтқандай гольф ойнауға кетіп қалсам, ол сол шешімінен айнымас еді. Дегенмен, ол жүрегінің тереңінде мен онымен бірге уақыт өткізер деп астыртын үміттенді.

Тура осы жағдайды Мұсаның жауабынан көреміз. Құдай Мұсаға бір жолды ұсынды, бірақ ол оны таңдамас деп үміттенді. Ол Мұса мен халықты уәде етілген жерге қауіпсіз жеткізетін періштені жіберер еді. Алайда, бұл жолды олар Құдайсыз өтер еді. Менің ойымша, Құдай Мұсаға осы жолды ұсынғанда, Ол Мұса шөл даладан тезірек шығып, құнарлы жерде оңай өмір сүргеннен гөрі, Оның Өзін таңдайды деп астыртын үміттенді.

Мұса Құдайдың ұсынысынан бас тартқанда, біріншіден, Құдайдың құзырындағы өмірді Құдайдан алыс жерде Оның игіліктерінен рахат алудан жоғары бағалайтынын білдірді. Екіншіден, Мұса Құдайдың мінсіз адалдығына сенді. Уәде етілген жерге кіру үшін біраз күткенге қарамастан, Мұса Құдай Исраилді ерте ме, кеш пе, онда алып кіретінін білді. Ол Құдайдың Өз Сөзіне берік екенін білді. Егер Мұса сол кезде өзінің ішкі навигаторына дұрыс бағыт енгізбесе, ол, бәлкім, басқаша таңдау жасар еді.

Навигаторды бағдарлау

Барлық исраилдіктердің мүддесі басқаша болса, Мұсаны өз навигаторын осындай күйге келтіруге не итермеледі? Жауапты оның алғашқы шешімдері мен жалпы жүріс-тұрысын қарастырсақ табамыз.

Мен тыңдармандарыма келесі сұрақты жиі қоямын: «Исраилді Мысырдан шығарғанда, Мұса қай бағытта жүрді?»

Әдетте зал: «Уәде етілген жерге қарай»,– деп жауап береді.

Бұл рас па? Мұса бірнеше рет перғауынның алдына келгенде оған Құдайдың сөзін естіртеді: «Айдалада Өзіме ғибадат ету үшін халқымды жібер!» (Мысырдан көшіп шығу 7:16, сонымен бірге 5:1; 8:1,20; 9:1,13; 10:3 қараңыз). Перғауынға Исраилдің қайда баратынын айтқанда, Мұса ғибадат етуді айдаламен байланыстырады. Ол бір де бір рет уәде етілген жер туралы айтқан емес.

Мұса халықты Құдайға ғибадат ету үшін Синай шөл даласына алып баруы керек еді. Мұса халықты Уәде Етушімен кездестірмей неге уәде етілген жерге апаруы керек? Ол жағдайда уәденің өзі Құдаймен кездесуден маңыздырақ болып, навигаторды қате жолға бағыттар еді.

Өкінішке орай, қазіргі кезде уәдені барлығынан жоғары қоятын қызметкерлер мен жетекшілер бар. 1980-ші және 1990-шы жылдары Исаның Кім екенінен гөрі Оның біз үшін не істей алатыны туралы жиі естігінбіз. Осындай тәлім ішкі навигаторларын Құдайдың құзырына емес, Оның игіліктеріне бағыттайтын шәкірттердің көптеп пайда болуына әкеп соғатын. Бұл күйеуге есеппен шыққан әйелмен бірдей. Мүмкін ол күйеуін жақсы көретін шығар, бірақ оның мүддесі дұрыс емес.

Исраил мен Мұсаның арасында таң қаларлық айырмашылық бар. Исраил халқының Мысырдағы өмірі балдай тәтті болған жоқ. Олар қараңғы лашықтарда тұрып, шіріген тамақты жеп, тозған киім киді. Өмір бойы олар бөтен адамдардың мұрасы үшін еңбек етті. Олардың арқалары қамшымен сабағаннан жара-жара болды, перғауынның сарбаздары олардың балаларын мерт қылды.

Исраил халқының мысырлық құлдықтан арылуы – шынымен ғажап оқиға, алайда, олар шөл далаға шыққан соң көп кешіктірмей наразылық білдіріп, Мысырға қайта оралуды қалайды. Олар: «...Одан да Мысырға қайта оралғанымыз жақсы емес пе!» (Руларды санау 14:3), «Мысырлықтарға қызмет ете берейік»,– деп ренжіді (Мысырдан шығу 14:12).

Енді менің жоғарыда суреттеген Мұсаның жайлы, салтанатты өмірін елестетіңіз. Ол да Мысырдан шығып, шөл даланың ауыр

жағдайларына тап болды. Бірақ Мұса бір де бір рет зарын айтып, мұнын шағып, қайта оралу туралы сөз қозғаған емес! Неге? Жауап өте қарапайым. Мұса жанған бұтаға жақындағанда Құдайдың құзырына бөленді. Ол Жаратушының аузынан шыққан сөзді есту мәртебесіне ие болды. Исраилдің ондай мүмкіндігі болды, бірақ халық оны пайдаланған жоқ. Мұны түсіндіруге рұқсат етіңіз.

«...Осы жерге алып келдім...»

Халық Мысырдан шығысымен, Мұса оларды Синай тауына, өзі Құдаймен кездескен жерге (отты бұтаның жанына) бастап барды. Олар сол жерге жеткенде, Құдай Мұсаға халыққа былай деп айтуды бұйырды:

«Сендер Менің мысырлықтарға не істегенімді, әрі өздерінді балапандарын қанаттарымен тасыған қыран іспетті осы жерге аман-есен алып келгенімді көрдіңдер» (Мысырдан көшіп шығу 19:4).

Құдайдың «осы жерге аман-есен алып келгенімді көрдіңдер» деген сөздеріне назар аударыңыз.

Құдайдың қарым-қатынасты жоғары бағалайтынын, Оның жүрегі – Әкенің жүрегі екенін, және Ол әрдайым сондай болатынын есте сақтаған жөн. Әке мен ана жаңа туған баласымен қарым-қатынасты дамытуға ұмтылғандай, Ол да балаларын жақын білуге ұмтылады.

Құдай Мұсаға Өзін жанған бұтада көрсетті. Мұса Құдайдың құзырына бөлену мәртебесіне ие болды. Осының өзі Мұсаның ынтасын қыздырып, еліктіріп әкеткені сонша, ол ешбір жағдайда Мысырға, тіпті баяғы салтанатты өмірге қайта оралғысы келмеді. Осы кездесу Мұсаға ең маңызды әсер етіп, оның ішкі навигаторына нақты, дұрыс бағыт енгізді.

Мұса Исраилді өзі болған жерге әкелгісі келді, бірақ ең таңқаларлық жайт, Құдайдың Өзі де осыны қалады. Ол Мұсамен бұта-

ның жанында кездескендіктен, Мұса Құдайды халықпен және халықты Құдаймен таныстыра алды.

Үш адам бар делік: Джордан, Абигаиль және Сюзан. Джордан бір бірін танымайтын Абигаиль мен Сюзанды танығандықтан, оларды таныстыра алады. Мұса Құдаймен кездесіп, Онымен бірге уақыт өткізді. Сонымен қатар ол Исраилмен де уақыт өткізді. Сондықтан Мұса Құдай мен халықтың кездесуін ұйымдастыра алады. Құдай Мұсаға кіріспе бөлімнің қандай болуы керегін айтады.

«...сендер Маған бағышталған қасиетті халқым болып, басқалардың игілігі үшін діни қызметкер мен патша секілді рухани билік жүргізетін боласындар; Сен Исраилдің үрім-бұтағына айтуға тиіс сөздерім осылар» (Мысырдан шығу 19:6).

Исраил Құдайдың алдында өте ерекше халық болды, Ол олардың әрқайсысы діни қызметкер – Құдайға өз атынан не басқалардың атынан келетін адам болуларын қалады. Шынын айтқанда, Құдай оларға Өзінің жақын достығын ұсынды. Не деген мәртебе! Сонан соң Құдай былай дейді:

«Халыққа бар да, оларды бүгін-ертең Маған бағышталып, күнәдан таза болуға шақыр. Бәрі киім-кешектерін жуып тазартып, бүрсігүнге дайын болсын! Сол күні Мен – Жаратқан Ие бүкіл халықтың көз алдында Синай тауына түсемін» (Мысырдан шығу 19:10,11).

Құдай шынымен де үшінші күні тауға түседі, бірақ халықтың жауабы Оның көңілін қалдырады. Олар: «Бізбен өзіңіз сөйлесіңіз, ал біз тыңдайтын боламыз. Құдай бізбен тікелей тілдесе көрмесін, әйтпесе құрып кетерміз»,– деп байбалам салады (Мысырдың шығу 20:19).

Исраилдіктер жүректерінен әлі де Мысырды шығармағандықтан, олар Құдайдың құзырына шыдай алмады. Олар әлі де өз мүдделерін Құдайдың мүддесінен жоғары қойды. Олар Оны жақын білуді мақсат еткен жоқ. Оның айқын құзыры олардың ішкі бағытын көрсетті, бірақ олар оны өзгерткілері келген жоқ.

Құдай оларға дайындық барысында киімдерін тазалауға бұйырады. Мұның қандай керегі бар? Құдай тән тазалығын талап еткені ме? Осы сұрақтың жауабын табу үшін, Көне Өсиетте сыртқы әрекеттердің адамның ішкі рухани күйін көрсететінін еске алайық. Олардың киімдеріне жұққан Мысырлық кір әлі тазартылған жоқ. Құдайдың киелі құзырына бөлену үшін, одан арылу қажет.

Мысыр күнәға батқан әлемдік жүйені білдіреді. Әлем өз күнәкар құмарлықтары, көзінің қомағайлығы, бедел мен атақтары үшін – «тұрмысының мастануы» үшін барлығын жасайды (1 Жохан 2:16 қараңыз). Құдайды танып-білу олардың мақсаттарының бірі емес. Оларды қызықтыратын нәрсе – өз пайдасы.

Құдайға керегі – алтын іздеушілер емес

Жол жүргенімде жанында өздерінен он бес – жиырма бес жас кіші өте сұлу әйелдері бар еркектерді жиі көремін. Әдетте бұл жұпта еркек кәртәң болып көрінгендіктен, оны әйелдің әкесі деп қалуға болады. Бұл екеуі неліктен бірге тұрады, неге үйленген?

Мұндай жұп бір-біріне құмарта ғашық болатыны өте сирек. Шындығы мынада – мұндай әйелдерді алтын іздеушілер деуге болады. Бұл өзінің жанындағы адамға емес, оның қамтамасыз ете алатын өмір салтына қызыққан әйелдерге тағылған лақап ат. Ол оның байлығы мен беделін пайдаланып қалғысы келеді. Ал еркек болса, әйелдің өзіне құштар болмай, тек өзінің өзімшіл қажеттіліктерін қанағатандыруға ұмтылады. Ол барлығына жас, күші тасыған, жақсы жыныстық қатынасқа түсе алатындай болып көрінгісі келеді.

Басқа сөзбен айтқанда, екеуі де өзімшілдіктің соңынан жүріп, шын жүректен жақын адамының қамын ойлаудың орнына, одан қандай пайда көретінін ойлады. Екеуі де белілі бір дәрежеде басқаның не істейтінін біледі, алайда өзінің қоймағайлығы мен тәкәппарлығын қанағаттандыру үшін оған шыдайды. Ұзақ, берік қа-

рым-қатынас оларды қызықтырмайды, олар тек өзiмшiл рақат iздейдi.

Жақында әйелiм екеуiмiз жиһаз және үйдiң басқа керек-жарағын сататын дүкенге бардық. Бiзден басқа дүкенде тағы бiр жұп болды – мосқал ер адам мен жас әйел. Басында оларды әке мен бала деп ойладым, бiрақ сатушымен сөйлескендерiнен қателескенiмдi түсiндiм. Олар жақында сатып алған үйлерiне қажет нәрселердi қарап жүрген ерлi-зайыптылар болып шықты.

Бiз олармен бiрге дүкенде жиырма минуттай болдық – бақылауға жеткiлiктi уақыт. Олардың бiр-бiрiмен дұрдараз, үстiртiн ғана сөйлескендерiн байқадым. Олардың еш ортақ қалаулары болған жоқ. Өмiрлерiнде сүйiспеншiлiк пен қуаныштың жоқтығы анық бiлiндi. Әйел жұбайының көзiне қараудан қашқақтап, мұңайып жүр. Оның үстiндегi киiмi өте тар, бетiне қалың қылып бояу жаққан. Ер адам жас көрiнуге тырысады екен. Сатушымен сөйлескенде қаражат жағынан еш қысылмайтынын көрсетумен болды.

Осы екеуiне қарап тұрып, Лиза екеуiмiздiң қарым-қатынасымызға риза болдым. Мен Лизаға бар ықыласыммен қамқорлық жасаймын. Лиза өте сұлу, бiрақ қамқорлығым оның сұлулығына бола емес. Лиза да маған шын жүректен қамқорлық жасайды, бiр-бiрiмiз үшiн ең жақын дос, сырласпыз, әрқашан бiрге болғымыз келедi. Дүкенде кездескен әлгi екеуiн аяп кеттiм, олардың арасында сүйiспеншiлiк аз едi. Мұны оларды айыптау үшiн жазып отырған жоқпын; олардың бiр-бiрiне деген сүйiспеншiлiгi мен жақындығы әлi де артады деген үмiттемiн. Бiрақ олардың қарым-қатынасының iргетасы осал, сондықтан менiң үмiтiм жүзеге аспайды-ау.

Исраилдiктер Мысырдан лас қарым-қатынастарды алып шықты, ал Құдай олармен үстiртiн ғана қарым-қатынаста болғысы келмедi. Құдайға алтын iздеушiлер керек емес, Ол бiзбен терең қарым-қатынаста болғысы келедi. Исраилдiктердiң жүрегiнде күнәкар дүниеге тән ниеттер жатыр едi. Мұндай өзiмшiл ниеттер риясыз таза қарым-қатынасқа кедергi болды. Сол кiрден арылғанда ғана Исраил Құдайды танып-бiлер едi.

Алайда, исаилдіктер Құдаймен терең таза қарым-қатынасқа ұмтылған Мұса тәрізді өзімшіл қалауларынан арыла алмады. Олар Құдайдан тілегендері – өз пайдасы еді.

Бүгін ше?

Кәзіргі Жаңа Өсиет заманында осы мәселеде өзгеріс бар ма? Жүрегі күнәкар дүниеден ластанған адам Құдаймен терең, таза қарым-қатынаста бола алады ма? Иса Мәсіхтің рақымы дүниенің кірінен арылу қажеттігін жояды ма? Киелі Жазбада осы қажеттілікке меңзейтін бірнеше аят бар, бірақ олар қауымдарда көп айтылмайды.

«Құдайдың киелі үйі мен жалған тәңірлер арасында қандай келісімнің болуы мүмкін? Себебі біздер мәңгі тірі Құдайдың «киелі үйіміз». Құдайдың Өзі мынадай сөздер айтқан: «Мен орталарында тұрып, араларында жүретін боламын. Мен олардың Құдайы, ал олар Менің халқым болады»... Осы уәделердің бәрі де бізге берілгендіктен, сүйікті бауырластарым, тәніміз бен рухымызды арамдайтын барлық нәрселерден тазарып, Құдайды терең қастерлеп, толығымен Оған бағышталған қасиетті өмір сүрейік!» (2 Қорынттықтарға 6:16,7:1).

Осы қысқа үзіндіде көп жасырын мән жатыр. Біріншіден, «Құдайдың Өзі мынадай сөздер айтқан» деген сөзге назар аударыңыз. Құдай алғаш рет осы сөзді қашан және қайда айтты? Пауыл Құдайдың Мұсаға тауда Өз құзырында айтқан сөзін келтіреді:

«Исаилдің үрім-бұтағының арасында тұрып, олардың Құдайы боламын. Сонда олар өздерінің Құдайы Жаратқан Ие Мен екенімді түсініп, араларында тұру үшін оларды Мысырдан алып шыққанымды білетін болады...» (Мысырдан шығу 29:45,46).

Құдай Мысырдан көшіп шығу кітабының 19-тарауында айтқанын қайталады – Ол риясыз таза, терең қатынасты қалайды. Құдайдың қалауы осы еді, алайда Исаил оны ұмытып кететін. Тек Мұса, Дэуіт, Даниял, Ишая тәрізді бірнеше адамның ғана Құдай-

мен тығыз қарым-қатынасы бар еді, себебі олар арам ниеттерден және өзімшілдіктен арылуға бел буды. Енді Пауыл Иса Мәсіхтің қанымен тазарған, Құдайдың рақымымен құтқарылған біздерді соған шақырады.

«Мен орталарында тұрып, араларында жүретін боламын. Мен олардың Құдайы, ал олар Менің халқым болады. Тәндерің мен рухтарыңды арамдайтын барлық нәрселерден аулақ болыңдар, сонда Мен сендерді қабылдаймын» деген сөзді тағы да естиміз. Кезінде осы сөзді Құдай Исраилге айтқан еді, ал кәзір осы сөз жаңа халық – біздерге арналады. Бізбен жақын қарым-қатынаста болуға деген Құдайдың қалауы өзгерген жоқ, бірақ біз күнәкар дүниенің кірінен арылмай, бұл қалау жүзеге аспайды. Құдай бізді Өзіне жақын еткісі келеді, бірақ Оның шарты бар. Алтын іздеушілерге тән қарым-қатынастан жеркенетінін Құдай бізге тағы да көрсетеді.

Құдай біздің жасырын ниеттерімізді біледі. Ол тәніміз бен рухымызды арамдайтын нәрселерден арылып тазаруды бұйырады. Киімімізге Мысырдың кірі жұққан ба (өз қалауларымызды жүзеге асыру үшін өмір сүреміз бе), әлде Мұса сияқты Құдайдың қалауларын өз қалауларымыздан жоғары қоямыз ба – Құдай осыны біледі. Сондықтан, Құдаймен кездесерден бұрын, киімді тазарту кергін Мұса Исраил халқына айтқандай, Пауыл елші бізге айтады: «Тәніміз бен рухымызды арамдайтын барлық нәрселерден арылып, Құдайды терең қастерлеп, Құдайдың алдында тазарайық». Құдаймен жақын қарым-қатынас үшін қажет шарт. Күнәкар дүниенің кірінен тазарғанда ішкі навигаторымызды дұрыс бағыттаймыз, сонда жолдан тайып адаспаймыз.

Құдаймен жақын қарым-қатынасқа жеткізетін ішкі навигаторымыздың дұрыс бағыты сақталуы үшін «қасиеттілік» сөзі ең негізгі сөз болып табылады. Келесі тарауларда осының мәнін тереңірек ұғынамыз.

БІЗДІ ҚЫЗҒАНАТЫН

«Сендер Мені кімге ұқсатасыңдар,
Кіммен Мені салыстырасыңдар?» – деп сауал қояды
Киелі Құдай. Аспанға көз жіберіп қараңдаршы:
Кім жаратты ондағы жұлдыздарды?!
... Ол әрқайсысын өз атымен шақырады.
Жаратқанның құдіреті сонша зор болып,
Біреуі шет қалмай, бәрі Оған бағынады
— Ишая (40:25,26).

О сенуші, Құдай Ие сені қатты қызғанады.
Ол сені таңдап алған жоқ па еді?
Өзінен басқа біреуді таңдағаныңа Ол төзбейді.
— Чарльз Сперджен

Құдайдың құзырында болудан басқа ешбір нәрсе дәл сондай пайдалы және көңіл қанағаттандыратын болмайды. Ойланып көріңізші: әлемді жаратқан Жаратушының құзырында болу – әйгілі спортшы, ғұлама ғалым, шоу бизнестің аты шулы жұлдызы, белгілі суретші, немесе дүниежүзілік саяси көшбасшымен бірге болу емес қой. Үлкендігі адамның ақыл-санасына сыймайтын, соған қарамастан, барлық тіршілік иелері мен заттар атом деп аталатын, құрылысы күрделі, өте ұсақ «кірпіштерден» құралған, өте дәл жаратылған ғаламның Иесі – Құдай.

Ұзындығы бір дюйм кесіндіге миллиардтаған атомдар сияды. Көптеген терең зерттеулерден кейін де ғалымдар атомның құрылысын толықтай түсініп болған жоқ.

Құдайдан тыс ешқандай да даналық, білім, кемеңгерлік болуы мүмкін емес. Құдай барлығын біледі, соңында не болатыны Оған басынан аян. Құдайға ешнәрсені үйреніп білудің қажеті жоқ. Жалындаған періштелер үнемі Құдайдың алдында. Олар бір-біріне дауыстап: «Әлемнің Иесі киелі, қасиетті, қастерлі! Бүкіл дүние Оның салтанатты ұлылығына кенелген!» – десіп тұрады (Ишая пайғамбар 6:3 қараңыз). Бұрын өмір сүрген ең кемеңгер адамдар Құдайдың құзырында болуды өздеріне бақыт санаған.

Осындай ғажап Тұлғамен бірге болуға адамға рұқсат етілгені тебіренеді. Одан да таңқаларлық жайт – Ол бізді біз Оны аңсағаннан қатты аңсайды.

«Киелі жазбадағы мынадай сөздер бекер айтылды деп санайсыңдар ма: Өмірімізден орын алған Құдайдың Рухы жалғыз Құдайды ғана сүйіп, Оған түгелдей бағышталуымызды аңсайды» (Жақып 4:5).

Аңсау дегеніміз – ынтызарлықпен қалау деген сөз. Ең ғажап Тұлға мені қатты аңсайтынын ойласам, Дәуіт айтқандай «Сенің ойларың маған тым жоғары, уа, Құдай, қанша көп олардың саны! Санап шықсам барлық ойларыңды құм қиыршықтарынан көп болады!» дегім келеді (Забур 138:17,18). Дәуіт Құдайдың біз туралы (барлығымыз емес, әрқайсымыз туралы) ойлаған ойлары туралы айтады. Құдайдың біз туралы ойлары Жер бетіндегі құм қиыршықтарынан да көп! Барлық жағажай, шөл, гольф алаңдары, балалар ойнайтын алаңдардағы құмды көз алдыңызға елестетіп көріңіз. Не деген көп құм! – соншама көп ой.

Тағы да бір мысал келтірейін. Мен әйелімді қатты сүйемін. Үйленгенімізге отыз жылдан асты. Ол туралы менің сансыз көп ойым бар. Дегенмен, осы ойларымның санындай құм қиыршығын жинасам, аяқ киім салатын бір қорап та толмас еді (жағажайдағы құмның бір шаршы футында 1,8 млрд қиыршық бар).

Одан да терең ойланайық. Барлық нәрсені асыра айтатын адамдар болады. Мысалы, балықшылар. Ондай адам: «Қармағыма

мынадай балық түсті!»,– деп екі қолын екі жаққа созып, сол балықтың үлкендігін көрсетеді. Балықты көрсеңіз, оның әлдеқайда кіші екенін білесіз.

Тағы да бір мысал. Өз пікірінің дұрыстығын дәлеледеу үшін статистикалық деректерді ойынан шығаратын адам «ер адамдардың 99.9% мелодрамаларды ұнатпайды»,– деп батыл айтады. Ол ресми мәліметтерге көңіл бөлген емес, статистикалық деректермен де таныс емес, өзінің мелодраманы жек көретінін ақтау үшін асыра айтады.

Не болмаса, «Сен үшін мінәжат етіп жүрмін» дейтін адам. Мүмкін, ол бір-ақ рет, әрі ықпалсыз мінәжат еткен болар. Меніңше, әрбір адам кейде асыра айтады. Алайда, шыншыл болайық: асыра айту – бұл өтірік айту. Таңқаларлық ақиқат – Құдай өтірік айта алмайды! (Руларды санау 23:19 және Тит. 1:2 қараңыз). Құдай өтірік айтса Ол «өтіріктің атасы» – шайтанға бағынуға тиіс болар еді, ал олай болуы мүмкін емес.

Құдай Оның сіз туралы ойлаған ойларының саны жер бетіндегі құм қиыршықтарының санынан асады десе, бұл сөзге сенуге болады.

Оның сіз туралы қаншалықты көп ойлайтынын түсінесіз бе? Өзіңіздің сананыздағы ойларды елестетіп көріңіз. Көргіңіз келмейтін адам жайлы көп ойланасыз ба? Құдай да солай! Киелі Рух бізді аңсайды – бізбен бірге болуды ынтыға қалайды. Басқа сөзбен айтқанда, Құдай бізді жақын досындай танып білгісі келеді.

Құдайдың қызғанышы

Жақыптың сөзін қарастырайық: «Киелі жазбадағы мынадай сөздер бекер айтылды деп санайсындар ма: Өмірімізден орын алған Құдайдың Рухы жалғыз Құдайды ғана сүйіп, Оған түгелдей бағышталуымызды аңсайды». Мұндағы негізгі сөздер – жалғыз Құдайды ғана сүю. Бұл сөздің мағынасын нақтырақ түсінейік. Егер мен неке адалдығын сақтамасам, менің әйелім құпияларын, армандарын, талпыныстарын, жүрек қалауларын айтып менімен сырла-

суға ұмтылар ма еді? Жоқ! Келтірілген үзіндінің алдындағы аятта былай делінген:

«Әй, опасыздар! Осы күнәкар дүниемен достасу Құдайға қастық екенін білмейтін бе едіңдер? Осы дүниемен дос болғысы келген әркім Құдайдың жауына айналады» (Жақып 4:4).

Басқа сөзбен айтқанда: «Дүниемен дос болсаңдар, опасызға айналасыңдар!».

Жақып өз хатын мәсіхшілерге ғана арнағанын білеміз, себебі онда «бауырластарым» деген сөз он бес рет кездеседі. Әрине, оның жолдауы Құдаймен қарым-қатынасы бар, Иса Мәсіхті қабылдаған адамдар үшін жазылған. Күнәкар дүниеге қылымсып қырындағандар Құдаймен қарым-қатынасына адал емес.

Жоғарыда келтірген мысалымды жалғастырсам, Лиза менімен сырласудан бас тартып қана қоймай, ол сонымен қатар, ашуланып, қызғанады, және оның реті бар. Мен өзімді жалғыз жұбайыма ғана арнадым. Неке адалдығын бұзсам, сертімнен тайып, өтірікші болар едім.

Жақып Киелі Рухтың қызғанышы туралы сөздеріне мынадай кіріспе жасайды: «...Киелі жазбадағы мынадай сөздер бекер айтылды деп санайсыңдар ма?...». Ол өзі келтірген аяттарды ғана емес, көптеген мағыналас аяттарды меңзейді. Құдай Өзі жайлы бірнеше рет былай дейді:

«...Мен сенің Құдай Иеңмін, Өзімнен басқа тәңірлеріңнің болуына еш төзбеймін...» (Мысырдан шығу 20:5).

«Себебі бір атағым «Қызғаныш». Өзімді шын көңілмен сүйіп, түгелдей бағышталуларыңды талап еткен Құдаймын» (Мысырдан шығу 34:14).

«Себебі Құдайларың Жаратқан Ие жалмап қоятын от іспетті! Ол – басқа еш нәрсеге табынуларыңа төзбей, Өзіне адал болуларыңды талап ететін Құдай!» (Заңды қайталау 4:24).

Құдайдың қызғанышы туралы Киелі Жазбада көп айтылады, бұл аяттардың барлығы біздің Құдаймен қарым-қатынасымыз жайлы.

Ескертіп кетейін: Құдай бізден қызғанбайды, Ол бізді қызғанады. Екеуінің айырмашылығы өте үлкен. Құдай бізге тек жақсылық тілейді, жемісті болуымызды, өмірімізде молшылық болуын қалайды (Ешуа 1:8; Нақыл сөздер 4:8; Матай 25:29; Жохан 15:8 қараңыз). Құдай сізбен өте жақын болуды қалайды, Оның қызғанышы осыған байланысты. Ол басқа сүйіктілердің, негізінен күнәкар дүниенің бізге ортақ болуын қаламайды. Жақып Құдайдың опасыздыққа (қарым-қатынас адалдығын бұзуға) деген көзқарасын еске салады. Біз Құдайға деген адалдығымызды бұзсақ, Оның ашуызасы қызғанышпен жанданады. Бұл ұсақ-түйек нәрсе емес.

Адалдықты бұзудың салдарынан туындайтын сезім – жалғыз ашу-ыза ғана емес. Көзіне шөп салынған жұбайлардың төбесінен жай түскендей есеңгірегені, көңілі қалғаны, не істерін білмей аңырап қалғаны, қайғыға батқаны жайлы айтқандарын жиі естимін. Олар жұбайына өз өмірін сыйлаған еді, ал жұбайы сатып, теріс айналып кетті. Жан дүниесін қайғы-қасірет баурап алады. Күйеуі опасыздық жасаған әйелдің «Мен күйеуіме бала тауып бердім, өмірімнің ең жақсы жылдарын оған сыйладым. Ол мені қалай ғана тастап кетті?» деп сұрағанын естідім.

Енді Құдайдың сезімін түсініп көріңіз. Біз Оған опасыздық жасағанда Құдайдың жүрегіндегі сезім қандай болады? Пауыл: «Сендерді Құдай берген қамқорлықпен қызғыштай қорғап келемін. Өздеріңді бір-ақ «Күйеу» – Мәсіхке «айттырып қойдым», әрі пәк таза «қыз күйлеріңде» ұзатқым келеді» деп жазады (2 Қорынттықтарға 11:2).

Пауыл Құдайдың орнына әлдекімді не әлденені қойғанымызда Оның бізге деген сезімін суреттеп, Құдайдың атынан сөйлейді.

Еремия да соны айтады: «Жұбаныш іздегенде бойымды қайғы билеп алды, жүрегім сыздап ауырады» (Еремия 8:18). Есімізде болсын, біз Құдайға ұқсас етіп жаратылғанбыз, сондықтан Құдайдың сезінетінін біз де сезінеміз!

Құдай біз үшін Өз өмірін қиды, сондықтан Ол бізді қызғанады. Бізбен мәңгілік қарым-қатынас үшін Ол барын қиды. Біз Оған адал болмасак, Құдайдың жан-жүрегі қасірет тартып, ашу-ызаға батады. Құдайдың сөзін тыңдаңыз:

«Ал халқымның Мені ұмытқанына ұзақ уақыт болды. Өзіңе ашына іздегенде қандай ептісің! Тіпті ең тіс қаққан сайқалдың да сенен алар тәлімі көп... Бірақ сонда да: ‘Мен кінәсізбін...’ дейсің» (Еремия 2:32,33,35).

Көбінесе, Құдайға опасыздық жасағанда, оны өзіміз де түсінбейміз, күнәнің қаншалықты ауыр екенін сезінбейміз. Ақиқат көзімізді ашсын. Оның жүрегін жаралап, жанын ауыртқанымызды біздің тас жүрегіміз түсінбейді. Құдай сұрайды: «Өздерінің осы жексұрын істеріне ұяла ма? Жоқ, оларда ұят деген мүлдем жоқ, олар тіпті қызаруды да білмейді...» (Еремия 6:15). Исраилдің опасыздығы жайлы Еремия мен басқа пайғамбарлардың айтқанын Пауыл мен Жақып та айтады.

Жақыптың маңызды пайымдауын зерттеуімізді жалғастырайық. *Philos* (дос) және *philia* (достық) грек сөздерін қарастырайық. *Philos* сөзінің мағынасы – жақсы көретін, біріктіру, достық; *philia* «дос, достасу» дегенді білдіреді. «Көне және Жаңа Өсиет сөздерінің түсіндірме сөздігінің» құрастырушысы У. Э. Вайн *philia* сөзін былай деп түсіндіреді: «жақсы көру, сүю, сүйікті болу». Иса-ның мына сөздерін есте сақтай отырып, ойланыңыз:

«Егер де осы дүниенің меншігі болсаңдар, ол сендерді өз адамдары ретінде жақсы көрер еді. Бірақ осы дүниенікі емессіңдер, керісінше, Мен сендерді күнәкар дүниенің ішінен таңдап, айырып алдым. Сондықтан да ол сендерді жек көреді» (Жохан 15:19, NLT, орысшадан аударма).

Бұрын осы дүниенің меншігі едіңіз, енді бұл дүниеге тиесілі емессіз. Енді сіз Құдайдың меншігісіз. Сіз өзіңізді Исаға тапсырған сәтте тәніңізде бұрын өмір сүрген адам жоқ болды да, оның орны-

на жаңадан жаратылған адам пайда болды. Құдаймен қарым-қатынастағы адам ретінде қайта туылдыңыз.

Исаның айтуынша, әлдекімнің Құдайдың меншігі екенінің негізгі белгісі – бұл дүниеге жек көрінішті болуы. Өзіңізге сұрақ қойып, шыншыл жауап беріңіз: «Мені күнәкар дүние жек көреді ме?». Өзіңіз танитын мәсіхшілерді күнәкар дүние жек көреді ме? «Иә» деп жауап берсеңіз, онда бұл дүниеде қалай өмір сүреміз, жұмыс істейміз, қоғамға пайда тигіземіз? Жанжалсыз қалай өмір сүреміз? Бұл дүние бізді өз адамдары ретінде жақсы көрсе, біздің оған ықпалымыз артпас па еді? Бұл қиын сұрақтарға жауап табуымыз қажет – келесі тарауларда соны істейміз.

Жохан елші бізге Исаның сөздерінің басқа жағын ашып береді. Ол: «Осы күнәлі дүниені және ондағы еш нәрсені сүйеңдер! Осы дүниені сүйгендердің көктегі Әкеге сүйіспеншілігі жоқ»,– деп бағыт айтады (1 Жохан 2:15).

Иса, Жақып, Жохан Құдаймен қарым-қатынасы бар, бірақ күнәкар дүниені жақсы көретін адам туралы айтқанда, өткір сөздерді қолданады. Олардың айтуынша, дүниені жақсы көру, дүниемен дос болу, дүниенің бізге деген сүйіспеншілігі Құдаймен қарым-қатынас адалдығын бұзумен тең, Құдайға жау болумен, және Оның сүйіспеншілігінен аластатылумен бірдей. Дүниемен дос болудың қаупі жайлы айтатын осы қатаң сөздерді әрі қарай зерттеуден бұрын, «дүние» сөзінің мағынасын анықтап алайық.

Грек тілінде дүние – kosmos. Ол «Мәсіхтің патшалығына қарсы болғандықтан мәнсіз, орнықсыз, тұрақсыз заңдылықтарға бағынатын орынсыз қалауларға толы қазіргі заман» дегенді білдіреді. Осы сөздердің әрқайсысына көңіл бөлейік.

Тұрақсыз сөзінің мағынасы – «өткінші, ұзақ жасамайтын, көпке жарамайтын». Қоғамның дамуын бақыласақ, оның үнемі өзгеріп отырғанын байқаймыз. Көбінесе өзгерістер пайдалы, олар өсу-өрлеудің бар екенін көрсетеді.

Алайда, адамгершілік қағидаларының өзгеруі бізді Құдайдың көзқарасында ненің жақсы екенін түсінуден алыстатады.

Қоғамда кеше ғана жат, ұят, тұрпайы болып саналатын нәрселер бүгін қалыпты, ақылға қонарлық болып саналады. Мысал келтірейік. 13 жасқа дейінгі балалар тек қана ата-анасымен көруге рұқсат етілген фильмді қарастырайық. Кинотеатрлар кассаларының жанында фильмді көргісі келетіндер тізіліп тұрады. Бірақ, блокбастерде зорлық-зомбылық, әдепсіздік көріністері көптеп кездеседі. Жыныстық қатынас, гомосексуалистердің қатынасы көп фильмдерде кездеседі. Өртістер тұрпайы қылықтарды, ұрлық, адам өлтіру, сиқыршылықты көрсетеді. Тек жағымсыз кейіпкерлер ғана емес, бұндай қылықтар бас кейіпкерге және оның достарына да тән болуы мүмкін. Құдайдың да аты аталып кететін қарғыстар, балағат сөздер көптеп естіледі.

Біз осыған үйренгеніміз сондай, біз әр фильмнен осыны күтеміз. 1950-жылдары осындай фильмді көрген көрермендер жағасын ұстар еді! Балағат сөздің, бейәдеп көріністердің, тұрпайылықтың көптігінен американдықтарды ашу кернейтін еді. Қоғамдық наразылық туындайтын еді. «Неге бұл фильмде екі бойдақ жігіт бірге тұрады, оның үстіне олардың төсек қатынасы көрсетілген, және бұл дұрыс деп құпталады? Мұндайды неге қалыпты өмір салты ретінде көрсетеді? Не деген сұмдық!»— деп көрермендер қарсылық білдірер еді.

Сонымен, не болды? Құдай жақсы, құптарлық, қалыпты өмір салтының жаңа стандартын енгізіп па еді? Рұқсат етілген нәрсенің шегі жылжып кетті ме? Біз қазір бұрынғыдан ақылдымыз ба? Әлде елуінші жылдары өмір сүрген адамдар артта қалған ба еді?

Тереңірек үңіліп қарасақ, фильмдердегі осындай өзгерістер қоғамдағы моральдық стандарттардың өзгеруін көрсетеді. Жақында жүргізілген сауалнама көрсеткендей, 1982 жылғы мәліметтерге қарағанда, ер адамдармен некеден тыс тұрмыс құрған қыздардың саны үш есе көбейген. US News & World Report басылымының деректеріне сүйенсек, 2006 – 2010 жылдар аралығында 15-тен 44 жасқа дейінгі әйелдердің 48%-ы некеге дейін ер адаммен бірге тұр-

ды, бұл 2002 жылдағыға қарағанда 11%-ға, 1995 жылға қарағанда 41%-ға артық. Біздің өткінші мәдениетіміз жайлы статистикалық деректерді көптеп келтіруге болады, бірақ кітабымың мақсаты бұл емес.

Күнәкар дүние адам өмірінің еш құны жоқ деген пікірге сендіргісі келеді. Қоғамда шынымен де пайдалы өзгерістер, өрлеу, даму бар. Ғылым, технология, коммуникация, медицина және басқа салалардағы жетістіктер адамзатқа пайдасын тигізеді, адам еңбегінің жемістілігін арттырады. Бұл Құдайдың ең бірінші өсиетіне сәйкес келеді: «Өсіп-өніп көбейіңдер» (Жаратылыстың басталуы 1:22).

Моральдің өзгеруінен пайда бар ма? Әлде бұл өзгерістердің түп тамыры – ашкөздік, азғындық, мансапқұмарлықта ма? Нежелескен екі әйел немесе екі еркекке бала тәрбиелеуді сеніп тапсырғаннан балалар не ұтты? Жұмсақ мінезді ана мен асқар таудай әке бар жанұядан осындай «жанұя» артық па? Әлде бұл өзгерістер орынсыз қалауларды қанағаттандыру үшін жасалды ма (грекше kosmos сөзінің анықтамасындағы соңғы сөз)?

Неке қимай тұрмыс кұрса, еркек пен әйел баланың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді ме? Әлде мұндай тұрмыс бір-біріне адал болғысы келмеген екі адамның өзіншіл қалауларын қанағаттандыру үшін рұқсат етілді ме? Өндіруші немесе сатушы саудадан көбірек пайда түсіру мақсатымен тауар туралы ақпаратты толық бермесе, ол сатып алушыға жақсылық жасайды ма, әлде өзінің ашкөздігін қанағаттандырады ма? Заң жүзінде рұқсат етілген есірткілерді қолдану ми жасушаларының жұмысын жақсартады ма? Үнемі басылып отыратын ғылыми еңбектерде есірткі қолданғаннан ми жасушаларының өлімі жайлы қайта-қайта айтылып жатпайды ма?

Осы кеңінен тараған орынсыз қалаулардың ең болмаса біреуі бізді Жаратушымызға жақындатады ма?

Киелі жазба: «Сол кезде сендер осы күнәкар дүниенің дәстүріне сай өмір сүріп, бізді ауа іспетті қоршап тұрған зұлым күштердің әміршісінің, яғни Құдайға бағынбайтын адамдарды билейтін рух-

тың жетегінде жүрдіндер»,– дейді (Ефестіктерге арналған хат 2:2). Яғни дүние (kosmos) – Құдайға бағынбайтын, санасын зұлым рухтар билеген адамдарың дәстүрі. Жохан елші: «Біз Құдайданбыз, бірақ бүкіл дүниеге шайтан билігін жүргізіп отыр, бұны білеміз»,– деп нық айтады (1 Жохан 5:19). Осы дүние Құдайдың жүрегінен және Оның билігінен барған сайын алыстап барады. Көбінесе, бұл алыстау ашық түрдегі зұлымдық немесе Құдайға ашық қарсылық ретінде емес, керісінше, өрлеу-өрістеу, жалпыға бірдей жақсылық түрінде көрінеді. Бірақ, өкінішке орай, күнәкар дүние адамдарды Жаратушының жүрегінен алыстатып, жұтып қоюға тырысады.

«Киелі Кітап сөздерінің жаңа халықаралық энциклопедиясында» одан да нақты, терең мағыналы анықтама берілген. «Осы дүниеге тән сана-сезім – кейбір адамдарға ұнамсыз болып көрінетін істермен айналысу емес. Ол – көзқарастарды, құндылықтарды, мәдени қатынастарды Құдай Сөзі елегінен өткізбестен ойсыз қабылдау». Яғни, ненің жақсы, ненің жаман екенін көрсететін стандартты өзіміз орнатамыз. Санамыз осы дүниенің ой-санасына сай болса, қоғамда үлгі болып танылатын көзқарастар, құндылықтар, мәдени қатынастардың түп тамыры көз қомағайлығында, күнәкар адамның құмарлықтарында, тұрмыс мастануында жатыр.

«Осы күнәлі дүниені және ондағы еш нәрсені сүймендер! Осы дүниені сүйгендердің көктегі Әкеге сүйіспеншілігі жоқ. Себебі осы дүниеге тән нәрселердің бәрі: күнәкар адамның құмарлықтары, көзінің қомағайлығы әрі тұрмысына мастануы көктегі Әкеден емес, осы дүниеден бастау алған» (1 Жохан 2:15,16).

«Осы дүниеге тән нәрселердің бәрі» деген сөзге көңіл аударайық. Дүниенің ықпалын анықтап көруге болады.

Қымбатты оқырман, менің сөзіме мән беріп тыңдауыңызды сұраймын: күнәкар дүние сені жұтып қоюға тырысады. Ол сізді қарым-қатынасқа шақырады. Бұл шақыру тәтті сөзбен, логикамен баурап алады, жағымпазданады, мүмкіндіктер, пайда, ләззат ұсына-

ды, сені беделді, мықты қылуға уәде етеді. Хауаны жылан еліктіріп алғандай еліктіреді. Ол ұнатқан еркегіне көзін салған жеңіл жүрісті әйел сияқты. Өзінің шырмауына түсіріп, өзінің оған керек екеніне сендіреді. Күдіксіз жүрген ер адам торға шырмалады да, әйел одан керегін алады.

Күнәкар дүниенің шырмауы мәсіхшілік жолындағы адамдарды өз құрбанына айналдырады, оның мақсаты – сенушілерді Құдайдың құзырынан алыстатып, Оның өмірі мен игілігінен құр қалдыру. Нақыл сөздердің авторы айтқандай, дүниенің жатын бөлмесі – өлім апаны, оның жолы – тозаққа апарар жол. Көптеген күшті адамдарды ол өзінің арбауына түсіріп, оларды жаралы, не мерт қылып тастады (Нақыл сөздер 7:21-27).

Легализм

Осы дүниенің анықтамасында ішкі ниеттерден гөрі сыртқы пішінге көбірек көңіл бөлінеді. Легалистік қоғамға тап болған, немесе сол қоғамда өскен сенушілердің пікір-пайымдауларын естігенімде қынжыламын. Легализм туралы көп айтылады, бұл термин жиі қолданылады, бірақ кейде мағынасы дұрыс түсіндірілмейді. Сондықтан, бұл сөздің мағынасына мән берейік. Легализмнің сөздіктердегі түсіндірмесі – «рухқа бағынудың орнына заңға немесе ережеге,... әсіресе ережеге қатаң бағынушылық. Нақты заңдарға бағыну тұрғысынан кейбір іс-әрекеттерді айыптау».

Мәсіхшіліктің өлі формаларының қайғылы жағдайлары туралы естіп жатамыз. Бағушылар мінбеде тұрып Киелі Кітапта жазылған ережелерді келтіріп, оларды орындауды бар даусымен талап етеді. Олар шалбар киген, сәнді киінген, әшекей таққан, шашын қысқартып бояған, бетіне макияж жасаған әйелдерді осы дүниелік өмір салтына берілген деп айыптайды. Мұндай демагог уағыздаушылар ер адамдарды да құр қалдырмайды: заманға сай сәнді заттардың бәрі, шаштарының ұзындығы қатаң сынға алынады.

Уағыздаушылар мұнымен тоқтамайды. Күнәкармен бірге жүргенін көрсе, ондай сенушіні де айыптайды. Кинотеатрға немесе қандай да бір ойын-сауық орындарына баратындар да сынға алынады. Олардың қауымға бармайтын достарына көзін алартып қарайды. Күнәкарларды шығармашылық, өнер жолымен құтқаруға ұмтылсаңыз, сенімнен тайғаныңыз болып саналады. «Исаның соңынан еріп, күнәкар дүниеден азат» болам десең теледидар көруге, би билеуге, қоғамдағы іс-шараларға қатысуға, діни емес музыканы тыңдауға, қауымда түрлі-түсті шамдар мен сахнаға арналған түтінді қолдануға және көптеген басқа нәрселерге тыйым салынады.

Мен легалистердің тек бірнеше нысанасын атап өттім, алайда легализмнің жасырын, бірақ дәл сондай қауіпті түрлері бар. Олар құтқарылуға қол жеткізу үшін, рухани өсу үшін қойылатын талап ретінде қарастырылады. Мысалы, бірнеше сағаттық мінәжат, ораза, Киелі Кітаптан белгілі бір үзінділерді оқу осы ережелерге жатуы мүмкін. Әрине, бұлардың барлығы пайдалы істер, алайда, оларды рухани үстемдікке жету үшін істеуге болмайды.

Кейде біз Құдайдың кешірімін қабылдай алмаймыз. Сондай кезде күнәдан ақталу үшін өзімізді өзіміз жазалай бастаймыз. Осылайша, Исаның қаны туралы ұмытып, өз істерімізге сенім артамыз.

Біз қауымда ерінбей-жалықпай қызмет еткендіктен, Құдайға жақынырақ, ұнамдырақ болуға қол жеткіздік деген пікір – легализмнің бір көрінісі болып табылады. Немесе, біз ешқандай айтарлықтай күнә жасамағандықтан, Құдай біздің мінәжатымызға тезірек жауап береді деп ойлаймыз. Өзіміз байқамай, жақсы мінез-құлық пен игі істер жасау арқылы рухани нәр алуға тырысамыз. Легализм адамды қауымның әкімшілігінде, не волонтерлік жұмыста, не жарлыларға қамқорлық көрсету арқылы Құдайға үздіксіз қызмет етуге мәжбүрлеп, демалуға, тыныштық табуға мүмкіндік бермейді. Іс-әрекеттің ниеті сүйіспеншілік емес, Құдайға істерімізбен жағу болады.

Осындай легализмнің көрнекті мысалы – өз өмірін салық жинаушының өмірімен салыстырып, күнәкарды айыптаған парызшы. Парызшы өзінің жақсы мінез-құлқы үшін Құдайға асығыс түрде алғыс айтты: ол салық жинаушылар сияқты күнә жасамайды, өтірік айтпайды, неке адалдығын бұзбайды, ол ораза тұтып, мінәжат етеді, пітір-садақа береді. Дәл сол мезетте, парызшы өзінің жақсы істерін мақтан тұтып, салық жинаушының күнәларын тізіп тұрғанда сол күнәкар ғибадатхананың ауласында Құдайдан рақымды болуын сұрап тұр еді. Исаның айтқанындай, Құдайдың алдында «мінсіз» парызшы емес, күнәкар ақталды.

Күнәкар дүние осындай легализмге негізделеді. Белгілі бір адамдардың орнатқан ережелеріне сай болу арқылы осы дүниедегі адамдар мансапқа жетіп, тәкаппар болады, өз қалауларын қанағаттандырады. Осылайша адам Құдайдан тәуелді болудан қалып, көңілі өзіне ауады. Легализм Құдайдың құзырында ғана болатын қуанышты ұрлайды.

Менің бір бизнесмен досым – өте беделді адам. Ол легализмді бойына сіңіріп өсті, алайда, кейін одан арылды. Бірде ол маған: «Джон, көңіл көтеретін, әрі қуаныш сыйлайтын нәрсенің барлығы – күнәкар дүниенікі, мәсіхшілікке жат деп ойлаушы едім»,– деді. Оның қауымының бағушысы мен жетекшілері назарын тек адамның сырт кейпіне аударып, көзден таса, жүректегі нәрселерге мән бермеген. Оның қауымының қала тұрғындарына еш ықпалы болған жоқ. Өкінішке орай, бұл қауымның жетекшілері Пауылдың «Құдайдың Патшалығы ішіп-жеуде емес, Киелі Рухтың күшімен әділ, өзара тату, қуанышты өмір сүруде» деген сөзін түсінбеді (Римдіктерге 14:17).

Киелі Рухта біз тұрақты шаттыққа бөленеміз. Осы дүниеде шаттық жоқ, сондықтан біздегі қуаныш күнәкарларды баурап алады. Иса барлық адамдар үшін тартымды болды. Легалистік тәлім арқылы құтқарылуға қол жеткізуге, немесе рухани өсуге ұмтылатын әрбір адам шынайы шаттықтан құр қалады. Ондай адамның

өрісі өте тар. Себебі, ол өзінен басқаша көзқарасты ұстанатын, басқаша өмір сүретін адамдардан алшақтайды.

Сол бизнесмен досым баратын қауымның жетекшілері Колостықтарға арналған хаттағы Пауылдың мына сөздеріне мән берсе, жақсы болар еді:

«Өлі денеге ешқандай бұйрық жүрмейтіні секілді, сендер Мәсіхпен бірге рухани өлгендіктен осы дүниедегі бастапқы ілімдерге бағынбауға тиістісіңдер. Ендеше сендер әлі де осы күнәкар дүниеге жататындай, неліктен мынадай ережелерге бағынасыңдар: «Сол нәрселерді қолға ұстама, ана тағамдарды ішіп-жеме, ол заттарға қол тигізбе!» Бұлардың бәрі түбі қолдану барысында жоқ болатындар ғой. Ондай парыздар мен ілімдер адам ойынан шыққан. Олар кісінің адами діншілдікті ұстанып, өз-өзінен бас тартушылық танытып, тәнін қатаң тәртіппен ұстауын талап етулеріне бола дана болып көрінеді. Алайда олар адамды ізгілікке жетелемей, оның күнәкар болмысының құмарлықтары мен зұлым ойларын жеңуге еш көмектеспейді» (Қолостықтарға 2:20-23, NLT, орысшадан аударма).

Байқасаңыз, Пауыл діншілдіктің, өз-өзінен бас тартушылықтың, тәнді қатаң тәртіппен ұстаудың осы дүниенің күшімен бір қатарға қояды. Алайда, әдепсіздік, адам өлтіру, ұрлық, маскүнемдік, тағы басқалар күнәға жатпайды деген сөз емес. Ол осы дүниенің заңына бағынып өмір сүрудің бір түрі.

Санасына легализм сіңіп кеткен адамдар осы дүниеден бас тартуды өршелене уағыздайды, бірақ легализм арқылы осы дүние өздерін құлдықта ұстап отырғанын түсінбейді.

«Зұлым ойларды жеңу» деген сөз Пауылдың ойын түсінуге көмектеседі. Легализм адамның жүрегін тазартпайды, жүрек – күнәкар дүниенің күштері көздейтін нысана. Сондықтан: «Ең бастысы, таза сақта жүрегінді, өйткені ол – өміріңнің қайнар көзі», – деп жазылған (Нақыл сөз 4:23).

«Ізгі адам жан дүниесіндегі игілікті қазынадан игілік алып шығады», – дейді Иса (Матай 12:35). Жан дүниемізде не сақтаулы, біз үшін шынымен де құнды болатын нәрселер не? – ең бастысы сол. Жүрегіңізді тазартыңыз, сонда сырт көзге көрінетін нәрселер Құдайдың жақсылық стандарттарына сәйкес реттеледі.

Қорытынды шығарайық: осы дүние адамның сырт кейпін емес, ішкі дүниесін көздеп, шабуыл жасайды. Ол адамның қалауларын, ниеттерін, ой-санасын жаулап алады. Арпалыс, рухани шайқас осында, өрмекшінің шырмауы осында тоқылады. Күнәкар дүниемен достық осында басталып, адамды бірте-бірте жұтып, жалмап қояды. Қауымға сирек келетін адам да, қауымда бір де бір жиналыстан қалмайтын, белсенді қызметкер де осындай жағдайға ұшырауы мүмкін.

Енді, дүниенің не екенін анық түсінгенімізде, достық жайлы сөз қозғайық. Осы дүниемен достық дегеніміз не? Осы дүниемен ойнас жасау деген не? Осы туралы келесі тарауда оқыңыз.

ДОСТЫҚ

... Құдаймен достығымыз Оның рухани
Ұлының өлімі арқылы қалпына келтірілді...
— Римдіктерге 5:10 (NLT, ағылшыннан аударма)

Ынтызарлығыңыз неге ауса,
сол сіздің Құдайыңыз.
— Мартин Лютер

Бәріміздің де достарымыз бар, оларды көруге асығамыз. Бала кезімде екі жақсы досым болды – Дэнни мен Глен. Бос уақытымның барлығын солармен бірге өткізетнімін. Біз спортпен шұғылданатынбыз, велосипед тебетінбіз, әлденені зерттейтінбіз, жаңа ойындар ойлап табатынбыз, серуендейтінбіз, немесе жай отырып әңгімелесетінбіз. Біз өзіміз үшін маңызды тақырыптарға сөз қозғайтынбыз: достар, қыздар, сабақ, спорт, мектептегі іс-шаралар, болашақ және тағы басқа туралы. Біздің достығымыз мықты еді. Біз бір-бірімізді күштірек, ақылдырақ, жақсырақ болуға, жетістіктерге жетуге итермелейтінбіз. Бір-бірімізді қолдап, қорғайтынбыз, қиын сәттерде бір-бірімізге демеу болатынбыз. Әрине, достарыммен бірге болу – мен үшін ең қызықты нәрсе еді.

Сіз ше? Бала кездегі достарыңызды еске түсіріңіз. Достықтың неден құралатынын анықтап көрейік. Достық бірге уақыт өткізу, қарым-қатынас, түсіністік, ортақ қызығушылықтардан тұрады дегенге, әрине, келісерсіз. Сүйіспеншілік, сенім, сыйластық, әзіл-күлкі, өзара тартымдылық та өте маңызды. Әрине, нақты жағдайларда

достықтың тағы басқа қырларын көруге болады. Дегенмен, ең бастысы – бірге уақыт өткізу ұнайтын болу керек.

Киелі жазба достықты құптайды. Менің ең жақсы көретін аяттарымының бірі: «Жұпар мен иісмай жүректі қуантар, досың адал кеңесімен ұнамды болар» (Нақыл сөздер 27:9). Біз жалғыз болу үшін жаратылған жоқпыз, серіктес достар адамға жан бітіреді. Құдайдың бастапқы жаратылысына достық жетпей тұр еді. Ол: «Адамның жалғыз болғаны жақсы болмас»,– деді (Жаратылыстың басталуы 2:18). Біз Құдайға ұқсас етіп жаратылғанбыз, бізге де достар және достық керек.

Бірақ мұның басқа жағы да бар. Иса, Жақып және Жохан достықтың белгілі бір түрін жаратпайды. «Әй, опасыздар! Осы күнәкар дүниемен достасу Құдайға қастық екенін білмейтін бе едіңдер? Осы дүниемен дос болғысы келген әркім Құдайдың жауына айналады» деген сөздерді қайтадан оқыңыз (Жақып 4:4). Бұл жай ғана жаратпаушылық емес. Жақып тік, ашық, әрі батыл сөйлейді! Осы дүниемен достықтың қандай белгілері бар екенін анықтап көрейік.

Байланыс

Алдыңғы тарауда *philia* сөзі «дос болу», «достасу», және «жақсы көру, сүю, сүйікті болу» деген мағынаны беретінін білдік. «Киелі Кітап сөздерінің энциклопедиясы»: «ежелгі Грецияда достық ұғымы кең тараған. *Philia* сөзінің кең мағынасы «таныстық», терең мағынасы «ежеке, жақын байланыс, нағыз жақындық» болып табылады». Шын мәнінде, Жақып қолданған сөз достық ұғымының кең мағынасында пайдаланылады. Қарым-қатынастың түрлі деңгейлері болатыны бәрімізге мәлім, Жақып айтып тұрған достық осылардың барлығын қамтиды. Бұл сөздің мағынасы опасыздықпен тікелей байланысты.

Құдайға опасыздық жасау неке адалдығын бұзуға өте ұқсас, сондықтан кең тараған шиеленіскен махаббат хикаясын қарасты-

райық. Көбінесе, ер адам көңілдес әйелімен төсек қатынасына танысқан күні бармайды, барлығы әдейі немесе байқаусызда қырындап, көңілін табудан басталады.

Әуелі бұл екі адамның кездесіп, танысуы. Интернет арқылы немесе көзбе-көз көрісіп танысады. Танысу барысында ұшқын жанғандай болады. Ер адамның қызығушылығы көбінесе әйелімен жақындығының аздығынан қыза түседі. Кейде ер адам сезімдік немесе тәндік қатынасты тереңдете түскісі келеді. Алғашқы кездесулер кіршіксіз таза болып көрінгенімен, бірте-бірте бір-біріне деген қызығушылық арта түседі. Бір-бірінің телефонын және электрондық адресстерін алады.

Бір-біріне деген әуестік смс, электрондық хаттар жазысу арқылы, қоңырау шалу, немесе «байқаусызда кездесіп қалу» арқылы арта береді, қарым-қатынастары тереңдей береді. Олар бір-біріне әуес, бірақ оны мойындағысы келмейді. Айтылмаған әуестік қарым-қатынастың өрбуіне түрткі болады. Енді олардың қарым-қатынасы кіршіксіз таза достық емес.

Сонан соң олар оңаша жерде кездесіп, бірге кофе немесе түскі ас ішеді, бұл келесі қадам. Әдетте осы кезеңде олардың бір-біріне деген сезімдері ашылады.

Енді ер адам сол әйел туралы үнемі ойлайды және онымен бірге болуға құштар. Ол екеуінің құпия кездесуін армандап, жоспарлайды, бұл кездесулер жайлы жұбайы да, достары да білмеуге тиіс. Оның әйеліне деген көңілі суып кетті, жүрегінде басқа әйел.

Әйелімен бірге болғанда да, ой-қиялында –көңілдесі. Ерте ме, кеш пе олар төсектен бір-ақ шығады.

Бұның барлығы неден басталып еді? Таныстық кезеңіндегі орынсыз ойлар мен әңгімелерден. Олардың қарым-қатынасы қай мезетте ойнастыққа айналды? Олар бір-бірінің телефондарын алып, оңаша кездескенде ме? Әлде ер адамның қолы әйелдің денесіне тиіп кеткенде ме? Алғаш рет сүйіскенде ме? Әлде олар шешініп төсекке жатқанда ма?

Шын мәнінде, осы айтылғандардың бәрінен бұрын. «Кім бір әйелге құмарта қараса, оның өз жүрегінде сол әйелмен неке адалдығын бұзғаны. Төсек қатынасына түспесем болды, Құдайдың алдында тазамын деп ойламаңдар. Тән құмарлығы тәннен бұрын жүректі былғайды»,– дейді Иса (Матай 5:28, the Messege, ағылшыннан аударма). Біздің өміріміз – жүрегімізде, сырт әрекеттеріміз жүрегіміздің соңынан ереді. Ер адам таныстық кезеңінде әйелге әуес болғанда-ақ ойнастық басталған еді.

Осы дүниемен достық

Дәл солай осы дүние бізді «алғашқы махаббатымыздан» алыстатып әкетеді. Барлық нәрсе қызығушылықтан басталады. Қызығушылығымыз әзіл-күлкіге, ләззәт алуға, жайлылыққа, қызықты оқиғаларға, жетістікке, масаттануға немесе басқа да жағымды нәрсеге ауады. Таныстық жоғарыда келтірген мысалдағыдай жеке немесе бұқаралық ақпарат құралдарында жүзеге асады. Көбінесе бұл Құдаймен қарым-қатынасымызға қанағаттанбағандығымыздан болады. Құдаймен достығымызға масаттануымыз азаяды. Онымен бірге уақыт өткізуге көңіліміз суып, жалығамыз. Бәрімізге достық керек, сол достықты басқа жерден іздей бастаймыз.

Осы дүниеге неғұрлым көп уақыт бөлсек, соғұрлым оған деген әуестігіміз арта береді. Біраздан соң, ойымыз бен сезімдеріміз бұғауланады. Пауылдың екі қауымға айтқан сөзіне мұқият қарасак, ондағы ескертуді байқаймыз. Осы ескертуді елеусіз қалдырмасак, ол бізді дүниемен ойнас жасаудан сақтайды.

«Сонымен, Мәсіх өлімнен қайта тірілгенде сендер Онымен бірге рухани тірілдіңдер. Сондықтан көкке лайықты қасиеттерді иемденуге ұмтылыңдар! Өйткені Мәсіх көкте, Құдайдың оң жағында отыр. *Ойларыңды* күнәкар дүниедегіге емес, көктегіге *аударыңдар!*» (Қолостықтарға 3:1,3).

Мұқият оқыдыңыз ба? Қайталап оқыңыз, курсивпен басылған сөздерге – ұмтылындар, ойларыңызды аударындар – назар аударыңыз. Санамыз біз ұмтылған нәрсеге ой аударады. Римдіктерге арналған хаттағы Пауылдың сөзін қарастырайық. Ұмтылады деген сөзге назар аударыңыз.

«Өзінің ескі күнәкар болмысының еркі бойынша өмір сүретін әрбір жан сол болмысының қалауын жүзеге асыруға ұмтылады. Ал Киелі Рухтың жетелеуімен өмір сүретіндер Киелі Рухтың қалауын орындауға ниет етеді. Күнәкар болмыстың қамын ойлау мәңгілік өлімге, ал Киелі Рухтың еркін орындау шынайы өмір мен тыныштыққа жеткізеді. Ескі күнәкар болмысымыздың ниеті Құдайға қас, ол Құдайдың заңына бағынбайды, әрі бағына алмайды да» (Римдіктерге 8:5-7).

Енді қас сөзіне назар аударыңыз. Жақыптың хатының (4:4) аятында осы сөз қолданылады – *echthra*. Бұл сөздің грек тілінен аудармасын Стронг сөздігінен қарайық: «қастық, қарсылыққа себеп». Пауылдың сөзі осы дүниеге әуес сенушілерге арналған.

Мені неке адалдығын бұзудан Лизаға деген сүйіспеншілігім ғана емес, оны ашуландырғым келмейтіні де сақтайды. Ойнас жасасам, Лиза маған қас болар еді. Менің сүйіктім маған қас, ашулы болғанын, менен көңілі қалғанын қаламаймын. Алайда, бұл қастық Пауыл мен Жақыптың айтқанымен салыстырғанда түкке тұрғысыз, себебі ақыл-есі бүтін бірде-бір мәсіхші Құдайдың қастығына тап болғысы келмейді. (Жақып пен Пауылдың сөзі сенушілерге арналғаны есіңізде болар).

Құдай Жүніске қас болғанда Жүніс алып балықтың ішіне түсті. Сонда ол Құдайдың қастығын сезінді. Самсон құлдыққа түсіп, көзінен айырылды, бұл да Құдайдың қастығы. Ели екі ұлынан айырылып, сол күні өзі де ажал құшты. Бұл Құдайдың ашуы еді. Басқа мысалдар да бар: Саул, Балағам, Жоғаб, мыс шебері Ескендір және тағы басқалар. Құдайды ашуландыру – қауіпті.

Егер тағы да мысал керек болса, Аян кітабын ашып, Исаның қауымдарға айтқанын қараңыз. Бұл қайта туылған көптеген сенушілері бар шынайы қауымдарға айтылған сөз. Құдаймен қарым-қатынасына кірбің түсірген қауымға Ол шам қойғышын – жарығын орнынан алып тастайтынын айтып, ескертті (Аян. 2:5). Басқа қауымға онымен соғысатынын айтты (Аян. 2:16). Үшінші қауымға «ауруға шалдықтырып, азап шеккіземін» деді (Аян. 2:22). Төртінші қауымға Ол «ұры сияқты сап ете түсемін»,– деді (Аян. 3:3). Бесінші қауымға оны аузынан түкіріп тастайтынын айтты (Аян. 3:16). Қорытынды біреу: ешкім де Құдайдың қастығына ұшырағысы келмейді!

Римдіктерге арналған хатта (8:5) «ниеттеріңді бағыттап дәлдендер» деп айтылған (ағылшын нұсқасында). Мұндағы негізгі сөз – бағыттап дәлдеу. Осы сөздің мағынасын түсіну үшін, мысал келтірейік. Қыс мезгілі делік. Үйіңіздегі термостат ауаны 21 градусқа дейін жылытуға бағытталып дәлденген. Сырттағы температура – минус 20. Асығыста үйдің есігі дұрыс жабылмады дейік, жел оны айқара ашып тастады. Сіз төргі бөлмеде отырып, үйдің суып бара жатқанын байқадыңыз. Бұл не деп қарасаңыз, үйдің есігі ашық тұр екен. Сіз тездетіп есікті жаптыңыз, бірақ үйдің температурасы 15 градусқа дейін төмендеп кетті. Әрі қарай не болмақ? Үйдегі ауаның температурасы төмендегенде, термостат жылытқышты қосады да, үйдің температурасы дәлденген деңгейге жеткенше, көтеріле береді. Сіздің қатысуыңызсыз-ақ үй температурасы 21 градусқа жетеді.

Әйелінің көзіне шөп салған еркек туралы мысалға қайта оралайық. Бірнеше жыл бұрын, болашақ жарының көңілін аулап жүргенде, оның әуестігі мен қалауы сол қызға бағытталған еді. Ол сол қызбен бірге болып, жақынырақ танысуды, болашақта оған үйленуді армандайтын. Ұйқысынан ояңғанда да, жұмысқа бара жатқанда да, жолда келе жатқанда да, ұйқыға кетерде де жігіттің көңілі сол қызда еді. Басқаша айтқанда, нақты бір нәрсені ойлауға қажет-

тілік болмаған кездерде, оның ойы өзінен-өзі сүйіктісіне орала беретін. Жігіттің ойы сол қызға бағытталған еді.

Достары оның ойға шомып кеткенін байқап қалып, «Бауырым, қайдасың?» деп сұрайтын.

Ол ұялып: «Байқамай қалыппын, жұмысым көп боп жүр»,– деп жауап қатады. Ол достарының қалжыңына қалғысы келмей, шын мәнінде сол қыз турады ойлап кеткенін жасыратын. Оның ойы сол қызға бағытталған еді.

Енді міне, неке қиғаннан кейін, үйлену тойынан кейін, балалы болғаннан кейін, ол басқа әйелмен байланысқа түсті. Оқиға қайталанды. Ер адамның ойын басқа әйел баурап алды. Ол белгілі бір нәрсе туралы ойланбағанда, ойы өзінен-өзі осы әйелге қайтып орала берді. Әйелімен бірге болғанда да, ол жаңа сүйіктісіне әуестікті сезінді. Оның ойы көңілдесіне бағытталғандықтан, онымен кездесу мүмкіндігін іздеді. Үйдегі бағытталып дәлденген термостат берілген температураны ұстап тұрғандай, адамның ойы бағытталған жаққа қарай ауа береді.

Сенушілерге мұның не қатысы бар? Біз Исамен кездесіп, құтқарылғанда, сүйіспеншілікке кенелеміз. Біз ұйқыдан оянғанда да, жұмысқа бара жатқанда да, жолда келе жатқанда да, жұмыста да, түскі үзілісте де, жалғыз қалғанда да, ұйқыға кетерде де Иса туралы ойлаймыз. Киелі Рухпен кездесуді асыға түсеміз. Біз қауымдағы әр жиналысты асыға күтеміз, Иса туралы айтамыз, басқа сенушілермен Құдай туралы әңгімелесеміз. Яғни, Ол біздің ойымызды баурап алады, біздің әуестігіміз Оған бағытталған.

Уақыт өте береді. Бұрын біз қауымның жиналысына асығып, Құдайдың құзырына бөленіп, Оған табынып, Оның сөзін тыңдайтынбыз. Енді біз жиналыста отырып, ойымыз сан-саққа жүгіреді. Ойымыз дүкендегі сатылымға, алдағы мерекеге, ертеңгі жұмысымызға, сенбі күні болатын тойға бөліндеі. Бұл қалай болғаны? Біздің ойымыз бөлініп кетеді ме, әлде ойларымыз бағытталған нәр-

сесіне – әуестігіміз ауған нәрселерге орала береді ме? Өзіміз байқамай, басқа сүйіктілерге әуес болып кеткен жоқпыз ба?

Менің хикаям

Мен сіздерге өзім туралы бір әңгіме айтып берейін. Мен Пердью Университетінің екінші курсына оқып жүргенімде, мәсіхші студенттер клубына қатысатын екі жігіт маған Ізгі хабарды айтып берді. Көзім ашылып, Исаны қабылдап, қайта туылдым. Сол сәтте Құдайға әуестігім оттай жанды. Құдайдың бар екендігіне, Оның осында екеніне күмәнсіз сендім, Исаға сүйіспеншілігім мен Оның маған сыйлаған азаттығына ризашылығым шексіз болды. Тыңдаған адамдарға да, тыңдамаған адамдарға да Иса туралы айтумен болдым. Бауырларым мені клубтан шығарып жіберуді ойластырды, себебі мен Иса туралы тоқтамастан айта бердім.

Клубтағы бауырларымыздың бірнеше таныс қызы бар болатын. Олардың екеуі – апалы-сіңлілі. Олар клубтағы алпыс жігіттің жартысымен жатып шыққан. Бауырларға секс керек болса, осы қыздар әрқашан дайын болатын.

Сол қыздардың біреуіне Ізгі хабар айттық, ол Исаны қабылдады. Сол күні ол сіңлісін де Исаға алып келді. Біз ол қыздарға олардың әдепсіз қылықтары туралы ештеңе айтқан жоқпыз.

Олар өздері жігіттермен кездескенді доғарып, оларға Ізгі хабар айта бастады. Жігіттер қатты ашуланды. Мен студенттер клубында Киелі Кітаптан тәлім беретін жетекшілердің бірі едім.

Клубтың вице-президенті бөлмеге келіп: «Джон, біз сені клубтан шығарамыз»,—деді. Сосын ол мынадай сөз айтты: «Сен неге клубтағы басқа мәсіхшілер сияқты бола алмайсың?». Ол «басқа мәсіхшілер» деп жексенбі күні қауымға баратын, соған қарамастан сауық кештерінде мас болып, қыздармен жыныстық қатынасқа түсіп, және біздің клубта үйреншікті болып кеткен басқа да бейәдеп істер жасайтын жігіттерді айтып тұр еді.

Мен біраз қиналдым, дегенмен, клубтың басшылығы мені шығарып тастай алмады. Маған қарсы дауыс берген адамдардың саны жеткіліксіз болды. Біз өте көп жастарды Исаға алып келген едік, солар мені қолдады.

Исамен кездескеніме бірнеше ай болды. Футбол жарыстарының сезоны басталды. Мен үшінші курста оқып жүрген едім, жылдағыдай футболға билет алып қойдым. Бірінші, екінші курста ешбір ойыннан қалған емеспін, бірақ енді мен Исаға әуес едім, сондықтан футбол жарыстарының уақытын Киелі Кітапты оқуға арнадым. Жарыс басталғанда, жатақханада адам қалмайтын. Сол тыныштықты пайдаланып мінәжат етіп, Құдаймен сырласатынмын. Ешкім маған «саған футболға баруға болмайды» деп айтқан емес, мен футбол ойнауды немесе көруді күнә деп есептеген емеспін. Келесі жылы мен футболға бірнеше рет бардым. Алайда сол жылы, үшінші курста оқып жүргенімде уақытымды ойынға емес, Құдайға арнағым келді. Мен Құдайды танып білуге әуес едім. Менің бар ойым көктегіге бағытталған еді.

Университетті инженер-механик мамандығы бойынша бітіріп шағымда, клубтағы көптеген бауырлар мен басқа студенттер, солардың арасында болашақ жұбайым Лиза Құдаймен кездесті. Сол кезде Лиза жатақханадағы ең әдепсіз қыздардың бірі еді.

Менің Исаны құмарта сүйгенім сонша, ол сезімім айналамдағы адамдардың бәріне әсер етті – адамдар мені не жақсы көрді, не жек көрді. Ортаңғысы болған емес: егер сіз Джон Биверді кездестірсеңіз, оның жүрегі мен санасы не нәрсеге бағытталғанын түсінер едіңіз,– менің жүрегім әуестікке толы болды. Мен бір спорт команданысының жалынды жанкүйері немесе бір қызға ессіз ғашық болған жігіттей болдым.

Университет бітірісімен, Техас штатына, Даллас қаласына көштім. Жарты жылдан соң Лиза да осында көшіп келді. Мен «Роквелл Интернешнл» компаниясында инженер болып жұмыс істедім. Осында да менің Исаға деген сезімімді ұнатпаған

адамдарға кез болдым. Олар мені шектен шығып кетті деп ойлап, мен олардың ерсі қалжындарына неге күлмейтінімді, әдепсіз әңгімелеріне араласпайтынымды, жұмыстан кейінгі у-шу сауық кештеріне неліктен қатыспайтынымды түсінбей жүрді. Дегенмен, әріптестердің арасында менің көзқарастарым мен мінез-құлқым мәсіхші студенттердің арасындағыдай оғаш көрінген жоқ.

Жиырма екі айдан кейін мен біздің қауымға жұмысқа тұруға ұсыныс алдым. Ол Америкадағы ең үлкен, әрі ең танымал, халықаралық беделі бар қауым еді. Онда әртүрлі қызметтерде еңбектенетін төрт жүздей адам бар. Шақыруды алғанда, маған ол шындыққа жанаспайтын болып көрінді. Мен қауым қызметкерлерінің командасына қосылуды мәңгі өмірге қол жеткізгеннен кейінгі ең керемет оқиға деп санадым! Енді міне, сенушілермен бірге жұмыс істегенде, қуғыншылық бітеді деп ойлады. Ендігәрі студенттік ұйымдағыдай немесе «Роквелл Интернешнл» компаниясындағыдай шиеленіскен шайқас жүргізудің қажеті болмас.

Сол кезде «Даллас ковбойлары» Ұлттық футбол лигасындағы үздік команда еді. Мичиганда өскендігімнен, мен олар туралы аса көп білмейтінмін, бірақ дүйсенбі сайын әріптестерімнің «Ковбойлар» жайлы айтқан әңгімесін еститінмін. Әріптестерім кофе ішіп отырып, кешегі ойынды еске түсіріп, басқа ойындарды, жеңістерді, жеңілістерді қызу әңгімелейтін.

Осыны қызық көріп, мен теледидардан «Ковбойлардың» ойынын қарайтын болдым. Бастапқыда мен ойынның жартысын не ширегін көріп жүрдім. «Ковбойлардың» ойыны кремет еді, қызыға қарайтынмын. Осыған түрткі болған тағы бір жайт – қауым офисінде жігіттермен бірге ойынды әңгіме ету мүмкіндігі.

Барлығы кіршіксіз таза, зиянсыз болып басталды. Алайда біраздан соң менің қызығушылығым артып, ойындарды бастан-аяқ көретін болдым. Ойын кезінде ойыншыларды жігерлендіріп, кейде оларға айқайлап, теледидармен қызу сөйлесетін болдым. Енді мен бір ойынның бір минутын да жіберіп алмайтын болдым. Ой-

ындар сезоны аяқталғанда да әріптестеріммен осы тақырыпқа әңгіме құратынмын. «Ковбойлар» келесі жылы өздерін қалай көрсететіндерін күтетінбіз. Ойын жайлы әңгімеден тыс уақытта да «Ковбойлар» командасын жиі ойлайтын болдым. Мен нағыз жалынды жанкүйерге айналдым!

Келесі ойын сезо­нының басталуын асыға күттім. Жексенбі сайын қауымнан келіп, киімімді айырбастамастан теледидардың алдына отыра кететін болдым. Кейде мен үстімдегі киімім ыңғайсыз болса да (костюм мен галстук) теледидардың алдында жабысып қалғандай отыратынмын. Бір ойынды да жіберіп алғым келмеді.

Үзіліс кезінде киімімді жылдам айырбастай қоямын. Лизаға көмек керек болып жатса, «‘Ковбойлардың’ ойынын көріп отырмын, қазір емес» дейтін болдым. Матч кезінде емес – ойыннан кейін немесе үзіліс кезінде ғана тамақ ішетін болдық.

Енді мен сүйікті коман­дамың барлық рейтингілерін білетін болдым. Мен олардың әрбір ойынын мұқият бақылап, «Ковбойлардан» одан да жақсы ойын күтетінмін. Жұмыста мен футбол жайлы бәрінен көп білетін болдым. Мен ойын болған күні коман­дамы мақтаумен болатынмын, апта бойы осы әңгімелер тоқтамайтын. Қауымдағы кейбір адамдардың сезонға алдын ала алынған абонементтері бар еді, олар мені ойынға шақырғанда, қуанышым қойныма сыймайтын. Бір жылдан кейін, келесі сезонда не болғанын айтып берейін.

Бір күні мен жай ғана қарапайым (менің ойымша) мінәжат еттім. Бұл мінәжат менің өмірімді қаншалықты өзгертетінін білген жоқпын. Құдайға: «Құдай Ием, менің өмірімді өзгерте гөрші, өзін Саған арнаған киелі адам болғым келеді, сондықтан, жүрегімде Саған ұнамсыз нәрсе болса, соны әшкерелеп, алып таста»,– дедім. Бұл мінәжатымның қаншалықты маңызды болатынын, мені әшкерелейтінін білген жоқпын.

Футбол ойындарының сезондары аяқталуға жақындап қалған еді, алда «плей-офф» ойындары. Өте маңызды ойын болатын күн

келді. «Ковбойлар» «Филадельфиялық қырандарға» қарсы ойнады. Жеңген команда «плей-офф» ойынына өтеді, жеңілген команда ойыннан шығады. Мен теледидарға жабысып қалғандай болдым, диванға отырмастан, түрегеп тұрдым. Сол ойын кезінде бір орында отыру мүмкін емес еді. Финалдың соңғы ширегі басталды – ойынның соңына дейін сегіз минут. «Ковбойлар» төрт ұпай артта қалды, олардың бас шабуылшысы басқаларын алаңмен жетелеп келе жатты. Ойыншылардың сәтсіз әрекеті кезінде қатты қынжылып, олар тамаша ойнағанда қуанғанымнан дауыстап жіберемін, осылай бөлмеде әрлі-берлі жүрмін. Ойынның шиеленісінен көңілімді дег-бірсіздік кернейді.

Кенеттен Киелі Рух мінәжат етуімді сұрады. «Мінәжат ет, мінәжат ет, мінәжат ет!» деген қалау бойымды билеп алды. Бұл сезім жүрегімнің түпкірінен шығып, өте айқын және күшті болды. Ол уақытта Киелі Рух бізді мінәжатқа шақырып, баурап алғанда осындай сезімге бөленетінімді білетінмін.

Бөлмеде жалғыз едім, сондықтан дауыстап: «Құдайым, ойынның бітуіне сегіз-ақ минут қалды. Ойын біткен соң мінәжат етемін»,– дедім. Мінәжатқа шақыру тоқтаған жоқ.

Бірнеше минут өтті. Мен әлі де ойынды көре бергім келді: «Құдайым, ойын біткен соң бес сағат мінәжат ететмін. Алты-ақ минут қалды!».

Команда допты алаңмен жүргізіп келе жатты. Олар гол салып, осы маңызды ойынды ұтатынын білдім. Дегенмен, Киелі Рухтың мінәжатқа шақыруы тоқтамады. Қайта, күшейе берді. Не істерімді білмей кеттім.

Назарымды ойыннан бөлгім келмеді де, «Құдай, мен кешке дейін, қаласаң, түні бойы мінәжат етемін!» деп дауыстадым.

Ойынды соңына дейін көріп шықтым. «Ковбойлар» жеңді, стадиондағы көрермендер масаттануда. Осы қуанышқа мен де қосылдым. Алайда, Құдайға берілген уәдемді орындауым керек. Бірден теледидарды сөндіріп қойдым. Офисіме кіріп, есікті жаптым да,

мінәжат ету үшін кілемге отыра кеттім. Бірақ, мені баураған сезім жоқ болып кетті. Мінәжат етуге ешқандай қалау да, түрткі де, шабыт та жоқ. Ештеңе болған жоқ.

Мен оны қайтаруға әрекет жасадым. Мінәжат етуге тырысып көрдім, бірақ сөздерім өзіме қайтып оралғандай болды. Не болғанын түсіне қойдым. «Даллас ковбойларының» ойынын Құдайдың өтінішнен артық көрдім. Сонда Құдайдың алдында тәубе еттім: «Құдай Ием, ‘Сен үшін не маңыздырақ, Құдай ма, әлде ‘Даллас ковбойлары’ ма’ деген сұраққа ‘әрине Құдай!’ деп жауап берер едім. Бірақ, мен үшін шын мәнінде ненің маңызды екенін көрсеттім. Мен Саған керек едім, бірақ Сені емес, ойынды таңдадым. Мені кешіре гөр!».

Сол сәтте: «Балам, Маған сенің бес сағат мінәжат етіп, құрбандық жасағаның керек емес. Маған бағынғаның керек»,– деп Құдай жүрегіме сөйледі.

Бөлінген адалдық

Жүрегімді қайғы басты – Ол мен үшін өмірін қиды, ал мен Оған адал бола алмадым. Рухани өмірден сусындай алмайтын адамдардың жүрегін, жанын, ойын нәрлендіретін нәрсені таңдадым. Футбол командасына әуес болып шықтым. Жакыптың мына сөзіне көңіл бөлейік:

«Әй, опасыздар! Осы күнәкар дүниемен достасу Құдайға қастық екенін білмейтін бе едіңдер? Осы дүниемен дос болғысы келген әркім Құдайдың жауына айналады. Киелі жазбадағы мынадай сөздер бекер айтылды деп санайсындар ма: Өмірімізден орын алған Құдайдың Рухы жалғыз Құдайды ғана сүйіп, Оған түгелдей бағышталуымызды аңсайды... Құдайға жақындаңдар, сонда Ол да сендерге жақындайды. Ей, күнәкарлар, қолдарыңды жамандық атаулыдан жуып тазартыңдар! Ей, екіойлы табансыздар, жүректеріңді орнықтырыңдар!» (Жакып 4:4,5,8).

Менің адалдығым екі бөлінді. Адалдықты айтылған сөз емес, қабылданған шешім көрсетеді. Көптеген адамдар өздерін адал деп санайды, алайда олардың істері басқаны көрсетеді. Осы себептен Киелі жазба былай дейді: «Өз мейірімін көп адам мақтан тұтар, ал шынымен адал жанды кім табар?» (Нақыл сөздер 20:6).

«Иса менің өмірімде бәрінен де маңызды!» деп сол уақытта нық сеніммен айта алар едім. Алайда, менің таңдауым кері нәрсені көрсетті. Сөзімізден гөрі ісіміз анық сөйлейді.

Жоғарыдағы нақыл сөзді Жохан елші былай деп түсіндіреді: «...сөз жүзінде емес, іс жүзінде шынайы сүйіспеншілік білдірейік!» (1 Жохан 3:18). «Даллас ковбойлары» менің алғашқы махаббатымның орнын басқан екен. Менің іс-әрекетім жүрегімдегі Киелі Рухтың қызғанышына себепші болды. Мен Киелі Жазабадағы осы ескертуді оқысам да, осы сөзге саңырау болыппын. Рақымды Құдай маған қатемді көрсетті.

Исаның сүйікті шәкірті Жохан бізді былай деп ескертеді:

«Балаларым менің, жүректеріңдегі Құдайдың орнын басқысы келетіннің барлығынан аулақ болыңдар» (1 Жохан 5:21, NLT, ағылшыннан аударма).

Оның ұзақ хатында бұл соңғы сөздер. Ол заманда қоңырау шалуға, смс жіберуге, Интернет арқылы хабарласуға мүмкіндік болған жоқ. Хат алушының қолына жеткенше біраз уақыт өтетін. Хат алысу сирек, хатты жеткізу қиын болатын. Киелі Рухтың жетелеуімен жазылған хаттағы ең маңызды ой сол хаттың соңында жазылған болар.

Жохан және Жақып жазғандай, Пауыл да Исаның жүректегі орнын күнәкар дүние билеп кетпеу туралы ескерту жасайды:

«Иеміздің де, жындардың да тостағандарынан бірдей іше алмайсыңдар! Сол сияқты, Иеміздің және жындардың да дастарқандарына бірдей қатысуларыңа болмайды! Әлде Иеміздің қызғанышын қоздырып, өзімізді Одан күштірекпіз деп ойлаймыз ба?

«Бәрін істеуге болады»,– дейсіңдер. Бірақ бәрі бірдей тиімді емес. «Бәрін істеуге болады». – Бірақ бәрі бірдей сенімдеріңді жетілдірмейді. Әркім жеке басының емес, басқаның мүддесін ойлауы керек» (1 Қорынттықтарға 10:21-24).

Маған осы аяттар қатты ұнайды. Қазіргі заман үшін өте өзекті. Пауылдың «Әлде Иеміздің қызғанышын қоздырып, өзімізді Одан күштірекпіз деп ойлаймыз ба? «Бәрін істеуге болады»,– дейсіңдер. Бірақ бәрі бірдей тиімді емес» сөздерінде Құдайдың қызғанышы туралы тағы да айтылады.

Енді футболдан мүлде бас тартамын ба?

«Маған енді ешқандай спорт ойындарын көруге болмайды ма?» деген сұрақ туады. Осы дүниелік нәрселердің ешқайсысын пайдалануға болмайды ма? Олай болса, қалай тіршілік етіп, жұмыс істейміз?

Оның жауабы мынау. Үйленген ер адам жұбайынан басқа әйелдердің ешқайсысымен де сөйлесуіне болмайды ма? Жок. Мен әрдайым басқа әйелдермен араласудамын. Дәл қазір, ұшақта осы кітапты компьютерімде басып отырғанымда, жанымда әйел отыр. Әйелдермен бірге жұмыс істеймін. Басқа да көпшілік орындарда әйелдермен кездесемін, олармен сөйлесемін.

Әйелдердің көбісі еркектерден жәбір көрген, сондықтан, мен ер адам ретінде оларға жылы сөйлегенді дұрыс көремін.

Әйелдерді еркектің тән құмарлығын қанағаттандыруға арналған дене ретінде қарастыру жиі кездеседі, әйелдерді өзімен тең санайтын ер адамдар көп емес. Бұл мені ашуландырады, өйткені Құдай әйелдерді де, еркектерді де Өзіне ұқсас етіп жаратты. Ол әйелдерге де, еркектерге де рухани сыйлар беріп, Өзіне сенетін барлық адамдарға Мәсіхтің ой-ниетін табыс етті. Ол еркекті әйелден жоғары қоймайды. Біз қоғамда, тіпті қауымдарда неге осындай көзқарасқа жол бердік?

Алайда, мен басқа әйелдермен романтикалық, орынсыз қарым-қатынасқа жол бермеу үшін жүрегім мен сезімдерімді абайлап сақтаймын. Мен Лизамен неке келісіміндемін. Оған үйленгенде,

мен жер бетіндегі барлық әйелдермен қош айтыстым. Сондықтан, мен басқа әйелдермен дұрыс, таза қарым-қатынас жасай аламын.

Осыны дүниемен дос болумен салыстырайық. Кейде матчтың соңына дейін әрең шыдасам да, бұрынғыша, футбол ойынын көре аламын. Қазір «Ковбойларға» әуес болып жүрген кезімдегідей әуестік жоқ. Құдай Иемнің қалауларын іске асыру – менің ең негізгі әуестігім. Отбасыма деген сүйіспеншілік пен қамқорлық, жұмыс, адамдарға көмек, Құдайға қызмет, Құдайдың даналығына ие болу – менің көңілім және әуестігім осыларда.

Осы бағытымнан тайып, көңілім басқа нәрселерге бөлінген кездерім болды ма? Әрине! Киелі Рухтан қателерімді көрсетуді сұраймын, сондықтан ондай жағдайларды Ол маған әрдайым көрсетіп отырады. Маңыздырақ нәрселерге көңіл бөлу үшін гольф ойнау, ас ішу, фильмдер көру, тіпті қызметке де бөлетін уақытымды қысқартуға тура келеді.

Гольф менің өмірімде тым көп орын алғандықтан, Киелі Рух менен гольфке арналған құралдарымды басқа бағушыға беруімді талап етті. Ол бағушының өмірінде гольф менің өмірімдегідей тым көп орын алмайтын, сондықтан Киелі Рухтың жетелеуімен, доп таяқтарымды оған бердім.

Арада бір жарым жыл өткенде, бір кәсіби гольфистің жүрегіне Құдай құны бірнеше мың доллар гольф жабдығын маған сыйлауды салды. Күмілжіп қалдым. «Джон, осылай істеуге тиіс екенімді білемін», – деді сыйлаушым. Ол кісі көп мінәжат ететін адам еді.

Тағы бірнеше ай өткенде тағы бір адам Құдай оның жүрегіне маған гольф жабдығын сыйлауды салғанын айтты. Ол адам – Оңтүстік Кореяда орналасқан дүниежүзіндегі ең үлкен қауымның негізін қалауға қатысқан бағушы. Бұрынғыдан да қатты күмілжідім. «Бұл жабдықты қайтемін?» – деп Құдайдан сұрадым.

«Бар, гольф ойна», – деген сөз жүрегіме келді.

«Бір жарым жыл бұрын гольфтің жабдығын беріп жібер деп едің ғой».

«Ол кезде гольф сен үшін артық нәрсе еді, ал енді гольф ойнап, рахаттанып, тынығасың»,– деп жауап берді Құдай.

Сол кезден бері гольф ойнайтын болдым. Құдай маған бұл ойынды ұлдарыммен, қауым жетекшілерімен, қызметтегі әріптестеріммен бірге демалуым және тынығып, күш жинауым үшін берді. Достармен және әріптестермен гольф ойнау және гольф турнирлерін ұйымдастыру арқылы Messenger International қызметі миссионерлік жобаларға үш миллион доллар қаражат жинады. Мен гольфтен мүлде бас тартсам, осыған қол жеткізбес едік. Құдай бізден бағынуды талап еткенде қорықпауымыз керек. Шын мәнінде, Құдайдың өтініші біздің әуестігімізге сай келсе, оны орындау тіпті қиын емес, олай болмаса, ол ауыр жұмысқа айналады.

Құдайдың еркімен болған қайғы-қасірет

Осы дүниемен достық Киелі Рухтың қызғанышына себепші болатынын Жақып анық айтады. Мен осы достықтың бір ғана қырын көрсеттім, оның басқа қырлары да бар. Келесі тарауда мәселенің түп тамыры жайлы сөз қозғаймыз, ал қазір әуестігіңіз сізді теріс бағытта жетелейтін болса, не істеу керек екені жайлы сөйлесейік.

Жақыптың күнәкар дүниемен қауіпті қатынасқа беріліп кеткен сенушілерге берген кеңесін зерттейік:

«Құдайға жақындандар, сонда Ол да сендерге жақындайды. Ей, күнәкарлар, қолдарыңды жамандық атаулыдан жуып тазартыңдар! Ей, екіойлы табансыздар, жүректеріңді орнықтырыңдар! Өкініп, зар еңіреп жылаңдар, күлкілерің қайғыға, қуаныштарың қасіретке айналсын!» (Жақып 4:8-9).

Құдай маған мінәжаттың орнына «Ковбойларды» таңдағанымда не істегенімді ашып бергенде, жүрегімді қайғы басты. Мен үшін өмірін қиған Құдайымды опасыз қарым-қатынсыммен ренжіткенімді түсіндім.

Жақында әйелінің көзіне шөп салып, кейін тәубе еткен, әйелімен қарым-қатынасын қалпына келтірген адаммен сөйлестім. Ол маған алты ай бойы күнә жасағанын айтып берді. Осы әңгімені айтып отырып ол көзіне жас алды. Ол жас кезінде колледждің футбол командасында ойнаған табысты бизнесмен, қатты мінезді ер адам, әрине жылауық емес. Осындай еркектің жылағанын көріп таң қалдым. Ол Құдай мен жұбайы оны кешіргісі келмейді деген ойдан жылаған жоқ. Шын мәнінде оның некесі бұрынғыдан әлдеқайда мықты еді. Ол сүйікті адамының жүрегіне жара салғанына өкініп жылады. Әйелінің жүрегін жаралағанына өзегі өртеніп өкінді. Оның әйеліне деген сезімі мен қамқорлығы мені тебірентті.

Күнәкар дүниемен заңсыз қарым-қатынасқа түскен сенушіде де осындай сезім болуы керек. Жақып жазғандай: «өкініп, зар еңіреп жылаңдар».

Ол адам әйелін еш айыптаған жоқ, қайта ол өз ісіне өкініп күйінді. Шынайы тәубеге келуі оны рухани жағынан қалпына келтірді. Неке адалдығын бұзған адамдармен сөйлескенде байқайтыным – олар әртүрлі жауап береді. Әңгіме барысында олар әйелінің оған дұрыстап көңіл бөлмегенін айтып, жұбайын айыптай бастайды, яғни неке адалдығын бұзуға бір жағынан әйелі себепші болғанын айтады.

Киелі жазба Құдайдың еркімен болған қайғы-қасірет және күнәкар дүниелік қайғы-қасірет туралы айтады (2 Қорынттықтарға 7:10). Дәуіт патшадан Құдайдың еркімен болған қайғы-қасіретті көреміз – ойнас жасау, адам өлтіру арқылы ол Сүйікті Құдайын ренжіткеніне күйініп, жүрегі қарс айырылды. Ол: «Мен Өзіңе қарсы күнә жасадым, Сенің көз алдында зұлымдық істедім...»,– деп зар жылады (Забур 50:6). Нөкерлерім не ойлайды деместен ол бірнеше күн қатарынан Құдайдың алдында жылап күйінумен болды. Ол өзінің беделін сақтап қалуға тырысқан жоқ, оның жүрегі қарс айырылған еді. Содан соң Құдай Дәуітті қалпына келтірді.

Ал Саул патша басқа еді. Ол Құдайға бойұсынудың орнына күнәкар дүниенің берерін – тәкаппарлық пен өзімшіл пайда-

ны тандап, Құдайды ренжіткен еді. Саул да істеген ісіне өкінді. Алайда ол сыйлы адамдардың алдында әшкереленіп ұятқа қалғанына өкінген еді. Оның жіберген қатесі патшалық етуіне кері әсерін тигізетінін түсінді. Саулдың өкініші – күнәкар дүниелік қайғы-қасірет еді. Ол Дәуіт сияқты немесе әлгі бизнесмен сияқты жүрегін тазартқан жоқ. Саул өзін-өзі алдаумен болды. Оның өкініші көпке барған жоқ. Біраздан соң оның жүрек ниеті – тәкаппарлық пен пайдақұмарлығы көрінді. Оның ой-санасы өзгермей, сол қалпында қала берді.

Пауыл елші «Себебі Құдайдың еркімен болған қайғы-қасірет адамның Оған бет бұрып, құтқарылуына түрткі болады»,– дейді (2 Қорынттықтарға 7:10). Құдайдың еркімен болған осындай қайғы-қасіреттің түптамыры – біздің Оған деген сүйіспеншілігімізде. Құдайдың Өзінен гөрі, Оның бізге берерін жақсы көретін болсақ, біздің мінез-құлқымыз Саулдыкінен еш артықшылығы жоқ.

Келесі екі тарауда осы дүниемен достық Құдаймен қарым-қатынасымызға қалай әсер ететінін қарастырамыз. Құдайдың орнына жақсылықты (игіліктерді) қойғанымыз үшін әрқайсымыз немес қауымдарымыз қандай қымбат құн төлейтінін көреміз. Келесі тарауды оқымас бұрын мінәжат етіп, осы дүниемен қарым-қатынасыңыз бар болса, оны байқап, одан арылуға Құдайдың көмектесуін сұраңыз.

Әке, Исаның атымен, менің жүрегімді, жолдарымды, ниеттерімді зерттеп тексеруіңді сұраймын. Саған деген жақындығым мен сүйіспеншілігімнің орнын әлдене басқан болса, өтінемін, Киелі Рухыңмен оны маған аша гөр. Ештеңені жабық күйінде қалдырмаймын. Иеміз Иса Мәсіхке еріп Оған қызмет ету жолында өзінен өзі бас тартатын адамға – нағыз Сенің сүйіктіңе айналғым келеді. Исаның атымен сұраймын. Амин.

БІЛГІМІЗ КЕЛМЕЙТІН АҚИҚАТ

«...Құдайға бағышталған қасиетті
өмір сүруге ұмтылыңдар! Мұнсыз ешкім
Жаратқан Иені көре алмайды»
— Еврейлерге 12:14

Қасиетті өмірді (қасиеттілікті) – жалықтыратын
нәрсе деп ойлайтын адамдар көп нәрсені білмейді.
Шынайы нәрсені кездестіргенде...
оған қарсы тұра алмайсың
— К. С. Льюис

Қасиеттілік. Осы сөзді айтыңыз да, бұл сөзден адамдардың күмілжіп қалатынын байқаңыз, олар әңгімені тезірек басқа жаққа бұрғысы келеді. Көбінесе адамдар қасиеттілікті көңілсіз, жалықтырар, қызық өмірге кедергі жасайтын нәрсе деп ойлайды. Көбінесе, қасиеттілік құтқарылуға өз істері арқылы қол жеткізуге негізделетін легализмнің (заңшылдықтың) бір бөлігі деп саналады. Қасиеттілік туралы әңгіме қозғасаңыз, мынадай жауап естуіңіз мүмкін: «Мен Құдайдың рақымымен азат болдым. Мені заңға бағындыруға тырыспаңыз».

Алайда, Жаңа Әсиетте қасиеттіліктің заңшылдыққа немесе өз ісіне сүйенушілікке еш қатысы жоқ.

Шын мәнінде қасиетті өмір сүру – тамаша, әрі тартымды. Қазіргі заманда адамдардың көбісі қасиетті өмірдің не екенін түсінбейді.

Неге ол туралы сөйлеспеске?

Киелі жазба: «...қасиетті өмір сүруге ұмтылындар! Мұнсыз ешкім Жаратқан Иені көре алмайды», – десе, сенушілер қасиетті өмір туралы сөз қозғаудан неге қашқақтайды? Бұл аяттың бұйрық ретінде жазылғанын байқадыңыз ба? Құдайға бағышталып, қасиетті өмір сүрмесең, Құдайды көрмейсің! Бар назарым осында, сіздікі ше?

Американдық президентке байланысты мысал келтірейін. Мен өз елімнің азаматымын, ал президент оның көшбасшысы, сондықтан мен президентпен белгілі бір «қарым-қатынастамын». Президенттің шешімдері барлық 320 миллион американдықтар сияқты менің де өміріме әсер етеді, мен де елімнің басқа азаматтары сияқты президенттің қол астындамын. Осындай қарым-қатынасқа қарамастан, мен президентпен бірде-бір рет кездескен емеспін. Жасым елуден асса да, мен ешқашан бірде-бір президентті көрген емеспін.

Алайда президентпен жиі көрісіп тұратын американдықтар бар. Мысалы, оның достары мен жақын әріптестері. Қайткенде де олар Ақ үйдегі адамды менен жақсы таниды.

Тура солай, Иса Мәсіхтің қол астында миллиондаған сенушілер бар. Олардың айтуынша Иса – олардың патшасы. Иса оларды қорғайды, қамтамасыз етеді, жақсы көреді, сұрағандарын береді. Мәселе басқада – олар Исаны көреді ме? Басқа сөзбен айтқанда олар Оның құзырында болады ма? Киелі жазбаның айтуына қарағанда, Оны көруіміз керек. Еврейлерге арналған хатта: «Исаны... көре аламыз», – деп жазылған (2:9, АМР, ағылшыннан кеңейтілген аударма). Пауыл елші былай дейді:

«Ал енді, бәріміз бетімізді бүркемей, ашық түрде Иеміздің салтанатты ұлылығына айнадан көргендей мұқият көз жібереміз. Осылайша Ол бізді Өзіне ұқсатып, өзгертіп келеді» (2 Қорынттықтарға 3:18).

«Иеміздің салтанатты ұлылығы» деген сөзді көбінесе қате түсінеміз, қазіргі уақытта ол сирек қолданылады. Көбінесе біз «Иеміздің құдіреті» дейміз. Пауылдың сөзін «Ал енді, бәріміз бетімізді бүркемей, ашық түрде Иеміздің құдіретіне айнадан көргендей мұқият көз жібереміз» деп түсінеміз.

Өзін көріп, құзырына бөленетін адамдар туралы Иса да айтады. Шәкірттерімен соңғы рет дастархандас болғанда, Иса былай деді: «Енді аз уақыт қалды, содан кейін осы күнәкар дүние Мені көрмейді, ал сендер Мені көресіңдер. Мен қайта тірілемін, сондықтан сендер де мәңгілік өмірге ие боласыңдар» (Жохан 14:19).

Исаның осы сөзінде екі ой бар. Біріншіден, біз Исаны көре аламыз, бұл мәсіхшілікке тән нәрсе. Екіншіден, күнәкар дүние Оны біз көргендей көре алмайды.

Құдайды көру неліктен маңызды? Біріншіден, жоғарыдағы президент жайлы мысалдағыдай, Оны көрмесек, тани алмаймыз. Ол туралы білумен шектелеміз.

Екінші себептің де маңызы зор. Құдайды көрмесек, өзгеріп, Құдайға ұқсас бола алмаймыз. «Осылайша Ол бізді Өзіне ұқсатып, өзгертіп келеді. Сол арқылы Оның салтанатты ұлылығы барған сайын бізден көбірек көрініс табады. Бұл Иемізден – Киелі Рухтан келеді» (2 Қорынттықтарға 3:18). Бұл аятта Құдайды көретін адамдар өзгереді деп жазылған. Құдайға ұқсап, өзгеруіміз өте маңызды.

Иса Мәсіхті білемін дейтін, алайда Онымен еш уақытта кездеспеген адам сияқты өмір сүретін сенушілерді кездестірген боларсыздар? Неге олай? Себебі ол адам Иса Мәсіхке ұқсататын өзгерістерді басынан кешірмейді. Біздің заманымыздың қиын болатынын Пауыл алдын ала айтқан. Бұл қиындықтар сенім үшін келетін қудалаудан емес, Исаның сөзіне бағынбайтын, бірақ Оны Құтқарушым деп атайтын адамдарға бола келеді. Бұл адамдардың әрекеті Құдаймен қарым-қатынасы жоқ адамдардың әрекетіндей болады. Ол адамдар өзімшіл, ақшақұмар, ата-аналарына бағынбайды. Олар

алғысты білмей, ымыраға келмейді. Ондайлар тәкаппар, кеуде көтерген мақтаншақ, опасыз сатқын, Құдайдан гөрі ләззат-ермекті артық көреді. Пауыл «Олар сырт көзге Құдайға ұнайтындай болып көрінгенмен, Оның күшінен бас тартады»,– деп анық айтты (2 Тимотеге 3:5). Олар бас тартқан күш – нағыз мәсіхшіліктің өзегі болып табылатын рақымның бізді өзгертуге деген қабілеті. Киелі Кітаптың кеңейтілген аудармасында: «Олардың іс-әрекеті аузымен айтқандарын жоққа шығарады» делінген (ағылшыннан аударма).

Бұл алданып жүрген сенушілер, олар туралы Киелі жазбада: «Олар әрдайым тәлім алуға ұмтылғанмен, ешқашан шындықты білуге қол жеткізбейді» деп айтылған (2 Тимотеге 3:7). Бұрынырақ айтқанымдай, өтіріктің бір-ақ мәселесі бар – ол алдамшы. Құдаймен қарым-қатынасымыз дұрыс деп ойлап, шын мәнінде алданып жүруіміз әбден мүмкін. Осындай көптеген «сенушілер» қауымдарға, конференцияларға, мадақтау кештеріне, рухани жанұяларға қатысып жүреді. Олар білім алғанды жақсы көреді, бірақ олардың мінез-құлқы, іс-әрекеті өзгеріссіз қалады.

Қорытынды

Қасиетті өмір сүретіндер ғана Құдайдың құзырына кіре алады. Иса: «Енді аз уақыт қалды, содан кейін осы күнәкар дүние Мені көрмейді, ал сендер Мені көресіңдер. Мен қайта тірілемін, сондықтан сендер де мәңгілік өмірге ие боласыздар... Менің өсиеттерімді жүректеріне сақтап, орындап жүргендер – Мені сүйетіндер. Оларды Әкем де сүйеді. Мен де соларды сүйіп, Өзімді оларға жақынырақ таныстырамын»,– деп анық айтқан (Жохан 14:19,21).

«Жақынырақ таныстыру» деген сөз «анық көрсетемін, көзге көрінетін, санаға түсінікті, айқын етемін» деген мағынаны білдіреді. «Толық сөздікке сәйкес» (The Complete Word Study Dictionary) гректің *emphanizo* сөзінің мағынасы – «көз алдына келтіріп көрсету, анық ету». Адамға қатысты қолданғандағы мағынасы

– «өзін түсініп, жақын тануға мүмкіндік береді». Иса айтқандай, Ол Өзін Оның өсиеттерін ұстанатын адамдарға ғана жақынырақ таныстырады. Солар ғана Оны көреді, Оның құзырына кіреді, сөйтіп, Оны жақын танып біледі. Бұл артықшылық барлық сенушілерге емес, Оның Сөзіне бағынып, қасиетті өмір сүріге талпынғандарға ғана уәде етілген.

1980 жылдары дүниедегі ең үлкен қауымның бас бағушысын қарсы алуым керек болды. Ол кісінің аты – Дэвид Йонги Чо, ол Оңтүстік Кореядағы Сеул қаласынан келді. Сол кезде оның қауымында 750 мыңға жуық адам бар еді. Мен ол кісіні қонақ үйден жиналыс өтетін жерге апарып, әкеліп жүруге міндетті едім. Мәсіхке сенгеніне бірнеше жыл ғана болған мен үшін бұл керемет мәртебе еді.

Д-р Чо өз қауымынан он бес шақты бизнесменді ала келді. Солардың ішіндегі жасы үлкені маған: «Мистер Бивер, сіз бүгін бағушыны жиналысқа апарасыз ғой, солай емес пе?»,- деді.

«Иә, солай»,- деп жауап бердім.

«Мистер Бивер, сізге бір айтарым бар. Жиналысқа бара жатқанда Чо бағушымен сөйлеспеніз. Ол жиналыс алдында сөйлескенді ұнатпайды»,- деп ол кісі маған маңызды кеңес берді. Бұл маған қойылған талаптардың ең маңыздысының бірі еді.

Кешке отельдің алдына барып, қонақтарды машинада күтіп отырдым. Чо бағушының серіктері машинаның алдыңғы есігін ашып, бағушыны менің жаныма отырғызды. Сол сәтте машинаның ішіне Құдайдың құзыры толып кетті. Бұл сәт адам сенгісіз ғажап еді. Құдайдың ұлылығы мен сүйіспеншілігі анық, көзге көрінгендей айқын сезілді.

Мен жылауық емеспін, бірақ жол бойы көзімнен парлап жас ақты. Жол қиылысына келіп тоқтағанымызда, өзімді-өзім ұстай алмай, тиым салынған нәрсені істедім. «Д-р Чо, Құдай қазір осы машинада» деп бағушыға ілтипатпен тіл қаттым.

Ол маған қарап: «Иә, білемін»,- деді.

Сол жолы мен осы кісімен бірге көп уақыт өткіздім. Екеуіміз гольф ойнадық. Мен ол кісіні әртүрлі кездесулерге апарып жүрдім, бірге түстенетінбіз, аэропортқа да өзім шығарып салдым. Чо бағушы айналасында қарап тұрған көпшіліктің бар-жоғына қарамастан, іс-әрекетінде де, қарым-қатынасында да әрдайым кішіпейіл, ақпейілді, сыпайы болатын.

Ол күніне неше сағат уақытын Құдаймен бірге өткізетіні туралы көп ойландым. Құдайдың құзыры ол кісінің өмірінде соншалықты айқын болуының себебі – ол кісінің шынында да Исаның сөздеріне бағынып өмір сүруі.

Қауым жиналысында, Киелі Кітап оқып отырғанда, мінәжат кезінде, басқа істеріммен айналысып жүргенде талай рет Құдайдың құзырын сезінген болатынымын. Мұса Құдайдың ғажап құзырына бола барлық нәрседен теріс айналғанын түсіндім. Өмірімде Құдайдың құзыры алыстап кеткендей болатын мезгілдер кездеседі, сондай күйге кейде Оның сөзін орындамағанымнан ұшыраймын. Енді бірде бұл мезгілдер – сынақ уақыты. Соңғысынан қашып құтыла алмайтынымды білемін, бірақ біріншісінің алдын алуға болады.

Оны жақын тану дегеніміз тек «көру» ғана емес, Оның құзырымен бірге келетін нәрселердің бәріне ие болу. Таныту дегеніміз көрінбейтінді көрінетін қылу, естілмейтінді естілетін қылу, беймәлімді мәлім ету. Құдай бізге Өзін санамызбен, сезімімізбен танып білуге мүмкіндік бергенде осылай болады. Оның мінез-құлқы мен іс-әрекетін терең ұғыну, жақын білуді сыйлайды. Еврейлерге арналған хатта осындай сый алған адамдар суреттеледі: «Олар Оның көктен жіберген сыйының дәмін татып, Киелі Рухтан үлестерін алды» (6:4). Құдайдың құзырына қайта туылған әрбір сенуші кіре алады, дегенмен, Оның сөзіне бағынатындар (қасиетті өмір сүретіндер), ғана бұл сыйға ие болады.

Пауыл Құдайдың Мұсаға айтқан сөзін келтіреді. Бұл сөз – Көне Өсиет қана емес, Жаңа Өсиетте де айтылатын мызғымас ақиқат. Құдайға өмірлерін арнаған адамдарға айтылған сөз:

«Сондықтан олардың арасынан шығындар! Олардан бөлек тұрындар, арам нәрселеріне мүлдем жоламаңдар! Сонда Мен сендерді қабылдаймын» (2 Қорынттықтарға 6:17).

Түсінікті айтылған. Құдайдың құзырында Жаратушымен кездесуіміз үшін Оның шартын орындауымыз керек – бұл өзінен-өзі жүзеге аспайды. Ол бізді қабылдауы үшін Құдайдың талабын орындауға міндеттіміз. Пауылдың сөзі Исаның сөзін дәлме-дәл қайталайды. Message аудармасында бұл аят келесідей:

«‘Сонымен азғындықты, күнәға көнгенді доғарындар; бұларды жақсылық үшін тастандар’, – дейді Құдай. ‘Сендерді арамдайтындырға жоламаңдар. Мен сендердің барлықтарыңды Өзім үшін бөліп алдым’» (ағылшыннан аударма).

Әрі қарай Пауыл Құдайдың уәдесіне ие болуымыз үшін Оның қойған шартын көрсетеді:

«...тәніміз бен рухымызды арамдайтын барлық нәрселерден тазарып, Құдайды терең қастерлеп, толығымен Оған бағышталған қасиетті өмір сүрейік!» (2 Қорынттықтарға 7:1).

Қасиетті өмір сүрудің нәтижесінде Құдай бізді айқын құзырына кенелтіп, қабылдайды.

Көңіл райы ма, әлде Құдайдың құзыры ма?

Келтірілген бірнеше аятқа қарай отырып, Жаңа Өсиеттегі мәсіхшіліктің осы маңызды аспектісі неге жиірек талқыланып, тәлім ретінде беріліп, көбірек айтылмайды деген ойға қаламын. Құдайға көз жіберіп, өзгеруімізге жол бермейтін, нағыз қасиеттілігі жоқ құтқарылу – дұшпанның айлакер жоспарының мақсаты емес пе? Шайтан бұл зұлым жоспарын әр мәсіхшінің жеке деңгейінде ғана емес, бүкіл қауым деңгейінде де жүзеге асырғысы келеді. Жиналыстарымызда Құдайдың құзырының орнына ұнамды көңіл райын орнатып жүрген жоқпыз ба?

Қаумының соңғы жиырма жылдағы ірі жетістіктерінің бірі – мадақтау жиналыстарында таңқаларлық көңіл-күй орнату. Бірнеше жыл бұрын, қауым жиналыстары ұзаққа созылып, әдетте қызықсыз өтетін, ал қауым іші жұпыны ғана қарапайым ғимаратта орналасатын.

Сапасыз музыка, тыңдаушыны жалықтыратын ұзын-сонар уағыз, ескіше киінген адамдар. Қауымда уағыздардың барлығы «Исаның атынан» айтылғандықтан, шексіз созыла беретін, музыка сапасыз аспаптарда сапасыз орындалатын. Сол кездерде қоғамның сенушілерді кеміс деп санауы таңқаларлық жайт емес. Жиырма жыл бұрын қауымдардағы жағдай көбінесе осындай болатын.

Қауымның парасатты жетекшілерінің арқасында осы үйреншікті қалпымыздан (парадигмамыздан) шықтық. Енді қауымдарда шынында да Киелі Рухтың жетелеуімен жазылған, заманымызға сай тамаша музыка ойналады. Қауымдар заманауи, жайлы, ең жаңа аудиосистема мен шам қондырғылары бар ғимарат салады. Уағыздар – өзекті, әрі нақты. Балалар мен жасөспірімдер уақытын көңілді, қызықты өткізе алатын әдемі бөлмелер жасадық. Қазіргі қауымдардың көбісінде кафе, адамдар асықпай сөйлесе алатын жайлы холлдар, кітап дүкендері бар. Қауым жиналыстарын жаңадан келген адамдарды бездірмейтін етіп ұйымдастырдық. Басқаша айтқанда, жиналыстарымызда жағымды көңіл райын орнаттық, біздің жаңашылдықтарымыз бен сапаның жоғарылауы Құдайға ұнамды деп сенемін.

Дегенмен, біз түпкілікті мақсатымызды естен шығарып алған жоқпыз ба? Шын мәнінде маңызы бар нәрсе – Құдайдың құзырын – орнату үшін жақсы көңіл рай (атмосфера) қажет, әрине. Ұнамды көңіл райын адам орнатады. Голливуд, Лас-Вегас, Дисней, Бродвей және ойын-сауық индустриясының басқа орталықтары адамдарға керек эмоцияларды сыйлауға шебер. Біз де осы стандарттарға саймыз ба? Жиналысқа келген адамдардың сезімдеріне ғана әсер етіп, соған қанағаттанамыз ба? Біз жиналыстарымызда Құдайдың

шынайы құзырына кенелеміз бе, әлде дүниеде жақсы істелетін нәрселерді қауымда жүзеге асырумен шектелеміз бе?

Шындық мынада: Құдайға ұқсас болып, өзгеру үшін, бізге Оның құзыры қажет!

Кейбір адамдар Құдайды мадақтауды, тәлім алуды жақсы көреді, олар мәсіхшілікке беріліп, мез-мәйрам боп жүреді, алайда Құдайға ұқсас болып өзгермейді. Бұның себебі осында емес пе?

Олай болса, қауіпті жолдамыз. Адамдарымыз Исаға ұқсас болып өзгеруге ұмтылмай, сол қалпында қала береді. Бірнеше жыл бұрын қауымдардағы көңіл рай (атмосфера) онша жақсы емес еді, дегенмен, жиналыс кезінде Құдайдың айқын құзырына жиі бөленетінбіз. Бұны сөзбен айтып жеткізе алмаймын, бірақ ол маған қатты әсер ететін.

Ал енді «жағымды көңіл рай да, Құдайдың құзыры да бірге болуы мүмкін емес пе?» деген сұрақ туады. Екеуінің бірін таңдап, бірінен бас тартудың қажеті жоқ. Алайда, Құдайдың құзырына кенелу үшін, қасиетті өмір сүруге ұмтылу керек.

Қасиеттіліктен бас тартқан мәсіхшілікті орнату жөніндегі дұшпанның зұлым жоспары әлі құтқарылмаған адамдардың көбісі Мәсіхтің Ізгі хабарын өлі дін деп есептеуіне әкелді. Сондықтан Исаның соңынан еру оларға қызықсыз болып көрінеді, ал шын мәнінде ең тамаша өмір – осы.

Қасиеттілік деген не?

Шынайы қасиеттілік деген не? Грекше айтқанда, *hagios*. Тэйердің Жаңа Өсиеттің грек-ағылшын сөздігінде анықтама мынадай: «Құдайға арналып бағышталған, жалғыз Оған ғана тиесілі». Құдайдың сөзін тағы да келтірейін: «‘Сонымен азғындықты, күнәға көнгенді доғарыңдар; бұларды жақсылық үшін тастаңдар’, – дейді Құдай. ‘Сендерді арамдайтындарға жоламаңдар. Мен сендердің барлықтарыңды Өзім үшін бөліп алдым’» (2 Қорынттықтарға 6:17, *The Message*, ағылшыннан аударма).

Лиза екеуіміз үйленгеннен бастап, ол – тек қана менікі, ал мен – оныкімін. Ол өзін маған, менімен өмір сүруге арнады, ал мен өзімді оған арнадым. Лизамен кездесіп үйленгенге дейін, мен оның қалаулары мен арман-талпыныстарын ескерген жоқпын. Мен оны танымайтынмын. Лиза қоңырқай түсті жиһазды, кәсіби спортты, кейбір фильмдерді, джаз бен оркестрлік музыканы ұнатпайды, ол «Thousand Islands» соусын, ірімшіктің кейбір түрлерін жемейді, және тағы басқа нәрселерді жақсы көрмейді.

Мен болсам, осы айтылғанның бәрін дерлік ұнататынмын! Алайда, үйленгеннен кейін, оған ұнамсыз екенін біліп, осылардан бас тарттым. Екеуімізге де ұнайтын көптеген басқа да нәрсе бар ғой.

Сонымен қатар, басқа әйелдермен орынсыз қарым-қатынастан да бас тарттым. Бойдақ кезімде қыздардың арасында достарым көп болды, олармен бірге уақыт өткізіп, ойын-сауық құрып, тіпті оңаша кездесуді де оғаш көрмейтінмін. Бірақ Лизамен серт байласқаннан бастап басқа қыздармен қарым-қатынасым түбегейлі өзгерді.

Қорыта келе, Лизаға ынтыға ғашық болғаннан кейін, мен өзім үшін ғана емес, ол үшін де өмір сүре бастадым.

Кейбір ер адамдардың әйелдерінің тілек-қалауларына мән бермей, өзімшіл өмір сүретінін байқаймын. Бұлар ерлі-зайыпты адамдар, бірақ олардың арасында шынайы жақындық жоқ. Неке қиғанда, өмір бойы жұбайымызға қызмет ету міндетін аламыз. Некеде өзімшілдікке орын жоқ.

Исамен келісімшарттық қарым-қатынасқа кіргенге дейін біз осы дүниелік едік, әрі осы дүниені жақсы көретінбіз. Тән құмарлықтарын қанағаттандыру үшін, ашкөздігімізді тойдыру үшін өмір сүрдік. Мансапқа, жақсы атаққа және тәкаппарлығымызды, өзімшілдігімізді қанағаттандыратын басқа нәрселерге де әуес болдық.

Енді Исамен кездесіп, онымен қарым-қатынасқа түскеннен кейін, өзімізге сұрақ қояйық – өміріміз өзіміз үшін бе, әлде Исаға арналған ба? Исаның адамы атала тұрып, Онымен шынайы жақын-

дығымыз болмауы да мүмкін (өмірімізде Оның айқын құзырының жетіспеушілігі),– әйелімен өзімшіл өмір сүретін күйеу тәрзіді.

«Жана өмірге ие болғандар енді тек өздері үшін ғана тіршілік етпесін, қайта, Мәсіхке бағышталып өмір сүрсін»,– деп жазады Пауыл (Қорынттықтарға арналған хат 5:15). Осылай ғана Онымен шынайы қарым-қатынаста (некеде) болуға болады.

Жақып дүниемен ойнас жасау деп қандай мінез-құлықты айтатынын байқап қарасақ, өзімшілдік өмірге қайтып оралған сенушілерді айтып тұрғанын аңғарамыз:

«Ал егер жүректерің удай қызғаныш пен өзімшілдікке толы болса, онда даналықтарыңа мақтанбаңдар, әйтпесе шындықты бұрмалайсыңдар. Мұндай жалған «даналық» көктен келмейді. Керісінше, ол өзімшіл, әрі осы күнәкар дүниеге, және жын-перілерге тән. Қай жерде... өзімшілдік болса, тәртіпсіздік пен зұлымдық атаулы да сол жерде... Ендеше, араларыңдағы қастастық пен дау-жанжал қайдан шығады? Бойларыңдағы өздеріңді билеу үшін соғысып жатқан өзімшіл құмарлықтарыңнан туады емес пе? Сендер бір нәрсені аңсап, иемдене алмайсыңдар; сонда кісі өлтіретіндей жек көріп, қызғанасыңдар, алайда аңсаған нәрселеріңе қол жеткізе алмайсыңдар. Жанжалдасып, төбелесесіңдер, бәрібір иемденбейсіңдер, өйткені оны Құдайдан сұрамайсыңдар. Сұрасаңдар да, ие бола алмайсыңдар, себебі ізгі ниетпен емес, өзімшіл құмарлықтарыңды қанағаттандыру үшін сұрайсыңдар. Әй, опасыздар! Осы күнәкар дүниемен достасу Құдайға қастық екенін білмейтін бе едіңдер? Осы дүниемен дос болғысы келген әркім Құдайдың жауына айналады» (Жақып 3:14-16; 4:1-4, СЕУ, ағылшыннан аударма).

Осы үзіндіде өзімшілдік сөзінің жиі қолданылатынын байқаған боларсыз. Жақып оны мінез-құлықтың екі түрлі өмір салтын: алу және беруді көрсету үшін қолданады. Үшіншісі жоқ. Алу дегеніміз – өз пайдасын іздеу, күнәкар дүниенің заңдарына сай өмір сүру, Құдайға деген адалдықты бұзып, опасыздық жасау. Киелі жазба өмір салты осындай сенушілерді опасыздар деп атайды. Олардың

өмірлеріндегі ең маңызды нәрсе – Исаның өсиеттері емес. Керісінше, ең бастысы – өзімшілдік қалаулар.

Өзімшілдік адамды күнәға жетелейді. Адам өз мүддесін қорғау үшін өтірік айтады, өзіне керек болғандықтан ұрлық жасайды. Әйелі мен балалары емес, өзінің қалауларын ойлап, неке адалдығын бұзады. Өз қамын ойлап, адам өлтіреді. Өзім білем деп ойлап, билікке бағынбайды. Өзінің жалтақтығы мен тәкаппарлығын қанағаттандыру үшін адам атақ-даңқ іздейді. Футбол матчын көріп отырып, мінежат ету үшін теледидарды сөндіруден бас тартқанымда мен Құдайға бағынудан бас тарттым, осыны өзім үшін істедім.

Жаңа болмыс

Осы дүниелік адамдарды өзімшілдік (тәндік) құмарлықтар мен қалаулар басқарады. Ал сенуші бұл құлдықтан азат (Римдіктерге 6:11-14). Құдайдың Ұлы бізді шынайы азат етті!

Көне Өсиетте Құдай Өз халқына күнә жасамауды бұйырды, күнәкар болмысының (өзімшілдіктің) кесірінен олар бұл бұйрықты орындай алмады. Көне Өсиет өз күшіне сенетін адамның өмірі Құдай алдында жақсы бола алмайтынын батыл дәлелдейді. Адамдар тәндік құмарлықтар мен қалаулардың бұғауында, бұл Құдайдың еркіне қарсы.

Жаңадан жаратылған біздердің болмысымыз жаңарған. Біздің жан-дүниеміз – тірі, Исаның болмысына сай қайта жаратылғанбыз, шынайы, дұрыс, жақсы өмір сүруге қабілеттіміз. Пауыл елші былай дейді:

«Иеміздің атынан сендерге мықтап айтып ескертемін: бұдан былай құдайсыз халықтардың түкке тұрғысыз ойларына сай өмір сүрмеңдер! Олардың санасын қараңғылық басып, жүректері шындықты білгілері келмей жақсылық атаулыға қарсы қасарысқан, сөйтіп Құдай беретін шынайы өмірден құр қалған. Мұндайлар ұяттан әбден безіп, жүгенсіздікке салынып, тойымсыз нәпсіқұмарлықпен әр түрлі азғындық істей береді» (Ефестіктерге 4:17-19).

Сенбеуші тән құмарлықтарының құлы болып өмір сүруге мәжбүр. Оның рухы өлі. Ол Құдай алдында таза, жақсы өмір сүруге іштей қабілеті жоқ. Сенушілер Құдайға сенбейтін адамдардың мінез-құлықтарына неге таңырқайтынын түсінбеймін.

Қайта туылмаған адам ескі болмысына сәйкес күнә жасайды. Ол өзімшіл адам ғой. Егер ол ұстамды адам болса, жақсы, өзімшіл емес адам болып көрінеді. Дегенмен, алданбаңыз: ол күнәкар болмысының бұғауында.

Пауыл шынайы сенушіні былай деп сипаттайды:

«Оның айтқандарын естіп, Онымен тығыз байланысып, шынайы тәлім алып келдіңдер. Себебі шындық Исада. Алдамшы құмарлықтарымен өмірлеріңді құртып келген ескі күнәлі болмыстарың мен бұған дейінгі өмір салттарыңды енді тастаңдар! Рухтарың мен ақыл-ойларың түгелдей жаңарсын; осылай Құдайға рухани жағынан ұқсас жаратылған жаңа, шынымен әділ де қасиетті адам болып өмір сүріңдер!» (Еф. 4:21-24).

Құтқарылмаған адамнан айырмашылығы, сенушінің болмысы – жаңа. Осы жаңа болмысымызға бағынып, қасиетті өмір сүруді Құдай бізге бұйырған. Мәсіхші ерікті таңдау жасай алады, ал Құдайға сенбейтін адамда мұндай таңдау жоқ. Мәсіхші тән құмарлықтарына бағынуды немесе жаңа болмысқа бағынуды таңдауға ерікті. Шешімді өзіміз қабылдаймыз.

Алатын орнымыз бен іс-әрекеттеріміз

Осы жерде біраз нәрсені түсіндіріп кетейін. Қасиеттіліктің екі аспектісі бар, Жаңа Өсиетте олардың екеуі де айтылған. Осы екеуін шатастырғанда, түсінбеушілік туады.

Бірінші аспект біздің Иса Мәсіхтегі позициямыз. Пауыл: «Құдай бізді Өзінің алдында қасиетті де мінсіз халқы болып жүрсін деп, әлемді жаратпастан бұрын Мәсіхтің құрбандығына бола сүйіспеншілікпен таңдаған еді»,– деп жазады (Еф. 1:4). Осы қаси-

еттілік Исаның біз үшін істегенін және біздің Исадағы орнымызды қамтиды. Біз өзіміздің істерімізбен бұл позицияға ешқашан қол жеткізе алмайтын едік. Бұл – Оның бізге берген сыйы.

Лиза менің жұбайым атанғанда бұл атаққа өзінің игі істерімен қол жеткізген жоқ. Мен оған өз жүрегімді арнағандықтан, ол бұл атақты иемденді. Мен де солай. Нүкте.

Қасиеттіліктің екінші аспектісі – позициядан шығатын іс-әрекетіміз. Лиза маған күйеуге шыққаннан кейін оның іс-әрекеті маған деген адалдығына негізделетін болды. Ол басқа жігіттермен ойнап-күлмейді, олармен қарым-қатынас іздемейді. Лизаның іс-әрекеті жұбайына деген дұрыс көзқарасына сәйкес. Күйеу ретінде, әрине, мен де солай істеймін.

Осы кітапта мен Құдаймен қарым-қатынасымыздың осы аспектісін қарастырамын. Петір елші былай дейді:

«Құдайдың рухани балалары ретінде Оған мойынсұныңдар. Бұрын Оның шынайы хабарын білмей, өмірлерің жаман істерге жетелейтін құмарлықтардың билігінде болып келді. Бұған енді жол бермендер! Қайта, өздерінді шақырған Құдайдың қасиетті болғаны сияқты, сендер де бүкіл іс-әрекеттеріңде Оған бағышталған қасиетті болыңдар! Тауратта Оның былай дегені бар ғой: «Мен киелімін, сондықтан сендер де Өзіме бағышталып киелі болыңдар!» Сендер әр адамды бет-жүзіне қарамай әділ соттайтын Құдайға «Әкем» деп сыынасыңдар. Ол сендерді істеріне қарап соттайды, не марапаттайды. Ендеше жер бетінде жат жерлік болып сүретін өмірлерінді Оны терең қастерлеп, Оған ұнамайтынды істеуден шошынып өткізіндер!» (1 Петір 1:14-17, NLT, ағылшыннан аударма).

Петірдің сөзі күнәкарларға емес, сенушілерге арналғаны анық. Құдай біздің Мәсіхте алатын орнымызға емес, істеген ісімізге сай соттайды немесе марапаттайды деп жазылған. Исаның қаны күнәмізді өтейді, алайда сенушілердің істерін соттайтын сот болады. Қорынттықтарға арналған екінші хатында Пауыл осыны

растайды (5:9-11). Өз таңдауыңмен Құдайға бағынбай өмір сүру – ұсақ-түйек нәрсе емес. Шынымен де Құдайдыкі болсақ, Оны күнәларымызбен ренжітпеуге бар күшімізді саламыз.

Жақып пен Пауыл жазғандай, Петір де біздің күнәкар өмір салтымыздың өзіншіл құмарлықтардан туындайтынын айтып, бізді қасиетті өмірге шақырады. Мен осы ойды қайталап айтқым келеді: ол біздің Иса Мәсіхтегі позициямызды емес, өмір салтымыз бен мінез-құлқымызды әңгіме етеді. Осы аяттың басқаша аудармасында біз «барлық істеріміз бен өмір салтымызда киелі болуымыз» керек деп жазылған (15-аят, ағылшыннан кеңейтілген аударма). Петірдің сөздері мағынасына қатысты еш күмән туғызбайды. Пауылдың сөздерімен келісіп, Петір біз Құдайдың рақымымен құтқарылған болсақ, жаңа болмыстың күшімен күнәкар дүние сияқты емес, қасиетті өмір сүре аламыз деп қосады.

Еврейлерге арналған хатта (12:14) Пауыл бізді қасиетті өмірге шақырады. Жақында мен осы аятқа байланысты Чарльз Спердженнің уағызын ұйып тыңдадым. Келесі үзіндіні оқысаңыз, неге екенін түсінесіз:

«Кейбір антиномистер Киелі Рухтың [қасиетті өмірге ұмтылу туралы] тастайтын үндеуін жоқ қылуға бар күштерін салады. Олар мұны Мәсіхтің беретін қасиеттілігі деп айтады. Олар осындай айқын бұрмалауды таратса, өтірік айтып тұрғанын білмейді ме?... «Құдай бізді азғын емес, Оған бағышталған қасиетті өмір сүруге шақырды» деп жазылғандай, біз азғындыққа қарсы, шынайы, іс жүзіндегі қасиеттіліктің соңынан жүруіміз қажет... Бұл басқаша қасиеттілік. Шын мәнінде... бұл Киелі жазба айтатын нақты, жанды қасиеттілік. Бұл – Құдайдың еркіне сай болу және Құдайдың өсиеттеріне бағынушылық»

Ал керек болса! Сперджен қасиеттілікті ығыстыруға бағытталған әрекеттер туралы 1800-жылдары жазса, мұндай мәселе тек біздің заманымызға тән болмағаны ғой. Киелі жазба ақиқатына негізделсек, қасиеттіліктің Мәсіхтегі біздің позициямызға да,

Мәсіхті өз өмірімізбен қалай паш ететінімізге де қатысы бар екенін көреміз.

Мәсіхтегі позициямыз да, іс-әрекеттеріміз де біздің еңбектеріміз, жетістік-табыстарымыз бен таланттарымызға негізделмейтіні маңызды. Алатын орнымыз бен іс-әрекеттеріміз – бізге берілген тегін сыйдың салдары. Дегенмен, әрі қарай жаңаша өмір сүру үшін, жақсы мінез-құлық көрсету үшін біз өзіміздегі жаңа болмысқа қарсыласпай, қайта онымен бірігіп әрекет етуіміз қажет.

Қасиеттіліктің тағы бір анықтамасы

Енді қасиеттіліктің Құдайға меншікті болуды ғана емес, онымен бірге Құдайға ұнамды моральдік іс-әрекет жасауды білдіруін түсініп алғанда, оның келесі бір анықтамасына көшейік. Грек сөзі *hagios* сонымен қатар «таза, күнәсіз, әділ» жүріс-тұрысты білдіреді. Бұл сөздің мағынасынан кейбір адамдар қаймығады, алайда бұл сөзден қаймығудың қажеті жоқ. Балалық шағымнан алған мысал арқылы түсіндіріп көрейін.

Отбасымда мен алты баланың ішіндегі жалғыз ұл болғандықтан, ауладағы барлық шаруаны істеуге міндетті едім: машинаны жуу, газонды қырку, қар тазарту, т. б. Достарыммен бірге спорт ойындарын ойнауды қатты ұнататынымын, ойынға уақыт қалатындай үйдегі шаруаны тезірек бітіруге асығатын едім.

Көктем келді, ұзақ қыстан кейін жерге тағы да шөп бітті. Мектептен кейін әдетте достарыммен бірге доп ойнайтынбыз. Мен газонды біраз уақыт қараусыз қалдырғандықтан, ондағы шөп өсіп қалды. Алдында әкем маған шөпті доп ойнауға дейін қырқуым керектігін айтты. Оны әкем жұмысынан оралғанға дейін бітіруім керек еді.

Мектептен кейін мен үйге тезірек барып, киімімді ауыстырып, биыл бірінші рет көгал шапқышты шығардым. Достарым жақын арада далаға шығып ойнатынын біліп, мен асығып кеттім. Педальді бірнеше рет бастым, бірақ мотор іске қосылмады.

Жанармайдың карбюраторға баруын үдету үшін дроссельді жапқыш тетігін бірнеше рет бастым. Педальді тағы да бастым, бірақ ештеңе шыққан жоқ.

«Карбюратор дымқылданып кеткен шығар, кішкене кебе тұрсын»,— деп ойладым.

Мен біраз күттім, сосын көгал шапқыштың жұмысқа дайын екеніне көз жеткізу үшін майы мен тетіктерінің барлығын тексердім. Барлығы бүтін, еш ақауы жоқ болып көрінді, тек бірнеше минут күте тұру керек. Мен тағы кішкене уақыттан кейін шөпшапқышты тағы да қосып көрдім, бірақ мотор баяғыша қосылмады.

Осы жолы қатты кейідім, оталдыру білтесі былғанып қалған жоқ па екен деп тексердім. Білтеде еш ақау болған жоқ. «Не болды екен?»,— деп ойладым мен. Көңілім барған сайын түсіп бара жатыр. Шөпшапқыш қосылмаса, шөпті ора алмай, әкемді ренжітіп, достарыммен ойнай алмай қаламын.

«Не істесем екен,— деп ойладым,— шөпшапқышты шеберханаға апарсам, ол жөнделгенше қараңғы түседі, ойынды өткізіп аламын. Біреудің шөпшапқышын ала тұрсам ба екен, бірақ ол да көп уақыт алады». Үйде екі орақ бар еді, бірақ газонның шөбін орақпен орсам, түнге дейін жұмыс істеймін. Шөп тегіс алынбайды, газонның түрі бұзылып кетеді. Бұл ойымнан бас тарттым.

Осы бір темірге қатты ашуланып кеттім. Оның кесірінен мен бүгінгі қуанышымнан айырылатын болдым деп ойладым. Шөпшапқыштың сынғаны белігілі болды. Мен дәрменсіз күйде қалдым. Не шөпті ора алмаймын, не достарыммен кездесе алмаймын.

Бізбен бірге ойнайтын достарымның бірі келіп: «Джон, дайынсың ба?» — деп сұрады.

Мен: «Жоқ. Әкем газонның шөбін шапқаннан кейін ғана ойныуыма рұқсат берді. Ал шөпшапқыш қосылмай тұр. Оны жөндеуге, немесе біреудікін сұрап алуға, немесе қолмен оруға уақытым жоқ. Сондықтан бүгін ойнамайтын болдым»,— деп жауап бердім.

Досым менен ақылдырақ екен. «Қане, көрейік». «Көр, әрине»,– дедім. Ол ең алдымен жанармайдың бар-жоғын тексерді. Бактың қақпағын ашып көріп, ол: «Джон, бакта бензин жоқ қой»,– деп күлді.

Мен бір жағынан күмілжіп, бір жағынан қуанып кеттім.

«Ақымақ-ай, ең әуелі жанармайды тексермейсің бе»,– дедім өзіме өзім. Бакты лезде толтыра қойдым. Шөпшапқыш қосыла кетті. Жұмысымды жылдам бітіріп, ойынға кеттім.

Мұның қасиеттілікке қандай қатысы бар? «Қасиеттілік» сөзінің анықтамасындағы таза, күнәсіз, әділ дегенді оқып, «бұл мүмкін емес» деп ойламыз. Оның себебі, өз күшімізбен қасиетті өмір сүруді елестетеміз. Бұл шөпты орақпен орып, ойынға дейін бітіруге тырысқанмен тең – бұл мүмкін емес! Кішігірім ғана бөлігін бітіргенше, қараңғы түсіп кетеді.

Бірақ біздің шөпшапқыш сатып алуға теңесетін жаңа болмысымыз бар. Дегенмен, жанармай болмаса, оның еш пайдасы болмайды. Оған жұмыс істету үшін жанармай керек.

Келесі тарауда біздің жаңа болмысымыз қандай жанармайды қажет ететіні – Құдайдың алдында таза өмір сүруге мүмкіндік беретін нәрсе туралы сөз қозғаймыз.

ЖАНАРМАЙ

Ал енді, қымбатты бауырластар, сендерді
Құдайдың Македониядағы қауымдарға рақымын төккені
туралы да хабардар еткіміз келеді...
Олардың қолдарынан келгенше, тіпті
мүмкіндіктерінен де артық кеңпейілділік
танытқандарына мен куәмін..
— 2 Қорынтықтарға 8:1-3

... Мінсіздікке шақыру – бұл мүмкін емес
нәрсені орындауға бұйрық емес. [Құдай] сіздің
болмысыңызды жаңартып, осы өсиетті
орындауға қабілетті етеді.
— К. С. Льюис

Касиеттілікке ұмтылу – түпкілікті мақсат емес, Исаның құзырына апарар жол. Ұстаз бізге: «Менің өсиеттерімді жүректеріне сақтап, орындап жүргендер – Мені [шынайы] сүйетіндер... Мен де соларды сүйіп, Өзімді оларға жақынырақ [ашамын, көрсетемін] таныстырамын [Өзімді анық көруге мүмкіндік беремін, Өзімді оларға айқын етемін]»,– деп анық айтады (Жохан 14:21, ағылшыннан кеңейтілген аударма). Біз Ұстаздың сөзін сақтап, оны орындағанда, Оны жақын танимыз.

Еврейлерге арналған хаттың авторы осыны растайды: «Құдайға бағышталған қасиетті өмір сүруге ұмтылыңдар! Мұнсыз ешкім Жаратқан Иені көре алмайды» (Евр. 12:14). Қасиеттілік болмаса, Исаны көрмейсің – Оның құзырына кірмейсің деген сөз!

Қасиеттілік Құдайдың иелігінде болу, осы дүниеден бөлініп Оның меншігіне айналу дегенді білдіреді. Сонымен қатар ол «таза, күнәсіз, әділ» болуды білдіреді. Екі анықтама да бір-бірімен тығыз байланысты. Оныкі болу – Ол үшін өмір сүріп, Оған ұнамды іс-әрекеттер жасау. Қолостықтарға арналған хатта біз «Иеміздің халқына лайық, Оны риза қылатындай» әрекет етіп өмір сүруіміздің қажеттілігі туралы жазылған (1:10). Ең соңында Ол «салтанатты да сұлу, ешбір дақсыз, ақаусыз, басқа да кемшіліксіз, қасиетті де пәк таза» ұлылыққа бөленген қауымын алып кету үшін келеді (Еф. 5:27).

Иса алып кету үшін қайтып келетіндердің бұл жалғыз сипаттамасы екеніне назар аударыңыз. Киелі жазба Исаның Қалыңдығын заманға сай, қуатты, жақсы ұйымдастырылған, жетекшілері бар, таныстары көп, мадақтау мен шаттыққа бөленген деп сипаттамайды. Бұлардың барлығы жақсы қасиеттер, алайда Иса Өз Қалыңдығын ең бастысы – қасиетті және пәк таза көргісі келеді.

Тағы бір айта кететін нәрсе, қасиеттілік – Құдайдың Өзін сипаттайтын ең маңызды ерекшелік. Ишая пайғамбар мен Жохан елші Құдайдың тағын көргендерін жазады. Екеуі де Құдайдың айналасындағы ғасырлар бойы «қасиетті, қастерлі, киелі!» деп дауыстайтын қуатты періштерлерді көрді (Ишая 6:3, Аян. 4:8). Олар «адал», «сүйіспеншілікке толы», «мейірімді» немесе «жомарт» демейді. Бұл тамаша қасиеттердің барлығы Оған тән болса да, қасиеттілік бәрінен де асып түседі.

Екі жол

Тазалық, бейкүнәлік, әділдікке ие болуға шақыру баяғыдан келе жатқан сұрақты көтереді: «Осы қасиеттерге қалай ие боламыз?». Өз күшімізді салдық, ештеңе шықпады. Жүрегімізге жазылған Құдайдың заңына бағынғымыз келді, бірақ сәтсіздікке ұшырадық (Римдіктерге 2:14,15).

Бірақ осыдан кейін Құдайдың рақымы келді. Оған өз істеріміз арқылы қол жеткізген жоқпыз, және жеткізе алмаймыз да. Оған лайық бола алмаймыз. Құдайдың сыйы бізге толығымен кешірім береді, және біз күнә жасағанда тура солай жұмыс істегенді жалғастырады. Біз өз күнәларымыздан құтқарылдық!

Осы тамаша жаңалықты білетіндігімізге қарамастан, Оның нұсқауларын орындай алмайтынымыздан қапа боламыз. Құдайдың нұсқауларын орындау неліктен біз үшін рухани шайқасқа айналды? Біз жаңадан туылдық, біздің жаңа болмысымыз бар, сонда да неліктен қайталап күнә жасай береміз?

Өз еркімізше таңдау жасап, осы мәселенің шешуін таба аламыз деп ойлаймыз. Қасиеттілік тек біздің Мәсіхтегі позициямызға қатысты деп тәлім беріп, Киелі Кітаптың қасиетті өмір сүруге шақыратын үндеулеріне мән бермейміз. Құдайға ұқсап өзгерудің жетіспеушілігін «пендеміз ғой, адам болғандықтан қателесеміз» деп өзімізді ақтауға тырысамыз. Біз өткен уақытта, қазіргі шақта және болашақта жасайтын күнәмізді ақтайтын Құдай рақымының өте қысқартылған доктринасына ғана қадалып қалдық. Адамдарды тек осыған үйрететін болсақ, арымызды басып тастап, жалған қауіпсіздік сезімін қалыптастырамыз. Алайда жүрегімізге құлақ салсақ оның осындай өмірге қанағаттанбайтынын түсінеміз.

Өкінішке орай, көпшілігіміз қасиетті өмір сүруге шақыратын Жаңа Өсиеттің едәуір бөлігін ескермей, осы таңдауға қарай бет бұрамыз. Осы тақырыпқа Киелі Кітаптан көптеген аяттарды келтіре аламын, келесі бір үзіндіден бастауға рұқсат етіңіз:

«Балаларым менің, сендер күнә жасамасын деп осыны жазып отырмын... Егер Құдайдың өсиеттерін орындасақ, Құдайды жақыннан танитынымызды білеміз. Құдайды танимын дей тұра, Оның өсиеттерін орындамайтын кісі – өтірікші, соның жан дүниесінен шындық орын алған жоқ. Құдайға деген сүйіспеншілік Оның сөзін орындаған кісінде шын мәнінде толық болып, мақсатына жетті. Құдаймен тығыз байланыста екенімізді мынаған қа-

рап білеміз: Онымен қатынаста тұрмын дейтін кісі Иса Мәсіх қалай өмір сүрген болса, солай өмір сүруге тиіс» (1 Жохан 2:1,3-6).

Жохан: «Күнә жасасандар, уайымдамандар, бәріміз пенде емеспіз бе»,– деп жазған жоқ. Жоқ ол бізді «күнә жасамасын» деп жазып отыр. Осы біздің мақсатымызға айналу керек. Біз мүлт кетсек, Исаның қаны бізді тазартады. Біздің мақсатымыз – Иса тәрізді өмір сүру. Киелі Жазбаға сәйкес, ол мақсатқа қол жеткізу – әбден мүмкін. Сондықтан, бізді шырмап алатын күнәні «пендеміз ғой» деп адами болмысымызбен ақтасақ, біз Исаның сөзін және көптеген басқа аяттарды елемеген болып шығамыз.

Рухани өмір жолында бізге бір нәрсенің жетіспеуі мүмкін бе? Құдай біздің қиындығымызды алдын ала ескермей, оны шешу жолын дайындап қоймағаны мүмкін бе? Әрине, Ол солай болатынын білді! Бұл туралы көп айтылмайды, бірақ Оның тамаша жоспарын барлық Жаңа Өсиеттен көруге болады. Құдайдың рақымы – біздің жаңа болмысымызға жұмыс істететін жанармай. Басқаша айтқанда, рақым бізге Құдайға ұнамды өмір сүруге мүмкіндік береді.

Рақымының бізге белгісіз ақиқаты

2009 жылы мыңдаған американдық мәсіхшілердің арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға әр түрлі қауымдардағы қайта туылған, Киелі Кітапқа сай өмір сүретін сенушілер қатысты. Сұрақтардың арасында келесідей бір сұрақ болды: «Құдай рақымының үш немесе одан көп анықтамасын немесе сипаттамасын жазыңыз». Жауаптардың басым бөлігі мынадай болды: құтқарылу, тегін сый және күнәлардың кешірілуі.

Америкадағы сенушілердің тек рақым арқылы құтқарылатынын білуі өте жақсы. Құтқарылу суды бүркіп шашу, қауымға тиесілі болу, дін заңдарын сақтау, жақсы істердің жаман істерден басым болуы, т. б. арқылы берілмейді. Америкадағы сенушілер

Құдай рақымы жайлы іргелі ақиқаттарды біледі, себебі ол жайлы қауымдарда жиі уағыздалады, меніңше, бұл Құдайға ұнамды.

Дегенмен, бірнеше мың мәсіхшілердің арасында тек 2%-ы ғана рақым – Құдайдың күшін иелену деп жауап бергені – қайғылы жайт. Алайда, Құдай Өз рақымын тура осылай сипаттайды:

«Саған қажеттінің барлығы – Менің рақымым, өйткені әлсіз жағдайыңда Менің құдіретім толықтай іске аса алады» (2 Қорынттықтарға 12:9, TEV және NLT, ағылшыннан аударма).

Құдай өзінің рақымы туралы бізге Өз құдіретін сыйлағаны ретінде айтады. Әлсіздік «қабілетсіздік» дегенді білдіреді. Құдай: «Менің рақымым – Менің Өз құдіретімді саған сыйлағаным, ол сенің қабілетіңнен асып түсетін жағдайларда іске қосылады».

Құдай рақымының тура осындай анықтамасын Петір де береді: «...Сендерге рақым, амандық және тыныштық молынан жауа берсін! Құдай бізді құдіретті [рақымының] күшімен және Оны жақыннан танып білуіміз арқылы Өзіне ұнамды жаңа өмір сүруімізге қажеттінің бәрімен қамтамасыз етті...» (2 Петір 1:2,3). Осында да рақым «Оның құдіретті күші» ретінде көрсетіледі. Петірдің айтуынша, Құдайға ұнамды, қасиетті өмір үшін қажетті қабілет пен барлық ресурстарға рақым арқылы қол жеткізе аламыз.

Алайда, сауалнамаға сәйкес, ол туралы Америкадағы сенушілердің 2 пайызы ғана біледі, сондықтан бұл мәселені ескермей кетуге болмайды. Түсіндіріп берейін. Құдайдан бір нәрсе алу үшін, сенуіміз керек. Осы себептен, Жаңа Өсиет мәтіндері «сенім сөзі» деп аталады (Римдіктерге 10:8). Басқаша айтқанда, сенбейтін болсақ, ала алмаймыз.

Бір өте маңызды мысал келтірейін. Иса барлық дүниенің күнәсі үшін өліп, қайта тірілді. Бірақ тек Оған сенетіндер ғана құтқарылмақ. Осыдан үлкен мәселе туады: біз білмейтін нәрсеге сене алмаймыз. Егер сенушілердің 98 пайызы Құдайдың рақымының – Оның бізге беретін күші екенін білмесе, олар қасиетті өмірге өз істермен

қол жеткізгісі келеді, ал бұл оларды жеңіліс пен түңілуге апарарды. Олардың жаңа болмыстарының күші жоқ, олардың бағында жанармай жоқ!

Грек тілін қарайық. Жаңа Өсиетте «рақым» деген сөзді *charis* сөзі білдіреді. Бұл сөз Стронг сөздігіне (*Strong's Exhaustive Concordance*) сәйкес «сый, ізгілік ету, мейірімділік және еркіндік» деген мағынаны береді.

Осы бастапқы анықтаманы алып, Римдіктерге, Ғалаттықтарға және Ефестіктерге арналған хаттардағы аяттармен біріктірсек, американдықтардың көбісі білетін анықтаманы аламыз. Алайда Стронг сөздігі былай деп жалғастырады: «Құдайдың адам жүрегіне әсері, сол әсердің адам өміріндегі көрінісі». Мұнда жүректе болып жатқан нәрселердің сырт көрінісі жайлы, яғни рақымның күші жайлы айтылады.

Елшілердің істері кітабының он бірінші тарауында Варнаваның Антиохиядағы қауымға келіп, онда «Құдайдың рақымын» көргені жайлы айтылады (Елш. істері 11:23 қараңыз). Варнава рақым туралы естігенін емес, рақымды көзімен көргенін айтады. Антиохиядағы сенушілердің іс-әрекеттері олардың жүрегіндегі рақымның әсерін паш етті. Сондықтан Жакып елші: «Ігі істер тудырмайтын сеніміңнің [рақымның] шынайылығына көзімді жеткізші, ал мен жасаған игі істерім арқылы сенімімді [рақымымды] дәлелдеймін» (Жакып 2:18). Мен сенім сөзінің жанына жақшада рақым деп қойдым, себебі сеніммен (Құдайдың Сөзіне сену арқылы) бізге Құдайдың рақымына жол ашылады: «Құдайдың осы рақымына бізге Иса Мәсіхтің арқасында, сенім арқылы жол ашылды» (Римдіктерге 5:2). Сенім болмаса, күш болмайды (рақымның күші). Жакып: «сеніміңнің шынайылығына көзімді жеткізші»,– дейді. Сенім арқылы рақымға қол жеткізгеніміздің көрінісі осы.

Рақым – сый болып табылады. Білімімізді кеңейтейік. Құтқарылу – рақымның сыйы. Кешірім – рақымның сыйы. Шипа – рақымның сыйы. Молшылық – рақымның сыйы. Құдайдың бол-

мысы да – рақымның сыйы. Күш-қуат – рақымның сыйы. Осылардың барлығы Құдайдың рақымынан келеді, әрқайсысы – бізге сый ретінде, ақысыз – пұлсыз тегін берілді.

Күш туралы айтсақ, рақым бізге өз адами күшімізден асып түсетін нәрселерді жасауға қабілет береді. Өзімізді тозақтан құтқаруға дәрменсіз едік. Рақым оны жүзеге асырды.

Рақым бізге қол жетпес азаттықты сыйлады. Болмысымызды өзіміз өзгерте алмадық, рақымның арқасында жаңа болмысқа ие болдық. Қасиетті өмір сүру қолымыздан келмеді, рақымның арқасында қасиетті болдық. Рақым неткен тамаша!

Ойландыратын сұрақ

«Өзімнің кітабым, Жаңа Өсиетте Мен рақымды қалай түсіндіремін, балам?»,- деп жақында Құдай менен сұрады.

Мен, оншақты кітап жазған адам, үшін бұл сұрақтың маңызы зор. Түсіндіріп көрейін. Өз кітабымда адамдарың көбісіне бейтаныс жаңа термин қолданған сайын, мен ең алдымен оның негізгі анықтамасын келтіремін. Содан соң, басқа, қосымша мағыналарын атап өтемін. Сондықтан тәжірибелі жазушының кітабынан жаңа терминді көрсем, негізгі мағынасы осы кітапта келтірілген деп ойлаймын.

Құдайдың сұрағына: «Білмеймін»,- деп жауап бердім.

Қолыма дереу Киелі Кітап сөздерінің тізімін (Симфония) алдым да, Жаңа Өсиеттегі рақым сөзі келтірілген бетті аштым. Тапқаным: «Оның шексіз рақымынан бәріміз молынан жарылқанып келеміз» (Жохан 1:16).

«Рақымынан молынан жарылқанып келеміз» деген сөзге назар аударыңыздар. Грецияда, Афины қаласында тұратын досым бар. Ол сонда туып өсті, ана тілі – грек тілі, оған қоса, ежелгі грек тілін оқып үйренген. Грек тіліне байланысты сұрақ туғанда, ең алдымен сол досыма хабарласамын. Сол досымның айтуынша, Жохан елші

мұнда Құдай берген «рақымның шексіз мол асып төгілуі» туралы айтады. Басқаша айтқанда, Жохан елші сарқырап аққан рақымның біздегі әрекеті бізді Иса Мәсіхтің болмысына толтырады деп ерекше айтады! Бұл жағдай маған болмыс, қабілет, күшке қатысты көп нәрсені түсінікті етеді!

Бір-екі мысал келтіріп кетейін. Мәселен, баскетбол ойнайтын жасөспірімді алайық. Ол команданың негізгі құрамында емес, сондықтан ойынның бітуіне екі минут қалғанша, командасы жиырма ұпай алда не артта келе жатқан сәтке дейін ойынға қатыспай отырады.

Оны шеткері алып шығып: «Ғылымның жетістіктеріне сүйеніп, біз сені Леброн Джеймстің (американдық үздік баскетболшылардың бірі) болмысына ие қыламыз»,– дедім.

Қалай ойлайсыз, ол «Әрине! Келісемін! Ол үшін не істеуім керек?»,- дей ме?

Ал біз осыны жүзеге асырдық дейік, сонда не болар еді? Жігіт тек мектеп командасының жұлдызы болып қана қоймай, ұлттық чемпионатта командасын жеңіске жеткізер еді. Университеттің спорттық грантына ие болып, әрі қарай НБА-ның ең үздік жас ойнаушысы атанар еді.

Не болмаса, бизнесі құлдырап кеткен бизнесменге: «Заманауи ғылым жетістіктеріне сүйеніп, біз сізді Дональд Трамп, Стив Джобс және Билл Гейтстің болмыстарына ие қыла аламыз»,– дедім.

Ол қалай жауап берер еді? «Әрине, келісемін!»,- деп қуана дауыстар еді. Осы адамдардың қабілеттеріне ие болысымен, ол не істер еді? Ол бұрын көрмеген мүмкіндіктерді көріп, сәтті инвестициялар жасап, өте табысты адамға айналар еді.

Рақым бізге Леброн Джеймс, Стив Джобс, Дональд Трамп, Билл Гейтс, Альберт Эйнштейн, Иоганн Себастьян Бах, Роджер Федерер немесе тарихта ағы қалған басқа адамдардың болмысын емес, ол бізге Иса Мәсіхтің болмысын сыйлайды! Осының ұлылығын ұғына аласыз ба?

Сіз таңқалатын боларсыз, бірақ Жаңа Өсиетте Құдай рақымды құтқарылу, күнәнің кешірілуі, тегін сый ретінде көрсетпейді! Осы

айтқанымды түсіндірейін. Менің осы мейірімділікпен берілген сыйлар үшін алғысым шексіз, алайда Жаңа Өсиетте олар туралы сөз сәл кейінірек қозғалады. Әуелі Құдай рақымды Исаның болмысы мен күшіне ие болу ретінде ашады!

Сондықтан Жохан батылдықпен: «Мәсіхтің осы дүниеде қалай өмір сүргеніндей өмір сүреміз»,– дейді (1 Жохан 4:17). Әлдебір уағыздаушы: «Біз басқа күнәкарлар сияқты күнәкармыз, бірақ кешірілгенбіз», немесе «Құрт сияқты дәрменсіз, түкке тұрғысыз адамдармыз», «Біз күнәкар болмысты, күнәнің бұғауындағы адамдармыз»,– дегенін естіген боларсыздар. Киелі Кітапты оқитын адам осындай сөздерді қалай ғана айта алады?

Арыстаннан тиін туғанын бұрын-соңды естіп пе едіңіз? Асыл тұқымды жылқыдан құрт туғанын естіп па едіңіз? Киелі жазба «біздер Оның рухани денесінің мүшелеріміз» деп айтады (Еф. 5:30). «Сүйікті бауырларым, қазір Құдайдың рухани балаларымыз» (1 Жохан 3:2). Кейін, көкке жеткенде емес, қазір біз Құдайдың рухани балаларымыз. Құдайдан түкке тұрғысыз құрт туады ма? Біз Құдайдан туғанбыз, Оның тұқымы, Оның болмысы біздің бойымызда. Мәсіхтің осы дүниеде қалай өмір сүргеніндей өмір сүреміз! О дүниеде емес, осында, осы дүниеде, жер бетінде!

Петірдің сөзіне тағы да қарайық:

«Лайым сендер Құдай мен Иеміз Исаны бұрынғыдан да жақынырақ танып білгендерің арқылы сендерге рақым, амандық және тыныштық молынан жауа берсін! Құдай бізді күдіретті күшімен және Оны жақыннан танып білуіміз арқылы Өзіне ұнамды жаңа өмір сүруімізге қажеттінің бәрімен қамтамасыз етті. Ол бізді Өзінің ұлы да ізгілікті болмысы арқылы меншікті халқы болуға шақырады» (2 Петір 1:2,3).

Рақым сыйы – құтқарылу сәтінде жүзеге асатын бір реттік әрекет емес. Бізге рақымның күші әрдайым қажет, бізге рақымның өсіп-көбейгені керек. Сондықтан: «Ендеше рақымы мол Құдайдың тағына нық сеніммен жақындап, өтініштерімізді білдірейік. Осы-

лай көмекке мұқтаж кездерімізде Оның мейірімділігі мен рақымына ие боламыз»,– деп жазылған (Евр. 4:16). Біздің бақтарымызға қажет жанармай осы!

Жақып сенушілердің өзімшіл, опасыз өмір салтын әшкерелегеннен кейін не дегенін қараңыз:

«Әй, опасыздар! Осы күнәкар дүниемен достасу Құдайға қастық екенін білмейтін бе едіңдер? Осы дүниемен дос болғысы келген әркім Құдайдың жауына айналады... Ал Тәңір Ие бізге (арам құмарлықтарға қарсы тұруға) рақымын мольнан сыйлайды... Сонымен, Құдайға мойынсұндыңдар!» (Жақып 4:4,6,7).

«Тәңір Ие бізге (арам құмарлықтарға қарсы тұруға) рақымын мольнан сыйлайды» дегенді қайтадан оқыңыз. Кеңейтілген аудармада «Ол бізге рақымын мольнан асып-төгіп береді» деп жазылған (ағылшыннан аударма). Сый ретінде берілген осы күш бізде бұрын болмаған қабілетті береді. Осының арқасында енді біз қасиетті өмір сүруге қабілетті боламыз.

Осы рақым өзімшілдіктен бас тартып, Құдайдың сөзіне сенетін адамдарға беріліп, олардың болмыстарын Құдай болмысының күшіне кенелтеді. Тәкаппарлар өз қабілетіне сүйенеді, ал кішіпейілдер өздерін Құдайдың күшіне тәуелді етеді. Дәуіттің ағасы Елияп Ғолият алыпты өз күшімен қарсы алған, Құдайдың күшіне сүйенбеген тәкаппар адам болған (1 Патшалықтар 16,17 тарауларды қараңыз). Дәуіт, өз кезегінде, Ғолиятпен айқасарда Құдайдың күшіне сенген кішіпейіл адам еді. Осы екі айқастың әрқайсысы немен аяқталғанын білеміз.

Иса Құдайға тәуелді болып өмір сүрудің үлгісін көрсетті. Гетсимани бағында Ол алапат айқасты басынан кешірді. Оның тәні Әкесі бұйырған нәрседен бас тартпақ болды, алайда шәкірттер ұйықтап жатқанда Ол мінәжатта Құдайға мойынсұнды. Өзімшілдікке қарсы ұлы айқаста Ол жеңіске жету үшін Құдайдан көмек (жанармай) сұрады. Ол қиын сәтте Әкесінен күш беретін рақымды батылдықпен сұрап, айқаста жеңіп шықты. «...Рух дайын болғанмен, тән

осал» (Мф. 26:41) деп Иса ескерткенмен де шәкірттері солай істей алмады.

Шөпшапқыш туралы әңгімем естеріңізде болар. Мен шөпшапқышты да, бензинді де сатып алған жоқпын, оларға басқалай да қол жеткізген жоқпын. Екеуін де әкем берді. Шөпшапқышты бізге бір рет берілетін жаңа болмыспен салыстыруға болады. Шөпшапқышым бар болғандықтан, шөпті ора алатын болдым.

Бензинді рақымның күшімен салыстыруға болады. Бұл бір рет берілетін сыйлық емес, жанармай шөп шапқан сайын керек болады.

Рақым бізге Құдайдың болмысын біз құтқарылған сәтте сыйлады, алайда Мәсіхтің өмір сүргеніндей өмір сүру үшін біздің болмысымызға қажет күшке ие болу үшін рақымның үстіне рақым құйыла беру керек.

Қалай әрекет еткеніміз жөн

Ефестіктерге арналған хаттағы Пауылдың сөзін тағы қайталап оқыық. Жоғарыда айтқанымды мән бере оқыған болсаңыз, бұл үзіндінің маңызы арта түскендей болады:

«Иеміздің атынан сендерге мықтап айтып ескертемін: бұдан былай Құдайсыз халықтардың түкке тұрғысыз ойларына сай өмір сүрмендер! Олардың санасын қараңғылық басып, жүректері шындықты білгілері келмей жақсылық атаулыға қарсы қасарысқан... Құдайға рухани жағынан ұқсас жаратылған жаңа, шынымен әділ де қасиетті адам болмысына бөленіндер» (Ефестіктерге 4:17,19,24, NLT, ағылшаннан аударма).

Сенушілер мен күнәкарлардың арасындағы айырмашылық анық көрінуге тиіс, бұл айырмашылық тек неге сенетінімізде ғана емес, сонымен қатар өмір салтымызда да. Себебі біздің болмысымыз – жаңа, бірақ оған бөленуіміз керек. Яғни, Құдайға мойынұсынып, рақымның күшіне сеніп, оған бағынуымыз керек. Жаңағы мысалға қайта оралайық. Әкем маған шөпшапқыш берді,

бірақ оған жанармай құйып, оталдырып, шөп шаба бастағанша шөпшапқыштан еш пайда болған жоқ. Жаңа болмысқа бөлену деген осы. Жаңа болмысты пайдалануымыз керек!

Пауыл осыны іс жүзіне қалай асыратынымызды көрсетеді:

«Сондықтан өтірікті тастап, әрқайсың басқаларға шындықты айтыңдар! Бәріміз біріккен бір рухани дененің мүшелеріміз ғой. «Ашуланғанда күнә жасамандар!» деп (Забурда) жазылған. Күн батпай тұрып, ашуларыңды басыңдар, сөйтіп шайтанның жамандыққа түрткі салуына жол бермендер! Ұры болған енді ұрлық жасамасын, керісінше, адал еңбек етіп, тапқан табысынан мұқтаждарға үлестірсін. Ауыздарыңнан жаман сөз емес, жақсы сөз ғана шығып, тыңдап тұрғандардың сенімдерін жетілдіріп, игілік сепсін» (Еф. 4:25-29).

«Көне Өсиет мынаны істе, мынаны істеме деген нұсқауға, ал Жаңа Өсиет рақымға ғана толы»,– дейді кейбіреулер. Конференциялар мен жиналыстарда Құдай рақымы бізді өсиеттен азат етті деп айтылғандықтан, көптеген адамдар осыған нық сенетін болды. Алайда Иса Құдайдың өсиеттерін тыңдап, орындағандар ғана Оның құзырын анық көретін болады деп айтқан. Әлгі тәлімгерлер тыңдаушыларын азат етеміз деп сенеді, шын мәнінде олар сенушілерді Құдайдың құзырына жеткізетін нәрседен алыстатады. Осыдан жүрегім қарс айырылады.

Сөз жоқ, Иса бізге өсиеттерін берді. «...халықтарға барыңдар! Оларды... сендерге өсиет еткендерімнің бәрін де ұстануға үйретіңдер!» (Мф. 28:19,20). «Ұсынғанымды» деген жоқ, «өсиет еткенімді» (бұйрық еткенімді) деді.

Қазіргі кезде көп адамдарға Исаның тәуелсіздік туралы айтқаны ұнайды, бірақ бұл адамдар Исаның Құдайға ұнамды өмір сүруді талап еткеніне жеңіл-желпі қарайды. Таңдау жасауға ерікті адам екенімізді ұмытсақ, Құдайға ұнамды өмір сүру жайлы бұйрықты жай ұсыныс ретінде қарастырамыз.

Өсиеттер

Елшілер Исаның бұйрықтарын бізге жеткізді. Жоханның сөзін еске түсірейік: «Егер Құдайдың өсиеттерін орындасақ, Құдайды жақыннан танитынымызды білеміз» (1 Жохан 2:3). Әрі қарай Жохан: «Ал өсиеттерін орындағанымыз – Құдайды сүйгеніміз; оларды орындау қиын емес»,– дейді (1 Жохан 5:3).

Пауыл: «Сендерге Иеміз Исаның еркімен қандай нұсқаулар бергенімізді білесіңдер»,– деді (1 Сал. 4:2). Әрі қарай ол: «Құдай сендердің Өзіне бағышталып қасиетті өмір сүргендеріңді қалайды»,– дейді (1 Сал. 4:3).

Қасиетті өмір сүру үшін Исаның өсиеттерін ұстануымыз қажет.

Петір бізге анық өсиет береді – қасиетті өмір сүру. Ол ақыр заманда сенушілердің сенімі суып кететін қайғылы жағдайлардың болатынын айтады. Петір олар «қасиетті өмір сүруден бас тартады» деп жазды (2 Петір 2:21, NLT, ағылшыннан аударма). Жаңа Өсиетте Құдайдың өсиеттері ғана емес, қасиетті өмір сүруге нақты бұйрықтар да жазылған.

Ефестіктерге арналған хатта (4:25-29) қасиетті өмір сүру жайлы нақты бұйрықтарды көреміз.

Өтірік айтпаңдар.

Ашуланғанда күнә жасамаңдар.

Ұрлық жасамаңдар.

Балағат сөз айтпаңдар.

Жаңа Өсиетте ешқандай тыйымдар жоқ деп шынымен де айтуға болады ма? Жоғарыдағы нұсқаулар тыйым емес пе? Қалай ойлайсыз?

Бала кезімде әкем маған: «Балам, екі жағыңа қарап алмай, доптың соңынан жолға жүгіріп шықпа»,– дейтін. Әкенің бұл тыйымы мені жазалау үшін немесе маған ұрысу үшін емес, мені қауіптен сақтап қалу үшін берілген бұйрық еді.

Құдай жемісті, баянды, ұзақ өмір сүруіміз үшін неден бас тартуымыз керек екенін айтады. Сонымен қатар, бізде бұйрықты орындауға қажет күш (жанармай) – рақым бар.

Өтірік айтуды доғарыңыз

Жоғарыда келтірілген тыйымдардың әрқайсысын жеке қарастырайық. Құдайға қызмет етіп жүріп, мәсіхшілердің арасында өтірік айтудың ащы жемістерін жиі көріп, естимін. Жақында мен Мачу Пикчуға инктердің соқпақ жолымен жасалатын төрт күндік жорыққа он бес бизнесменді апардым. Табиғаттың әсем көріністеріне рақаттанумен, бір-бірімізге қызмет етумен және қиындықтарды жеңумен тамаша уақыт өткіздік.

Жорық барысында олармен жеке-жеке уақыт өткізіп, тауарын сату үшін өтірік айтқан бизнесмен мәсіхшілермен істес болғаны жайлы әңгімелерді олардың аузынан қайта-қайта естідім. Сенімдегі бауырлармен істес болғанда жалған уәде беру мен міндеттерді орындамау үйреншікті нәрсе болып кеткен. Мәсіхшілер сапасыз материалдарды қолданатынын, заң бұзатынын, уәдесінде тұрмайтынын, сапасыз қызмет көрсететінін келісілген мерзімді бұзатынын, т. б. естідім.

Бизнесмендердің бірі маған үй салатын жолдасы жайлы әңгіме айтып берді. Екеуі де бір ауданда үй салды. Әлгі сенуші «бауырымыз» басқа адамдардың, соның ішінде осы бизнесменнің жер телімдерінде (учаскелерінде) шұңқыр қазып, сол шұңқырға өзінің құрылысынан шыққан қоқысты әкеп төгетінін айтты. Содан соң ол қоқыс шығарудың ақшасын төлегісі келмегендіктен, қоқысты көміп, бетін тегістеп қоятын. Сол жорықта мен бұдан да тұрпайы әңгімелер естідім. Дәл осы әңгіменің есімде қалу себебі – әлгі «бауырымыз» ауданымыздағы қауымдардың бірінде мадақтау тобына жетекшілік ететін.

Өтірік тек бизнес саласында ғана емес, сонымен қатар үкіметте, медицинада, білім беру саласында, қызметте, отбасында, және достардың арасында айтылып жатады. Біз ұятқа қалудан қорқып, мансапқа жетуге, беделімізді сақтап қалуға тырысып, қалаған нәрсемізге қол жеткізуге ұмтылып өмір сүреміз. Өтірік қалаған нәрсемізге Құдайға сенім артпай-ақ жетуімізге көмектеседі.

Шын мәнінде мінәжат етпесек те, «Сен үшін мінәжат етіп жүрмін» деп бауырларымызға айтамыз ба? Балаларымызға уәде береміз де, уәдемізді орындамаймыз. Адамдармен келісіп, уәделесіп, уәдемізді орындаудан бас тартамыз.

Өз сөзіміздің дұрыстығын дәлелдеу үшін асыра сөйлейміз. Осының бәрі – басқа адамдарға зиянын тигізбей қоймайтын өтірік.

Өте маңызды нәрсеге назар аударыңыз: Исаның өсиеттерін орындаушыларға Оның құзыры уәде етілген. Забур жырларында: «Уа, Жаратқан, Сенің тұрағыңда кім тұра алады...»,– делінген (Забур 14:1). Бұл сұрақтың жауабы: «Өзіне қиын болса да, сөзін орындайды» (Забур 14:4). Киелі Кітаптың ағылшыннан аудармасында (The Message): «Одан зиян шексең де, уәдеңе берік бол»,– делінген.

Пауылдың ефестіктерге аралған хагында өтірік айтуға тыйым салғаны аз болса, Жақыптың сөзіне қарайық: «Қара бастарыңның абыройын ойлап, шындықты бұрмаламандар» (Жақып 3:14, NLT, ағылшыннан аударма). Қолостықтарға Пауыл осыған ұқсас өсиет береді: «бір-біріңе өтірік те айтпаңдар!» (3:9). Ойланып көріңіз! Пауыл арқылы Құдай бізге рақым туралы ұлы құпияны ашып берген еді, тура солай Ол тыйым салатын өсиет те берді. Жаңа Өсиетте Пауыл және басқа елшілердің осыған ұқсас сөздерін терсек, олар рақымға қарсылық көрсетеді деп ойлауымыз мүмкін, әрине олай емес.

Күнәларымызды ақтайтын рақым туралы айта беріп, оның күші туралы сөз қозғамасак, өз мүдделеріміз бен қалауымызға бағынған кез-келген іс-әрекеттерге орын береміз. Қасиетті өмір сүрмей-ақ, рақымға ие боламыз деген бір жақты тәлім беру арқылы рақымға ие бола аламыз ма? Киелі жазба бізді ар-ұятымызды елемеге үйретеді ме?

Ашу-ызаға бағынбаңыз

Тізімдегі келесі өсиет: ашуланғанда күнә жасамаңдар. Ашулы жұбайларымен бір үйде тұратын әйелдер мен еркектердің бейнелері көз алдымда. Өздерін сенушімін деп атайтын осы адамдарды

ашу кернегенде, үйінің ішін аласапыран қылғандары туралы талай рет естідім.

Ата-анасының ашуынан жәбір көрген балалар ше? Ашу-ызаға берілудің нәтижесі – жарақат, қираған мүлік. Ашудың құрбаны болған адамдар осындай адамның қаһарынан қорқып өмір сүреді. Ашу отбасының берекесін алып, тыныштығын кетіреді. Жексенбі күні бұл жанұя түк болмағандай қауымға келеді, бұл сырт көрініс қана. Өкінішке орай, осы өсиетті жиі елемейміз, не тіпті байқамаймыз да.

Бұл ашу туралы айтатын жалғыз аят емес. Жаңа Өсиетте ашу туралы бірнеше рет айтылады. Пауыл: «Әрқилы кекшілдік, ашу-ыза, айқай-шу, қаралау, тағы басқа барлық жаман нәрселерден арылыңдар!»,- деп анық айтады (Еф. 4:31). Жақып: «Ал енді, сүйікті бауырластарым, мынаны ескеріңдер: «Әркім тыңдауға жүйрік, ал сөйлеуге шабан, ашулануға баяу болсын»,- дейді. Ашу-ызаның жетегіндегі адам Құдайға ұнайтын әділ істерді жасай алмайды» (Жақып 1:19-20). Қолостықтарға арналған хатында Пауыл: «Ал мына қылықтарды енді тастаңдар: ашу-ыза, кек сақтау, қаралау, бейпіл ауыздық»,- дейді (Қолостықтарға 3:8).

Осы тыйымдардың барлығын жазған адамдар Құдайдың рақымы жайлы ашық білімге ие болған (Құдайдан рухани түсінік алған), солай емес пе?

Ұрлық жасамаңыз

Ұрлық жасағанды қойыңыз. Қарызға ақша алып, қайтармаған кезіңіз болды ма? Төлей алмайтын қарызға кіргеніңіз болды ма? Құдайдың батасына сенбегендіктен, біз даналыққа сүйенбей, одан сайын қарызға түсіп кетеміз. Ақырында өзін банкрот деп жариялап, барлық қарыздарды өтеуден босатылуға болады.

Ұжымдық ресурстарды өзіңіз үшін пайдаланатын кездеріңіз болып па еді? Бұл басқа адамдардың заттарын заңсыз иемденуді білдіреді.

Біз: «Мен – Құдайдың рақымымен құтқарылған сенушімін»,– деп батыл айтамыз, бірақ Исаның елшілері арқылы берген өсиеттерін сақтамаймыз.

Мен қауымның ешбір жиналысын өткізбеген бір бағушымен бірге жұмыс істедім, ол маған көрген кереметтерін айтып, ұзақ ораза кезінде мінәжат оңайлықпен берілетінін айтып мақтанды. Алайда ол қауымның ақшасынан мыңдаған долларды жымқырған болып шықты. Ақырында ол ұсталып қалды. Бұл – сенушілердің ұрлық жасап, өз әрекеттерін ақтағандары туралы көптеген әңгімелердің бірі ғана.

Өз табысымыздың бір бөлігін жасырып, салық төлеуден қашқақтайтынымыз бар ма? Олай болса, біз Пауылдың «алым-салық төлеп тұрыңдар» деген нұсқауына мән бермейміз (Рим. 13:6, NLT, ағылшыннан аударма). Біз ұрлығымызды азаматтық басшылықтың «жаман жұмысын» айтып, ақтауға тырысамыз. Екі зұлымдық бір жақсылыққа әкелмейтінін қашан түсінеміз?

Жаман сөз айтпаңыз

Киелі Кітаптың кеңейтілген аудармасы: «Ауыздарыңнан ешбір шіріген не ұятсыз, ащы не жиіркенішті сөз шықпасын, ешқашан бос сөз сөйлемдер»,– дейді (Еф. 4:29). Сенушілер бір-бірін жаман сөзбен сыбап, біріне бірі тіл тигізіп қорлап жатады. Осындай келеңсіз жағдайлардан зардап шегіп, жаман сөзден жаны жарақатталған адамдармен өте көп сөйлесемін. Олардың жаны зардап шекті, ол адамдар қайтадан қалпына келулері үшін біраз уақыт қажет.

Сенушілердің арасында бос сөз, қызметкерлердің офисінде әдепсіз әңгіме, әзіл-қалжыңдарды талай рет естідім. Кейбіреулер тіпті менбеде тұрып, бейәдеп сөздерді колданады

Жақында мен бір тамаша қауымда қызмет ететін ерлі-зайыптылармен дастархандас болдым. Бір үлкен халықаралық миссияны олар өздеріне үлгі тұтады екен.

Оларға сол ұйымның басшыларының бірі – әйгілі қызметкермен дастархандас болу мүмкіндігі туыпты. Дастархан басында әлгі қызметкер балағат сөз қолданғанын бірнеше ай өтсе де, шошынып еске алады.

Рақымды дұрыс бағаламаймыз

Не болды? Құдайдың алдында ұнамды өмір сүру бізге керек болмай қалды ма? Қазіргі заманға сай болғымыз келіп, Құдайдың өміріміздегі істерін ұмытқанымыз ба? Алға басу, өрлеу-өркендеу, ой-сананың өрістеуін 100 пайыз қолдаймын, біз қазіргі заманға сай болғанымызды дұрыс деп есептеймін, алайда, Құдайдың Сөзін орындаудан таю арқылы емес.

Өзімізге мынадай сұрақ қояйық: елшілер бізді Құдайдың алдында ұнамды өмір сүруге бағыттайтын нұсқаулардың қажет екенін түсінген, біз неге ол туралы айтпаймыз? Біз елшілерден ақылдымыз ба? Әлде біз Исадан да ақылдымыз ба?

Дұшпан бізді Хауаны еліктіргендей еліктіріп кеткені ме? Ол бізді басқаша еліктірді. Хауа жақсылық пен жамандықты танытатын ағаштың жемісін жеуге тыйым салатын өсиетті жақсы білген. Құдайдың сөзіне тікелей қарсы шықса, дұшпанның ниеті ашылып қалуы мүмкін. Ол осы тәуекелге бел буды.

Ал біз оның мақсатына жетуін өзіміз оңайлатып бердік. Жайлы өмірге бола, біз Құдайдың кейбір сөздерінен өзіміз бас тарттық. Құдайдың өсиеті есіңізде болар: «Құдай Ие адамға бұйрық беріп: Саған бақтағы күллі ағаштардың жемістерін жеуге болады. Бірақ жақсылық пен жамандықты танытатын ағаштың жемісін жемейсің!...» – деді.

Қазіргі таңда кейбір адамдар керісінше: «Бақтағы әрбір ағаштың жемісін жей аласың»,– дейді де, нүкте қояды.

Олар «жемейсің» деген өсиетті алып тастайды. Жемейсің деген сөз – Құдайға ұнамсыз іс-әрекетке салынған тыйым.

Негізі, біз Құдайдың рақымын жете бағаламаймыз. Рақым құтқарады, күнәмізді кешіреді, Құдайдың сүйіспеншілігінің тегін сыйы болып табылады деп айтуымыз дұрыс. Алайда, біздің болмысымызды өзгертіп, бұрынғыдан өзгеше өмір сүруге қабілетті ететінін айтпаймыз.

Біз адамдарға күнәдан арылтатын күшке ие болғандарын айтуға батпаймыз. Осының нәтижесінде, сенушілер Құдайға ұнамды өмір сүруге мән бермейді де, Құдайдың құзырынан айрылады.

Біздің іс-әрекетіміз маңызды.

Жақында мен әдеттегідей таңертең Киелі Кітап оқып отырдым. Жоспар бойынша бірнеше Забур жырын, Еврейлерге арналған хаттан үзінді оқуым керек болатын. Мен Забур жырларын оқып болып, Еврейлерге арналған хатқа көштім, сол сәтте кенеттен Киелі Рух: «Жоқ. Бұл хатты оқыма. Аян кітабын оқы»,– деді.

Бұдан бірнеше апта бұрын Киелі Рухтың жетелеуімен Аян кітабын оқи бастаған болатымын. Алғашқы екі тарауын оқыдым да, шынымды айтайын, әрі қарай оқығым келмеді. Ертеңіне өзімнің Киелі Кітапты оқу жоспарыма оралдым. Енді міне, екі апта өткен соң, сол тоқтаған жеріме – Аян кітабының үшінші тарауына – қайта оралдым. Иса Сардағы қауымға былай дейді:

«Мен сенің істеріңді білемін; жұрт сені тірі деп санағанмен (рухани) өлісін» (Аян. 3:1).

Біріншіден, Иса: «сенің істеріңді білемін»,– дейді. «Сенің сенімнің білемін» немесе «сенің пиғылыңды білемін»,– демейді. Басқа аудармада бұл сөз былай келтірілген: «Мен сенің істеп жүргеніңнің бәрін білемін». Қауымның әділдік позициясын емес, оның қасиетті өмірін – оның істері, әрекеттері, шешімдері, т. б. айтып тұрғаны анық.

Бұл қауымды жұрт тірі деп санайды екен. Бұндай әсер неден туады? Бәлкім, қауымның өсуі, танымал болуы, қауымның тамаша жи-

налыстары, жағымды көңіл райы шығар? Есіңізде болар, жағымды көңіл райын Құдайдың құзырынан ажырата алмай қалуымыз мүмкін. Әлдебір танымал әншінің концертіне барсаңыз, еліктіріп алып кететін көтеріңкі көңіл-күй мен тамаша кештен дәмеленген адамдардың көңілді күлкісін көріп естисіз, мұндай думан Құдайға ұнамды ма?

Қауымның өлі немесе тірісін білу үшін маңызды сұрақ қояйық. Исаның сөзіне бағынамыз ба, әлде Оның Өсиеттерін елемей, қауымдағы тату-тәтті достықты арттырумен ғана боламыз ба? Сонымен қатар тағы бір сұрақ қоюымыз керек: жүрегімізді ашып көрсететін, іс-әрекетімізді өзгертетін ақиқатты жариялаймыз ба, әлде тыңдаушылардың ой-санасы мен сезімдеріне ғана әсер ететін жолдау айтамыз ба?

Жоғарыдағы сөзінен кейін Иса былай дейді:

«Оян! Өзінде әлі де бар, бірақ жуырда өлмекші игі қасиеттеріңді нығайт! Себебі сенің істеріңді Құдайымның көз алдында жеткіліксіз деп таптым» (Аян. 3:2).

Иса тағы да олардың сеніміне емес, ісіне назар аударады. Жоғарыда айтқанымыздай, бұл Жаңа Өсиеттегі рұқсат пен тыйым, олар біздің іс-әрекетімізді әшкерелейді. Исаның айтауынша, бұл қауым қасиетті өмір сүруге ұмтылмайды. Әрі қарай Иса былай дейді:

«Өзің тындап қабылдаған шынайы ілімді есіңе түсіріп, ұстанып, теріс жолдан қайт! Ал егер оянбасаң, саған ұры сияқты сап ете түсемін. Менің келетін уақытымды ешқашан біле алмайсың» (Аян. 3:3).

Исаның айтқаны Сард қаласына емес, қауымға арналғанын есте сақтаңыз. Егер Оның сөздері сол тарихи қауымға ғана арналған болса, ол Киелі Кітапқа кірмес еді. Осы сөзді Киелі Кітабымызда көретін болсақ, оның бүгінгі күні пайғамбарлық сөз ретінде маңызы бар екеніне көз жеткіземіз. Ол сөз алғаш рет айтылғандағыдай, бүгінгі сенушілерге де дәл сондай қатысы бар. Құдайдың Сөзі тірі,

сондықтан осы Сөз бізге сөйлейді. Сондықтан Исаның сөзін осы тұста келтіріп отырмын.

Құдай бастапқы сенімімізге оралуымызды сұрайды. Басқаша айтқанда, қасиетті өмірден алыстап кеттік. Біз күнәкарлардан еш айырмашылықсыз өмір сүруге мүмкіндік беретін рақым доктринасын ойлап таптық. Бұл тәлім жаман емес шығар, алайда Құдайдың Сөзі не дейді?

Иса қауымға тәубе етіп, Өз сөзіне қайта оралуды бұйырады. Кейбір тәлімгерлер мәсіхші атанған адамға тәубе етудің керегі жоқ, себебі оның өткен, қазіргі кездегі және келешектегі күнәларының барлығы онсыз да кешірілген дейді. Олай болса, Иса Өзінің қауымына тәубе етіп, Оған оралу туралы не үшін айтады?

Көптеген адамдарға тартымды болып көрінетін бір жақты рақым туралы тәлімдерді алып қарасақ, оларды көбінесе қасиеттіліктің бұрмаланған, заңшыл жолдауларын естіп өскен жетекшілер ұсынатынын көреміз. Қасиеттілікті көптеген адамдар дұрыс түсінбейді, дегенмен қасиеттілік мәсіхшілер үшін іргелі маңызын жоғалтқан жоқ. Қауымның тарихында қасиетті өмір сүруге шақыру жалпы миссияның және әр адамның жеке борышында салмақты роль атқарады. Негізімізге, «шынайы тыңдап қабылдаған ілімімізге» қайта оралуымыз қажет.

Әрі қарай Иса былай деп жалғастырады:

«Дегенмен Сардтағы сендердің араларында арамданбаған бірқатарың бар. Олар аппақ киім киіп, Менімен бірге жүретін болады. Себебі олар соған лайық» (Аян. 3:4).

«Арамданбаған» деген сөзге назар аударыңыз. Пауыл Құдайдың құзырына қалай кіретінімізді айтқанын еске алыңыз: «Осы уәделердің бәрі де бізге берілгендіктен, сүйікті бауырластарым, тәніміз бен рухымызды арамдайтын барлық нәрселерден тазарып, Құдайды терең қастерлеп, толығымен Оған бағышталған қасиетті өмір сүрейік!» (2 Қорынттықтарға 7:1). Иса қауымның бағдарын қаси-

етті өмірге оралуға, тән мен рухты арамдайтын күнәкар өмір салтынан тазаруға шақыру арқылы түзейді.

Бұл бізді Оның құзыры мен Оның қайта келуіне дайын қалпымызда ұстайды: «...сергек болып, (кіршіксіз пәк) киімдерін дайын сақтағандар бақытты!» (Аян. 16:15). Қорыта келе, Иса былай дейді:

«Жеңіп шыққан әркім солар сияқты аппақ киім киетін болады; Мен оның есімін Мәңгілік өмір кітабынан өшірмей, Әкемнің және Оның періштелерінің алдында ашық мойындаймын. Құлағы барлар Киелі Рухтың қауымдарға айтқандарын жақсылап тыңдап алсын!» (Аян. 3:5,6).

Есімің Мәңгілік өмір кітабынан өшірілгенді есту – өте сұсты нәрсе. Дегенмен, бұл – Құтқарушының сөздері. Ол біз бастапқыда қабылдап, сеніп жүрген нәрсемізге үйлеспесе де, Құдайдың жазылған сөздері арқылы Киелі Рух не айтатынын тыңдап, оған көз алмай назар аударуымыз өте маңызды.

Құдай бізді тазартты, біз өз ісімізбен осы позицияға ешақашан лайық болмас едік. Алайда, Құдайға ұнамды өмір салты мен қасиетті іс-әрекет, әрине, Ол үшін өте маңызды.

Пауыл: «Өйткені Құдайдың бүкіл адамзатқа құтқарылуды ұсынатын рақымы анық білінді. Ол бізді Оған ұнамсыз қылықтар мен күнәкар дүниелік құмарлықтардан бас тартып, қазіргі заманда байыпты, әділ және Құдайға ұнамды өмір сүруге бағыттайды», – деп жазады. Бұл – өте анық нұсқау. Неге осы ақиқатты мінбеден жарияламасқа?

Құдайдың рақымына, құтқарылуы мен кешіріміне өз істеріміз арқылы қол жеткізе алмайтынымыз туралы тәлім беруді тоқтатпайық. Осы Ізгі хабарды дауыстап айтайық. Алайда рақымды жете бағаламауда тоқтатайық. Ақиқатты тұтастай жариялайық!

ЖАҚСЫ МА, ӘЛДЕ ТИІМДІ МЕ?

«Бәрін істеуге болады»,– дейсіңдер.
Бірақ бәрі бірдей тиімді емес...
— 1 Қорынттықтарға 10:23

... Толықтай қасиетті болу – көкке жетудің
міндетті шарты ғана емес... ол,
сонымен қатар, жердегі мәсіхшілік өмірде
ең жоғары жетістіктерге жету үшін қажет.
— Дуган Кларк

Жиі уағыздап, «көп беретін» қызметкерді Құдайдың басқа адамдарының уағызы қайта нәрлендіреді. Жақында мен сондай мүмкіндікке ие болдым. Уағыз айтқан бағушы – біздің еліміздегі үлкен қауымды басқаратын танымал қызметкер, ол жергілікті қауымды өсіру жайлы мықты тәлім береді. Ол кісінің жолдауы қызықты болды, жігер берді, ояныш әкелді. Мыңдаған тыңдаушылар оның әр сөзін көңіліне тоқып отырды.

Бір кезде ол жақсы болып көрінетін мынадай сөз айтты: «Менің айтайын деп тұрғаным жағымсыз естілуі мүмкін, көбінесе мен бұл сөзді айтпаймын, өйткені ешкімді әшкерелегім келмейді. Әшкерелейтін – жалғыз Киелі Рух қана». Бұл сөз құлаққа дұрыс болып естілгенімен, іс жүзінде қате еді.

Мен толқуымды басып көрдім, бірақ ештеңе шықпады. Осыған ұқсас сөздерді бұрын да басқа қызметкерлерден естігенмін. Бұл сөз

ақылға қонымды сияқты, бірақ әлдене мазамды алғандай болды. Сонда мен Пауылдың жас шәкірт Тимотеге айтқанын еске түсірдім. Жиналыстан кейін сол аятты тауып алып қайта оқыдым:

«Құдайдың сөзін уағызда! Мұны адамдарға ұнауы, ұнамауына қарамастан әрдайым орындауға табандылықпен ұмтыл. Олардың қателерін әшкерелеп, тыйым сал, әрі жақсылыққа жігерлендіре тұрып, зор сабырлықпен тәлім бер!» (Тимотеге 2-хат 4:2).

Біріншіден, бұл аяттың контекстін түсіндіріп жіберейін. Пауыл бұл хатын жазғанда, Тимоте Ефестегі үлкен қауымның бағушысы болатын. Осы тарауда Пауылдың жас шәкіртіне ғана емес, біздің бәрімізге де арналған Жаңа Өсиеттегі соңғы сөздері жазылған. Пауыл мұның соңғы жолдау екенін біліп, хаттың тақырыбы мен сөздерін өте мұқият таңдады.

Мен Пауыл «әшкерелеп, тыйым сал, тәлім бер» дегенде не айтқысы келгенін білу үшін өзімнің зерттеуімді бастадым. Киелі Кітаптың кеңейтілген аудармасын аштым, сонда осы аятты оқымастан бұрын, оның алдындағы аятқа назар аудардым:

«Құдай (Әке) алдында және қайтып келіп көрініп, Патшалық құрғанда тіріні де, өлгенді де соттайтын Иса Мәсіх атымен ТАПСЫРАМЫН» (Тимотеге 2-хат 4:2).

Тапсырамын сөзі бас әріптермен жазылған, әдейі солай қойдым. Бас әріптер мұнда байқаусызда басылған жоқ. Досым, грек тілінің маманы Рик Реннер көп жылдан бері грек сөздеріне қатысты сұрақтарыма жауап беріп отырады. Осы жолы да сөздің нақты мағынасын білу үшін сол кісіге жүгіндім.

Ол маған былай деп жауап берді:

«Грек тілінен «ТАПСЫРАМЫН» сөзі – *diamartutomaî*. Адам қоғамдық лауазымға кіріп, ант бергенде, осы сөз қолданылған. Оның антын қабылдаған адам сол елдің табынатын барлық құдайларын куәгер болуға шақырып (сол арқылы оқиғаның маңыздылығын көрсете отырып), адамды сол тәңірлердің қолына

«тапсырып», олар оның жұмысын бақылап отыратынын есіне салатын. Пауыл Тимотеге жазғанында былай дейді (парафраз): «Сен өзіңе айтқым келген сөздерімді оқығанда, Құдайды куәгер болуға шақырамын...». Бұл өте салтанатты сөз еді, ол Тимотеге Құдайдың Өзі оған қарап, оны тыңдап отырғанын ескерткен. Пауыл Тимотенің оған жазылғанның маңыздылығын түсінуін қалады. Гректің «тапсырамын» сөзі тыңдарманға үлкен жауапкершілік артатын»

Пауыл жас бағушы Тимотеге (және бізге) өте маңызды нәрсені айтады, және ол жазғаны орындалуға міндетті нұсқау ретінде қабылдансын деп қатты қалады. Рик айтқандай, Пауыл өз өтінішін Иса Мәсіхтің алдында жасады. Басқаша айтқанда, Тимоте не басқа кез келген қызметкер осы тапсырманы орындамаса, Құдай оларды соттайды. Өсиет мынадай:

«Құдайдың Сөзін уағыздап, жарияла! Жағдайдың қолайлы, қолайсыздығына қарамастан, [ыңғайлы не ыңғайсыз болсын, адамдар оны күткенде және күтпегенде Құдай Сөзін уағыздаушы ретінде сен адамдарға олардың өміріндегі қате нәрселер туралы айтуға тиіссің] асығыс бол [жақын жерде, дайын бол]» (Тимотеге 2-хат 4:2, ағылышыннан кеңейтілген аударма).

Ізгі хабар қызметкері осы тапсырмадан бас тартпай, «адамдарға олардың өміріндегі қате нәрселер туралы айтуға тиіс»!

Бірден бағушының сөзі туралы ойладымыз: «Ол сөздің маған қате болып көрінуі таңқаларлық жайт емес». Ол жақсы болып көрінгенімен, ақиқатқа сай емес еді.

Ол білген, білмесіне қарамастан Құдайға емес, жақсыға қарай бет бұрды. Ол жетекші жауапкершілікті Киелі Рухқа артты, бірақ Пауыл жауапкершілік – бізде екенін анық көрсетеді.

Жақында өте танымал бағушы жұбайымен бірге халықаралық жаңалықтар бағдарламасында сұхбат берді. Корреспондент жыныстық қатынастағы ұстамсыздық тақырыбына сөз қозғады. Сонда олар: «Адамдарға қалай өмір сүру керектігін айту – біздің шаруамыз емес»,– деді.

Бұл ерлі-зайыптылар адамдарды жақсы көретінін білемін. Олар күнәкарлардың Ізгі Хабарды естіп, тәубе еткендерін көргісі келеді. Олардың қызметтегі алдарына қойған мақсаттары – тамаша, қызметкерлердің барлығы осылай қызмет етсе жақсы болар еді. Дегенмен, біз «адамдарға олардың өміріндегі қате нәрселерді көрсет» деген Құдайдың тапсырмасының орнына өзіміздің «адамдарға қалай өмір сүру керектігін үйретіп қажеті жоқ» деген жақсы философиямызды қоя аламыз ба?

Елшілердің әрекеті осындай ма еді? Бірде Пауыл бір құтқарылмаған патшаға өзінің стратегиясын көрсетеді:

«Міне, осы себептен мен, Агриппа ағзам, маған көкпен аян беріп, Бұйырғанға бағынбай тұра алмадым. Керісінше, алдымен Дамаск пен Иерусалимнің, одан кейін бүкіл Яһудея аймағының тұрғындары мен басқа ұлт адамдарына да: «Теріс жолдан қайтып, Құдайға бет бұрындар, әрі соған лайықты іс істеңдер!» деп уағыз айтып жүрдім» (Елшілердің істері 26:19,20).

Күнәкарға теріс жолдан қайтып, Құдайға бет бұрып, одан кейін оған лайықты іс істеуді айту – адамға қалай өмір сүру керектігін айту емес пе? Өкінішке орай, Пауыл мен әлгі сұхбат берген ерлі-зайыптылардың ізгі хабарға көзқарастарының арасында үлкен айырмашылық бар. Бірі – Құдайдың көзқарасы, екіншісі – жақсы көзқарас.

Пауыл Құдай берген нұсқауларды орындауға шешім қабылдады, және ол шешімді басқа құтқарылмаған көшбасшы мен оның әйеліне көрсетуге тырысты.

Пауылдың маңызды сұрақтарды қоюдағы тактикасын байқаңыз:

«Бірнеше күннен кейін Феликс Друзилла есімді яһуди әйелімен қайтып келді де, Пауылды шақыртып алып, Мәсіх Исаға сену туралы айтқандарын тындады. Бірақ Пауыл әділдік, ұстамдылық және болашақ қиямет соты туралы айта бастағанда, Феликс үрейленіп: «Енді бара бер, реті келгенде, сені тағы шақыртып аламын»,– деді» (Елшілердің істері 24:24,25).

Феликс Пауылдың мәңгі өмір жайлы айтқанын тағы тыңдағысы келіп, оны шақыртып алды. Пауыл Феликс пен оның әйелімен сөйлескенде екі мәселе – моральдық тәртіп пен қиямет соты туралы айтты. Пауылдың сөзі әсерлі болғаны сонша, олар өзін ыңғайсыз сезінді. Пауылдың осы тактикасы біздің күнәкарларға қызмет еткендегі тактикамызға сәйкес келе ме? Кейбір қауым жетекшілерінің басты мақсаты – келесі жексенбі күні Құдай іздеушілерді жоғалтып алмау. Әрине, адамдарды әр жексенбі сайын қауымға қайтып келетіндей ету керек, бірақ бұл – басты мақсат емес. Пауыл адамдарды келесі жиналысқа келуге ынталандырған жоқ, шындықты айтты.

Жақында мен бір танымал жас бағушы қызмет еткен жиналыста болдым. Өзінің осы сапарында ол Құдайдың сүйіспеншілігі туралы жолдаумен бөлісті. Мыңға жуық адам оны тыңдау үшін кішігірім залға жиналды. Адамдар уағыздың басталуын асыға күтті. Уағыз басталарда, тыңдаушыларға алдымен уағыздаушының көмекшісі, содан соң уағыздаушының өзі тек «Ізгі хабар» ғана айтылатынын және бірде-бір «жағымсыз» (негативті) сөз айтылмайтынын ескертті. «Ізгі хабар» «жағымсызға» қарама-қарсы ретінде көрсетілді. Алайда, Ізгі хабар жағымсыз болып көрінетін кездер болады, әсіресе Ізгі хабар біздің қатемізді түзеткенде осылай.

Ал осы түзетулер өлім жолынан құтқарылу жолына апарар болса, оған қалай қарауымыз керек?

Өлгі уағыздаушы сахнада тұрып жиырма минут бойы шебер әзілдеп тыңдаушыларды баурап алды. Сосын ол Исаның бізге деген зор сүйіспеншілігі туралы айтты. Бұл жолдау уағыздаушының жүрегінен шыққан, жігерлендіретін жолдау еді. Осыдан соң ол құтқарылуды қабылдауға шақырды. Алайда тәубе етушілерге өмірлерін өзгерту керектігін, күнәкар дүниеден безіп, Құдайға бағынбаушылықты доғару керектігін айтқан жоқ. Құтқарылу үшін қажет негізгі міндетті шарт – рухани өлімге бастап әкететін қылықтардан бас тартып, күнәға өкініп тәубе етудің қажеттілігі туралы еш сөз қозғаған жоқ (Евр. 6:1). Сол күні құтқарылу мінәжатына шыққан адамдар көп болды.

Осы уағыздаушының айтқаны Пауыл елшінің Агриппа, Феликс, Друзиллаға айтқанына ұқсас па? Бұл Петірдің құтқарылғысы келген адамдарға: «Сондықтан теріс жолдан қайтыңдар! Сонда Құдай Ие күнәларыңды кешіреді»,– деп айтқанына сәйкес пе (Елшілердің істері 3:19, NLT, ағылшыннан аударма)? Сол күні мінәжат еткен адамдар шынымен де құтқарылды ма?

Шектен шығу

Жек көрінішті легализмнен алыстап барып, кері ауытқып неге шектен шығып кеттік, Ізгі хабардың негізін естен шығарып алдық? Осы сұраққа қайта оралайық.

Қауымның бүгінгі жетекшілері көбінесе қауымның катал әкелерінің (негізін салушыларының) тәрбиесінде өскен. Жиырмасыншы ғасырда қауымның негізін қалаушылар күнәні қатаң әшкерелеуден қорыққан жоқ, олар бізді қасиетті өмір сүруге шақырды. Ол кезде қазіргідей өте үлкен қауымдардың саны көп болмайтын. Күнәні әшкерелейтін, Киелі жазбаға сай, қатаң уағыздар қауымдағы шалағай сенушілерді қауымнан бездірді.

Кейінірек, стратегия өзгеріп, кейбір қауым жетекшілері тек қана жағымды, жігерлендіретін уағыздар айту арқылы қауымдағы адамдардың санын өсіруге болады деп шешті.

Киелі Кітаптан тек қана жігерлендіретін аяттарды іздеп, әшкерелеу мен түзетуден бас тарттық. Біз адамдарға олардың өмірінде Құдайға бағынушылықтың жоқ екенін айтуды тоқтаттық. Жиырма бірінші ғасырдағы стратегиямыз осындай болды. Дегенмен, Пауылдың Тимотеге жазған нұсқауларына назар аударыңыз:

«Құдайдың Сөзін уағыздап, жарияла! Жағдайдың қолайлы, қолайсыздығына қарамастан, [ыңғайлы не ыңғайсыз болсын, адамдар оны күткенде және күтпегенде Құдай Сөзін уағыздаушы ретінде сен адамдарға олардың өміріндегі қате нәрселер туралы айтуға тиіссің] асығыс бол [жақын жерде, дайын бол]» (Тимотеге 2-хат 4:2, ағылшыннан кеңейтілген аударма).

Осы үзіндінің грек тіліндегі нұсқасында *elegcho*, *eritimaio*, *parakaleo* деген үш маңызды сөз бар. Стронг сөздігіне қарасак, *elegcho* сөзінің мағынасы – «әшкерелеу, кемшіліктерін бетіне басу, түзету, жазғыру». Толық сөздікке сәйкес (*The Complete Word Study Dictionary*), одан да нақты анықтама беріледі: «Жаңа Өсиетте адамның қателігін дәлелдеп, әшкерелеу, сол арқылы ұялту». Қатты айтылған!

Eritimaio сөзінің мағынасы – «айыптау, мінін бетіне басу, кінәлау». Тік айтылған сөз емес пе?! Үшінші сөз – *parakaleo* – «жү-бату, жігер беру» дегенді білдіреді. Адамды қайраттандыру да қажет.

Пауыл бірінші екі сөзге терең мән беріп, қызметкерлерден түзететін, әшкерелейтін, тыңдаушының мінін бетіне басатын, қателіктерді дәлелдейтін уағыздар айтуды талап етті. Осы екі сөздің анықтамасына терең үңілсек, қазіргі батыс қауымдарының жетекшілері ұстанатын бағыттың дұрыстығына күмәнданамыз. Бүгінгі стратегия – Құдайдың даналығы ма, әлде жақсылықтың даналығы ма? Конференцияларда әр елдегі қауымдарда жиырма бес жыл бойы қызмет етіп келе жақтан мен біз жақсылық жағына ауытқып кеттік деп айта аламын.

Осыған орай мен сіздерге көптеген әңгіме айтып берер едім, бірақ біреуін ғана келтірейін. Мен АҚШ-тың солтүстік-батысында бір үлкен қауымға қызмет етуге шақыру алдым.

Осы қауымның бағушысына, оның еңбегіне мен тәнті едім. Сондықтан, сол бағушымен, оның жанұясымен, оның әріптестерімен, қауымымен кездесуді асыға күттім.

Кездесуден бірнеше апта бұрын, бағушыдан электрондық хат алдым. Онда: «Джон, біз сенің келуіңді, біздің қауымға сен арқылы Құдайдың айтатын сөзін асыға күтудеміз. Сен уағызға дайындалып жүрген кезде біздің мәдениетіміз жайлы айта кетуді жөн көрдім. Біз позитивті қауымбыз, адамдарымыз жағымсыз (негативті) жолдауларды естіп үйренбеген. Сондықтан, сұрайтыным, сенің жолдауың жігер беретін жолдау болсын, әрі адамдардың рухын көтеретін болсын»,– деп жазылыпты.

Осы «даналық» Пауылдың Тімотеге жазғанымен қалай үйлеседі деген сұрақ туады. Салыстырмалы түрде мен «позитивті» және «негативті» сипатта жазылған сөздерді қарастырамын.

Позитивті: 1) parakaleo: жұбату, жігер беру

Негативті: 1) elegcho: әшкерелеу, кемшіліктерін бетіне басу, түзету, жазғыру

2) eritimaō: мінін бетіне басу, талап ету

Пауыл бізден үш нәрсені талап етеді. Оның екеуі «негативті», және біреуі ғана «позитивті» болып саналады. Басқаша айтқанда: 67 пайыз «түзету» және 33 пайыз «көтермелеу» болуы қажет. Уағзымыздың 67 пайызы түзететін уағыз болу керек деп айтпаймын. Алайда, тепе-теңдікті бұзып жүрген жоқпыз ба? 100 пайыз жігерлендіріп, көтермелейтін уағыздарды айтатын болсақ, нәтижесінде қауымдарымыз Құдайдың еркін орындап жүргендеріне сенімді, ал шын мәнінде Оның құзыры мен еркінен алыстап баратқан адамдарға толы болмайды ма?

Талаптың мағынасы

Еврейлерге арналған хатта былай делінген:

«Кезінде әрбір жаза қуаныш емес, реніш туғызады. Ал соны басынан өткізіп тәрбиеленгенге ол кейінірек әділдік пен тыныштықтың игілікті жемісін береді» (Евр. 12:11).

Осында екі маңызды аспект бар. Біріншіден, жаза реніш туғызады! Жігерлендіру реніш туғызбайды, түзету, кінәлау мен айыптау реніш туғызады. Екіншіден, Пауыл айтқан жаза – қасиетті өмір сүруге қажет жаттығу. Өзімізге сұрақ қояйық, Құдай бізді қалай жаттықтырады?

«Киелі жазбалардың бәрі Құдай Рухының жетелеуімен жазылған. Олар тәлім беру, әшкерелеу, түзету әрі әділдікке тәрбиелеу үшін тиімді. Осылай Құдайдың адамы барша игі іске дайындалып, толықтай даяр болмақ... Құдай (Әке) алдында және қай-

тып келіп көрініп, Патшалық құрғанда тіріні де, өлгенді де соттайтын Иса Мәсіх алдында саған мықтап ескертемін: Құдайдың сөзін уағызда! Мұны адамдарға ұнауы, ұнамауына қарамастан әрдайым орындауға табандылықпен ұмтыл. Олардың қателерін әшкерелеп, тыйым сал, әрі жақсылыққа жігерлендіре тұрып, зор сабырлылықпен тәлім бер!» (Тімотеге 2-хат 3:16,17; 4:1,2).

Тәлім беру, әшкерелеу, түзету әрі әділдікке тәрбиелеу деген сөздерді байқадыңыз ба? Енді Киелі жазба бізді әділдікке тәрбиелейтініне, Пауыл Тімотеге тәлім бер деп айтатынына назар аудардыңыз ба? Қорытындылай келе, Пауылдың талабының мағынасын анықтаймыз:

Тімоте, Ізгі Хабардың басқа да қызметшісі, мынаны біл: Құдайдың тәрбиесі ауыр, алайда ол бізді қасиетті өмір сүруге жаттықтырады. Құдай бұл тәрбиені (жаттығуды) Киелі Рухтың жетелеуімен жазылған, әрі Оның Сөзін айтатын адамдарды жабдықтайтын Киелі жазба арқылы жүзеге асырады. Сондықтан, Құдайдың сөзін уағызда. Себебі сен Құдайдың елшісі ретінде адамдарға олардың өмірі дұрыс емес екенін көрсетуге міндеттісің. Осыған Киелі Жазбаны дәл қолдана отырып сүйіспеншілікпен мінін бетіне басу, күнәні әшкерелеу, түзету, тәрбиелеу, нұсқау беру, жігерлендіру арқылы қол жеткізуге болады. Бұл – тыңдаушыларды қасиетті өмір сүруге жаттықтыру үшін Құдайдың жасайтын әрекеті (парафраз).

Осы келтіргенім жиырма бірінші ғасыр мәдениетіне қарама-қарсы келетіні сонша, көп адамдарды аң-таң қылады. Бізге қандай қауым керек – адасып жүрген қауым ба, әлде қуатты қауым ба? Біз қандай адамдарды тәрбиелегіміз келеді – алданған адамдарды ма, әлде дұрыс тәлім алған адамдарды ма? Осы нұсқаулар біз өзіміз байқамай Құдай жүрегінің қалауларынан алыстап кетпеуіміз үшін берілген. Біз сенім арқылы Исамен бірге жүргіміз келсе, Киелі жазбаға тамыр жаюымыз керек. Өзгеріс енгізіп, дұрыс тәлімде тәрбиеленген қауымның пайда болуына кәугер болайық!

Қалаған нәрсе ме, әлде пайдалы нәрсе ме?

Пауыл Киелі Рухтың жетелеуімен қауым қызметкерлері мен қауымға келушілердің осы нұсқауларды ұмытатынын алдын ала біліп, келешек құлауды болжаған:

«Себебі адамдар дұрыс, салауатты, біртұтас тәлімді еш қабылдамайтын (оған еш шыдамайтын) уақыт та туады. Олар жеке құмарлықтарының жетегінде кетіп, құлақтарына жағатындарды ғана айтатын, олардың қателіктерін аялап-мәпелейтін тәлім берушілерді көптеп шақырып, соларды тыңдайтын болады» (Тимотеге 2-хат 4:3, ағылшыннан кеңейтілген аударма).

Дәл осындай уақытқа қош келдіңіз! Өзімізге келесі сұрақты қояйық: біз жігерлендіретін, қуанышты, позитивті және жеңіл жолдауларды ма, әлде ескерту, сөгіс, түзету, қателерді тікелей көрсету, әшкерелеуді естігіміз келеді ме?

Әр адам, мені қоса алғанда, басқалар оған жеңіл, жағымды нәрселерді айтқанын артық көрер еді. Мен өзім позитивті адаммын, сондықтан көбінесе оптимистік ойларды жақтаймын. Мені кез-келген адам қолдар еді.

Егер жаныңызда екі қауым болып, бірінде өз күнәларыңыз жайлы әрдайым сөгіс еститініңізді білсеңіз, ал екіншісінде әрдайым қуанышты, жігерлендіретін жолдау уағыздалатынын білсеңіз, әрине, екінші қауымның жиналыстарына барып тұрар едіңіз. Пауыл тура осы жайлы айтты – адамдар Құдайдың орнына жақсыны таңдайтын болады. Дегенмен, басқаша сұрақ қойған дұрыс – не нәрсе пайдалы, ал не нәрсе біздің қалауымыз ғана?

Шыншыл болайық. Адамдардың көбісі жолдаулардың осы екі түрінің арасындағы маңызды таңдау жайлы ешнәрсе естігісі келмейді. Стив – денесінен қатерлі ісік (рак) табылған адам дейік. Ісікті бастапқы кезеңде хирургиялық жолмен кетіруге болады, сонда еш қауіп төнбейтін болады. Дәрігер: «Біз ісікті қарапайым операция арқылы алып тастай аламыз»,– дейді.

Стив тағы бір дәрігердің пікірін естігісі келеді. Басқа дәрігер медициналық зерттеулердің нәтижесі мен университетте оқыған нұсқаулықтарды ескермейді. Ол жай ғана дәрігер болып, адамдарға көмектескенді ұнатады. Ол Стивке оның алдағы тамаша өмірі туралы айтып, ол еш қам жемесін дейді. Дәрігер: «Стив, сіздің денсаулығыңыз өте жақсы, уайымдауға еш себеп жоқ»,– деп тыныштандырады.

Стив өзін жеңіл сезініп, екінші дәрігердің кабинетінен шығады. Ол: «Бұл не деген жақсы дәрігер. Мені қатты мақтады. Рухымды көтерді»,– деп ойлайды. Бірінші дәрігердің айтқаны Стивтің көңілін қалдырды. Ол оның денсаулығы туралы жағымсыз нәрселер айтып, ыңғайсыздық туғызатын, біраз қаржы қажет ететін операцияны ұсынды. Ол Стивтен денсаулығының жағдайын жасырған жоқ. Ол барлығын анық айтып, пациентінің көңілін көтеруге ұмтылған жоқ.

Екінші дәрігердің пікірін естіген Стив абыржуға еш себеп жоқ деп ойлады. Алайда екі жылдан кейін Стивтің денсаулығы нашарлап, оның өмір сүруіне екі-ақ апта қалды, себебі кішкентай ғана ісік үлкейіп өсіп, өмірге қауіп туғызатын дәрежеге жетті. Ісік өмір үшін маңызды бірнеше мүшелерді зақымдады. Енді ешбір ем Стивке көмектесе алмайды.

Екі жыл бұрын жағымды дәрігерді тыңдау оңай болды. Алайда сол кезде не қажет болды: шындық әлде жағымпаздық, емдейтін дәрі әлде позитивті әңгіме? Стив дені сау екенін естіді, бірақ шын мәнінде олай емес еді. Енді әлденені өзгерту тым кеш. Стив бастапқыда ақиқатқа құлақ түрмегеніне өкінді.

Біз – батыстық қаумының жетекшілері мен қауым мүшелері – тура осындай рухани жағдайға түскеніміз мүмкін бе?

Израил тарихында діни жетекшілер тек жағымды қызмет жүргізген уақыт болды. Олар ашық тайталастан қашып, тек оптимистік сөздерді айтты. Құдай осындай жолдаулар туралы былай дейді: «Олар халқымның терең жарақатын жеңіл-желпі таңа салып: «Амандық пен тыныштық болады!» деп халықты алдайды. Алайда амандық пен тыныштық жоқ қой!» (Еремия 8:11).

Олардың айтқандарының Стивтің екінші дәрігерден естігенінен еш айырмашылығы жоқ.

«Маған Оның уағыздары ұнамайды!»

Ақиқаттың түзетуін қабылдамау – көне заманнан бері келе жатқан мәселе.

Бірде Исраил патшасы бір істі жоспарлап қойып, оның сәттілігін білу үшін жүздеген кеңесшілерін шақырды. Бұл кеңесшілердің патшаға шындықты айтуға мүмкіндігі болды, бірақ олар бірінен соң бірі: «Иә, сен жеңіске жетесің»,– деді. Содан соң олар бұл іс қандай жақсылықпен аяқталатынын айтып берді.

Яһудилік патша да сонда еді, оның жүрегі Құдайға ұмтылды. Ол ақиқатты іздегендіктен, оны ажырата білді. Барлық кеңесшілердің сөзі бір жерден шыққанымен, ол бұл Құдайдың дауысы емес екенін білді. Ол сезімтал жүрегі құптайтын сөзді күтті.

Ақырында Иудея патшасы Исраил патшасынан: «Шындықты айта алатын кеңесшілерің жоқ па?»– деп сұрады. Исраил патшасы: «Жаратқан Иенің еркін сұрап білуге болатын әлі де бір адам бар. Бірақ оны жек көремін, себебі ол маған әрдайым жақсы емес, тек жағымсыз нәрселереді ғана уағыздайды»,– деп жауап берді (3 Патшалықтар 22:8, The Message). Дегенмен, досының көңілінен шығу үшін, ол сол «негативті» пайғамбарды шақыртты.

Пайғамбардың аты Миқая еді. Патшаның жіберген адамы Миқаяны тауып алып, оған: «Тыңда, пайғамбарлардың бәрі бірауыздан патшаға жағымды сөз айтуда. Сенің сөзің де солардікіндей болса екен! Сен де жағымды жайтты болжамдарсың!» – деді (3 Пат. 22:13).

Бірақ Миқая: «Мәңгі тірі Жаратқан Иенің алдында шын айтамын: Жаратқан Ие маған нені білдірсе, тек соны ғана айтып беремін!» – деп жауап қатты (3 Пат. 22:14). Ол расында да Құдайдың сөзін айтты, осы түзететін сөз патшаны ашуландырды. Ақырында Миқаяның айтқаны ғана орындалып, патшаның позитивті кеңесшілері қателескен болып шықты.

Миқая секілді ақылшылар мен қызметкерлер қазір де бар ма екен? Бізді қорғай алатын олардың әшкерелеуі мен ескертулерін неге жиірек естімейміз? Неліктен олардың қасиетті өмір сүруге шақыратын кітаптары бестселлерге айналмайды? Олар неге көпшілік сүйер уағыздаушылар емес? YouTube желісінде олардың уағыздары неге ең танымал емес?

Құдай Пауыл елші арқылы қауымға анық нұсқау бергенмен, неліктен біз тіпті басқа тәлім береміз? Бір танымал бағушы бірде маған: «Джон, еліміздегі жемісті ірі қауымдарды басқаратын бағушылардың көбісі үміт, рақым, жігер беретін уағыздарды айтады», – деді. Оның көмекшілерінің бірі: «Джон, сен өзіңнің рақым туралы тәлімге деген көзқарасыңды өзгертерсің?» – деп қосты. Оған Құдайға ұқсас болып өзгеруімізге күш беретін рақымды қабылдау қиын еді.

Бізге шынымен де үміт, жігер, сонымен бірге түзету, тәртіп-тәрбие, әшкерелеу де қажет. Пауыл осыны Тимотеге тапсырған еді. Неге осының бәрі бірге айтылуы тиіс? Неліктен тепе-теңдікті ұстанғанымыз маңызды? Пауылдың Тимотеге айтқынының бәрін адамдарға жеткізуіміз керек.

Негізгі құрамдас бөлік

Тағы да бір мысал келтірейін. Ұсталған автобомильдерді сататын айлакер қу сатушы сізге естігіңіз келген нәрселерді айтады. Ол сізге жылы ұшырап, әзілдеп-күледі, керемет ақылды адам екеніңізді айтып мақтайды, сол ақылыңыздың арқасында барлық машиналардың арасындағы ең жақсысын таңдағаныңызды айтады.

Сіз: «Мәссаған! Тіпті әйелім де мені осынша мақтамайды!» – деп ойлайсыз. Әйеліңіз сізді сүйеді де, сондықтан ондай сөз айтпайды, ал сатушы ақшаңызды қолға түсіру үшін сізді алдаусыратады. Шындықты айтатын жолдаулардың ең маңызды құрамдас бөлігі – сүйіспеншілік. Қауымда айтылатын уағыздар, жанашыр жүректен шығып, сүйіспеншілікке негізделуі керек.

Бірде қауым жиналысынан кейін, менің жаныма бір жас жігіт келіп: «Сіз сияқты мен де пайғамбарлық сөз айтып, қауымды түзетуге шақырылғанмын»,– деп жымыды.

Осы сөзді айтуы маған оғаш көрінді. Оның ниеті – адамдарға қамқорлық жасау емес, оларды сөгіп, ұрысу екенін сездім.

Одан: «Пайғамбарлық сөзді айтудың сырын білгіңіз келеді ме?» – деп сұрадым. Ол жемісті қызмет етудің құпиясын білуге асығып дәмеленді. «Адамды әшкерелейтін, не түзететін сөз айтқанда, сіз ол адамды шексіз сүйеге міндеттісіз»,– дедім.

Ол маған аң-таң болып қарап тұрып: «Құдай менің жүрегімді өзгертуі керек деп ойлаймын»,– деді. Осыны мойындай алғаны үшін, сол жігітке риза болдым.

Өзім де тайталас туғызатын жолдау уағыздауды кейде қиын көремін. Мен адамдарды, қауымды, Құдайдың қызметшілерін шын жүректен жақсы көремін. Түзетудің қажеттілігі жайлы осы кітапты жазып отырғанда, жүрегім қарс айырылуда, өйткені мен адамдарға тек жігер беріп, оларды жұбатып, рухтандырғым келеді. Алайда, нағыз сүйіспеншілік – шыншыл екенін, оның жағымпазданып, алдаусыратпайтынын да білемін. Ол тыңдаушыға шипа әкелу үшін шындықты айтады. «Қайта, бір-бірімізге шындықты сүйіспеншілікпен айтамыз және қауымның Басы – Иса Мәсіхпен тығыз байланысымызда жан-жақты өсіп жетілеміз»,– дейді Пауыл (Еф. 4:15).

Түзету туралы айтып, қасиеттілік жайлы сұсты кейіппен сөз қозғайтын қызметкерлер бар. Олардың адамдарға деген жанашырлығы жоқ дерлік. Бұл өте қайғылы жайт. Біз тыңдаушыларымызға деген сүйіспеншілікке негізделіп, сол сүйіспеншілікпен әрекет етуіміз керек. Ең басты ниетіміз сүйіспеншілік болу керек, олай болмаса, үндемеуіміз керек. Бәрінен де біз адамдарға жақсылық тілейтін болуымыз керек. Адамдарға «Мен саған айтып едім ғой», «Мен сенен жақсы білемін» немесе «Мен сенен жақсымын ғой» деген көзқарастан бас тартуымыз керек. Адамдарға деген ниетіміз жақсы, сөзіміз жылы болуы керек. Тыңдаушыларымызды жоғары бағалап, өзімізден жоғары қоюымыз керек. Құдай Әкенің, Иса Мәсіхтің, Киелі Рухтың жүрегі осындай.

ҚАСИЕТТІ ӨМІРГЕ ДАҒДЫЛАНУ

Досыңның сөгуі шынайы,
Дұшпаныңның сүюі алдамшы.
— Нақыл сөздер 27:6

Құдайдың сүйіспеншілігіне деген жалған көзқарас арқылы Құдайдың қасиеттілігін кемітетін не жоятын нәрсенің барлығы Иса Мәсіх берген Құдай туралы рухани түсінікке сәйкес емес.
— Освальд Чемберс

Коуч – клиентінің өмір сапасын жақсартумен айналысатын адам. Пауыл елші бізді бір жағынан рухани коуч болуға шақырады. Құдайдың жолымен жүргенде өз өміріміздің сапасын ғана жақсартып қана қоймаймыз, сонымен қатар қамқорлығымыздағы адамдардың да өмірін жақсартамыз.

Құдайдың жолдарын жақсарту мүмкін емес. Адам мен Хауа осыған талпынды да, қайғылы жеңіліске ұшырады. Осы орға олар бірінші болып түсті. Сондықтан коуч ретінде біз нұсқау береміз, ескертеміз, әрі түзетеміз. Адамдарға ескерту жасап, түзетпесек өлім мен үмітсіздік жолымен төмен қарай құлдырай беруіне жол береміз.

Пауылдың Тимотеге «Құдайдың сөзін уағызда! Құдайдың Сөзін уағыздаушы ретінде олардың қателерін әшкереле» деуінің себебі осында (2 Тимотеге 4:2, ағылшыннан кеңейтілген аударма).

Ефестіктерге арналған хатының соңында Пауыл елші рақымның күшіне бөленген жаңа болмыс туралы айтады. Жаңа болмыс пен рақымның күші бірге әрекет еткенде адамның Құдайға ұқсас болып өзгеруіне, Мәсіхке сәйкестенуіне және азғындық жолынан аулақ болуына мүмкіндік туады.

Содан соң Пауыл осындай адамның өмірін сипаттайтын өсиеттердің тізімін береді. Көне Өсиеттің заңдарына қарағанда, бұл өсиеттер ауыр емес, жүзеге асырымды. Біздің болмысымыз – жаңа, сондықтан Құдай бізден осы өсиеттерді орындауды талап етеді.

Өсиеттердің тізімін еске түсірейік:

«Араларыңда неке адалдығын бұзу, әр қилы азғындық пен ашкөздіктің тіпті аттары да аталмасын. Құдайға бағышталған адамдарға бұлардан аулақ жүру лайық. Сендерге әдепсіздік жасау, ақымақ сөз бен тұрпайы қалжың айту емес, шүкірлік ету жарасымды... Арақ-шарап ішіп, мас болмаңдар» (Еф. 5:3,4,18).

Тыйым салынған іс-әрекеттердің тізіміне ұқсас. Қайталап айтатын, осы өсиеттерді орындау арқылы құтқарыламыз деу дұрыс емес. Бұл – күнәкар дүниемен ойнастық қарым-қатынастан аулақ болып, Исаның айқын құзырында қалуымызға мүмкіндік беретін өсиеттердің тізімі. Күнәкар іс-әрекеттерді атап өтейін.

Өткен тарауда айтылғандай:

- Өтірік айтпаңдар
- Ашуланғанда күнә жасамаңдар
- Ұрлық жасамаңдар
- Балағат сөз айтпаңдар
- Сексуалдық азғындыққа салынбаңдар

Тізімді толықтырсак:

- Жүгенсіздікке берілмеу
- Сараң болмау
- Әдепсіз сөйлемей
- Ерсі, орынсыз қалжың айтпау

Жаңа Өсиет – рақым туралы жолдау, онда ешқандай нұсқау, және тыйым жоқ деген пікір кең тараған. Жоғарыдағы тізім сол Жаңа Өсиеттегі 27 кітаптың бірінен ғана алынған! Осы тізімді құрастырған – рақым туралы терең рухани түсінік алған елші! Біз осы өсиеттерді орындаймыз ба, әлде елеусіз қалдырамыз ма?

Азғындық

Тізіміміздегі бірінші пункт – сексуалдық азғындыққа салынбау. Құдайдың балалары ретінде бізге неке адалдығын бұзуға, гомосексуалды қатынасқа, некеден тыс жыныстық қатынасқа тыйым салынған.

Неке қимай тұрмыс құратын, өздерін мәсіхші санайтын жұптарды жиі кездестіремін. Қауымдарда бұл үйреншікті нәрсеге айналып бара жатыр. Мұндай жұптардың көбісі қасиетті сенім туралы, «өмірлеріндегі Құдайдың істері» туралы ашық, шабыттана айтады. Өшкерелеу, айып немесе өкінуге орын жоқ. Олар некеге дейін тұрмыс құрудың дұрыс еместігіне сенбейді. Неліктен? Олар Пауыл, Петір, Жақып, Жохан және Яһуданың Құдайға ұнамды, пәк таза өмір сүру жайлы жолдауларын естімеген болар. Бағушыларының жексенбілік уағыздары көтермелейді, жігерлендіреді, бірақ әшкерелемейді, шындықты айтпайды. Бұл адамдар қасиетті өмір сүруге дағдыланбаған.

Американдық қоғамда гомосексуалист болу, неке қимай тұрмыс құру, некеден тыс жыныстық қатынастар үйреншікті, тіпті дұрыс деп саналады.

Өкінішке орай біз, Ізгі хабар мәсіхшілері Киелі Жазбаларды үстіртін ғана білеміз. Құдайдың Сөзіне терең мән бермей, көбіміз қазіргі мәдениеттің құндылықтарын санамызға сіңуіне жол бердік. «Бір-бірімізді сүйетін болсақ, неге бірге тұрмасқа?» деген қоғамдық пікірге ереміз.

Ал гомосексуализм ше? Ол да кең тарап бара жатыр, және қауым табалдырығын аттамаған адамдар арасында ғана емес. Жақында Facebook желісінде кезінде бір мәсіхшілік ұйымның

бөлімін басқарған әйелдің жеке парақшасын көрдім. Енді ол басқа әйелге ғашық болып, екеуінің неке қимақ ойлары бар. Олардың бірге түскен суреттерін көріп отырып қатты қынжылдым.

Өткен жылдарда Құдаймен қарым-қатынасынан тайғандар адасқандарын білетін. Алайда әлгі әйел Құдайдың сүйіспеншілігі мен өзінің Оған бағышталғандығы туралы қуана айтады. Иса: «Сендер Жаратқан Иенің әуел бастан-ақ «адамды бірін еркек, бірін әйел қылып», бірі үшін бірін жаратқанын (Тауратта) оқымап па едіңдер?! Құдай екі жыныстың осы жарасымды одағын жаратқандықтан, адам Оның жаратылысын арамдамау керек»,– деп анық айтса, ол қалай ғана басқа әйелмен неке қия алады? (Матай 19:4,6 The Message, ағылшаннан аударма). Иса неке екі жыныс – әйел мен еркек үшін деп айтады. Неке ұғымын арамдайтынын бұл әйел неліктен білмейді? Қауым мінбесінен бұл туралы анық айтылмап па еді?

Қоғам Құдайдың неке жайлы бастапқы жоспарынан алыстап бара жатқанын түсінемін. Құтқарылмаған адамның болмысы – күнәкар болмыс. Осы дүниеде Құдайсыз өмір сүретіндердің шындығында ненің жақсы, ненің жаман екені туралы түсінігі өте шектеулі. Олардың іс-әрекетіне қынжылудың керегі жоқ, себебі олар болмыстарына сәйкес әрекет етеді. Сенушілер күнәкар дүниеде жақсы, дұрыс деп танылған нәрсе Құдайға да жарамды деп санауы өте өкінішті жайт. Статистика бойынша, гомосексуалды өмір салты мен гомосексуалды некені қолдайтын қауымдардың саны өсіп келе жатыр.

Қауымдар сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде де қолдайды. Келесі үзіндіні мұқият оқыңыз:

«Егер әділ адам өзінің ізгі іс-әрекетінен бас тартып, әділетсіздікке салынса,... өлімге душар болады. Егер сен оған ескертпесең, ол өз күнәсі үшін өледі. Оның бұрын істеген әділ істері ескерілмейді. Бірақ сен оның өліміне кінәлі боласың» (Езекиел 3:20).

Мұнда сенушіні – әділ адамды алдын-ала ескерту жайлы айтылған. Сенушілерді алдын-ала ескертіп, күнәларын әшкерелемсек, ол апатқа соқтырады.

«Джон, бұл Көне Өсиет қой. Жаңа Өсиеттің қызметкерін адам өлімі үшін қалай ғана жауапқа тартуға болады?» деп айтарсыз.

Бірде жетекшілер конференциясындағы уағыздан кейін бір бағушы осы мәселе бойынша менімен сөз таластыра бастады. Ол ашуланып: «Басқа адамдардың өлімін бізге жүктеуге қалай ғана батылық барды? Қазіргі заман Көне Өсиет заманы емес қой»,– деді.

«Елшілердің істері кітабының 20-тарауын ашып, 26-шы және 27-ші аяттарды дауыстап оқышы»,– деп жауап бердім. Бағушы: «...ешкімнің қанын мойныма жүктемеймін деп мәлімдеймін. Себебі мен уағыз айтқанда ештеңені жасырмай, Құдайдың еркін түгел жарияладым»,– деп оқыды.

Бағушы аң-таң болып қарады да: «Джон, бұл сөзді бұрын да оқыған болатынмын. Алайда дәл осы мағынасын түсінбеген едім»,– деді. Әңгімеміздің соңында: «Сені айыптауға мәжбүр болдым, кешір»,– дедім. Оның адалдығына риза болдым.

Қауым жетекшілеріне үндеу тастағым келеді. Бұл сөздерді Пауыл ефестіктерге айтады, алайда біз де, Құдайдың Сөзін Оның халқына толық жеткізбесек, айыпты боламыз. Біз тек «жігерлендіретін» жолдау ғана айтатын болсақ, Құдайдың еркінің едәуір бөлігін айтпай, жасырып қалған боламыз. Сондықтан адамдарымыз бірте-бірте дүниеде жақсы болып саналатын нәрселерге еріп кете береді.

Олар ерке, тәртіпсіз балалардай болады. Қорытынды: олардың қаны біздің мойнымызға жүктеледі.

Бір мысал келтірейін. Интернет желісінде аса ірі қауымның жиналысын қарадым. Онда бағушы өзінің гомосексуалист екенін ашықтан-ашық жариялап, мойындады. Ол жасырынудан шаршағаны туралы, осылай өмір сүретін басқа адамдардың өзін кінәлі сезініп қиналғандарын қаламайтынын айтты.

Ол Киелі Жазбадағы Құдайдың гомосексуализмге көзқарасын көрсететін аяттарды бірінен соң бірін келтірді. Содан соң, өзінің жыныстық ориентациясын ақтап алу үшін былай деді: «Пауыл елші біздің «Иса Мәсіхпен тығыз байланыста» кім екенімізді жақ-

сы білді, алайда адамдардың қарым-қатынасын жете түсінбейтін». Осы сөзімен ол Пауылдың жыныстық қатынас туралы айтқанын бүркемелеп қойды. Сонан соң ол былай деп жалғастырды: «Пауыл Римдіктерге арналған хаттың бірінші тарауында Құдайға бас имесек, гомосексуалист болып кетуіміз мүмкін екенін айтқанда, барлығын шағастырып алды» (Рим. 1:21-27 қараңыз). Оның айтуынша, «Пауыл қателеседі, себебі (сол бағушының сөзін келтіремін) Америкадағы мадақтау тобының жетекшілерінің жартысы – гомосексуалистер». (Мұндай деректерді қайдан алды екен деп ойладым). Осы сөзді тыңдап отырғанымда, залдағы адамдар бірнеше рет ду қол шапалақтағанын байқадым.

Осы бұрмалаушылықтарды тыңдап болғанымда, Құдай маған: «Римдіктерге арналған хаттың бірінші тарауын оқы»,– деді.

«Сол себептен де Құдай адамдарды өздерін қорлайтын құмарлықтарға батырып жіберді. Араларындағы кейбір әйелдер табиғи жыныстық қатынасты табиғи емес қатынаспен ауыстырды. Дәл солай кейбір еркектер де әйелдерімен табиғи қатынасты қойып, бір-біріне құмарлықпен ынтығып, азғындық істейтін болды. Олар тура жолдан тайып кеткендіктерінің тиісті жазаларын өз бойларында тартып жатты... Осындай күнәлар жасағандардың тартатын жазалары – өлім деген Құдайдың әділ үкімін сол адамдар біледі. Әйтсе де олар бұларды өздері істеп қана қоймай, солармен айналысатын басқаларды мақұлдап та отырады» (Рим. 1:26,27,32).

Киелі Жазба гомосексуалистік әрекеттерді адамды қорлайтын, сөкет, ұятты нәрсе деп атаса, әлгі қызметкер оны қалай жоққа шығарады? Гомосексуалистік іс-әрекеттің табиғатқа қарсы келетінін рухани адам болмай-ақ түсінуге болады. Ондайды тіпті жануарлар да істемейді. Құдай осындайға көңіл бөлмейді, немесе құптайды және қоштайды деп неге ойлаймыз?

Өз күнәкар болмысының құмарлықтарына қарсы тұра алмай, күнәға бағынуға дайын осы бағушының сөзін тыңдаған, өзін се-

нуші санайтын адамдар туралы ойланып көріңіз. Олардың ар-ұяты: «Құдайдың балаларының олай істеуі дұрыс емес»,– деп айтар. Алайда өкінішке орай, осы бағушының сөзі олардың болашақ таңдауларына ықпал етеді. Өлгі бағушы айыпталуға өзін ғана жықпай, басқаларды да өзімен бірге ала кетпек.

Қауымда естілген ду қол шапалақ ше? Киелі Кітаптың кеңейтілген аудармасында осындай әрекеттерді жасағандарды «қошаметтеп, қол соққан» адамдар да айыпталатын болады деп айтылған.

Пауыл елшінің сөздеріне қатысты не істемекпіз?

«Әділетсіздердің Құдайдың Патшалығынан орын алмайтынын білмейсіңдер ме? Алданбаңдар: азғындар, жалған тәңірлерге құлшылық етушілер, неке адалдығын бұзушылар, нәпсіқұмарлар, еркекжанды еркектер, ұрылар, дүниеқоңыздар, маскүнемдер, өсекшілер және тонаушылар үшін Құдайдың Патшалығында орын жоқ!» (1 Қорынттықтарға 6:9,10).

Әрине, зиянын тигізетін басқа да күнәлар бар. Алайда азғын жыныстық әрекеттер жайлы айтылған осы сөздерді елемей кеткеніміз болмайды.

Күнәкар дүниенің құмарлықтары еліктіргіш. Мінбеден жыныстық азғындық турады ақиқатты жарияламайтын болсақ, адамдар Құдайға ұнамды әрекеттің не екенін білмей, дұшпанның өтірігіне еретін болады. Олар дүниенің жақсылыққа деген көзқарасына келісіп, оны Құдай да құптайды деп ойлайтын болады.

Жүгенсіздік

Тізімдегі келесі пункт – жүгенсіздік. Порнографияның барлық түрлері, арсыз фильмдер мен нәпсіқұмар ойлардан аулақ болуымыз керек. Иса былай дейді: «Ал Мен сендерге былай деймін: кім бір әйелге құмарта қараса, оның өз жүрегінде сол әйелмен неке адалдығын бұзғаны» (Матай 5:28). Дәуіт былай деп жазады: «Арам нәрселерге еш көз салмаймын...» (Забур жырлары 100:3).

Порнография қысқа стимуляция мен қанағаттануды ұсынады, себебі ол біздің тәніміздің қажеттіліктеріне жауап береді, алайда ол біздің Құдаймен және жұбайымызбен жақындығымызға кірбің түсіреді. Осының нәтижесінде ол жұбайымыздан қанағаттанбауға, өз-өзімізге наразы болуымызға әкеп соғады. Порнография ұшқын жаққандай көрінеді, алайда шын мәнінде ол абыржу, айып-кінә, ұят және сенімсіздіктің білтесін тұтатады.

Әлеуметтік желілер пайда болғанға дейін, Интернет қолданушылардың ең көп қарайтыны порносайттар болды. Барлық сайттардың оннан бірінен астамы – порнографиялық мазмұндағы сайттар. Американдықтардың қырық миллионы осы сайттарға үнемі кіріп тұрады, секунд сайын 28258 адам Интернетте порно көріп отырады.

Бұл тек ер адамдарға қатысты емес. Әйелдердің шамамен бестен бірі апта сайын Интернетте порнография қарайды, көптеген адамдар мастурбацияға қарсы тұра алмайды. Сонымен қатар, журналдар мен эротикалық кітаптар оқу арқылы көптеген адамдар сексуалдық тәуелділігіне дем беріп тұрады.

Ал қауымдарда не болып жатыр екен? «Christianity Today» журналы бағушылардың арасында сауалнама жүргізіп, биылғы жылы порносайттарға кірген-кірмегенін сұрады. Бағушылардың қырық төрт пайызы иә деп жауап берді. Бұл қауымдарымыздың жетекшілері! Басқа статистикалық мәліметтерге сәйкес сенуші адамдардың елу пайызы порнографияға әуес.

CNN арнасының жүргізген сауалнамасына қарасақ, мәсіхші ер адамдардың 70 пайызы порнографияға әуестігімен күресуде.

Енді келесі сұрақ туады: кең етек алып кеткен осы індетпен күресуге жігер беретін уағыздардың көмегі қандай?

Порнографияға деген әуестігіммен жиырма жеті жасыма дейін (қызметімнің бірінші жылдарын қоса алғанда) күресумен болдым. Тамаша қызға үйленсем болды, бұл күнә өзінен өзі жоқ болып кетеді деп сендім. Алайда, ол жоқ болып кетпек түгілі, одан сайын үдеп кетті. Ол Лиза екеуіміздің арамызға түсті. Осы күнәдан 1984

жылдың күзінде ғана азат болдым. Мен Құдайдың бір қызметкеріне осы күнәкар әуестігім жайлы айтқанда, ол: «Доғар мұны!» – деді. Ол маған қатаң ескерту жасады. Мен одан жігер беретін жолдау естіген жоқпын! Құдайды терең қастерлеуге үйрететін қатаң нұсқау мен ескерту алдым.

Қызметкердің сөзі азаттық алуым үшін Құдайды іздеуге итермеледі. Тоғыз айдан кейін азат болдым да, сол азаттығыма әлі күнге дейін қуанамын. Құдайдың рақымының қаншалықты күшті екенін түсіндім! Ол он бір жасынан порнографияға әуес адамға азаттық бере алады. Қызметкерлер Құдайдың рақымының берер пайдасын толық ұғынғысы келмейтінін көріп қынжылуымның бір себебі осында. Құдайдың рақымын тегін берілген кешірім мен құтқарылу сыйы ретінде ғана емес, адамның табиғи қабілетінен асып түсетін өмірге қажет күш-құдірет ретінде танып білмесем, осы күнге дейін күнәнің құлдығында қала берер едім.

Сараң болмаңыз

Сарандық дегеніміз – «әлденені, әсіресе байлықты, билікті немесе асты иемденуге деген табанды, әрі өзіншіл қалау». Көптеген сенушілер бізге көмектесуге, игіліктерін беруге, бізді жемісті етуге деген Құдайдың уәдесін бұрмалап, сарандыққа айналдырады.

Басқаларға қызмет етіп, олармен бөліскеннен гөрі ондай сенушілер өз қамын көбірек ойлайды. Сарандық – бұл ашкөздік, ол жалған тәңірлерге табынумен бірдей (Қол. 3:5). Сарандықтың кесірінен, қалауларымызды, құмарлықтарымызды, даңқты, мансап-дәрежені, қаражатты Құдайдан және адамдардан жоғары қоямыз.

Сенушіні уландырған сарандық жайлы әнімелер көп. Балақ, Қабыл, Қорах және Құдайдың құзырын таныған көптеген адамдар сарандықтың кесірінен Құдаймен қарым-қатынасын жоғалтты. Көптеген адамдар ешкім оларды ескертпегендіктен, ашкөздікке берілді. Ескерту – тәлім мен уағызда тек позитивті, жігерлендіретін жол-

дауларды ғана айтуды тоқтату деген сөз. Рухани кемелдікке жетуге көмектесу үшін біз сенушілерге тәлім беріп қана қоймай, сонымен қатар, ескерту жасауымыз керек (Қол. 1:28).

Бала кезімде ата-анамның үйреткендері маған ұнайтын, ал ескертулеріне мән бере қоймайтынмын. Дегенмен, кейін білдім, менің өмірімді құтқарған – сол ескертулер екен. Егер шеге алып, оны электр розеткасына салсам, оның салдары қандай болатынын әкем алдын ала ескертпегенде, мен мүмкін, тоққа түсер едім.

Пауыл сүйікті қауымдарының біріне: «Сондықтан сақ болыңдар! Күн-түн демей, үш жыл бойы үзбестен әрқайсыңа нұсқау беріп, көз жасымды төккенім естерінде болсын»,– деген. Күн сайын, түн сайын, үш жыл бойы! Көз жасын төгіп! Біз ескерту жасап, адамдарды байыпты болуға үйретеміз бе? Олардың қамын ойлаймыз ба? Сарандықтан сақтану керектігі жайлы бірде-бір уағыз естіген емеспін!

Пауыл рақым туралы уағыздаған, Ефес қауымына және бізге: «Сарандықтан сақтаныңдар»,– деп ескерту жасаған да – сол Пауыл.

Жақып елшінің сөзін оқыңыз:

«Ендеше, араларыңдағы қастастық пен дау-жанжал қайдан шығады? Бойларыңдағы соғысып жатқан арам құмарлықтарыңнан туады емес пе? Сендер бір нәрсені аңсап, иемдене алмайсыңдар; сонда кісі өлтіретіндей жек көріп, қызғанасыңдар, алайда аңсаған нәрселеріңе қол жеткізе алмайсыңдар. Жанжалдасып, төбелесесіңдер, бәрібір иемденбейсіңдер, өйткені оны Құдайдан сұрамайсыңдар. Сұрасаңдар да, ие бола алмайсыңдар, себебі ізгі ниетпен емес, арам құмарлықтарыңды қанағаттандыру үшін сұрайсыңдар. Әй, опасыздар! Осы күнәкар дүниемен достасу Құдайға қастық екенін білмейтін бе едіңдер? Осы дүниемен дос болғысы келген әркім Құдайдың жауына айналады» (Жақып 4:1-4).

Қойшы, Жақып, ондай жағымсыз сөздің не қажеті бар? Жақып осы сөздерін сараң, дөрекі, ашушаң болғандықтан айтып па еді?

Әлде ол осы сөзін хатты оқитын адамдарды жақсы көргендіктен айтты ма? Жігерлендіретін, жағымды сөздің орнына ащы шындықты сондықтан айтқан болар? Құдай сол заманның жігерлендіретін уағыздаушыларының бірін емес, Жақыпты Жаңа Өсиет авторларының бірі болуға таңдағаны да содан болар?

Әдепсіз сөз айтпаңыз

Бос сөз айтпаңыз, дөрекі және әдепсіз әзілдемеңіз. Сондай музыка, видео, аудио да көріп, тыңдамаңыз.

Басшылары әдепсіз сөйлейтін, тұрпайы анекдоттар айтатын, сөйлегендері күнәкарлардың сөйлегенінен еш айырмашылығы жоқ қызметкерлер командасымен таныспын. Осы командадағы жас қызметкерлерге көмек көрсетуіме тура келді. Жетекшілер неге бұлай істейді? Сенушілер мен Құдайдың қызметкерлеріне, «Құдай Патшалығының азаматына» мұндай іс-әрекет лайық емес деп ескертпегенімізден болар.

Пауыл қолостықтарға: «сөздерің дәмді болсын»,– деп жазады (4:6). Біздің сөзіміз әдепті, рақымға толы болу керек.

Ішімдік ішіп, мас болмаңыз

Келесі: не сыра, не шарап, не басқа ішімдік ішіп мас болмаңыз. (Осы нұсқау заң бойынша рұқсат етілген не рұқсат етілмеген есірткіге де қатысты). Біз тағы да тыйым салуды көріп тұрмыз.

Ішімдік қызықтырады (Нақыл сөздер 23:31-33). Ішімдікке қызығып, шектен шығып кету оңай. Ішімдік ойлау қаблетін төмендетіп, парасаттан айырады. Ішімдіктің әсерінен адам шектен шығып кетеді, оның миы мен жүрегінің табиғи қорғау механизмдері істен шығады. Бұл шақырайып тұрған күнге тік қарағанмен бірдей. Мас адам жөнсіз әрекет етіп, бағыттан айырылады, оның ойлау қабілеті, санасы апатқа соқтырар ойларға беріледі. Шын мәнінде, ішімдік адам миының қауіпсіздік жүйесін істен шығарады. Өзі

тоқтайтын жерін білсе де, ішімдік ішкен адам басқаларды көбірек ішіп мас болуға итермелейді. Бір әңгіме айтып берейін.

Бір қауымның бас бағушысы сол қаладағы ресторандардың бірінде ішімдік ішіп отырған еді. Қауымның мүшесі – жақында тәубе еткен адам – сол ресторанда түскі ас ішіп отырған. Ол кісі – маскүнемдіктен жақында ғана бас тартқан бай бизнесмен еді. Ол тәубе еткенде ішімдікті қойып, «теріс жолмен жүргендердің арасынан жуырда ғана құтылып шыққан» (2 Петір 2:18).

Бағушының ресторанда ішімдік ішіп отырғанын көргеннен кейін жуық арада бизнесмен үш күн бойы тоқтамай ішімдікке салынады. Осы үш күннің ішінде ол бизнесіне қатысты бірнеше ағат шешім қабылдап, барлық дерлік қаражатынан айырылды. Ең өкініштісі, ол өзінің отбасынан да айырылды. Кейінірек, неге салынып арақ ішкенін сұраған адамға ол:

«Мен бағушының ішіп отырғанын көрдім де, ‘Ол ішсе, маған да ішуге болады’ деп ойладым» – деп жауап берді.

Әрине, ол адам жасағанына өзі жауапты. Оның өміріндегі осы оқиға біздің басқа адамдарға қалай әсер ететініміз жайлы ойландыру керек емес пе?

Соңғы кезде, жұрт алдында ішімдік ішуден ұялмайтын қызметкерлер көбейіп бара жатыр. Киелі Жазбада ішімдік туралы айтатын бірнеше аят бар. Тимотеге жазған бірінші хатында (3:3) Пауыл қауым жетекшілері «маскүнем» болмауға тиіс екенін айтады. Грек тілінде *parainou* сөзі қолданылған. Сөздерді зерттеудің толық сөздігі (The Complete Word Study Dictionary) бұл сөзге мынадай анықтама береді: «шарапқа әуес, ішетін. Бұл сөз ішімдікті жауапты түрде, әрі орынды ішуді білдірмейді. Ол ішімдікті үнемі ішу немесе шектен тыс ішу дегенді білдіреді. Ол – дастарханында әрдайым шөлмек тұратын адам, бұл оның ішімдікке тәуелділігін білдіреді». Киелі Кітаптың «Жаңа тірі аудармасында» қауым басқарушысы «ішімдікке салынған, маскүнем болмауы тиіс» деп жазылған (1 Тім. 3:3, NLT, ағылшыннан аударма).

Пауыл Тимотеге: «Айтпақшы, әлсіз асқазаныңа және жиі сырқаттануыңа бола бұдан былай тек су ғана ішпей, аздап шарап та іш»,– деп кеңес береді. Тимотенің Ефес қауымындағы лауазымы – бас бағушы еді. Қазіргі кезде көптеген қызметшілер: «Қауым жетекшісі назир антын берген адамдай шараптан мүлде бас тартуға міндетті болса, Пауыл Тимоте бағушыға сырқаттауына бола аздап шарап іш деп айтпас еді»,– деп ойлайды.

Шарап жайлы әңгіме қозғалғанда, көбінесе Исаның суды шарапқа айналдырғаны туралы айтатын Киелі жазбаның үзіндісі келтіріледі (Жохан 2:1-11). «Құдай шарап ішуге тыйым салған болса, Иса суды жұрттың алдында шарапқа айналдырмас еді»,– деп айтып жатады.

Осы екі үзіндіні ғана қарастырумен шектелсек, жұрттың көзінше ішімдік ішкен бағушыныкі дұрыс деген пікірге келуге болады.

Алайда, біз маскүнемдік мәселесі кең етек алып кеткен қоғамда өмір сүреміз. АҚШ-та жыл сайын ішімдіктен 88 мыңға жуық адам қайтыс болады, адам өлімі себептерінің ішінде маскүнемдік үшінші орын алады. 2007 жылы Washington Post газеті жариялаған мақалада үш адамның бірі – маскүнем екені айтылған. Американдық «Маскүнемдік пен ішімдік мәселелерін зерттейтін ұлттық институттың» хабарлауынша, 2012 жылы жасы 18-ден жоғары адамдардың 25 пайызы өткен айда салынып ішкендерін айтты. Әр ай бойы төрт адамның бірі – не деген сұмдық статистика! Мен басқа көптеген статистикалық мәліметтерді келтіре алар едім, маңыздысы – американдықтар ішімдікті салынып ішуге бейім.

Бұл дерт тек АҚШ-та ғана тараған жоқ. 2012 жылы барлық өлімдердің 6 пайызы (3,3 миллион) ішімдік ішуден болған. Дүниежүзінде ішімдікке салыну – мүгедек болып қалу мен мезгілсіз қайтыс болудың бесінші себебі. Он бес және қырық жас аралығындағы адамдар арасында ол бірінші орынды алады!

Осы ғаламдық індетті (эпидемияны) ескере отырып, жауапты сенушілер ретінде біз бір қадам алда болып, Пауылдың жалған тәңірлерге арналған құрбандық ас туралы сөздерінің кеңірек мағы-

насын қарастыруымыз керек. Басқаша айтқанда: «Сондықтан, егер жейтін тамағым бауырласымды күнәға азғырса, онда мен оны күнәдан сақтау үшін бұдан былай ешқашан да (базардан алынған) етті жемейтін боламын» (1 Қор. 8:13). Елші жалған тәңірлерге арналған құрбандық асты жеу – күнә емес деп анық айтады. Дегенмен, рухани әлсіз бауырлас соның кесірінен күнәға азғырылса, ол оны жемейтін болады.

Сенушілердің ішімдікті аздап ішуге деген құқықтарын қорғап көптеген аргументтер келтіруге болады. Алайда сенушілер ретінде, әсіресе қауым жетекшілері ретінде біз маскүнемдіктен әрең құтылған адамдардың азғырылуына себепші болмайық.

Әсіресе ішімдікке әуес қоғамда. Ресторанда ішімдік ішкен бағушы осы даналықты ұстанса, мүмкін, әлгі бизнесмен үш күн бойы салынып ішпейтін еді.

Біз маскүнемдіктің қай түрінен болса да аулақ болуымыз керек. Маскүнемдік – Құдайдың перзентіне лайық іс емес, бұл ұсақ-түйек емес. Бізге өте маңызды ескерту берілген: «азғындар, жалған тәңірлерге құлшылық етушілер, неке адалдығын бұзушылар, нәпсіқұмарлар, еркекжанды еркектер, ұрылар, дүниеқоңыздар, маскүнемдер, өсекшілер және тонаушылар үшін Құдайдың Патшалығында орын жоқ!» (1 Қор. 6:9,10).

Осы әңгімеде тағы бір маңызды нәрсені ескере кетуіміз керек. Біз рухани жарысқа қатысудамыз, біздің Бапкеріміз бізден «...бөгет болатынның барлығынан, әсіресе, тез шырмап алатын әрбір күнәдан...» арылуымызды талап етеді (Евр. 12:1). Кейбір күнә басқасына қарағанда, тез еліктіреді, – жоғарыдағы статистикаға сүйенсек, маскүнемдік сондай күнәлардың бірі. Осыншама көп апатқа душар қылған осы күнәға қылымсып қырындаудың не қажеті бар?

Қорытындылай келе, өзімізге сұрақ қояйық: Киелі Рухқа кенелудің қуанышын білетін біздер тыныштық табудың жалған амалын неге іздейміз? Әлде біз іс жүзінде емес, сөз жүзінде ғана Киелі Рухқа кенелеміз бе?

Алданбаңыз

Біз Ефестіктерге арналған хаттың бір-ақ тарауын қарастырдық. Жаңа Өсиетте көптеген басқа нұсқаулар бар. Бұл тізім құтқарылу үшін міндетті түрде жасалатын істердің тізімі емес, ол – Құдайдың айқын құзырында өмір сүретін адамдардың өмір салты екенін есте сақтаңыз.

Пауыл тыйымдардың тізімін келесі сөздермен аяқтайды:

«Ешкім де сендерді өтірік сөздерімен алдамасын! Себебі Құдайға мойынсұнбайтындарға осы күнәлары үшін Оның қаһарлы соты төніп тұр. Сондықтан олардың іс-әрекеттеріне сыбайлас болмаңдар!... Құдай Иеге не ұнайтынын біліп алып, түнектегі адамдардың бекер істеріне араласпаңдар, қайта, оларды әшкерелеңдер! Мұндайлардың жасырын істейтіндерін айтудың өзі ұят. Сонымен парасатсыз емес, ақыл-парасатты өмір сүруге ерекше ден қойыңдар: жақсылық жасауға әр мүмкіндікті пайдаланыңдар, себебі қазіргі күндер зұлымдыққа толы» (Еф. 5:6,7,10-12,15).

Осы күнәларды ақтауға тырысатын адамдар сізді алдамасын. Мұның нәтижесі өте жағымсыз. Біз өзіміздің өмір салтымыздағы Құдайға ұнамды істерді үстіртін ғана емес, мұқият зерттеп, білуіміз қажет. Көпшілігіміз ойын алаңында жүргендей жүрміз, бірақ біз майдандамыз. Біз шайқас жүргізіп келеміз, біздің бастарымыз – жаудың нысанасында, жау бізді саптан шығару үшін тынымсыз еңбек етеді. Алайда біз Құдайдың нұрында қалсақ, ол жеңіліске ұшырайды, себебі біздің өмірімізде Құдайдың рақымы бар.

Биік өмірге ұмтылуға шақырамын. Рақымға тәуелді болып, ажал жолындағы бұрмаланған дүниеде Құдайға ұнамды, кіршіксіз таза өмір сүріңіз. Құдай Өзінің болмысын сізге ақысыз-пұлсыз сый еткендіктен, сізде қажеттінің барлығы бар. Құдайдың керемет рақымын босқа шашпаңыз.

БІЗДІ ЫНТАЛАНДЫРАТЫН НӘРСЕ

Сол себепті, сендер осы айтқандарымды білсеңдер де, қабылдаған шынайы ілімді берік ұстансаңдар да, мен оларды бәрібір ұдайы естеріңе салып отырмақпын. Мен әлі де осы тәндік «шатырда» тұрғанымда, соларды естеріңе түсіріп, рухани дамуларыңа қозғау салып отыруды дұрыс деп санаймын. Иеміз Иса Мәсіх өзіме анық білдіргеніндей, жуырда осы тәндік денемді тастайтыным маған белгілі. Сондықтан мен бұл дүниеден аттанғаннан кейін де сендер сол айтқандарымды әрдайым есте сақтауларың үшін қолымнан келгеннің бәрін де істеймін.

— Петірдің 2-хаты 1:12-15

Қалауға және құрметке тұрарлық
жалғыз нәрсе деп Құдайдың досы болуды
санайтынымыздай, өкінуге тұрарлық жалғыз нәрсе –
Құдайдың достығынан айырылу

— Григорий Нисский

Қасиетті өмір сүруге шақыру – жай ұсыныс немесе кеңес емес. Қасиетті өмір – қол жетімсіз нәрсе емес. Құдай осы бұйрықты беріп, бізден оның орындалуын күтеді.

Петір елші Иеміз Иса Мәсіх берген ең маңызды ақиқаттарды қайталаудың өмір үшін маңыздылығын айтты.

Жоғарыда келтірілген төрт аятта адамдардың есіне салып, қайталап отырудың қажеттігі үш рет жазылған. Петір хатының оқыр-

мандарына бұл ақиқат таныс еді, дегенмен сенушілер маңызды ақиқаттарды қайталап оқып отыруы керек. Осы маңызды жолдауға біз тереңірек мән беруіміз керек.

Өзінің екі хатының басында Петір: «Қайта, өздерінді шақырған Құдайдың қасиетті болғаны сияқты, сендер де бүкіл іс-әрекеттеріңде Оған бағышталған қасиетті болыңдар!»,– деп жазады (2 Петір 1:15). Киелі Жазбада өсиеттер жазылғанда көбінесе тырысындар және болыңдар деген екі сөз қолданылады. Егер біз тырысындар деп айтылғанды орындасақ, ақылды болғанымыз. Болыңдар деп айтылғанды орындамасақ, ақымақ болғанымыз. Петір жазған өсиет болыңдар сөзімен аяқталады.

Елші біздің өмір салтымыз жайлы анық айтады. Оның сөзі бізді қорқытуға, жәбірлеуге, намысымызға тиюге тиіс емес. Өсиеттер жайлы бізге берілген келесі уәде бар: «...оларды орындау қиын емес» (1 Жохан 5:3). Бұл өсиеттер қол жетімді, орындауға боларлық деген сөз.

Петір бірінші хатында осы тақырыпты өрбітеді. Екінші хатында қасиетті өмір сүрудің не екенін түсіндіреді. Ол бізге мынадай өсиет берді: «Сүйікті бауырластарым, (осы күнәкар дүниеде) жат жерлік адамсындар, сондықтан сендерге ескертемін: өз жандарыңа ұдайы қарсы шығатын арам құмарлықтардан бас тартыңдар!» (1 Петір 2:11).

Соғыс майданы – біздің ой-санамыз, яғни ойымыз, сезімдеріміз, еркіміз. Оларды тізгіндеп ұстауымыз керек. Күнәнің бәрі осы жерден басталады. Айқас күтпеген жерден басталып кетеді, мұндай жағдай көбінесе сенбеушілер мен шалағай сенушілермен бірге уақыт өткізгенде болады. Петір: «Құдайға мойынсұнбайтын халықтар арасында адал өмір сүріңдер!»,– деп қауіпті анық көрсетеді (1 Петір 1:12).

Елші үкіметке, жұмысқа, некеге, басқа да қарым-қатынастарға да қатысты қасиетті өмірдің не екенін түсіндіреді.

Ол солардың әрқайсысын жеке қарастырады, және Құдайға мойынсұнбайтын көршілеріміздің, әріптестеріміздің, курстаста-

рымыздың арасында, әсіресе тәубе еткенімізге дейін таныс болған адамдарымыздың арасында Иса туралы куәлік етуге көп мүмкіндіктеріміз болатынын ерекше айтады. Ол былай дейді:

«Бұрынғы серіктерің өздерінің иіріп, тартып әкететін азғын өмір салттарына енді батпағандықтарыңа таң қалып, налып, сендерді жамандайды. Бірақ сендер олардың алдында есеп беруге міндетті емессіңдер. Қиямет сотында олар тірілер мен өлілерге үкім шығаруға дайын тұрған Иемізге есеп бермек» (1 Петір 4:4-5, The Message, ағылшыннан аударма).

Екінші хатының басында Петір нұсқау береді: «Сондықтан да, бауырластарым, Құдайдың өздеріңді меншікті халқы болуға шақырып, таңдап алғандығын өмірлеріңмен нық бекітуге ынтамен ұмтылыңдар! Егер солай істесеңдер, ешқашан да тура жолдан тайып кетпейтін боласыңдар» (2 Петір 1:10). Құдайдың бізді меншікті халқы болуға шақырып, таңдап алғандығын өмірлерімізбен нық бекітуіміз үшін моральдік ілгерілік, ұстамдылық, төзімділік, табандылық, Құдай алдында ұнамды өмір сүру, мейірімділік, сүйіспеншілік танытуымыз керек. Бұлар – рақымның сенім арқылы жетілетін жемістері. Осыларды орындасақ, «Иеміз бен Құтқарушымыз Иса Мәсіхтің мәңгілік Патшалығының «қақпасы» айқара ашылып, оған емін-еркін» кіреміз (11-аят).

Әрі қарай Петір «жік салғыш зиянды ілімдерді жасырын енгізетін» жалған тәлім берушілердің болатынын алдын ала ескертеді (2 Петір 2:1). Олар тыңдаушыларды көптеп жинайды: «Көптеген адамдар солардың азғындықтарына еріп кетпек» (2-аят). The Message аудармасында «...олар бастарына кенеттен түсетін жойылуды өздері шақырып алады, алайда жойылғанға дейін жақсы мен жаманды айыра алмайтын көптеген адамдар солардың азғындықтарына еріп кетпек. Олар ақиқат жолын масқаралайтын болады» (1,2-аяттар, ағылшыннан аударма).

Жалған тәлім берушілер конференцияларымызда, қауымдарымызда, рухани жанұяларда – өзіміздің арамыздан шығады. Біз-

ге мынадай ескерту берілген: «Осындай адамдар сендермен бірге мейрамдарда дастархандас болып, Иеміздің сүйіспеншілігін естеріне алады» (Яһуданың хаты 12-аят, NLT, 2 Пет 2:13).

Өз тәлімдеріне олар ақиқатты қосып отырады, сондықтан оның екі нәтижесін көреміз

Біріншіден, адамдар жақсы мен жаманды айыра алмайтын болады. Құдай еркіне сай емес іс-әрекет құпталатын болады, тіпті жақсы деп саналады. Құдайдың сөзін дәл уағыздап, мүлтіксіз орындау легализм, заңшылдық ретінде қабылданатын болады.

«Мәсіхшілік» өмір салтын жоюмен қатар, жалған тәлім айыру қабілетін де жояды. Адамдарды алдайтын қызметкерлер мен тәлімгерлер шешен сөйлеп, адамдарды баурап алып, оларға ықпал ететін болады. Құдайдың сөзі түгелдей ең жоғары стандарт ретінде қабылданбайтындықтан, сенушілердің көбісі жалған тәлімнің соңынан еріп, Құдайға бағынбай кетеді.

Екіншіден, Ізгі хабардың аты масқараланатын болады. Осының бәрі жалған тәлім берушілер ақиқатқа сай сөздерді қолданса ғана жүзеге асады:

«Олар баяғыдағы Босор ұлы Балағамның жолына түсіп, тура жолдан тайып, адасып кетті. Балағам әділетсіз ісі үшін алатын сыйын қатты ұнатты» (2 Петір 2:15).

Бұл жалған тәлім берушілер өзінің жолын Құдайға ұнамды түрде бастаған болатын, алайда сенімнен тайып кетті. Осы себептен олар мәсіхшіліктің тілін біледі, бірақ күнәмен ауыз жаласады.

Петірдің айтуынша, қасиетті өмір сүруге тырысатын болсақ, құлап-сүрінбейміз, жалған тәлім берушілерге ермейміз. Қауіпсіздігіміз – қасиетті өмір сүруде. Петір сол беделді адамдардың өмір салтына және жалған тәліміне еріп, құрбан болған адамдар туралы айтады:

«Осындайлар Иеміз әрі Құтқарушымыз Иса Мәсіхті танып білгендері арқылы осы дүниелік арамдықтардан арылып, құтылған

болатын. Алайда кейін қайтадан олардың шырмауына түсіп, жеңіледі. Сонда олардың соңғы жағдайы бұрынғысынан да мүшкіл болмақ. Олар үшін әділет жолын танып біліп, Мәсіхтің тапсырған қасиетті өсиеттерін қабылдап, кейін кері бұрылғаннан гөрі, сол жолды мүлдем білмегендері жақсы болар еді» (2 Петір 2:20,21).

Бұл аяттар көптеген адамдар үшін күтпеген жаңалық болып табылады. Әрине, бұл аяттарды қайта-қайта оқығанымыз дұрыс. Петір елші Иса Мәсіхті қабылдап, күнәнің бұғауынан азат болған адамдар туралы айтады. Алайда, олар жалған тәлімдерге еріп, сенгендіктен, жақсылық пен жамандықты ажырату қабілетінен айырылып, күнәкар өміріне қайта оралады. Олардың ендігі жағдайы бұрынғысынан да әлдеқайда нашар, қасиетті өмір сүру туралы өсиеттерден бас тартқаннан гөрі ешқашан танып білмегендері жақсы болар еді. Өте қайғылы жайт!

Қасиетті өмір сүру туралы өсиетті – өте маңызды өсиетті тағы көріп тұрмыз!

Ешқашан жеңілмейтін екі күш

Құдайдың өсиеттері ауыртпалық салмайды, себебі біздің жаңа болмысымыз бен рақымның күші бізді оларды орындауға қабілетті етеді. Іс жүзінде қалай болатынын қарастырайық. Иә, қабілетіміз бар дейік, ал қасиетті өмір сүру туралы өсиетті орындауға бізге не қозғау салады? Бұл сұрақтың жауабы: жеңілмейтін екі күш.

Бір мысал қарастыра отырып екі күштің бірін түсіндірейін. 1980-жылдар. Мен ол кезде жас бағушымын. Қауымның апта сайынғы жиналысында уағыз айтуға дайындалудамын. Құдайдың жүрегіме сөйлегісі келгенін сездім. Көңілімді тыныштандырдым, сонда жүрегіме «Жохан жазған Ізгі хабардың 14-тарауының 15-аятын оқы» деген сөз келді.

Бұл аятта не жазылғанын білмейтінмін, сондықтан Киелі Кітабымды тездетіп аштым. Бұл аят жаңа параграфтың басында жа-

зылған екен. Исаның: «Сендер Мені сүйсеңдер, өсиеттерімді орындандар!»,- деген сөзін оқыдым.

Содан соң он бесінші аяттан жиырма төртінші аятқа дейін оқып шықтым. Бәрінің де он бесінші аятқа қатысы бар екен. Бұл үзіндінің тақырыбы – Исаның сөзін орындау. Осы аяттардан түйгенім: «Исаның өсиеттерін орындау арқылы Оған деген сүйіспеншілігімізді дәлелдейміз». Соңғы аятты оқып болғанымда Құдай маған: «Түсінген жоқсың, қайталап оқы»,– деді.

Сол он аятты қайталап оқып шықтым. Тағы да сол мағынаны ұқтым: «Исаның өсиеттерін орындау арқылы Оған деген сүйіспеншілігімізді дәлелдейміз». Құдай тағы да: «Түсінген жоқсың, қайталап оқы»,– деді. Менің қызығушылығым арта түсті. Он аятты тағы оқып шығып, Құдайдың сол сөздерін тағы естідім: «Тағы бір рет оқып шық». Үзіндіні жеті-сегіз рет оқып шыққанда да, тура сол қайталанды.

Енді баяу оқыдым. Қайтадан осы он аятты ежелеп оқып шықтым. «Сүйсеңдер» деген сөзді оқыдым да, дауыстап айтып, сол сөз туралы біраз ойландым. Келесі сөзді дауыстап оқыдым да, ол туралы ойландым. Осылай біраз уақыт жұмсап, үзіндіні түгел оқып шықтым. Он бес минуттан кейін үзіндіні оқып болғанымда, Киелі Рух: «Түсінген жоқсың, қайталап оқы»,– деді.

Әбден күдерім үзілді. «Құдайым, өтінемін, надандығымды кешіре гөр! Мен ақымақ шығармын. Сенің Сөзіңді түсінуге рухани көзімді аша гөр!».

Он бесінші аятты қайталап оқып шықтым: «Сендер Мені сүйсеңдер, өсиеттерімді орындандар!». «Орындандар» деген сөздің алдында жұлдызша бар екен. Киелі Кітаптың осы бетінің төменгі жағындағы сілтемені қарадым. Онда «Орындайтын боласыңдар» деп дәлірек аударылған екен.

Әлгі аятқа осы сөзді қосып оқыдым: «Сендер Мені сүйсеңдер, өсиеттерімді орындайтын боласыңдар». Осыны оқығанымда, санамда жаңа түсінік жарқ ете қалды. Түсіндім-ау ақыры.

Сонда Құдай маған: «Джон, менің өсиеттерімді орындау арқылы мені сүйетініңді дәлелдейсің деген жоқпын.

Сенің Мені сүйетін-сүймейтініңді білемін! Мені шындап сүйсең, Менің өсиеттерімді орындауды қалайтын боласың, Мен саған осыны айтқым келді!»,- деді. Бастапқыда мен заң тұрғысынан қарадым. Сүйіспеншілікке негізделген қарым-қатынас жүрегімізде жаңа ниет тудырады, ең маңыздысы осы екенін түсіндім.

Жалынды махаббат

Мысал келтірейін. Сіз ғашық болып көрдіңіз бе? Лиза екеуіміз күйеу жігіт пен қалыңдық болып жүргенде, оған қатты ғашық едім. Лиза бір сәт ойымнан шықпайтын. Онымен бірге уақыт өткізу үшін бәріне дайын едім. Бір күні бірнеше сағат бойы бірге болдық. Қоштасқаннан кейін Лиза маған қоңырау шалып: «Джон, күртеңді ұмытып кетіпсің»,,- деді. Күртем Лизаның бөлмесінде қалып қойғанына қуанып кеттім, себебі онымен тағы бір рет көрісуге сылтау табылды.

«Қазір барып алып кетейін!»,- деп жауап бердім. Екеуіміз де күліп жібердік. Тағы бірнеше сағатты бірге өткізуге себеп табылды.

Лизаның керегін қандай қиындықпен болса да, тауып беруге дайын тұратынмын. Ол түн ішінде маған қоңырау шалып: «Жаным, балмұздақ жегім келді»,,- десе, мен: «Қандай балмұздақ жейсің? Қазір алып келемін»,,- деп жауап берер едім. Оның кез-келген қалауы мен сұрауын орындауға дайын едім. Оның қалауы мен үшін ең тәтті өсиет болатын.

Менің Лизаға деген махаббатым шексіз еді, сондықтан оның қалауын орындауға мүмкіндік туса қатты қуанатынмын. Ол не сұраса да, ол ешқашан маған ауыртпалық болған жоқ. Мен Лизаның өтінішін махаббатымды дәлелдеу үшін емес, оны сүйгендіктен орындайтынмын!

Исаның бізге айтқанын осы мысал жақсы түсіндіреді. Оған деген жалынды махаббатымызға бола, Оның еркін қуана орын-

даймыз. Оның Сөзі бізді шектемейді, ауыртпалыққа айналмайды, керісінше бізді баурап алатын құштарлыққа айналады.

Арада бірнеше жыл өткенде қарым-қатынасымыздың қалай өзгергенін қарайық. Мен қауымда өте көп қызмет етіп, Лизаға деген сүйіспеншілігімнің қалай суи бастағанын байқамай қалдым. Оның өтініштері мен үшін орындауға міндетті нәрсе болудан қалып, ыңғайсыздық туғызатын, ауыртпалық салатын нәрсеге айнала бастады. Мен Лизаға басқа көзқараспен қызмет ететін болдым. Бұрынғыдай оның қалауларын қуана орындамайтын болдым. Мен: «Қандай балмұздақ жегің келеді? Келе жатырмын»,– деудің орнына: «Жаным, жұмысым көп»,– дейтін болдым. Онымен бірге уақыт өткізуге мүмкіндік іздемейтін болдым. Мен онымен уақыт өткізуді міндет көретін болдым. Жұмыс менің жаңа әуестігіме айналды.

Исаның қауымға айтатынын оқыңыз:

«Мен сенің істеріңді білемін: сен еңбек етіп, шыдамды болып келесің. Арам адамдарға төзе алмай, өздеріне Құдайдың елшілері деген атақты танатындарды сынап, өтірікшілер екенін анықтадың... Алайда саған айтар наразылығым мынау: сен алғашқы сенген кездегі сүйіспеншілігіңді жоғалтып алдың. Өзіңнің қандай биіктіктен құлдырағаныңды ойлашы! Өкініп, теріс жолыңнан қайтып, алғашқыдағы игі істеріңді жасайтын бол! Әйтпесе саған жуырда келемін де, шам қойғышыңды (қауымдардың арасындағы) орнынан алып тастаймын. Егер өкініп, теріс жолыңнан қайтпасаң, осылай істеймін» (Аян. 2:2,4,5).

«Сенің істеріңді білемін... Өкініп, теріс жолыңнан қайтып, алғашқыдағы игі істеріңді жасайтын бол» деген сөзге назар аударыңыз. Мұнда екі түрлі істер туралы айтылады. Біріншісіне қауымның Исаға деген жалынды махаббаты түрткі болады. Ол тура менің Лизаға көңілімдей: «Қандай балмұздақ жегің келеді? Келе жатырмын». Бірақ қазір қауым міндетті болғандықтан еңбек етіп, оның көңілі менікіндей болды: «Жаным, жұмысым көп». Исаға қатысты

айтсақ: біз ғашық болғанда, біз Ол үшін барлығын жасауға дайынбыз. Сосын құмарлығымыз бәсеңдеп, бағыну міндетке айналады.

Осы кемшілікті қалай түзейміз? Киелі Кітап оқып, мінәжат етіп, мадақтап Онымен бірге көбірек уақыт өткізу арқылы. Өз ойымызды тек қауым, таңертеңгі мінәжат, Киелі жазбаны оқуға ғана емес, Оның Өзіне, күні бойы Оның құзырын әрдайым тануға бағыттап отыру. Сонымен қатар, біз Киелі Рухтан жүректерімізді Құдайдың сүйіспеншілігіне кенелтуін сұрауымыз қажет (Рим. 5:5).

Құдайға деген сүйіспеншілігіміз керек мөлшерден асып кетуі мүмкін емес. Сүйіспеншілікпен бірге Оған деген құмарлық та арта түседі. «Сүйіспеншілік ешқашан сарқылмайды» (1 Қор. 13:8). Осыны ұмытпаңыз.

Құдайды терең қастерлеу

Бізді ғынталадыратын тағы бір нәрсе – Құдайды қастерлеу. Мұның маңыздылығы туралы Пауыл бізге қасиеттілік жолы туралы айтқанда жазады:

«...тәніміз бен рухымызды арамдайтын барлық нәрселерден тазарып, Құдайды терең қастерлеп, толығымен Оған бағышталған қасиетті өмір сүрейік!» (2 Қор. 7:1).

Қасиеттілік Құдайды қастерлеуде арта түседі. Осы бір ақиқат Жаңа Өсиеттің басынан аяғына дейін айтылады.

Басқа қауымға Пауыл: «құтқарылуларына сай іс-әрекет жасап, соны толығымен жүзеге асыруға ұмтылындар, әрі Құдайды терең қастерлеп, Оған ұнамайтын нәрселерден қатты жиіркеніндер», – деп жазады (Флп. 2:12). Құдайдың барлық өсиеттерін орындау үшін, Оған мойынсұну, оны терең қастерлеу, Оған ұнамайтын нәрселерден жиіркену қажет. Қастерлі өмір жайлы өсиетке қатысты Петір былай дейді: «Ендеше жер бетінде жат жерлік болып сүретін өмірлерінді Оны терең қастерлеп, Оған ұнамайтынды істеуден шошынып өткізіндер» (1 Петір 1:17).

Пауыл бізді қасиетті өмірге былай деп шақырады: «Сонымен, өзіміз шаңырағы ешқашан шайқалмайтын Патшалықтан үлес алғандықтан, біз сол үшін Құдайға шын жүректен шүкірлік айттайық! Оны риза қылатындай қызмет етіп, терең қастерлеп, Оған ұнамсызды істеуден шошынатын болайық» (Евр. 12:28). Құдайды терең қастерлеу – Оған қызмет етудің шарты.

Құдайды қастерлеу (страх Божий) ұғымының құрамдас бөлігі – қорқыныш. Біз қорқыныштан азат болған жоқ па едік? Бұл сөз біздің өмірімізде қандай орын алады?

Құдай – сүйіспеншілік. Ол біздің Әкеміз. Дегенмен, қорқыныш туралы айту маңызды, себебі ол туралы Жаңа Өсиетте жиі айтылады.

Кейбір сенушілер Құдайды қастерлеудің мағынасын қысқартып, «Бұл Құдайға табынуды ғана білдіреді» дейді. Дүние жүзінде танымал бір тәлімгер Оңтүстік Африкадағы ұлттық конференциядағы уағызымның алдында маған осы туралы айтты. Құдайды қастерлеуді ол қалай түсінетінін тыңдап болған соң мен одан: «Жаңа Өсиетте Пауыл қорқыныш, жан қалтырауы туралы неге төрт рет айтады?». Жан-жүректің қалтырауы табынудан өзге нәрсе емес пе?

Tromos (трепет) грек сөзінің Стронг сөздігі бойынша жалғыз анықтамасы – «қорқыныштан дірілдеу». Осылайша, біз өз құтқарылуымызға сай іс-әрекет жасап, соны толығымен жүзеге асыруға жан-жүрегіміз қалтырап ұмтылуымыз керек. Бұл сөзде, сонымен қатар, терең дәріптеу мен қасиетті қорқыныш мағынасы да бар. Табыну сөзінің мағынасынан бірталай алшақ мағына.

«Бұл Көне Өсиеттің тәлімі, біз Құдайдан қорқуға міндетті емеспіз, өйткені Құдай бізге қорқыныш емес, сүйіспеншілік сыйлады», – деуіңіз мүмкін. Бұлай дейтіндер шайтаннан келетін қорқыныш пен Құдайды қастерлеуді шатастырады. Мұса исаил халқын Синай тауына ертіп әкелгенде, бүкіл халық найзағайдың жарқылдап, түтіннің тауды қаптағанын көріп, күннің күркіреп, кернейдің қатты дауыстағанын естіп тұрды. Содан олар зэрелері ұша дірілдеп кетті. Халық алыстан тұрып, Мұсадан:

– Бізбен өзіңіз сөйлесіңіз, ал біз тыңдайтын боламыз. Құдай бізбен тікелей тілдесе көрмесін, әйтпесе құрып кетерміз,– деп өтінді.

«Мұса халыққа:– Қорықпаңдар! Құдай сендерді (Өзінің араларында болуына) үйрету үшін осында келді. Бұдан былай Оны әрдайым шын жүректен қастерлейтін болыңдар! Бұларың сендерді күнә жасаудан сақтайтын болады,– деді» (Мысырдан шығу 20:20).

Мән беріп оқыңыз: Мұса Құдайдан қорқу мен Құдайды қастерлеуді бөліп айтты. Екеуінің айырмашылығы орасан зор. Құдай біздің Одан қорыққанымызды қаламайды. Қорқатын адамымен ешкім де жақын қарым-қатынаста бола алмайды, ал Құдайдың қалауы – бізбен нағыз жақындық.

Құдайдан қорқатын адамның Одан жасыратыны бар, сондықтан ол қорқады. Күнә жасаған Адам мен Хауа Құдайдың құзырынан жасырынды (Жарат. бас. 3:8). Ал Құдайды терең қастерлейтін адам еш нәрсені жасыруға ұмтылмайды, ол, керісінше, Құдайдан ажырап қалудан қорқады!

Осылайша, Құдайды терең қастерлеудің ең бірінші анықтама-сы – Құдайдан ажырап қалудан қорқу. Құдайды терең қастерлеу – Оған зор құрмет көрсету. Біз Оны бәрінен артық құрметтейміз, бағалаймыз, қадірлейміз, дәріптейміз.

Құдайды терең қастерлесек, Ол жүрегімізден Оған лайық орын алады. Біз Құдайдың алдына жан-жүрегіміз қалтырап, аса зор құрметпен келеміз. Біз Оның қалауларын, барлық басқа нәрседен, соның ішінде өзіміздің қалауларымыздан жоғары қоямыз. Біз Оның сүйгенін сүйіп, Оның жек көретінін жек көреміз. Құдай үшін маңызды нәрсе біз үшін де маңызды болады. «Жаратқанды қастерлеп, мойынсұну, бұл – жамандық атаулыны жек көру»,– деп осы себептен жазылған (Нақыл сөздер 8:13).

Мысырдан шығу кітабында (20:20) Құдайды шын жүректен қастерлеу күнә жасаудан сақтайды деп жазылған. Осыған үндес Нақыл сөздерде былай жазылған: «Жаратқанды шын қастерлейтін күнәдан

аулақ жүрер» (16:6). Пауылдың жазғанындай, Құдайды терең кастерлеу – арамдайтын нәрселерден тазартағын күш (1 Кор. 7:1).

Түрмеге барып, сонда қамалған, кезінде теледидардан уағыз айтатын бір танымал тәлімгерге жолыққанымда, Киелі Кітаптың осы үзінділерінің ақиқаттығына әбден көзім жетті. 1980-жылдары әлгі тәлімгер әлемдегі ең танымал қызметкер еді. Оның қамауға алынуының себебі – үкіметке қарсы жасаған қылмысы, сонымен қатар ол неке адалдығын да бұзды.

Ол түрмеде бес жыл отырып шықты. Алайда, қамалғаннан кейін ол бүкіл өмірін өзгертіп жіберген Құдайдың құзырына кенелді. Менің кітаптарымның бірі оған қатты әсер еткен екен, сондықтан ол менімен кездесуді сұрады.

Онымен түрмеде кездескенімді ешқашан ұмытпаймын. Ол көзінен жас парлап мені бір минуттай құшақтап тұрды.

Сонан соң ол екі қолымен иығымды қысып: «Кітапты өзің жаздың ба, әлде ол жай сенің атыңмен басылып шықты ма?» – деп ынталана сұрады.

«Жоқ, сэр. Өзім жаздым. Ең соңғы сөзіне дейін».

Ол қобалжып: «Саған өте көп айтарым бар, ал бізде бар уақыт – бар-жоғы тоқсан минут қана», – деді. Ол бірден отыра кетіп, әңгімесін бастап кетті.

Әңгіме барысында ол былай деді: «Джон, түрмеге мен Құдайдың қаһарына бола емес, Оның рақымының арқасында түстім. Мен баяғыдай өмір сүргенді жалғастырсам, мәңгі-бақи тозақта болар едім». Сенер-сенбесімді білмей, оның ақпейілді туралығы мен мойынсұнушылығына қатты таңырқап, сөзін әрі қарай тыңдап отырдым.

Жиырма минуттан кейін оған маза бермей отырған бір сұрағымды қойдым. Ол өз қызметінің басында Исаны қатты сүйіп, жалынды сенуші болғанын білетінмін. Ол ынтызарлығын қалай жоғалтқанын білгім келді.

Ақыры, одан: «Исаға деген құмарлығыңды қашан жоғалттың? Қай сәтте?», – деп сұрадым. Қызметкер ретінде мен Исаға деген сүйіспеншіліктің суып, жоғалудың белгілерін білгім келді.

«Мен оны жоғалтқан емеспін»,– деп нық жауап берді ол.

Мен қатты таң қалып, оның жауабын сәл түсінбей, абдырап қалдым. Оның қалайша осылай деуге дәті барды?

Мен ойланбай: «Не дегің келіп тұр? Сен неке адалдығын бұзып, алаяқтық жасадың, түрмеге қамалдың. Қалайша сен Исаны сүйөді ешқашан тоқтатқан жоқпын дей аласың?»,– деп айтып салдым.

Ол менің көзіме тура қарап, еш күмәнсіз: «Джон, мен Исаны сүйөді ешқашан доғарған емеспін»,– деп жауап берді.

Мен үн-түнсіз қалдым. Абдырап, абыржыған кейпімді көріп, ол: «Джон, мен Исаны сүйдім, бірақ оны терең қастерлеген емеспін»,– деп қосты.

Бір сәтке үнсіздік орнады. Ол сөздерін тұрақтандыру үшін біраз кідірді. Менің сезімдерім жүрегіме сыймады. Содан соң ол: «Джон, миллиондаған американдықтар тура мен сияқты өмір сүреді. Олар Исаны жақсы көреді, бірақ Құдайды терең қастерлемейді»,– деді мұңайып.

Ойдан шығарылған Иса

Мен үшін өте маңызды сәт туды, себебі осы кездесу көп сұрақтың жауабын табуға түрткі болды. Құдайды сүйетін адам тұрақты, әрі одан сайын тереңдей беретін күнәнің бұғауына қалай ғана түседі? Құдайды сүетін миллиондаған адам қалай ғана күнәкар өмір салтын ұстанады? Олар Құдайды мадақтап, Құдайға қатыстының барлығын іздеп, қауым өміріне белсенді араласады, бірақ сонымен қатар олар еш тәртібі жоқ өмір сүріп, порнография қарап, үнемі өтірік айтады, олар шамадан тыс көп арақ-шарап ішіп, Киелі Кітап рұқсат ететін еш себепсіз ажырасып кетеді – бұның өзі толық тізім емес. Олар әлгі қызметкер сияқты Құдайды жақсы көреді, онда олар Оның Сөздерін неге орындамайды? Иса айтқандай, біз Оны сүйетін болсақ, Оған бағынуға қабілетті болар едік. Осында жетіспейтін не?

Ол адамдар сүйемін дегенде, оны Кімге айтатынын білмейтіндері мүмкін бе? Әлгі уағыздаушы және оның сөзін естіген көптеген

адамдар Исаның шындыққа жанаспайтын кейпін ойдан шығарып алғаны ма? Осы ойдан шығарылған Иса олардың күнәкар болмысына олар қажет еткенді беруі мүмкін бе?

Елімізде танымал спортшылар мен Голливуд жұлдыздарының өмірін мұқият бақылайтын көптеген адамдар бар. Осы атақты адамдардың аттарын барлығы біледі, бұқаралық ақпарат құралдары олардың жеке өмірлерін қыруар теледидар сұхбаттары мен газет-журналдардағы мақалалар арқылы әйгілі етеді. Фанаттардың олар туралы ең жақын достары ретінде айтып жатқанын сан рет естідім. Адамдардың олардың отбасындағы қиындықтарға жүректері ауырады, адамдар олардың қайғыларына ортақтасады.

Дегенмен, осы фанаттар өздерінің танымал «достарын» көшеде кездестірсе, ол олармен тіпті сәлемдеспейтін де еді. Олар досын тоқтатуға батылы барса, оның олардың елестеткендерінен тіпті өзгеше екенін түсінер еді. Қорытынды: ойдан шығарылған қарым-қатынас.

Исраил Мысырдан шыққанда дәл осыны істеді. Мұса қырық күн, қырық түн тау басында болғанда, Құдай бірде-бір сөз айтқан жоқ. Бұл Мұса үшін емес, халық үшін болды. Сол уақытта Құдайдың құзырынан алыс болған Харон мен басқа басшылар өздерінің күнәкар болмысының құмарлықтарын қанағаттандыратын жалған «құдай» жасай бастады.

Киелі Кітапты иврит тілінде оқи алмайтындықтан мен көп жылдар бойы осы әңгімедегі бір маңызды нәрсені аңғара алмай жүрді. Харон өзі жасаған алтын бұқаны Йхвх, немесе Иегова деп, яғни Құдайдың атымен атады (Мысырдан шығу 32:5). Киелі Кітаптың басқа еш жерінде бұл есім жалған құдайға немесе пұтқа қойылмайды. Бұл есімнің қасиетті болғаны сонша, тіпті еврейлік авторлар да оны тек дауыссыз әріптермен жазады. (Біз Яхве (Жаратылыстың басталуы 22:14) деп айтамыз және жазамыз).

Бұл Харонның ғана қолымен жасалған жоқ. Халық алтын бұқаны құдай ретінде мойындады: «Әй, Исраил, сені Мысыр елінен бастап алып шыққан элохим – осы!» (Мысырдан шығу 32:4,8). Бұл

еврей сөзі Жаратылыстың басталуы кітабының бірінші тарауының өзінде ғана 32 рет айтылады. Киелі Кітаптың алғашқы аятында былай делінген: «Әуел баста Элохим аспан мен жерді жаратты».

Осы сөз Киелі Кітапта қолданылуының 90 пайызында Құдіретті Құдай мағынасында пайдаланылған. Қалған 10 пайыз жалған құдайды білдіру үшін жазылған. Нарон бұқаны Яхве деп атағандықтан, адамдар осы екі жағдайды бөлмей, бірдей айта берген десек қателеспейміз.

Халық Яхве оларды құтқарып алды, және оларға қажеттінің барлығын берді деп мойындады, гәп осында. Алайда олар шынайы, Мұсаға сөйлеген Яхведен өте үлкен өзгешелігі бар құдайды ойлап тапты.

«Білімнің бастауы – Жаратқан Иені терең қастерлеп, Оған мойынсұну»,– деп жазылған (Нақыл сөздер 1:7). «Қай білім?» деген сұрақтан бастаған жөн. Бұл Киелі Кітапты білу емес, себебі парызшылар мен дін мұғалімдері Киелі жазбаны жақсы білетін еді, бірақ олар Құдайдың құзырына кенелген емес, олар Құдайдың көңілінен шыққан жоқ.

Бізге қандай білімнің керек болғаны? Жауапты Нақыл сөздер кітабынан (2:5) табамыз: «...Жаратқан Иені қастерлеуді ұғарсың, Құдай жайлы білімді иемденіп аларсың».

Құдайды қастерлеу арқылы сіз Құдайды жақын танып білесіз. Шынайы Құдайды – ойдан шығарылмаған, шынайы Исаны танып білесіз. Пауыл қорынттықтардың мінін айтады: «Біреулер сендерге келіп, біз уағыздағаннан өзге «Исаны» уағыздағанда... оңайлықпен көне кетесіңдер» (2 Қор. 11:4).

Жоғарыда айтылған әйгілі теледидар уағыздаушысы және ол айтқан миллиондаған сенушілер Әкесінің оң жағында отырған Исаны жақсы көрмейді. Олар өздері ұнататын өмір салтына назар аудармайтын, тіпті оны құптайтын, ойдан шығарылған Исаны жақсы көреді. Олар Оны ешқашан білген емес, немесе Онымен

қарым-қатынастан бас тартқан. Соңғы жағдайда бұл бірге өскен, бірақ әртүрлі жолдарды таңдап, бірнеше жылдан соң бір-бірінің қатты өзгеріп кеткенін байқаған достармен тең. Ойдан шығарылған Исаға деген сүйіспеншілік бізді шынайы Исаның айтқан өсиеттерін сақтауға қабілетті етпейді. Шынында да, жақсы білмейтін адамды сүю өте қиын.

Құдайды терең, қасиетті қастерлеусіз біз шынайы Құдайды танып біле алмаймыз. Мұса Оны өте жақын танып білді. Ол Оның даусын анық естіп, Оның жолдарын түсінді. Израил болса, Оны тек істеріне – олардың мінәжаттарына жауап бергеніне қарап білді. Израил үшін Құдайдың даусы күннің күркірегеніндей естілді. Ал Мұсаға Оның құзырында, Оған жақын жерде болу рұқсат етілді. Израил қостарына қайтсын деп бұйырылды (Заңды қайталау 5:29,30).

Құдайды қалай терең қастерлейміз?

Ең маңызды сұрақ туындайды: біз Құдайды қалай терең қастерлеуіміз керек? Одан оны жай ғана сұрау керек – алайда сұрауымыз шын жүректен болуы тиіс.

Иса былай дейді: «...өздерің күнәкар бола тұра балаларыңа жақсылық жасауды білсеңдер, көктегі Әкенің Өзінен сұрағандарға Киелі Рухын сыйлайтыны ешбір шүбәсіз!» (Лқ. 11:13). «Иса Құдайды қастерлеу туралы емес, Киелі Рух туралы айтып тұрған жоқ па?»,- деп айтарсыз. Ишая Иса және Киелі Рух туралы не айтқанын тыңдаңыз:

«Кесілген ағаштың түбірі мен тамырларынан жас өркен өсіп шығады. Сол сияқты Есей ұлы Дәуіттің патшалық биліктен айырылған әулетінен шығатын бір ұрпақ күндердің күнінде қайтадан патшалық құрады. Осы патшаға Жаратқан Иенің Рухы қонып, оған даналық пен парасат, ақыл-кеңес пен құдірет, білімділік және Жаратқан Иені терең қастерлеуді дарытады. Өзі Жаратқан Иеге мойынсұнып, Оны терең қастерлеуден қуаныш табады» (Ишая 11:1-3).

Киелі Рухтың соңғы сипаттамасы – «Рух... Жаратқан Иені терең қастерлеуді дарытады». Меніңше, бұл біз сұрауға тиіс ең маңызды аспект. Осылай деп екі себептен сенемін. Біріншіден, даналық, ақыл-парасат, кеңес пен күш Құдайды терең қастерлеуден басталады (Забур 110:10, Нақыл сөздер 8 және 9 тарау, 1:7). Екінші және бұлтартпайтын себеп – Құдайды терең қастерлегеніміз Исаға ұнамды. Иса ұнатқан нәрсені біз де ұнатуға тиіс емеспіз бе? Шынында «Мәсіх Әкесін терең қастерлегендіктен мінәжаты қабыл болды» деп жазылған (Евр. 5:7). Мінәжат ету – бір жөн, мінәжаттың қабыл болуы – бір жөн.

Алайда, Құдайды терең қастерлеу және Құдайдың сүйіспеншілігі – Оның Рухына кенелгендіктің нәтижесі, сондықтан Пауыл: «...үміт алдамшы қиял емес, өйткені бізге сыйлаған Киелі Рухы арқылы Құдай жүрегімізді Өзінің сүйіспеншілігіне кенелтті»,– деп жазады (Рим. 5:5). Сіздерді Киелі Рухтан Құдайды терең қастерлеуге қабілетті етуін, Құдайдың жалынды махаббатына кенелтуін сұрауға шақырамын.

Кір ыдыстар

Енді біз кеңінен таралған дағдарысқа келіп жеттік. Жиырма бірінші ғасыр қауымының маңызды кемшілігі бар. Онда таза ыдыс, яғни Құдай Киелі Рухын бере алатын кіршіксіз таза адамдар жетіспейді.

Пауыл о дүниеге аттанар алдында жазған соңғы сөздеріне тағы да назар аударайық. Ол былай деп батыл айтады:

«Бірақ Құдайдың салған негізі берік тұрады, онда мына сөздер «мөрленіп» жазылған: ‘Иеміз Өзінікі болған адамдарын жақсы біледі’ және ‘Иеміздің атын атап сиынатын әркім жамандықтан алшақтасын!’» (Тімотеге 2-хат 2:19).

Пауыл жалпы қауым және жеке адамдар ретінде бізді берік табандылыққа жеткізетін нәрсе туралы жазады. Ол біздің тұғырымыз-

ға жазылған екі сөзді айтады. Киелі Кітаптың King James Version аудармасында «мөр» деген сөз тұрса, The Message аудармасында «нақыштама» деген сөз жазылған.

Біріншіден, Құдай Өзінің адамдарын біледі. Бұл біраз жұбаныш береді. Біз өзімізді толығымен Оған арнаған сәттен бастап, Ол бізді ешқашан ұмытпайды. Біз Оның көзінің қарашығындай боламыз.

Тұғырға нақышталған екінші сөз – «Иеміздің атын атап сиына-тын әркім жамандықтан алшақтасын!». Біз мұнда «алшақтай алады» деген сөзді емес, «алшақтасын» деген сөзді көріп тұрмыз. Бұл Құдайға ұнамсыз өмірден алыс болудың маңыздылығын көрсететін өте қуатты сөз. Неге олай? Жауапты келесі екі аяттардан табамыз:

«Бір үлкен үйде алтын мен күмістен ғана емес, ағаш пен қыштан жасалған ыдыс – аяқтар да бар: алдыңғылары қадірмен тұтылса, соңғылар қадір-құрметтен ада. (Сол сияқты, қауымның көптеген мүшелері игі істерімен Құдайды құрметтесе, басқалары жамандықтарымен Оның даңқы мен ісіне нұқсан келтіреді.) Сол себепті, кім өзін соңғылардан арылтып таза ұстаса, қадірлі ыдыстар іспетті Қожайынына бағышталған, пайдалы және әрбір ізгі істер үшін қолданылуға дайын болады» (Тимотеге 2-хат 2:20,21).

Егер біз, ыдыс ретінде таза болсақ, Қожайынымыздың қолдануына дайынбыз, Оның қуатты құзырына толтырылуға жарамдымыз.

Өлемнің қай қаласына барсам да, күнде ішетін таңғы асым ешқашан өзгермейді. Алдымен мен лимон қосылған бір стақан жылы су, содан соң ақ жұпар қосылған бір кесе шай ішемін.

Он бес минуттан кейін ча, зығыр, кендір дәндері бар, бадам сүтімен араластырылған, үйеңкі шәрбаты қосылған бір тостаған сұлы үлпектерін жеймін. Таңғы асқа маған керек ыдыс: шай кесесі, стақан, тостаған. Мен ешқашан кір кесе, кір стақаннан немесе кір тостағаннан тамақ ішпеймін. Мен әрдайым таза ыдысты қолданамын. Ыдыс кір болса, ол өзіне салынған ең жақсы асты да бүлдіреді. Құдай Өзінің Рухын неге кір ыдысқа құюы керек?

Пауылдың жазғанына сүйенсек, біз өзімізді тазарту үшін жауаптымыз. Ол: «Исаның қаны бізді өткендегі, қазіргі және бола-

шақтағы күнеларымыздан тазартады, сондықтан өздерінді шырмап алған күнә туралы уайымдамандар, сендер қорғаныштың астындасындар»,– деген жоқ. Ол керісінше, былай деді: «Сол себепті, кім өзін [жиіркеніштінің және кірдің барлығынан, еліктіргіш, әрі азғындыратын әсерден бөлек тұрып] арылтып таза ұстаса, пайдалы және әрбір ізгі істер үшін қолданылуға дайын болады» (21-аят, ағылшыннан кеңейтілген аударма).

Біз өзімізді таза ұстауға тиіспіз. Нүкте. Пауыл бұл жерде бізге Исаның рақымымен берілген Мәсіхтегі позициямыз жайлы айтып тұрған жоқ. Осы сөздерді қайта оқыңыз: «Кім өзін азғындыратын нәрсенің бәрінен арылтып таза ұстаса, қадірлі ыдыстар іспетті Қожайынына бағышталған, пайдалы және әрбір ізгі істер үшін қолданылуға дайын болады».

Құдайдың құзыры, Оның Рухы кір ыдысқа емес, таза ыдысқа құйылатын болады.

Нәтиже

Заңсыздық (Құдайға бағынбаушылық) – біздің қоғамда әрекет ететін құпия екенін білдік. Бірақ Ізгі хабарға сәйкес, оған төтеп беретін қасиетті күш бар:

«Әрине, адамдарды Құдайдың заңына қарсы тұрғызатын құпия күштер қазірдің өзінде әрекет етуде! Бірақ соларды ашық шығармай, ұстап тұрған қасиетті күшті алдымен Құдай алып тастауы керек» (Сал 2-хат 2:7).

Яғни ол күштерді Өз құдіретімен ұстап, тежеп тұрған Біреу бар. Біз Оның Кім екенін білуіміз керек. Жауап біреу: Киелі Рух, не болмаса Мәсіхтің рухани денесі. Киелі Кітапты аударғандар Оны Киелі Рух деп ойлаған болса керек. Олардыкі дұрыс делік.

Қазір, осы кітапты жазып отырғанымда, жасым елуден асты, және мен елімізде заңсыздықтың қазіргідей етек алып кетуін ешқашан көрген емеспін. Үкімет, бұқаралық ақпарат құралдары және қоғамның қасарысып, азғын іс-әрекеттерді дұрыс деп жариялаға-

нын ешқашан көрген емеспін. Мұның себебі бар. Заңсыздықты тежеп тұрған күш – Киелі Рух – қазіргі кезде қоғамға үстемдік жүргізбейді. Жиырма бірінші ғасырдың бірінші жартысында Құдайдың Батыстағы құзыры өте жылдам азайып бара жатыр.

Бұл неліктен? Егер біз Құдайға ұқсап өзгеруге баса көңіл бөлетін Ізгі хабарды уағыздамасақ, таза ыдыстардың жетіспеушілігіне тап боламыз, мұның нәтижесі Құдайдың жердегі айқын құзырының азаюына әкеп соғады. Есіңізде болар, Иса айқышта жан тапсырғанда киелі үйдегі шымылдық жоғарыдан төменге дейін қақ айырылды. Құдайдың құзыры кенеттен қолдан жасалған ыдыстан қолдан жасалмаған ыдыстарға – адамдардың жүректеріне көшті.

Киелі Рух киелі үйден күннің батуына, ағашқа, әдемі табиғат көрінісіне, әнге, киноға, не ақпарат жеткізудің кез-келген басқа құралына орын ауыстырған жоқ. Ол жаны бар ыдыс – адам баласына қонды. Сол ыдыстар кір болса, Құдайдың қоғамдағы құзыры азайып, нәтижесінде заңсыздық тежелмейтін болады.

Біз осы құлдырауды жақсы кандидаттарға парламентте отырулары үшін дауыс беру, үкіметімізге қарсы шығу, медиа корпорацияларының жұмыскерлерін жұмыстан босатуды талап ету, абортарийлердің жанында наразылық білдіру немесе кез-келген басқа әрекет арқылы емес, Құдайдың рақымының күшіне бағынып, Құдайға ұнамды өмір салтын ұстану арқылы өзгерте аламыз. Бұл біздің күнәкарлықпен шынымен де күресудің жалғыз әдісі. Осылайша біздің қоғамымызда Киелі Рухтың дауысы мен ықпалы күшейе түседі.

Шынайы қасиеттілік жайлы уағыздардың жетіспеуі жеке әрбіреуіміз үшін де, жалпы қоғам мен мемлекетіміз үшін де қымбатқа түсті. Біз осыны өзгерте аламыз! Бағушылар, жетекшілер және Құдайдың барлық халқы – Киелі Жазбадағы Құдайдың Сөзін батыл айтып, иық тіресіп нық тұрайық. Қарамағымыздағы адамдардың өмірінде берік негіз қалап, анық шекаралар жүргізейік. Құдай патшалығына көп адамдарды алып келетін Киелі Рухтың құдіретінің арқасында заңсыздық қоғамымызда тоқтағанына куә болайық.

БІЗДІҢ ӨЛШЕМДЕРІМІЗ

Өздеріне берілгеннің барлығын
жақсы қолданғандарға тағы беріліп,
молая түседі.
— Матай 25:29

Ең бастысы – менің қабілетім емес,
Құдайдың қабілетіне деген менің жауабым.
— Кори Тен Бум

Үйдің құрылысы жайлы мысалға қайта оралайық. Ең басында негіз қалаудың – Исаның біздің өмірміздегі басшылығын нығайтудың маңыздылығын түсіндік. Келесі кезең деп үйдің қаңқасын тұрғызуды, яғни біздің қасиетті өмір салтына дағдылануымызды айттық. Енді құрылыстың соңғы кезеңіне келіп тоқталайық. Бұл кезең біздің жұмысымыздың бірегейлігін анықтайды. Оған жемістілігіміз, армандарымыз, жоспарларымыз, стратегияларымыз бен өмірлік шешімдеріміз кіреді.

Пауыл былай деп жазады:

«Құдай бізді Иса Мәсіхпен тығыз байланыста болып, игі істер жасау үшін ерекше қылып жаратты. Соларды орындауымыз үшін Құдай бізге алдын ала жағдай туғызды да» (Еф. 2:10).

Біз Иса Мәсіх арқылы тек Құдайдың перзенті болу үшін ғана жаратылған жоқпыз. Сонымен қатар біз Патшалықтың жеміс әкелетін азаматтары болу үшін жаратылдық.

Нағыз үй құрылысында есіктер мен жиһазды орнату, паркетті, плитканы, үстелдің мәрмәр тақтайын салу, сырлау және ақырында шамдарды орнату құрылысты аяқтайды. Алайда бұл кезеңнің нәтижесі алғашқы екі кезең сапалы орындалса ғана әдемі көрініп, ұзаққа шыдайды.

Өмірімізде бізге жақсы болып көрінетін, бірақ Құдайдың бізге дайындағанынан нашар болып шығатын таңдауларды жиі жасаймыз. Таңдауымыз шектеулі болып көрінеді. Ыбырайым мен Сара тек Ажар арқылы ғана балалы бола аламыз деп ойлады. Осы шешімнің арқасында Ысмағұл туды. Дегенмен, Киелі Кітап былай дейді: «Күннің ұлы ерікті әйелдің ұлымен бірдей мұраға ие болмасын!» (Ғал 4:30). Бұл жағдайда Құдай Ыбырайым мен Сараның таңдауын ақтап, өтеді. Бірақ Ол әрдайым олай істемейді. Мұндай теріс шешімдер мен жолдар бізді мүмкіндіктеріміздің толықтай жүзеге аспай қалуына жиі себепші болады.

Көне Өсиетте осыны растайтын көптеген мысалдар бар. Соның бірі – қиын жағдайға тап болғанда Самуилді күтпей, өз бетімен құрбандық шалуды дұрыс деп тапқан Саул туралы әңгіме. Бұл жағдайда оның шешімі ақталған жоқ, нәтижесінде Саул тақтан айырылды (1 Патшалықтар 13).

Маңызды шешімдердің қалай қабылданатынын мысал арқылы қарастырайық. Сіз сапарға шығып, туристердің барлығы келе жатқан соқпақ жолды көрсеңіз, еріксіз сіз де сол жолмен жүресіз. Алайда жаныңызда әдемі көріністерге шығаратын, әрі керек жерге жылдам жеткізетін басқа жолды білетін тәжірибелі жолсерік болса, ол дұрыс таңдау жасауға көмектеседі.

Киелі Кітапта: «Сенің сөздерің қадамдарымды жарқыратады, өмір жолыма шам-шырақтай нұрын шашады», – делінген (Забур 118:105). Егер сіз Құдайдың Сөзіне терең тамыр жайсаңыз, Ол сіздің жолыңызға нұрын шашады, ал бұл дұрыс шешімдерді қабылдау үшін өте маңызды.

Ыбырайым мен Сара әлгі оқиғада Құдайдың құдіретін шектеп қойды. Біз де, өзіміздің тәуелсіз жолымызбен жүруді таңдағанда,

Құдайдың әрекет етуіне мүмкіндік бермейміз. Құдайдың Сөзі бізге дұрыс шешімді көрсетіп, өмірлік жолымызды бағыттауы үшін, Оны ден қойып оқиық.

«Қаражатыңыз жетпейді»

Үйленгеннен кейін Лиза екеуіміз Даллас және Орlando қалаларында бірнеше жыл тұрдық Алғашқы екі үйімізге қаражатымызды әрең жеткіздік. Осыған дейін бірнеше жыл пәтерлерде тұрдық, себебі үй алуға ақшамыз жеткіліксіз болды. Үйлердің көптеген модельдерін қарап жүрдік, бірақ оның бәрі арман болып қала берді.

Біраз қаражат жинадық. Үй таңдағанда, біз бәрінен бұрын оның бағасына назар аудардық. Сатылатын үйлердің көбісіне қаражатымыз жетпейтін болды, себебі менің Далластағы жалақым – жылына 18 мың доллар, ал Орландода 27 мың доллар болды. Сол уақытта екі балалы болдық, пәтер жалдап тұра бере алмайтын болдық, балалар ойнайтын ауламыздың болғанын жөн көрдік. Екі қаладан бірнеше апта бойы үй іздедік, қауым мен үйдің арасына машинамен қатынай алатын болуымыз керек еді. Екі қалада да ең арзаны – бірыңғай үлгімен салынған үнемді нұсқадағы үй болып шықты. Үйдің еденіне жабын таңдағынымызда жабынның он шақты түрінің арасынан ең арзанын таңдадық.

Үйдің ішкі әрлеуі қандай болатынын таңдайтын күн келді. Сату жөніндегі менеджер бізді әрлеу материалдарының көптеген үлгісі қойылған залға ертіп әкелді. Мәрмәр мен әктастың алуан түрінен жасалған әрлеу тақтайша, еденге арналған жабынның түр-түрі, әдемі шкафтар, неше түрлі кілемдер, төбені әрлеуге арналған әртүрлі материалдар және бірегей алауошақтар (каминдер).

Менеджер бізді залдың бір бұрышына апарып, «сіз таңдай алатын материалдар осында»,– деді. Мұнда мәрмәр мен әктастан жасалған тақтайшалар атымен жоқ. Үйеңкі, қарағай, еменнен жасалған шкафтар да қойылмапты. Әсем төбелер, алауошақтар мен

ағаш едендерді де көрген жоқпыз. Арзан ковролин, линолеум және престелген ағаш жоңқаларынан жасалған шкафтар ғана біз үшін қолжетімді болып шықты. Біз менеджерден жақсырақ материалдарды көрсетуді сұрап едік, ол: «сіз алған үй осы материалдармен ғана әрленеді» не «үйіңізді сапасы жоғары материалдармен әрлеуіңіз келсе, қосымша қаражат төлеуіңіз қажет»,– деп жауап бере берді. Қанша төлеу керек екенін сұрағанда, ол қалтамыз көтере алмайтын соманы айтты. Лиза екеуіміз бір-бірімізді жігерлендірумен болсақ та, салымыз суға кетті.

Қолымыздан келеді

Құрылыс компаниясының залында орын алған осы жайт өмірімізде де көрініс табады. «Қолыңнан келмейді», «Дәмең зор екен», «Үміттенбей-ақ қой», «Жұрттан озуға тырыспа», «Қанағат қарын тойғызар» – дегенді әрқайсымыз естіген шығармыз. Бұл сөздер ақылға сыйымды, дұрыс кеңес тәрізді, дегенмен не дұрыс?

«Ал Тәңір Иеміз бізге әсер ететін Өзінің құдіреті арқылы біз сұрағаннан немесе ойлағаннан әлдеқайда көп нәрселерді істей алады» (Еф. 3:20).

Осы аяттағы жолдау көрме залындағы жағдайға қарама-қарсы. Құдай бізге бергенінің өлшемдерін шектемейді. Құдай қойған шекара біздің сұрағанымыздан, көргенімізден, армандағанымыздан, үміттенгенімізден және ойлағанымыздан әлдеқайда кең жатыр.

Басты сөз – істей алады. Мысал келтірейін.

Әлдебір мультимиллиардер үш жас кәсіпкерге: «Сендер армандаған бизнеске спонсор болғым келеді. Маған ештеңені қайтарудың қажеті жоқ, сендер табысқа жетсеңдер болды. Мен қаражатты қажет мөлшерде бере аламын»,– деп ұсыныс жасайды.

Қаржылай көмекті бірінші болып кондитерлік дүкен ашқысы келген әйел алады. Оған сөрелер, екі пеш, табалар, ыдыс-аяқ, касалық аппарат, ұн, басқа да біраз нәрсе керек. Ол жоспарын мил-

лиардерге көрсетіп, жүз мың доллар сұрайды. Миллиардер көп ойланбастан ақшаны оның шотына аударады.

Келесі болып миллиардердің алдына жас жігіт келеді. Оның бірнеше үй салмақ ойы бар. Ол бірнеше жер телімдерін, құрылыс материалдарын, жүк машинасын сатып алуы, кішігірім кеңсе жалдауы керек. Ол бизнес-жоспарын миллиардерге көрсетіп, екі жүз елу мың доллар сұрайды. Миллиардер оның да шотына ақша аударады.

Үшінші кәсіпкер – жас бикеш, оның ойы жанында сауда орталығы мен саябағы бар бизнес-орталық салу. Ол қаланың ішінде сатылатын аумағы 400 гектар жер телімін тауыпты. Сатылатын жер өте жақсы, мұндай жерге қаражаты жететін адам көп емес, сондықтан жердің сатылмай тұрғанына біраз болған. Бикеш саушымен сөйлесіп, мәмілеге келеді.

Ол армандаған жобасын жүзеге асыратын сәулетшілерді шақыртады. Қатар тұрған екі ғимараттың сырт пішіні қандай болатынын суреттеп береді. Кеңсе ғимаратының жанында сауда орталығы, ішінде сәнді бутиктері, жақсы ресторандары бар сауда орталығы орналасатын болады. Жоғарғы қабаттарда керемет пәтерлер болады. Дәл ортада бес жұлдызды отель салынады. Қалған жерде сауық саябағы болады.

Көшелердің бойында әдемі ағаштар өсіп тұратын болады, велосипедшілер жүретін жолдар, сауда орталығының айналасында тамаша саябақ болуы тиіс.

Оның жоспарлауынша, бай бизнесмендер, пәтер иелері, отелдің қонақтары саябаққа келетін болады. Мұнда олар ең жақсы бутиктерде сауда жасайды, ең жақсы ресторандарда түстеніп, сауық саябағынан керемет әсер алады және бақтың ішінде тыныштық тауып, демалатын болады. Отельде қонақтар және бизнес иелеріне арналған жайлы бөлмелер болады. Бикештің ойынша, оның кешеніне туристер де көптеп келетін болады. Адамдар елдің түпкір-түпкірінен келіп, осында қонақ үйге түсіп, демалып, сауда жасайды, бақта серуендейді деп үміттенеді.

Ол сәулетшілермен бірге жұмыс істеп, кешеннің егжей-тегжейлі жоспарын құрады, бұл шынында да керемет өнер туындысы болып шығады. Содан соң ол миллиардерге жоспарын көрсетіп, 245 миллион доллар сұрайды. Миллиардер оған да кешіктірмей ақшасын береді. Арада үш жыл өткен соң миллиардер жас кәсіпкерлермен кездеседі. Олардың жағдайын білгісі келеді. Кәсіпкерлер бірінен соң бірі есеп береді. Кондитерлік дүкеннен айына екі мың доллар пайда түседі. Үй салушы төрт үй салып, үш жылда екі жүз мың доллардан сәл көбірек пайда тапқан.

Үшінші кәсіпкер есеп бере бастайды. Қонақ үйдегі бөлмелердің 90 пайызы, кеңселердің 87 пайызы жалға берілген. Пәтерлер түгел салынған. Сауда орталығындағы бутиктер мен ресторандардың 98 пайызы іске қосылған. Таза пайда айына бірнеше миллион доллар. Жақында қаланың әкімшілігі оны қаланың эстетикалық келбетін жақсартқаны, жаңа жұмыс орындарын ашқаны, туристерді көптеп келтіргені және салық түсімдерін көбейткені үшін марапаттайтынын айтты.

Табысының белгілі бір пайызын ол қаланың кедей кварталдарында тегін асханаларды ашып, қаржыландыруға жұмсаған.

Іс мұнымен бітпеген. Көп миллиондық табыстың басым бөлігін ол осындай кешендерді тағы үш қалада ашуға жұмсағанын хабарлайды. Ол кешендер келесі бір жарым жылдың ішінде, арасына алты ай салып ашылатын болады. Ол жаңа кешенді басқаруды қолдарына алатын менеджерлердің үш командасын құрып, баулыған. Келесі бес айда ірі қалаларда бес кешен ашуға жететін табыс түседі деп жоспарлайды.

Оның презентациясын естіген басқа екі кәсіпкер жерге қарады. Осыны байқаған миллиардер не болғанын сұрады.

Кондитерлік дүкеннің иесі бірінші болып сөз қатты: «Әрине, сэр, ол сізден бізге қарағанда көбірек ақша сұрады, сондықтан оның ісі алға басты. Сіз оған көбірек қаражат бөлгендіктен, оның қолынан көп келеді».

Миллиардер жас құрылысшыға қарап: «Осы сөзбен келісесің бе?»,- деп сұрады.

Жігіт: «Шынымды айтсам, келісемін, оның мүмкіндігі бізге қарағанда көп болды»,- деп жауап берді.

Миллиардердің жеке көмекшісі бірінші кездесуді жазып алған екен. Ол сол кездесуде жазып алған сөздерді оқып берді. Меценат көмекшісіне: «Осыдан үш жыл бұрын кәсіпкерлердің әрқайсысына айтқанымды оқып беріңіз»,- дейді.

Көмекші: «Сендер армандаған бизнеске спонсор болғым келеді. Мен қаражатты қажет мөлшерде бере аламын»,- деген сөзді оқыды.

Миллиардер еңсесі түскен екі кәсіпкерге қарап: «Бикешке бергенімді неге қызғанасындар? Оның қандай да бір артықшылығы бар деп неге ойлайсындар? Мен сендерге армандарыңды орындауға қаражат бере алатынымды айтқан емес пе едім? Мен сендерді қаржы жағынан шектемей, сұрағандарыңды бердім. Ауқымды армандап, зор жоспар неге құрмадыңдар?»,- деп сұрады.

Миллиардер кондитерлік дүкен ашқан әйелге қарап: «Дүкеніңізді үлкендеу қылып не жоспарламадыңыз? Мен қаражат берер едім. Тиімді маркетингіге неге қаражат сұрамадыңыз? Адамдарға сіздің өнімдеріңіз ұнайды ғой, ісіңіз алға басар еді. Және ең маңызды сұрақ: қала бойынша кондитерлік дүкендерді ашуды, және болашақта бизнесіңізді кеңейтіп таратуды жоспарыңызға неге қоспадыңыз?»,- деп сұрайды.

Сонан соң ол жігітке қарап тура сол сұрақты қояды: «Неге бірнеше шеберді үйретіп, көмекшілер жалдамадың? Сонда бір жылда бір үй салып, сатқанның орнына жылына жиырма үй салып, сатар едің. Жаңа жұмыс орындарын көптеп ашар едің. Неге көбірек жер сатып алмадың? Неге басқа штаттарда да кеңсе ашып, сол жерде үй салмадың? Сонда сен штатымыздағы көптеген отбасыларға көмектесер едің, сондықтан мен жоспарыңа ақша бөлер едім ғой. Сендердің жетістіктерің шектеулі болды, себебі шектеулі армандарың қаражаттарыңды да шектеді».

Молшылық

Мәсіхшілер көбінесе тым көп нәрсені иеленуді дұрыс емес деп санайды. Алайда осы түсінік Құдайдың Сөзінде көрініс табады ма? Иса былай дейді:

«Өзіне берілгеннің барлығын дұрыс қолданғанға тағы беріліп, молая түседі» (Матай 25:29, NLT, ағылшыннан аударма).

Бізге молшылық беру Құдайға қиын емес. Ол молшылықтың бізге үстемдік жүргізуіне қарсы. Айырмашылығы неде? Молшылыққа бағынған адам жарылқауды, мүлікті, қабілет-күшті тек өз құмарлықтарын қанағаттандыру үшін іздейді. Немесе ол ресурстарды қорыққанынан жинайды.

Жиырмасыншы ғасырдың соңында гүлдену туралы уағыздарды естіген адамдар байлыққа осындай ниетпен ұмтылды. Олардың осы ниеттеріне бола жетекшілер мен сенушілердің көбісі Құдайдың молшылық жайлы ақиқатын уағыздауды тоқтатты. Көптеген адамдар молшылық деген сөзді жек көретін болды. Алайда, молшылық бізге Патшалыққа көбірек адамдарды келтіру мақсатында тиімді әрі ауқымды жұмыс жасау үшін керек. Бәлкім осыдан болар, Құдай бізге былай дейді: «Сүйікті бауырым! Сенің рухани өміріңнің сау болғанындай, саған барлық жағынан да Құдайдан игілік пен денсаулық тілеймін» (3 Жохан 2).

Біздің мысалымызда мультимиллиардер әр кәсіпкерге, бикешке бергеніндей, 245 миллион доллар берген жоқ. Әрқайсысына арман-мақсатына сәйкес қаражат берілді. Исаның айтқан астарлы әңгімесіне қарасақ, барлық қызметшілердегі қаржының мөлшері әртүрлі болды. «Әрқайсысына қабілетіне қарай, біреуіне бес, келесісіне екі, тағы біреуіне бір ат басындай күміс береді. Содан кейін сапарына аттаныпты» (Матай 25:15). Олардың қабілеті алға қойған мақсаттарына сәйкес болды.

Жоғарыдағы мысалда бірінші кәсіпкердің арманы – кішігірім ғана кондитерлік дүкен еді. Жігіттің ойында жылына бірнеше ғана

үй салу болды. Ал бикештің қабілеті – едәуір нәрсені қажет еткен (ой-өрісіне сай) қабілет еді.

Күшті дұрыс қолдану – оны Құдай Патшалығын кеңейту үшін қолдану деген сөз. Осы астарлы әңгімені тереңірек қарастырсақ, өте қызық жайтты байқаймыз. Қызметшілердің екеуі қожайынына адал болатын. Олар өздеріне берілгенді көбейте білді. (Менің әңгімемде үш кәсіпкердің бірі ғана берілгенді көбейтті). Исаның астарлы әңгімесіндегі қожайын берілгенді көбейтуді дұрыс іс деп тапты (Матай 25:21,23 қараңыз).

Берілгенді сақтап қалған қызметшіні қожайыны жалқау дейді. Қожайынның күмісі өзіне қайтты. Ол оны молшылығы бар қызметшіге берді. Ол адамның ат басындай он күмісіне Қожайын он біріншісін қосып берді. Бұл социалистік көзқарас емес, шынын айтқанда, ол капиталистік көзқарас.

Жақсы мәсіхші бұдан сақтану керек деп ойлаймыз. Басқаша айтқанда, ол өзінде бар азға қанағаттану керек, бірақ шын мәнінде ол жалқаулық. Құдайдың адамға берілген бірінші өсиетінде «өсіп, өніп, көбейіндер»,– деп айтылған (Жаратылыстың басталуы 1:22 қараңыз). Бұл өсиет үрім-бұтаққа ғана қатысты емес. Құдайдың айтқаны: «Сендерге бергенімнің бәрін көбейтіп, өзіме қайтарасындар деп күтемін».

Құдай маған тәлім беруге қабілет берді. Оның рақымымен (біздің команда, серіктестеріміз, жұбайым және өзім арқылы әрекет ететін Құдайдың күші) осы дарын дүние жүзіне тараған тәлім, кітаптар, Интернеттегі сабақтар, әлемдегі бағушылар мен жетекшілер арасында миллиондаған материалдар тарату, блогтар, басқа тәлімгерлерге көмек, т. б. арқылы өсіп-өніп көбейіп, Оған қайтады. Құдай менің жас кезімде ойлағанымнан әлдеқайда асып түсетін нәрселер жасады. Осыны көргенде ойыма екі нәрсе келеді.

Біріншіден, Құдайды шектеген жоқпын ба? Екіншіден, Құдайдың қабілетінің істегеніне қарап, қуанамын! Осы екі ой жүрегімде Құдайдың алдында мойынұсыну мен әуестікті туғызады.

Біздің ыдысымыз

Әрбіріміз арқылы Құдай әлдеқайда көп істі жүзеге асыра алар еді. Өзіміз байқамай, өзімізге өзіміз шектеу қоямыз. Ефестіктерге арналған хатта (3:20) айтылғандай, шектеулерді басқа адамдарға көмектесу мақсатымен «сұрағанымыз немесе ойлағанымыз» анық көрсетеді. Құдайдың бізге деген анық жолдауы: «Менің сен арқылы әрекет ететін рақымым сен қойған шектеулерден әлдеқайда асып түседі». Иса: «Сенушіге бәрі де мүмкін»,– дейді (Мқ 9:23).

Таусылмас бұлақтан қаншалықты сусындай алатынымызды біздің қойған шектеулеріміз көрсетеді. Менің әңгімеде бірінші адамның ыдысы 100 мың доллар қажет ететін арман-мақсат болды, екіншісіне – 250 мың доллар, үшіншісіне – 245 миллион доллар қажет болды.

Шын мәнінде Құдайды ыдысымыздың көлемі, сыйымдылығы шектейді. Мүмкін, Құдай бізден «Біреуден ілгері, біреуден кем өмір сүруге қаражатым жетсе болды деп неге ойлайсыңдар? Неге өздеріңнің, отбасыларыңның қамын ғана ойлайсыңдар? Мен сендерге берген мүмкіндіктің барлығын неге пайдаланбайсыңдар? Бұл дұрыс түсінік емес, бұл жалқаулық»,– деп сұрайтын шығар.

«...Құдайдың *өлшеусіз, шектеусіз, үстем* құдіретінің Иемізге сенуші біздерге қаншалықты күшті әсер ететінін...» (Еф. 1:19, ағылшыннан кеңейтілген аударма) біліп, ұғынуымыз үшін Пауылдың қызу мінәжат етуінің себебі осында.

Курсивпен басылған сөздерге назар аударыңыз. Әр сөзді оқып, ол туралы ойланыңыз. Өлшеусіз – яғни өлшеуге болмайтын, өлшеуден асқан, өлшемнен тыс, өлшенбейтін. Шектеусіз – ұшы-қиыры жоқ шексіз. Үстем – ғаламда одан асып түсетін күш жоқ.

Осы күш-құдіреттің барлығы біздің бойымызда бар. Құдайдың тағынан мезгіл-мезгіл келетін күш емес. Бұл – біздің бой-болмысыздағы Оның күші.

Ол біздің еркімізде. Бұл күш бізге өсіп, өніп, көбеюге мүмкіндік береді. Ол бізге жемісті болуға көмектеседі. Ол бізді басқаларға тиімді көмек көрсете алатын қылады. Сол күштің арқасында жарық шамдай нұр шашамыз.

Билік құру

Құдайдың рақымында шек жоқ. Ол – Құдайға ұнамды өмір сүруге қажетті күш, ақысыз-пұлсыз, тегін берілген сый, құтқарылу, кешірілу сыйы, жаңа болмыс. Ол, сонымен қатар, өмірде билік құруға, өсіп, өніп, көбейіп, жемісті болуға мүмкіндік береді.

Рақым шынында да ғажап! Пауыл елшінің сөзін мән беріп оқыңыз:

«...Құдайдың шексіз рақымын және әділдіктің тегін сыйын қабылдағандар бір Кісі – Иса Мәсіх арқылы өмірде билік құрады» (Рим. 5:17).

Қарқын-құлашына бола бұл аят ақылға сыйымсыз болып көрінеді. Сондықтан болар, оны назарсыз қалдырамыз. Құдайдың рақымы арқылы біз өмірде билік құруымыз керек. Өмір қандай тосқауыл қойса да, бізге бәрін жеңіп шығатын күш берілген. Өмір күш-қайратымыздан айырып, бізге үстемдік жүргізбеу керек, біз өмірде билік құруымыз керек. Өзіміз ықпал ететін салаларда мәнді өзгерістер енгізуіміз керек. Бізге тапсырма және оны жүзеге асыруға билік берілген.

Осыны қалай іске асырамыз? Кәзіргі жағдайымыздан шығып, қалыпты, үйреншікті нәрселерден асып түсуіміз керек. Біз ықпал етуге, көштің аяғы емес, басы болуға, төменде емес, жоғарыда жүруге шақырылғанбыз (Заңды қайталау 28:13 қараңыз). Өз өміріміздегі қиын жағдайларды жеңіп қана қоймай, Құдайды танымайтындарға да нұр шашуға міндеттіміз. Құдай бізді қатарымыздың алды болуға таңдап алған. Көштің басы бағыт көрсетеді, ал соңы соған ереді. Біз қоғамның барлық салаларында еруші емес,

көшбасшы болуымыз керек. Қазіргі жағдай осындай ма? Әлде Құдайға не ұнамды екенін түсінбейміз бе?

Ойымды түсіндірейін. Мәселен, сіз медицина саласында жұмыс істейсіз дейік. Онда Құдайдың рақымымен сізде ауруларды емдеудің жаңа әдістерін ашуға қабілет бар. Сіздің потенциалыңыз (мүмкіндігіңіз) өлшеусіз әрі шектеусіз. Ашқан жаңалықтарыңыз әріптестеріңізді таңқалдырып, жұмысыңыз оларды қызықтыратын болу керек. Сіздің инновацияларыңыз бен даналығыңызды көріп: «Осы идеяның бәрін қайдан алады екен?»,- деп ойлайтын болады. Сіз нұр шашып қана қоймай, өз салаңыздағы жемістілігіңізді арттырасыз. Басқалар сіздің соңыңыздан еріп, сіздің қабілетіңіздің қайнар көзін білгісі келетін болады.

Егер сіз интернет-сайттардың дизайнері болсаңыз, шығармашылығыңыз жанашыл, әрі ілгері болатыны сонша, басқалар сізге еліктейтін болады. Сіздің және осы саладағы басқа сенушілердің жұмысы қоғам еліктейтін үлгіге айналады. Инновацияларыңыздың арқасында сіздің атыңыз шығып, бәсекеге қабілетті боласыз. Сіз әрқашанда бір қадам ілгері боласыз, басқа дизайнерлер таң-тамаша қалып: «Таусылмас шығармашылығының қайнар көзі неде?»,- деп сұрайтын болады. Сіз біліміңізді басқалармен бөлісу арқылы өсіп, өніп, көбейесіз, Құдай Патшалығын кеңейтесіз.

Орта мектептің мұғалімі болсаңыз, сіз арқылы әрекет ететін Құдайдың рақымымен ақыл-парасат пен білім берудің басқа мұғалімдердің ойына келмеген жаңа әдістерін жетілдіресіз. Оқушылардың ынта-жігерін, олардың деңгейін едәуір арттыра алатын боласыз. Әріптестеріңіз бір-бірінен: «Осы идеяның бәрін қайдан алады екен?»,- деп сұрайтын болады. Басқа мұғалімдердің біліктілігін арттыру, өз қабілеттеріңізді оқушыларға дарыту арқылы өсіп, өніп, көбейесіз.

Сіз бизнесмен болсаңыз, басқалардыкінен басым болатын өнімдерді шығарасыз, басым сату әдістерін қолданасыз. Сіз қолдана-

тын маркетинг стратегиялары басқалардыкінен әлдеқайда жемісті болады. Ненің тиімді, ненің тиімсіз екенін оңай түсінетін боласыз. Қашан сатып, қашан сатып алу керектігін, саудаға қашан кіріп, қашан шығу керектігін дәл білетін боласыз. Сіздің табыстылығыңыздың себебі басқа бизнесмендер үшін жұмбақ болады. Құдай Патшалығына көп қаражат жұмсау, жас кәсіпкерлермен тәжірибеңізді бөлісу арқылы өсіп, өніп, көбейесіз.

Дәл осылайша сіз музыкант, зерттеуші, спортшы, ғалым, полиция жұмыскері, стюардесса, жұмыс істемейтін әйел, медиа саласының жұмыскері, әскери адам не кез-келген басқа салада жұмыс істесеңіз де, Құдайдың сөзі жүзеге асады «...Құдайдың шексіз рақымын және әділдіктің тегін сыйын қабылдағандар бір Кісі – Иса Мәсіх арқылы өмірде билік құрады» (Рим. 5:17).

Әрбіріміз қоғамның әр саласында іс-әрекет етуге шақырылғанбыз. Қайда болсақ та, көштің басы болып, билік құруға тиіспіз.

Біздің бизнесіміз басқалар қиындықтарға тап болып жатқанда да алға басып отыруы керек. Біз тұратын аудандар қауіпсіз, әсем бола түсіп, гүлдене беруге тиіс. Жұмыс орындары көбейіп отыру керек. Біздің музыкамыз зайырлы музыканттар бізге еліктейтіндей жаңашыл, бірегей болуы керек. Біздің графикамыз, видео, сәулет дизайнеріміз да солай болуы тиіс. Біздің шығармашылығымыз тәнті етерлік, әрі бәсекеге қабілетті болуы керек.

Спортта, ойын-сауық индустриясында, өнерде, бұқаралық ақпарат құралдарында және басқа қай салада болсын, біздің жетістіктеріміз айқын болуы керек. Әділдер үкімет басына барғанда, мемлекеттер, аймақтар, қалалар өркендейді. Біз сабақ беретін, басқаратын мектептер жақсара беру керек. Сенушілер іске кіріскенде, шығармашылық, жаңашылдық, жемістілік, тыныштық, адалдық, ілтипат молая түседі. Исаның шәкірттері ретінде біз қараңғы дүниеде нұр шашамыз. Сондықтан, шын мәнінде, Құдайдың рақымының арқасында біз күнәкар дүниеде ерекшелігімізбен көзге түсуіміз керек.

Қалыптан тыс

Даниял жайлы куәлікті оқыңыз:

«Даниял (Құдайдың Рухы дарытқан) асқан қабілетінің арқасында өзге екі уәзір мен аймақ әміршілерінен озық шықты. Сондықтан патша оны бүкіл патшалықты басқарушы етіп қоюды ойлады» (Дан. 6:3).

Не деген ғажап! Біріншіден Даниял озық шықты. Даниялды Құдай ерекшеледі деп айтылған жоқ. Киелі Кітаптың басқа аудармаларында Даниял ерекшелігімен көзге түсті деп айтылған. Ал The Message аудармасы мен қазақша аудармада «басқалардан озық шықты» деп аударылған.

Даниял оған қалай қол жеткізді? Ол асқан қабілетке ие болды, себебі ол Құдаймен тығыз қатынаста болды.

Киелі Рухқа кенелген, Киелі Рух дарыған адамдар да солай болуы керек.

Жаңа американдық стандартты Киелі Кітапта былай жазылған: «Даниял ерекшеленіп, көзге түсе бастады, себебі онда айырқша, үстем рух болды». Айырқша сөзі «қалыптан тыс, бірыңғай жағдайдан тыс, жалпыға бірдей өлшемнен асып түсетін» деген мағынаны білдіреді. Кейде сөздің мағынасын оның антонимдерін – яғни, қарсы мағыналас сөздерін зерттеу арқылы тереңірек түсінуге болады. «Айырқша» сөзіне қарсы мағына – қалыпты, қара байыр, үйреншікті, дағдылы. Айырқша, әдеттегіден тыс рухқа толы өмір – дағдылы өмірге қарама-қарсы.

Даниялда айырқша рух болды. Бізде айырқша рух болса, тәніміз де жанымыз да оған бағынуға міндетті. Рухымыз бізді жетелейтін болса, шығармашылығымыз да, даналығымыз да, біліміміз де, өміріміздің басқа салалары да өз күшімізбен өмір сүргендегіден басқаша қалыптасады. Рақым бізде бар екенін және оның біз үшін әрекет ететінін түсінсек, бізге шектеу болмайтынын білеміз.

Құдайдың біз арқылы әрекет ететін рақымы өлшемсіз, шектесіз, үстем екені есіңізде болар. Даниял Құдаймен қарым-қатынасы арқылы ғана қолжетімді болатын нәрселерді ала білді. Ол Құдіретті Құдаймен келісімшартын, көштің соңы емес, басы болуы керектігін білді. Біздің Құдаймен келісімшартымыз Даниялдықынінен де зор.

Осы жағдайды мұқият қарастырайық. Даниял үш досымен бірге тұтқындалып, алақандай ғана Исраилден дүние жүзіндегі ең қуатты елге алынды. Өткен ғасырда Америка өте қуатты мемлекет болды деп ойласаңыз, оны Вавилонның ұлылығымен салыстыруға да келмейді. Вавилондықтар дүние жүзіне үстемдігін жүргізді! Олар экономикада, саясатта, соғыс жүргізуде, ғылымда, көркемөнерде, қоғамдық және білім беру салаларында үздік еді.

Вавилон халқы жер бетіндегі басқа халықтардың бәрінен де ілгері еді. Дегенмен, Даниял мен оның достары жайлы былай жазылған: «Патша олардан қандай мәселе туралы ақыл-кеңес сұрамасын, өзінің бүкіл патшалығындағы абыздары мен балгерлерінен гөрі олардың он есе білімдірек екенін анықтады» (Дан. 1:20).

Басқа аудармаларда олар он есе жақсы, он есе ақылды, түсінгендері он есе артық еді делінген. Олар жергілікті абыздардың ойына да келмеген идеялар ұсынды, және олардың идеялары жүзеге асып, жемісті болды. Шын мәнінде, олардың шығармашылығы, жаңашылдығы және түсінігі Құдайдың Рухынан жүрдай басқа басшылардыкінен он есе артық болды.

Даниялдан жолы үлкен

Жоғарыда айтылғанды ескере отырып, Исаның сөзін оқиық: «...адам баласы атаулының ішінде Жақиядан жолы үлкен ешкім болған емес» (Лқ. 7:28). Жақияның жолы Даниялдан да үлкен болды деген сөз. Осы екеуін жасаған істеріне қарап салыстыруға тырыспаңыз. Жақия рухани қызметте, Даниял азаматтық үкіметте қы-

змет етті. Алайда, Иса Жақия Даниялдан үлкен екенін анық айтады. Содан соң Иса былай деп қосады:

«Құдайдың Патшалығындағы ең қарапайым деген адамдардың жолы онікінен үлкен» (Лк. 7:28).

Неліктен Құдайдың Патшалығындағы ең қарапайым адамның жолы Жақияныкінен үлкен? Иса адамзатты азат ету үшін Өзін әлі құрбан қылған жоқ, сондықтан Жақияның рухы қайта туылмаған еді. «Мәсіх осы дүниеде қалай өмір сүрсе, солай өмір сүрді» деп Жақия туралы айтуға болмайды (1 Жохан 4:17). Алайда біз туралы солай айтылған! Жақия Исамен бірге тіріліп, көкте Оның жанына отырғызылған жоқ (Еф. 2:6), бірақ осы сөздің бізге қатысы бар! Осы себептен Құдайдың Патшалығындағы ең қарапайым адамның Жақиядан жолы үлкен. Біз осыны түсінеміз бе?

Кейбір ғалымдардың айтуынша, Исаның қайта тірілуінен бүгінгі күнге дейін әлемдегі сенушілердің саны екі миллиардқа жетеді. Тіпті сол екі миллиардтың ішіндегі ең қарапайымы болсаңыз да, Жақиядан жолыңыз үлкен! Сіздің Даниялдан да жолыңыз үлкен деген сөз!

Енді «Сіз шын мәнінде кім екеніңізді білесіз бе? Ерекшелігіңізбен көзге түсесіз бе? Сіз басқалардан он есе ақылды, он есе дана, он есе жақсысыз ба? Құдаймен Иса Мәсіх арқылы қарым-қатынасы жоқ әріптестеріңізден он есе зерек, он есе ұшқыр ойлы, он есе тапқырсыз ба? Олай болмаса, неліктен? Әлде Құдай рақымының молдығына сенбейміз бе?» деген сұрақ туады.

Тағы ойланайық. Иса бізге дүниеге (Құдай жолын көрсететін) «нұрсындар» деп айтқан (Матай 5:14 қараңыз). Жаңа Өсиетте Құдай бізді, Өзінің балаларын түнектегі нұрсындар деп бірнеше рет атайды (Матай 5:14-16; Жохан 8:12; Елшілердің істері 13:47; Римдіктерге 14:12; Еф. 5:8,14; Қол. 1:2; Флп. 2:15; 1 Сал. 5:5; 1 Жохан 1:7; 2:9,10). Қараңғы дүниеде нұр болу – Құдаймен өміріміздің негізгі мағынасы.

Дүниеде нұр болу дегеніміз не? Көптеген адамдардың ойынша, бұл – ұнамды мінез-құлық, дұрыс іс-әрекет, мейірімді болу, Жохан жазған Ізгі хабардың 3:16 аятын жатқа айту. Дүниеге нұр болу жайлы өсиетті Даниял да осылай түсінсе не болар еді? Күнде таңертең Вавилондық үкімет ғимаратына кірген сайын, әріптестеріне: «Әй, вавилондық абыздар, 22-забур жырында ‘Жаратқан Ием – менің Бағушым, мен еш нәрседен де тарықпаймын’ деп жазылған»,– десе не болар еді?

Уәзірлер мен аймақ әміршілері Даниял мінәжат ету үшін кеңседен шыққан сайын не дейтін еді? (Даниял күнде мінәжат ететін). Олар «Осы тақуаның кеткені жақсы болды. Мінәжаты кешке дейін бітпесе екен. Өзі бір оғаш мінезді, әпенде адам!» тәрізді сөздер айтар еді.

Олар Даниялға мінәжат етуге мүмкіндік бермейтін заңды неге шығарды (Дан. 6:6-8 қараңыз)? Даниял олардан он есе ақылдырақ, он есе тапқыр, он есе зерек болғандықтан шығар. Даниялдың мерейі үстем болды, оның қызметі жоғарылай берді. Ақырында ол аймақ басшылар мен уәзірлердің бастығы болды. Мүмкін, олар қызғанған шығар.

Өлгі басшылар аң-таң болып, өзара сыбырласып: «Түсінбеймін! Біздің ұстаздарымыз – әлемдегі ең дана ұстаздар, ғұлама ғалымдар, билеушілер. Мына жігіт айдаладағы бір белгісіз елден келген. Бұған сондай идеялар қайдан келеді? Ол бізден қалай ғана асып түседі? Күніне үш рет мінәжат етеді ғой, сондықтан болар. Мінәжатқа тыйым салатын заң шығарайық, сонда ол ерекшеленіп көзге түспейді, бізден артық бола алмайды»,– дейтін. (Әрине олар басқа да мақсатына жетті – Даниял тұтқынға алынды).

Даниял айрықша адам еді, сондықтан қараңғы жердегі шамдай нұр шашатын. Дара қасиеттерінің арқасында оның нұрын замандастары анық көретін. Қызғаныштан олар Даниялдың табысты болуын көре алмайтын. Алайда, меніңше, көптеген басқа адамдар, соның ішінде патшаның өзі де, Даниялға оның

қабілеттерін тірі Құдайдың Өзі бергенін түсінетін. Даниялдың басымдылығына бола олар оның Құдайын дәріптейтін. Даниялдың көзге түскен себебі – Киелі жазбаларды жақсы біліп, күніне үш рет мінәжат еткенінде емес, өз ісін басқалардан әлдеқайда жақсы атқарғанында және Құдайдың алдындағы ұнамды мінезінде. Үй құрылысы жайлы мысалдағыдай, Даниялдың негізі, құрылымы, әрлеу материалдары айрықша жақсы болды.

Менің өмірімдегі дәлел

Құдай рақымының менің өмірімдегі қуатты әрекетіне куә болдым. Мектепте ағылшын тілінде шығарма жазудан қатты қиналатынмын. Үш бет шығарма жазу мен үшін нағыз азап болатын. Бірнеше сағат отырып, жарты бетті әрең жазатынмын. Жазған шығарманды бірінен соң бірін жыртып тастай беретінмін, өйткені жазғаным маған түкке жарамайтын болып көрінетін. Мектеп бітірерде тапсырған ауызша емтиханда 800 балдан 370 балл ғана жинадым.

Менің бағамның төмен болғаны соншалық, барлық сапарларымда менен төмен балл жинаған бір-ақ адамды кездестірдім.

1991 жылы Құдай мінәжат кезінде маған кітап жаз дегенде, Ол мені біреумен шатастырып алды деп ойлады. Көне Өсиеттегі Сара сияқты мен де күліп жібердім. Мен кітап түгілі бір-ақ тарау да жаза алмаушы едім. Ол кезде мен өзімдегі Құдайдың өлшемсіз, шектеусіз, үстем рақымын ескерген жоқпын.

Құдайдың «кітап жаз» деп тапсырғанынан кейін он ай өткенде араларына екі апта салып, әр түрлі штаттардан екі әйел маған жолығып: «Джон, Құдай сенің кітап жазғаныңды қалайды. Оны істемейтін болсаң, Ол оны басқа біреуге тапсырады»,– деді. Осыдан кейін мен Құдаймен келісім жасап, менің Одан толықтай тәуелді-гімді мойындадым. Келесі тарауларда бұл туралы толығырақ жазамын, ал қазір 90 тілге аударылған әрі дүние жүзі бойынша миллиондаған данасы таралып кеткен он тоғыз кітап жазғанымды айтумен шектелемін.

Рақым маған тек кітап жазуға ғана емес, сонымен қатар ауызша уағыз айтуға да қабілет берді. Үйленгенімізден кейін Лиза менің бірінші рет уағыздағанымды естігенде іші пысып ұйықтап қалды. Қалай уағыздағанымды осыдан біле беріңіз. Лизаның құрбысы оның жанында отырып қатты ұйықтап қалғаны соншалық, ашық қалған аузынан аққан сілекейі көрініп тұрды. Не деген мақтау десеңізші! Ал қазір адамдар мен уағыз айтқанда ұйықтап қалмайды. Алғашында мен өз күшіммен уағыз айтсам, кейіннен Құдайдың рақымына сеніп, одан тәуелді болып, оған бағынуды үйрендім.

Осы екі салада мен өз күшіммен ештеңе істей алған жоқпын. Алайда, сол арқылы Құдай маған миллиондаған адамдарға қызмет етуге мүмкіндік береді.

Шынымен де жақсы өмір

Құдайға ұнамды өмірдің өлшемдерін қорытындылайық. Сіз сене алсаңыз, сіз үшін мүмкін емес ештеңе болмайды.

Өйткені Ол сіз арқылы сіз ойлаған және сұрағаннан әлдеқайда артық нәрсе жасай алады. Ол өмірлік ісіңізді жүзеге асыру үшін қолданатын күш – өлшемі, шектеуі жоқ, әрі барлық басқа нәрседен асып түседі. Сіздің өміріңіз көрме залында Лиза екеуіміз үйімізге арналған әрлеу материалдарын тандап жүргендегі жағдайға ұқсас болмау керек. Сізде еш шектеу жоқ, себебі сіздің болмысыңыз бен іс-әрекеттеріңіз – Құдайдың рақымы! Киелі Рухқа сіздің мақсат-жоспарыңызды кеңейтуге рұқсат беріңіз. Армандарыңыз ауқымды болсын, сеніммен алға баса беріңіз.

Осы тарауда айтылғанды жүзеге асырудың маңызды факторы бар. Оны түсінбесек, біз салымыз суға кетіп, тиімділік пен өсіп-өніп, көбеюге талпынысымызда жолдан тайып кетуіміз мүмкін. Менің айтып отырғаным – айыра білу. Бұл қабілетті келесі тарауда сөз етеміз.

АЙЫРА БІЛУ

Тек рухани кемеліне келгендер ғана
«қатты тағамдарды» жей алады.
Байыппен ойлауға дағдыланғандықтан да,
олар жақсы мен жаманды айыра біледі.
— Еврейлерге арналған хат 5:14

Қасиеттілік – таңдап алынғандарға
ғана тән астамдық емес,
ол сен екеуіміздің міндетіміз
— Тереза ана

Кемел жасқа жеткен адамдар – тәндік емес, рухани кәметтікке жеткен адамдар. Тәндік тұрғыдан біз нәресте болып туамыз да, содан соң өсіп, ер жетеміз. Тура солай біз рухани нәрестеліктен Мәсіхтің кемелдігіне жетіліп өсеміз. Тәндік жас және рухани жас арасында үлкен айырмашылық бар. Тәндік жетілгендік уақыт өте келе пайда болады. Екі жастағы баланың бойы алты фут (183 см) болғанын көріп пе едіңіз? Он бес-жиырма жасқа жеткенде ғана адамның бойы сондай болады. Алайда рухани жетілгендік уақытқа тәуелді емес. Мәсіхшілікті қабылдағанына бір-ақ жыл болған адамның рухани тұрғыдан жиырма жыл бұрын құтқарылған адамнан тезірек жетілгенін көрген боларсыз?

Еврейлерге арналған хатта (5:14) айтылғандай, кемелдіктің белгісі – нағыз жақсылық пен нағыз жамандықты нақты айыра білу.

Денеміздегідей біздің жүрегіміздің де бес сезім мүшесі бар. Ол ақиқатты Киелі Кітаптың басынан аяғына дейін көреміз. «Жа-

ратқанның ізгілігін татып, көріңдер!...» (Забур жырлары 33:9, ағылшыннан аударма). Бір аятта екі сезіну қабілеті туралы айтылған.

Бірде Иса жиналған көпшілікке былай дейді: «Құлағы барлар жақсылап тыңдап алсын!» (Матай 11:15). Оның тыңдармандарының арасында барлығының дерлік сау құлақтары болды, бірақ Ол рухани есту қабілеті туралы айтқан болатын.

Пауыл Құдайдың Исраилге айтқанын келтіреді: «...олардың арасынан шығындар! Олардан бөлек тұрындар, арам нәрселеріне мүлдем тиіспендер! Сонда Мен сендерді қабылдаймын» (2 Қор. 6:17). Сол елші Құдай «біз арқылы Мәсіхті танудың «хош иісін» барлық жерге де таратуда» деп жазады (2 Қор. 2:14).

Барлық бес сезім мүшесі осы төрт аятта ғана аталды.

Айыра білу

Өтіріктің күшейе түскен заманында жақсы мен жаманды шатастырудан қалай сақтанамыз? Хауаның жамандықты жақсы, жағымды, дана деп ойлауынан түскен торына біз қалай түспейміз? Жауабы – айыра білу арқылы. Ол қабілетті қалай дамытамыз? Құдайды шынайы, терең қастерлеу арқылы. Малахи пайғамбар соңғы уақытта сенушілердің екі тобы – Құдайды терең қастерлейтін және қастерлемейтін адамдардың болатыны туралы жазып кеткен. Қиын кездерде Құдайды қастерлемейтін адамдар шағымданып, күңкілдеп ұрсып, өздерін басқалармен салыстыратын болады. Олар күнәкарлар өркендеп, гүлденіп жатқанда, Құдайға қызмет ете жүріп, сенушілердің қуғыншылық, қиындық, ауыртпалық-апаттардан зардап шегуге мәжбүр болатынын ұнатпайды.

Ал Құдайды қастерлейтіндер тура осы қиындықтардан тіпті басқаша өтеді. Олар Құдайдың ізгілін айтатын болады. Олар Құдайдың қиыншылыққа қатысты айтқан сөзіне сеніп, ауыртпалықпен күресетін болады. Олар өздерінің уақытша ыңғайсыз жағдайларын емес, Құдайдың қалаулары мен жоспарларына, Оның Патшалығына мән беретін болады.

Олар Құдайдың адалдығын біліп, оны негіз қылып алады. Олардың көзқарасы келесідей болады:

«Инжір ағаштары гүлдемесе де, Бактарда жүзім шоктары піспесе де, Зәйтүн ағаштары өнім бермесе де, Егістіктерден астық жиналмаса да, Қорада қой, табында мал қалмаса да, Мен бәрібір Жаратқанға шаттанамын, Құтқарушы Құдайыма қуанамын. Жаратушы Тәңір, күш-қуатым болады, Ием мені бұғыдай жүйрік қылады, Қырат жолмен жүруіме күш дарытады» (Аббақұқ 3:17-19).

Құдай Малахи пайғамбар арқылы Исраилді Өзінің асыл қазынасына айналдыратынын айтты. (Тімотеге жазған 2-хатында Пауылдың «ерекше ыдыстар» туралы айтқаны есіңізде болар.) Малахи Құдайды қастерлейтіндердің қандай тамаша артықшылығы болатыны туралы айтады: «Сол кезде сендер әділдер мен зұлымдардың, Құдайға қызмет ететіндер мен қызмет етпейтіндердің арасындағы айырмашылықты қайтадан көрегін боласындар» (Малахи 3:18). Басқаша айтқанда, бұл сенушілер жақсы еместі жақсымен шатастырмайды.

Алдыңғы тарауда біз Құдайдың рақымына сипаттама бердік – біздің ойлап, сұрайтынымыздан асып түсетін молшылық. Бір адамды молшылық сүрініп құлататын болса, басқа үшін ол – өте үлкен мүмкіндік. Сіздің мақсатыңыз молшылық болса, Хауа, Қабыл, Балағам, Қорах, Гехэзи, Яһуда, мыс шебері Ескендір, Лаудикидегі қауым және басқа көптеген адамның түскен торына сіз де барып ұсталасыз. Алайда, сіздің басты мақсатыңыз – Құдайдың еркін орындау болса, сіз жақсы мен жаманды айыра білетін боласыз және сізге берілген молшылықты дұрыс басқара алатын боласыз.

Айыра білу қабілетіне байланысты бір құпия бар – айыра білу біздің Құдайды терең қастерлеуімізге тура пропорционал. Осыған көңіл аударғым келеді: неғұрлым Құдайды терең қастерлесеніз, соғұрлым айыра білуге даналығыңыз көп болады. Билік құрғанының ең басында Сүлеймен патша былай деп мінәжат етеді: «...дұрыс пен бұрысты ажырата алуым үшін... түсінетін жүрек сыйлай гөр!...» (3 Патшалықтар 3:9).

Сүлеймен айрықша даналықпен патшалық етті. Құдайдың соңынан ерген жылдарда ол: «Егер де білім мен парасатты шақырсаң, көмілген күміс пен қазынадай іздесең, сонда Жаратқан Иені қастерлеуді ұғарсың, Құдай жайлы білімді иемденіп аларсың»,— деп жазды (Нақыл сөздер 2:3-5).

Алайда Сүлеймен Құдайды қастерлегенін қойған сәтте азғындық жолына түсіп, жақсы мен жаманды ажырата алмай қалды. Ол үшін барлығы «жел соңынан қуғандай» және «бекершілік» бола бастады. Даналықты уағыздаушы кітабында абыржыған, шатастып кеткен, Құдайды қастерлеуден бас тартып, содан соң айыра білу қабілетін де жоғалтқан адамның кейпі суреттеледі. Оның ақыл-ойының күйі қайғылы болды. Көп жыл қызмет студің барысында Құдайды қастерлеуді тоқтатып, жалған нәрселердің соңынан жүріп, айыра білу қабілетін жоғалтқан сенушілер мен жетекшілерді көптеп кездестірдім. Осыны ойлағанда жаным күйзеледі.

Жоғарыда айтылып кеткендей, Құдайды қастерлеу бізді кірден тазаруымыз үшін Құдайың рақымымен бірлесе жұмыс істеуге итермелейді. Біздің айыра білуіміз Құдайға ұнамды өмір сүрумен байланысты екені қызық. Дегенмен, қасиеттілік өмірлік шешімдерімізді, мансабымызды, қарым-қатынасымызды, қаржымызды, әлеуметтік мүмкіндіктерімізді және басқа барлық салаларды тіреп тұратын құрылым болып табылады.

Бәрінен бұрын біз Құдайды терең қастерлеуге ынтыға ұмтылуымыз керек. Құдайды қастерлеудің маңыздылығы бәрінен басым болса, молшылық бізді жолдан тайдырмайды. «Байлығына сенім артқан сүрінер, ал әділ жан жапырақтай көгерер»,— деп жазылған (Нақыл сөздер 11:28). Алайда сол кітапта: «Менде ақыл-кеңес бар... Сыйлайтын абырой-байлық бар менде»,— деп те жазылған (Нақыл сөздер 8:14,18). Тағы да онда мынадай сөздерді оқимыз: «Жаратқанды терең қастерлейтін кішіпейілдер байлық, абырой, шынайы өмірге кенелер» (Нақыл сөздер 22:4). Шынайы байлық – Құдай бізге тапсырған істі жүзеге асыруға көмектесетін ресурстар. Оның құрамында міндетті түрде басқаларға ықпал ету, яғни Оның Патшалығын кеңейту де бар.

Күнде өзіме «Мені бүгін алға жетелейтін Құдайды қастерлеу ме, әлде молшылыққа ұмтылу ма?» деген сұрақ қоямын. Мақсатыңыз – Құдайды қастерлеу болса, ол сізді қорғап, жақсы затқа қол жеткіземін деп жамандыққа алданып қалуыңызға жол бермейді.

Түсіндіріп жіберейін: ресурстар, байлық, әл-ауқат пен молшылықтың барлығы өте жақсы. Алайда, осылар сіздің мақсатыңызға айналса, оның жақсы мақсатқа жетудің жаман әдісі екенін айыра алмай қалуыңыз мүмкін. Киелі Кітаптағы бір оқиға ойды түсінуге көмектеседі.

Қабылдайтын уақыт па?

Израилде пайғамбарларға құрбандық, сый беру салты бар болатын. Жас кезінде болашақ патша Саул қызметшісімен бірге әкесінің жоғалған қойларын іздеді. Іздеп, қатты шаршап-шалдыққаннан кейін, қызметшісі көршілес қалаға барып, онда тұратын Самуил пайғамбардан қойларды іздеп табуға көмектесуін сұрауды ұсынды. Саул бірден: «Жарайды, барайық, бірақ оған не сыйлаймыз? Дорбаларымызда нан да қалмады. Енді Құдайдың адамына сыйлайтындай еш тартуымыз жоқ. Әлде бірдеңеміз бар ма?», – деп жауап берді. Пайғамбарға жолыққанда, адамдар оған тартатын сыйларын алып келетін.

Израил тарихының басқа кезеңіне қарайық. Сириялық әскердің қолбасшысы Нағыман Еліше пайғамбардың үйіне келеді. Ол оған айтылғанды жасап, алапестен толықтай сауықты. Ол Елішеге қайта оралды да, оған ризашылығын білдіру үшін сый тартпақ болды. Алайда Еліше: «Өзім қызмет ететін мәңгі тірі Жаратқан Иенің алдында шын айтамын: Мен еш нәрсеңізді алмаймын!» – деп, Нағыманның ұсынған сыйларын қабылдаған жоқ (4 Патшалықтар 5:16).

Елішенің көмекшісі Гехэзи осы оқиғаның куәгері болды. Ол Нағыманның пайғамбарға дайындаған сыйларын алып, кетіп бара жатқанын есеңгіреп бақылап тұрды. Еліше кетіп қалғанда Гехэзи Нағыманның соңынан жүгіріп барды. Оны көрген қолбасшы керуенді тоқтатып, не болғанын сұрады.

Қызметші Елішеге әлгі заттар керек болып қалғанын айтты. Ол былай деді: «Жаңа ғана Ефремнің таулы аймағындағы пайғамбарлар шәкірттерінен екі жас жігіт келе қалды. Соларға бір ат басындай күміс пен екі киім жиынтығын бере көріңіз!» (4 Патшалықтар 5:22).

Нағыман оның сұрағанын екі есе арттырып берді. Осымен олар қош айтысты да, Гехэзи қайта оралып, сыйларды жасырып қойды.

Көмекші Елішеге қайтып келіп, пайғамбардың одан қайда барғанын сұрағанына ешқайда шықпағанын айтып, өтірік жауап берді. Сонда Еліше:

«Сол адам сенің келе жатқаныңды байқап, қарсы алу үшін күймесінен түскенде, менің рухымды сол жерде болмады деп ойлайсың ба?! Қазір күміс пен киім-кешек, зәйтүн мен жүзім бақтарын, ірілі-ұсақты малдарды әрі құл-күндерді қабылдайтын уақыт па? Енді Нағыманның ауруы сенің өзіңе және үрім-бұтағыңа мәңгілікке жұғатын болады!» (4 Патшалықтар 5:26,27).

Гехэзи Құдайды жеткілікті қастерлеген жоқ (демек, айыра білу қабілеті де жеткен жоқ), сондықтан ол алданып қалды. Ол игіліктерді қабылдауға уақыт келді деп ойлады, алайда, олай емес еді. Ол сый орынды деп ойлады. Қожайыны оны қабылдаудан бас тартқандықтан, ол сыйды өзінің алғаны дұрыс деп ұйғарды. Шынымен де, ол да, Еліше сияқты өз өмірін аямай қызмет еткен жоқ па? Құдай оларды жарылқауды қалаған жоқ па еді? Міне, бай елші, пұтқа табынушы келіп жолығады. Күнәкарлардың байлығы әділдер үшін жиналмайды ма? Ол Елішенің жасаған қызметі үшін берілген сыйақыны қабылдамағанын қате деп санады.

Гехэзи сыйларға қол жеткізу үшін жасайтын әрекеттерін дұрыс деп тапты. Өзін оларды иеленуге құқылы деп санады. Оған айыра білу қабілеті жетіспеді, сондықтан ол жамандықты жақсылық деп шатастырып, тілазарлығының жазасын тартты.

Мақсатқа жеткізетін барлық әдіс жарайды

Әлемнің байлығына ұмтылудың кесірінен Құдайды қастерлеуді ұмытып, жолдан тайған қауым мүшелері мен қызметшілер туралы

көптеген әңгіме айтып бере аламын. Көп жыл бойы қызмет етуімнің барысында сол адамдардың өте жоғары құн төлегендерін көрдім. Бастапқыда алынған мүмкіндік тартымды, ауыз толтырып айтарлық және жақсы болып көрінеді. Алғашқы кезеңдерде қай жұмысты істесең де, жарылқау жауатын болып көрінеді. Әні-міні табысты болып шыға келемін деген сезім болады. Содан соң барлығы нашарлай барып, қынжыларлық нәтижеге әкеп соқтырады. Жұбайлардың ажырасуын, қызметтердің тоқтатылуын, бизнестің құлдырауын, банкроттықты, денсаулықтың нашарлағанын, қарым-қатынастың бұзылғанын талай рет бақыладым. Оған қоса, адамдар адал болғанды қойып, жақындары мен туысқандарының сенімін жоғалтты.

Бизнесмендер сенуші бауырластардың қандай жарамсыз қылықтарына кез болғандары туралы өте жағымсыз әңгімелер айтып жатады. Өзімшілдік, өтірік, ұрлық, іштарлық, алаяқтық, жемқорлық. Бұлардың барлығы қайдан келеді? Жауап мынада: жақсы болып көрінетін мақсатқа жеткізетін кез-келген әдіс жарай береді. Адамдар осындай істерін «Құдай менің табысты, беделді болуымды, ақшамның көп болғанын қалайды» деп ақтамақ болады. Бірақ олар өздерінің өмірлік жолдарын Құдайдың Сөзінен өткізіп тексермейді. Ымырашылық қалағанға қол жеткізудің жалғыз жолы болып жиі көрінеді. «Біз әрекет етпесек, ағыспен жүзген қайықтай боламыз. Жақсы мүмкіндік пен жарылқауларды өткізіп алуымыз мүмкін». Құдайдың қамтамасыз етуін күте білу үшін кемелденген мінез керек.

Иса қызметке кірерде шайтан Оған келісім жасап, мәмілеге келуді ұсынады. Иса оған бас исе, билікке (Исаның жерге келгендегі мақсаты) еш ауыртпалықсыз қол жеткізер еді.

Мүмкін, Иса үшін бұл тартымды естілген шығар. Шайтанның ұсынысын қабылдаған жағдайда Ол Өз қызметін тез атқарып, үлкен қиындықтар мен азапқа душар болмас еді. Бар болғаны, шайтанға бас исе болды.

Құдайдың жүрегімізге салған арманға оп-оңай қол жеткізудің амалын шайтан бізге де ұсынады. Алайда, ол үшін біз адалдығы-

мыздан, өмірлік қағидаларымыздан, Құдайға бағынудан бір сәтке болса да бас тартуымыз керек. Табыну (ғибадат ету) – насихат сөздері бар баяу ән емес. Табыну (ғибадат ету) біздің табыну объектісіне бағынуымыздан көрініс табады. Қауымда жалынды өлеңдер айтып, түнекке табынатынын өте айқын көрсететіндей өмір сүретін адамдар болады.

Авторлардың көбісі кітаптарына жаңа сөз енгізбес бұрын, оның анықтамасын келтіретінін жоғарыда айтып кеттім Киелі кітапта «ғибадат ету» сөзінің алғашқы қолданылуын қарасаңыз, оның шынайы мағынасын түсінесіз. Құдай Ыбырайымға, себебін түсіндірместен, ең жақын адамын құрбандыққа шалуды тапсырғанда, осы сөзді бірінші рет көреміз.

Үш күндік жолдың соңында Ыбырайым Ысқақ ұлымен Мориа тауының етегіне келіп жетеді. Ыбырайым қызметшілеріне: «Сендер есекпен осы жерде қалыңдар. Балам екеуіміз сол жерге өрлеп барып, Құдайға ғибадат етеміз, содан кейін сендерге қайтып келеміз»,– деді. Ол тауға әуезді ән айту үшін барған жоқ. Ол Жаратушыға бағынып, ең құнды «мүлкін» құрбан ету үшін бара жатты. Ыбырайым табынуды бағынушылық деп түсінді.

Мүмкін, Құдай Өз халқына: «Өлеңдеріңді шуламай, Менен аулақ айтыңдар! Ішекті аспаптарыңның дыбысын тыңдағым да келмейді! Одан да елдеріңе әділет тасқын судай, әрі әділдік еш таусылмайтын жылғадай ағып келе берсін!» деуі осы себептен болар (Амос 5:23,24). «Еш таусылмайтын жылғадай әділдік» деген сөзді қатты ұнатамын. Бұны бұлжымас, тұрақты бағыну деп атаймын.

Амос пайғамбардың замандастарының өмірі Құдайдың Сөзіне сәйкес болмаса да, олар бірге жиналып жаңа табыну әндерін жазып, оларды айтуды жалғастыра берді.

Шынайы табыну ән айтуда емес, бағынуда. Кімге ән айтсақ, соған табынамыз деу дұрыс емес, кімге бағынсақ, соған табынамыз, ақиқаты осы.

Жақсы мен ізгіні Құдайдан артық көру

Бірде Құдайға бағынуды елемей кетіп, тұзаққа түскенім есімде. Біздің қызметіміз жаңа басталған кез еді, қызметті ашқанымызға екі жыл да болған жоқ. Сол кездегі бар қызметім – жүз адамнан аспайтын кішкентай қауымдарға барып уағыз айту. Біздің көлігіміз «хонда-цивик», екі баламыз машинаның артқы орындығында отырып, бізбен бірге сапар шегетін. Машинада жиналыста тарататын видеокассеталар салынған екі қорап пен жүгіміз сиятын ғана орын қалатын.

Бұрынырақ айтқанымдай, бір күні Құдай кітап жазағанымды қалайтынын айтып жүрегіме сөйледі. Құдайдың тілін алмай, тапсырмасын орындауды кейінге қалдырып жүрдім. Оның екі себебі бар еді. Біріншіден, мектепте шығарма жазу өте қиынға соғатын, шығармадан ең төмен баға алатынмын. Екіншіден белгісіз автордың кітабын кім басып шығарғысы келеді? Алайда, ақыры Құдайға бағынып, кітап жаза бастадым.

Кітапты бір жыл бойы жаздым, өте көп еңбек еттім. Содан соң «Шөл даладағы жеңіс» атты қолжазбамды екі баспаға жібердім. Бір баспадан «Кітабыңыз уағызға тым ұқсас екен» деген жауап келді. Екінші баспа жауап берген жоқ. Еңсем түсті. Лиза екеуіміз кітапты өз қаржымызға басып шығаруға бел будық. Бұл бізге жалғыз мүмкіндік болып көрінді. Кітаптың бірнеше мың данасын басып шығаруға жететін қаражат жинадық та, мен уағыздаған кішкентай қауымдарда сол кітаптарды сатып жүрдік. Оқырмандарға кітабым ұнады, келесі жылы тағы бір кітап жаздым. Оны өзіміз басып шығарғаннан басқа тағы да еш амалымыз болмады.

Екінші кітабым шыққан соң бірнеше айдан кейін Америкадағы ең ірі баспалардың бірінің жауапты редакторы хабарласты. Ол өзін таныстырды да, сөзін бастап кетті: «Джон, мен сіздің «Шөл даладағы жеңіс» атты кітабыңызды көрдім.

Біздің баспамыз осы жолдауға сенеді, біз оны кеңірек таратуға көмектескіміз келеді». Бірнеше минут сөйлестік. Кітапты сатудың

әртүрді әдістері, өзінің маркетинг жоспары, баспадағы жарнама бөлімі туралы біраз әңгімелеп берді. Оның айтқанының бәрі адам сенгісіз жақсы болып көрінді, – кітабым барлық штаттарға тарайтын болды.

Алайда, редактормен сөйлесіп болғаннан кейін бірдеңе мазамды алғандай болды. Болған әңгіме жүрегіме қонбады. Таңертең мінәжат еткенімде Құдайдың «Келіспе» дегенін сездім.

Лизамен осы туралы сөйлестім. Ұсынысты ойға салып, ол да менімен келісті. Қызықтырарлығына қарамастан, бұл ұсыныстан күдіктенетінін айтты.

Сол күні Лиза: «Жаным, мінәжат еткенде осы ұсынысқа келісудің қажеті жоқ екенін сеземін», – деді. Ұсынысты қабылдаудың керек еместігіне сонда көзім жетті.

Ертеңіне редактор тағы да қоңырау шалды. Осы мәселеге қатысты Құдайдың еркін білетін болсам да, ол кісінің не айтатынын естігім келді. Әңгімені жалғастырғым келгенінің өзі дұрыс ниет емес еді. Бірақ сол сәтте мен оны түсінбедім. Неліктен басқаның бәрінен бас тартып, Құдайға бағынуды ойламадым? Оның баспасында кітабымды басып шығарудың артықшылықтары туралы сөздерін неге тыңдадым? Бәлкім, жүрегімдегі өзімшілдік қалауларыма сай болғандықтан ба екен? Мүмкін оның сөздері өзімшілдігіме жаққан болар?

Редактор баспаның ұжымы менің жолдауымды басып шығаруды аңсап отырғанын шабыттана айтып берді. Елімізге менің жолдауымның қаншалықты қажет екенін, ол шынымен де Құдайдың сөзі екенін, баспа ең үздік дистрибьюторлармен жұмыс істейтінін, кітапты еліміздің барлық дүкендеріне тарата алатынын айтып, мені өз дегеніне көндіруге тырысты.

Беймәлім жазушылардың кітаптарын басып шығарып, бүкіл Америкаға таратқандары туралы әңгімелер айтып берді. Өлгі авторлар көпшілікке танымал болып, конференциялардың қалаулы қонақтарына айналды. Соның бәрі осы баспаның арқасында жүзеге асқанын айтты.

Мен «жок» деп айтпағандықтан, ол келесі бірнеше аптаның ішінде маған күнара хабарласып тұрды. Мен оны тыңдаған сай-

ын, кітабымды сол баспада басып шығаруды жөн көрдім. Бір кезде жүрегімдегі мазалаған сезім ғайып болды. Жүрегімдегі Киелі Рухтың дауысы естілмей қалды. Жағымпаздық пен адами дәлелдердің Құдайдың нұсқауларынан басым түсуіне жол бердім. Басқаша айтқанда, айыра білу қабілетім үнсіз қалды.

Мысырдан көшіп шығу кітабында былай делінген: «Пара алма! Себебі пара көрегеннің көзін соқыр қылады...» (23:8). Жағымпаздық – параның бір түрі, ол мені соқыр қылды. Мен Құдайды қастерлеудің орнына мүмкіндіктер мен молшылықты таңдадым. Әйелімнің қатаң ескертулеріне қарамастан, келісімшартқа қол қойдым. Сол-ақ екен, түрлі қиындықтар басталды.

Үйленгенімізге он бір жыл болған еді. Лиза маған: «Сен өте сирек ауырады екенсің!» – деп айтатын. Шынында да ауру маған өте сирек жұғатын, ауырсам да бір тәуліктің ішінде жазылып кететінмін. Келісімге қол қойған күннен бастап сырқаттандым да, сол сырқаттан жазылмай-ақ қойдым.

Суық тиюден басталды – есімді білгелі екінші рет суық тиіп ауырғаным. Одан жазылысымен, вирус жұқтырып алдым. Лиза екеуіміз үйленуіміздің он бір жылдығын саяхатқа шығып тойладық, денемнің кызуы көтеріліп, түспей қойды. Демалыстан кейін бір апта бойы денемнің ыстығы қайтпай қойды. Уағыз айтқаннан кейін қонақ үйдегі бөлмеме жүгіріп барып, көрпенің астына кіріп кетіп жүрдім.

Ауырғанымға үш аптадай болды. Бұл жайт бізді қатты таң қалдырды. Ешқашан өйтіп ауырған емеспін.

Ақыры антибиотиктер ішіп жазылдым. Бірақ бір аптадан кейін қайтадан суық тиді. Өзімді өте нашар сезіндім, тамағым ауырып, басымды көтере алмай жагтым, аурудың басқа да симптомдары болды. Дерттің беті қайтпай қойды.

Осы аурудан айыққаннан кейін, тіземді жарақаттап алдым. Жарақаттың ауырлығы сондай, бірнеше апта бойы балдаққа сүйеніп жүрдім. Осының барлығы аз болғандай, тізем жазылысымен қайтадан вирус жұқтырдым. Үш ай бойы жарақат пен аурудан емделумен болдым. Лиза болса, еш ауруға шалдыққан жоқ.

Баспамен келіссөз де қиын болды. Баспашымен тіл табыса алмай-ақ қойдық. Мәмілеге келе алмай, іс алға жылжымай-ақ қойды.

Мұнымен де біткен жоқ, шешілместей болып көрінетін мәселелер бірінен соң бірі туындай берді. Сол үш айдағы өміріміз аса қиын болды. Дәуіт: «Мен азап шекпес бұрын жолдан адасқан едім, ал енді Сенің сөзінді сақтап жүремін», – деп жазғаны сондықтан болар.

Рақымды Құдай қатемді көруге мүмкіндік берді. Мен қызметімнің табысты болуын Құдайға бағынудан жоғары қойыппын. Құдай мен жұбайымның алдында жаңсақтығымды мойындадым. Құдай мені құтқарып, тазартты. Оның рақымы зор!

Алайда мен әлі де тұзақта едім. Әлгі баспамен жасаған келісімшарттан шығу үшін Құдайдың кереметі керек болды. Лиза екеуіміз қол ұстасып, Құдайдың іске араласуын сұрап, мінәжат еттік.

Екі аптадан кейін баспаның бізбен келісімшарттан шығатыны туралы хабарлама келді. Келісімшарттан шығу үшін 4000 доллар төлеуге мәжбүр болсақ та, арқамнан жүк түскендей болды. Жаңа басталып келе жатқан қызмет үшін бұл өте көп ақша – бір айдағы бюджетіміздің жартысы – еді.

Құдай берген мүмкіндік

Арада бірнеше ай өткенде Скотт есімді досым түскі асқа шақырды. Ол: «Джон, сені жолдасыммен таныстырмақпын», – деді. Келістім.

Ресторанда Скотт мені жолдасымен таныстырды. Оның да аты Джон екен. Ол бір танымал баспаны басқаратын болып шықты. Әдеттегі әңгімелерден кейін, Джон менен қазіргі уағыздарымның тақырыбын сұрады. Осы сұрақтан кейін тамақ туралы ұмытып кеттім. Мен ойымдағыларды олармен бөлісе бастадым. Он бес минуттай шабыттана сөйледім.

Бір кезде Джон сөзімді бөліп: «Сенің кітабыңды басып шығара алмаймыз. Себебі, шығаратынымыз жылына жиырма төрт кітап қана. Олардың өздері де танымал жазушылар мен бағушылардыкі».

«Мен сенен кітабымды басуды сұрап отырған жоқпын,— деп жауап бердім — Немен айналысып жүргенімді сұрадың, сол сұраққа жауап беріп отырмын».

«Әрине,— деді ол — Сөзіңді жалғастыра бер».

Тағы да бес-он минуттай шайтанның құрған тұзағы туралы айттым.

Сөзімді аяқтағанда, Джон: «Қолжазбанды көруге болады ма?» — деп сұрады.

Абдырап қалдым да: «Кітабыңды баса алмаймын деген жоқсың ба?»,— дедім.

«Бұл жолдауды баспай қалдыруға болмайды, қолжазбаны баспаның иесіне апарып бергім келеді».

Баспаның басшысы жолдаумен танысып, оны «Шайтанның тұзағы» деген атпен басып шығарды. Уақыт өте келе кітап халықаралық бестселлерге айналды. Осы кітапты жазып отырғанымда «Шайтанның тұзағы» кітабының миллионнан астам данасы сатылып, алпыстан астам тілге аударылды.

Екінші баспа хабарласып, кітапты басып шығаруға, дәл қазір келісімшартқа қол қоюға дайын екендерін айтқан күнді ұмытпаймын.

Сөйлесіп болдым да, мінәжат ете бастадым. Құдай менің жүрегіме сөйледі: «Бірінші баспа — сенің идеяң еді. Осы баспа — Менің идеям».

Осы оқиға жақсы нәрсе мен Құдайдың арасындағы айырмашылықты маған анық көрсетті. Әдетте, жақсы мүмкіндік бірінші болып келді. Содан соң Құдай берген мүмкіндік келеді. Ыбырайым мен Сараның өмірінде де осылай болған еді: алдымен Ысмағұл, сосын Ысқақ туылды.

Құдайды қастерлеудің дәлелі

Қате шешім қабылдап, бірінші баспаны таңдауыма не себеп болды? Шынымды айтсам — зейінім Құдайды қастерлеуде емес, молшылықта болды (кітаптарым қалың бұқараға тарайды деп ойладым). Осы себептен табысқа жетуім айқын, ақылға қонарлық болып көрінді де, Құдайдың жүрегіме айтқан сөзі көмескіленіп кетті.

Құдайға бағыну – Құдайды шынайы қастерлеудің көзге көрінетін дәлелі. Құдайды қастерлейтін болсақ:

- Оған мүдірместен бағынамыз
- Оған бағынуда еш мағына жоқ болып көрінсе де, бағынамыз
- Оған бағыну қиын болса да, бағынамыз
- Оған бағынудан еш пайда болмаса да, бағынамыз
- Оған соңына дейін бағынамыз

Ыбырайым өткен сынақ оның осы тізімді түгел орындап шыққанын дәлелдейді. Сол ұлы сынақты еске түсірейік.

Бірде Құдай Ыбырайымға ұлы Ысқақты құрбандыққа шалуды бұйырады. Дұрыс естіді ме? Мұның жаман түс болуы мүмкін бе? Ол: «Жоқ! Бұл мүмкін емес! Ұлымды жақсы көремін. Ысқақты өлтіре алмаймын. Одан патшалар мен халықтар тарайды деп Құдай уәде еткен. Мен оны өлтірсем, бұл уәде қалай орындалмақ?», – деп ойламайды ма?

Ыбырайым: «Не дейсің?! Осыны менен қалай сұрай аласың? Одан халықтар тарайды деп уәде еткен жоқ па едің?» – деп дауыстайды. Құдайдан еш жауап болған жоқ.

Ыбырайымның сезімдері аласапыран болады. Сол түні көз ілген жоқ. Қайсыбіріміз болсақ та, осындай өтініш туралы бірнеше апта, бірнеше ай, бірнеше жыл ойланып, ақырында мұның жөнсіз, қисынсыз екеніне көз жеткізер едік.

Алайда Ыбырайым басқаша әрекет етті. «Ыбырайым таңертең ерте тұрып, есегін ерттеп...», – деп жазылған (Жаратылыстың басталуы 22:3). Ол сол сәтте, мүдірместен әрекет етті.

Бір танысыңыздың жеңіл-желпі «Құдай бұл туралы маған бірнеше ай бойы айтып келеді» деп, оны әзіл-күлкіге айналдырғанын естіп пе едіңіз? Шынында бұл өте қайғылы жағдай, себебі адамдар Құдайды қастерлемейтіндерін мақтан тұтады.

Құдай Ыбырайымнан оның жиырма төрт жыл күткен ең басты уәдесін құрбандыққа шалуды талап етеді де, оның себебін түсіндірмейді. Ыбырайым Ысқақты құрбан етуде ешбір мән-мағына көрмейді, дегенмен, Құдайға бағынады.

Ұлынды құрбандыққа шалу – жанға өте қатты бататын нәрсе. Жағдайдың ауырлығы үш күндік жол бойы Ыбырайымға маза бермейді. Ең алдымен, Құдайдың даусын бірінші рет естігенде, бұл тәуекелге бел буу қазіргіден оңай болып көрінді. Бірақ Құдай үн қатпаған әр күн сайын, жанның күйзелісі арта берді. Ыбырайым ұлымен бірге құрбандық үстелін салғанда ең қиыны болды. Соған қарамастан, Ыбырайым бағынуды доғарған жоқ.

Жаратқан Ыбырайымға ол бағынған жағдайда ұлының орнына құрбандыққа шалынатын қойдың болатыны туралы айтқан жоқ. Бұл әңгіме немен аяқталатыны жазылған сіз бен бізде бар Жаратылыстың басталуы кітабы Ыбырайымда болған жоқ. Ол бұл әрекеттен ешбір пайда көрген жоқ, бірақ соған қарамастан бағынушылық танытты.

Қазіргі жағдай тіптен басқаша. Көптеген адамдар алдымен Құдайға бағынудың пайдасын көріп, содан кейін ғана бағынғылары келеді. Тәлім берушілер ретінде біз

Құдайдың соңынан жүрудің артықшылықтары туралы жиі айтып жатамыз. Авторлар ретінде біз кітаптың сыртына оның оқырманға тигізетін пайдасын жазып қоймасақ, ол сатылмайды деп ойлаймыз.

Ақыры Ыбырайым қажетті арақашықтықты өтеді: таудың басына шығып, құрбандық үстелін тұрғызып, Ысқақты байлап, сүйікті ұлының жүрегіне пышақ салуға дайындалып қолын кетереді. Ол соңына дейін бағынды.

Пышақ Ысқаққа жақындағанда, кенеттен періште пайда болып: «Балана қол көтерме, оған тиіспе! (Құдай былай дейді:) енді сенің Өзімді терең қастерлейтініне көзім жетті...»,– дейді (Жаратылыстың басталуы 22:12).

Періште Ыбырайымның Құдайды қастерлейтінін қайдан білді? Себебі ол Ыбырайымның Құдайға мүдірмей, жанына қатты батса да, орнына не алатынын білмесе де бағынып, соңына дейін барғанын көрді. Ол өте бай адам болатын, және оның ең басты байлығы – оның ұлы еді. Алайда, байлық Ыбырайымның өмірлік мақсаты болған жоқ. Ең басты мақсат – Құдайға бағыну болды.

Құдайды терең қастерлеу бізді молшылықтың, бағалы ресурстардың, байлықтың еліктіруін жеңу үшін қажеттінің барлығымен жабдықтайды. Киелі жазба былай дейді: «Жаратқанның жарылқауы адамды бай қылар, бұл байлыққа Ол қайғы-қасірет қоспас» (Нақыл сөздер 10:22).

Қисынсыз көзқарас

Исаның шәкірті Яхуда мен Ыбырайымның арасында зор айырмашылық бар. Яхуда қажеттілік туған кезде ақиқат туралы тез ұмытып кетті. Ол қызметке арналған қаражаттан ақша алып, өз керегіне жұмсады, ол өтірік айтып, Жетекшісін сатып кетті, жарлыларға қамор болмай, екіжүзді болды (Матай 26:25,49 және Жохан 12:6; 13:2). Ол Құдайды қастерлемегендіктен жазаға кесілді, ол жақсы мен жаманды, игі мен зұлымды айыра алған жоқ.

Бірде бір әйел бір құты қымбат иісмайды Исаның аяқтарына құйды. Яхуда наразылық білдіріп, оның «орынсыз» әрекеті жайлы былай деді: «Неліктен осы иісмайды сатып, түскен ақшаны мүсәпірлерге үлестіріп бермеген? Оның бағасы бір жылдық жалқыға тең емес пе?!» (Жохан 12:5). Оның ескертуі ақылға қонымды, дұрыс болып көрінді, Исаның шәкірттеріне жағымды әсер қалдырды. Олар да әйелдің әрекетін кінәраттап, өзара сөйлесті.

Иса Яхуданың айтқанына қарсы болып: «Бұл әйелге тимеңдер! Оны неге мазалайсыңдар? Ол Маған ерекше жақсылық жасады... Сендерге шын айтамын: осы Ізгі хабар қай жерде болмасын бүкіл дүние жүзінде уағыздалғанда, осы әйелді де еске алып, істегенін айтатын болады»,– деді (Марқа 14:6,9). Иса оның істегенін жақсы, есте қаларлық, мәңгі-бақи деп атады. Ал Яхуда оның әрекетін жаман, баянсыз деді. Оның айыра білу қабілеті көмескіленді. Ол Құдайдың жүрегiнен алыстап кеткен еді.

Келесі аяттарды оқыңыз:

«Ал он екі елшінің біреуі, Яхуда Исқариот, Исаны ұстап беру ниетімен басты діни қызметкерлерге барды» (Марқа 14:10).

Яхуданың шыдамы таусылды. Ол шаршады, ол Исаның жетекшілік стратегияларынан жалықты. Дәуіттің тағына отырады деп үміттеніп Галилеялық Адамның соңынан ерді. Ишая пайғамбар айтқандай, Мәсіхтің Патшалығы мәңгі болмақ. Үш жыл өтті, Иса не бітіріп жүр? Ол Патшалыққа қол жеткізсе, Яхуда Оның жақын адамы және қазынашысы ретінде байлық мен билікке ие болар еді.

Яхуда: «Істі тездетейін. Күте-күте жалықтым. Маған билік, бедел, байлық керек. Дін мұғалімдерінің мысқылы мен қудалауынан шаршадым. Әпенде адамның досы болудан шаршадым.

Діни қызметкерлерге Исаны ұстап берсем, Ол Өзінің билігін көрсетіп, патшалығын нығайтқанда менің де атым шығады»,– деп ойлады.

Яхуданың ниеті дәл осындай болғанына, бәлкім, шүбәланарсыздар, дегенмен дәл солай болды деп ойлаймын. Яхуда Исаның күдіретін, Оның ауруларға шипа бергенін, дауылды тоқтатқанын, өлілерді тірілткенін, соқыр көздер мен соқыр құлақтарды ашқанын, інжір ағашын қарғағанын, басқа да көптеген кереметтер жасағанын үнемі көріп жүрді. Исаның Патшалық туралы айтқанын Яхуда жиі еститін. Петірдің, басқа шәкірттердің Исаны Мәсіх ретінде мойындағанын талай рет естіді. Ол Исаның ұлылығын өз көзімен күнде көріп жүрді.

Алайда, Иса өлім жазасына кесілді. Яхуда қаншалықты адасқанын түсініп, ісіне өкініп, асылып өлді. Өз жоспарымен әрекет етіп, ол қалағынына жете алмады.

Осы екі адам, Ыбырайым мен Яхуданың өмірлері Құдайды қастерлеген адам мен Құдайды қастерлемеген адамның арасындағы айырмашылықты анық көрсетеді. Біреуінде жақсы мен жаманды айыру қабілеті болды, ал екіншісі алданып, адасып өмір сүрді. Олардың жеке таңдауы жүректерінде еді. Екеуінің өмірінің соңы екі түрлі. Екеуі де екі түрлі себептен есте қалды.

Біз мәңгі өмір сүретін жанбыз, сондықтан, сөзсіз, бәріміз де есте қаламыз. Адамдардың есінде қандай із қалдырғымыз келеді?

Осы сұрақты өзіңізге қойып көріңіз. Жауабыңыз Құдайды қаншалықты қастерлейтініңізге байланысты болады.

Барлығының қорытындысы

Пікір-пайымдауымыз тұманданбаған, дәл болсын десек, жүрегіміз таза болу керек. Сонда әлдебір идеяның Құдайдан келгенін, не болмаса оның жақсы нәрсеге ұқсас қана екенін ажыратуымыз қажет болғанда, қателеспейміз. Жұбайымыз, әріптестеріміз, жақын достарымыз, жұмысымыз, мүмкіндіктеріміз, қаражатымыз, бала тәрбиелеу, қауымдағы қызметіміз, алатын біліміміз және көптеген басқа сұрақтарға қатысты дұрыс таңдау жасаймыз.

Ұлылықтың шыңын да, терең құлдырауды да басынан өткерген Сүлеймен патша өмірінің соңында: «Ал енді, айтылғандардың барлығының қорытындысын тыңдайық: Құдайды терең қастерлеп, Оның өсиеттерін орында! Себебі бұл – әр адамның парызы. Өйткені Құдай адамның әрбір ісіне, тіпті ешкімге білдірмей жасаған не жақсы, не жаман ісіне де Өзінің сотында әділ бағасын береді», – деді (Даналықты уағыздаушы 12:13,14). Сүлеймен даналықтан жұрдай болды, жақсы мен жаманды айыру қабілетінен айырылды. Даналықты уағыздаушы кітабы арқылы Құдай бізге Сүлейменнің осы дәрменсіз күйге түскенін көрсетеді. Дегенмен, Сүлеймен патша даналыққа қайта оралады. Өмірдегі ең маңызды нәрсе Құдайды қастерлеп, Оған ұнамды өмір сүру екенін ұғынды. Сүлейменнің айтуынша, «барлығының қорытындысы» – осы.

Сонымен, достым, Құдайдың көзқарасындай көзқарас қалыптастырғың келсе, ең биік даналыққа ие болғың келсе, Құдайды қастерлеп өмір сүр. Осындай шешім қабылдасаң, оған ешқашан да өкінбейсің.

ТОЛЫҚ ТҮСІНІК

Мені осы күнәкар дүниеге жібергеніңдей,
Мен де бұларды осы дүниеге жіберемін.
— Жохан жазған Ізгі хабар 17:18

Адамға күні бұрын белгіленгені – бақыт емес,
денсаулық емес, қасиетті болу.
— Освальд Чемберс

Бір қадам шегініп, суретті түгел көре алатындай болайық. Құдай бізді өте қатты жақсы көреді. Ол біздің ең жақсы нәрселерді иеленуімізді қалайды. Құдайдан келетіннің барлығы – жақсы, бірақ барлық жақсы – Құдайдан деуге болмайды. Сондықтан бізді ең жақсыдан алыстата алатын жақсы бар. Барлығымыз да жақсыны қалаймыз, алайда оған апаратын жол әрдайым анық болмайды, оны табу үшін айыра білу қабілеті керек.

Өмір жолымызда Құдайдан басқа біз шайтанға да тап бола аламыз. Оның басты мақсаты – біздің көзімізді құртып, бізді жақсы көретін Жаратушының жүрегін жаралау. Киелі жазбада дұшпан «нұрлы періште болып» келетіні жазылған. Келесі аятта: «оның қызметшілерінің де өндерін айналдырып, әділдіктің қызметшілері болып көрінуі ғажап іс емес»,– делінген (2 Қорынттықтарға 11:14,15).

Жақсы болып көрінетін көптеген шешімдер мен жолдар бар, бірақ олардың соңы – апат, ажал, өлім, шығын, бақытсыздық (Нақыл сөздер 14:12 қараңыз).

Дұшпанымыз, оның қызметшілері, оның жолдары жақсы нәрсенің кейпін киіп, шын мәнінде бізді жоюға тырысады. Киелі жазба олар өнін айналдыруы мүмкін демейді, олар өнін айналдырады дейді. Сондықтан абайлаңыз: қауіпті нәрселер көбінесе зұлым нәрсеге ұқсас емес. Керісінше, қауіпті нәрселер өнін айналдырып, жақсы нәрсе болып көрінеді.

Мәсіхшіліктің алғашқы жылдарында дұшпан Қауымды жоюды мақсат етті. Сенушілер қудалауға ұшырап, азапқа, өлімге душар болды. Алайда дұшпан Құдайдың халқын жоюға ұмтылған сайын, Қауым күшейе берді. Шайтан ақымақ емес, өзіне жететін ақылы бар. Ол Құдайдың халқын Құдайдың даналығынан жұрдай жақсы өмірді ұсыну арқылы жоя аламын деп шешті. Шын мәнінде, Едем бағында да ол осы стратегияны қолданған еді.

Енді қазір, мыңдаған жылдар бойғы шебер әрекетінен кейін, оның амалының өте тиімді екенін көреміз, себебі біз шынайы ақиқатты жақсы, ыңғайлы болып көрінетін бұрмаланған ақиқатпен алмастырып, онымен келісеміз. Исаның ізгілігін жариялап, Оның құтқарушылық ролін (бұл, әрине, шынайы ақиқат) бар даусымызбен жариялаймыз, ал оның өміріміздегі билігі мен беделінің құндылығын, күшін, өрісін шектейміз. Исаның Құдай екеніне, Оның алдында ақталғанымызға сенеміз, бірақ Оның нұсқауларына сеніп, бағыну үшін жауапты екенімізді ескермейміз. Өзіміз орнатқан «жақсы» доктриналарымыздың арқасында іс-әрекетіміздің және өміріміздің қаншалықты таза екені маңызды болмай кетті.

Көптеген сенушілер қолында барына қанағаттанып, өркендеп, өсудің орнына соны сақтап қалуға ұмтылатын болды. Олар молшылықты осымен алмастырды. Шын мәнінде Құдайдың бізге дайындағанының бәрін растайтын Құдай Сөзін толығымен қабылдап, Оған сенім артудың орнына біз логикалық дәлелдерге негізделіп, Киелі Кітаптың кейбір үзінділеріне ғана сенетін діни ілім қалыптастырдық.

Осы беталысты тоқтатуымыз керек, және тоқтата аламыз да. Киелі Жазбаға терең бойлап, Киелі Рухтың ақиқатты танып білу-

дегі басшылығын сұрайтын уақыт келді. Киелі Жазбадан өзіміз сенетін сөзді іздеуді доғарып, Құдайдың Сөзін ашық жүрек пен пәк сеніммен қабылдап, ондағы жазылғанға сенуіміз керек. Киелі Рухтан жалған наным-сенімді, жаңылысымызды көрсетіп, одан арылтуды сұрайық.

Қауым жетекшісі. Құдай Сөзін толықтай алып тәлім беруге шақырамын. Басты ниетіңіз – үлкен жиналыс ұйымдастыру емес, қойларды ақиқатпен қоректендіру және күнәкарларға құтқарылу жайлы Киелі Кітапқа сай толық жолдауды жеткізу болсын. Егер басты мақсатыңыз – келесі жексенбі күні қайтып келу үшін тыңдармандарыңыздың көңілінен шығу болса, Құдайдың отарын ақиқатқа сай бағатыныңыздай сізді кешіріп, басты стратегияңыздың бағытын түзетуді Киелі Рухтан сұраңыз. Әдістеріңіз заманауи, жаңашыл, ілгері, ал жолдауыңыз көне, ежелгі жолдау болсын.

Сенуші. Ықпал ететін салаңыз мектеп сыныбы, зертхана, кеңсе, егістік, үй-жай, нарық, т. б. болса да, жүрегіңіз сүйіспеншілікке толы болсын, барлық адамдармен қарым-қатынасыңыз, өміріңіз бен сөзіңіз ақиқатқа сай болсын. Олар таң қалып, сізге қарап, Исаны көретіндерін айтатын болсын. Олар Құдайдың құзырын сезінетін болсын. Шынайы қасиеттілікке ұмтылсаңыз, Оның ұлылығының нұрын шашатын боласыз.

Исаның өсиеттерін ұстанудан бас тартсақ, Оның құзырынан айырыламыз, олай болса, Қауым Мәсіхті әлемге таныта алмайды. Шынын айтқанда, өзіміз зардап шегеміз. Айналамыздағы адамдар да зардап шегетін болады. Біріншіден, Ізгі хабардың жарияланбай қалуынан күнәкарлар олардың жүрегін қанағаттандыра алатын жалғыз Құдайдың құзырын сезіну мүмкіндігінен айырылады. Екіншіден, сенуші бауырластарымыз Құдайдың жүрегі мен құзырынан алыстатуға әлі жететін ымырашылдық дертіне шалдығады.

Иса: «...Мен Өзімді оларға бола Саған бағыштаймын»,– деген болатын (Жохан 17:19). Ол Онымен қарым-қатынасқа кірген адамдарға бола Өзін Құдайға бағыштады. Осы аяттың бірінші жар-

тысында Иса Өзінің бағынуға деген ниетін ашып көрсетеді: «олардың да Өзіңе бағышталулары үшін».

Иса қайтып оралғанша, әлем көре алатын жалғыз Иса – сіз бен біз. Әлемге ойдан шығарылған, дәрменсіз Исаны емес, шынайы Исаны көрсетейік. Жақсыға қанағаттанбай, ең жақсыға ұмтылайық. Ақиқатты қабылдап, шынайы, игі жемістер мен сүйіспеншілікке толы мүлтіксіз, бұлжымас, айнымас бағынудың нәтижесін көретін болайық.



Ұзақ жасаңыз, қасиетті өмірге ұмтылыңыз, әр ісіңізде жемісті болыңыз, осылай істесеңіз, айналадағы адамдардың өмірін өзгерте аласыз.

«Сендерді адасып кетуден сақтап,
 Өзінің нұрлы салтанаты көрінген күні қуанышпен,
 мүлтіксіз таза күйлерінде өз алдына
 тұрғызуға бірден-бір Құдайымыздың құдіреті жетеді.
 Ол бізді Иеміз Иса Мәсіх арқылы құтқарған еді ғой.
 Даңқ пен ұлылық, құдірет пен билік
 күллі өткен дәуірлерде болғандай, қазір де,
 мәңгілік те Онікі! Аумин»
 (Яһуда 24,25).

Қымбатты дос,

Біз Құдайға келгенде, Ол біздің өміріміздің әр саласын өзгертеді. Әр күніміз Исаның билігінде, рақымында өтіп, өміріміз рухани игілікке толы ағыл-тегіл мол болады.

«Жақсылық па, Құдай ма?» – жай кітап қана емес, қасиеттіліктің бүкіл әлемге таралуына септігін тигізетін жолдау. Қасиеттіліктің таралуына сіз де үлесіңізді қоса аласыз. Ол үшін қауым мүшелеріне, жетекшілеріне, туыстарыңызға, достарыңызға, т. б. осы жолдауды жеткізіңіз. Бір ғана адам – Пауыл елші кішкентай мектеп қабырғасында ат төбеліндей аз ғана адамға тәлім берді. Соның арқасында Ізгі хабар екі жылдың ішінде Азияның барлық тұрғындарына жетті. Пауылдың шәкірттері Құдайдың құзырына бөленіп, оны таратушыларға айналды (Елшілердің істері 19:1-10 қараңыз). Егер біз, Құдайға құштар адамдар, бірлесіп әрекет етсек, Құдай біз арқылы керемет істер жасамай ма?

Күнделікті өмірімізде осы жолдауды бөлісуге көптеген мүмкіндіктер бар. Осы кітапты

- рухани жанұяларда;
- қауымның жиналыстарында;
- жұмыс орныңызда;
- тәлім бергенде;
- көптеген басқа жерлерде пайдалана аласыз.

Аталған идеяларды жүзеге асырасыз ба, әлде басқаша әрекет етесіз бе, менің әріптестерім сізді қолдауға бар күшін салады. Қызмет етуіңізге қолайлы жағдай жасап, қажетті ақпаратпен, тегін материалдармен және т. б. қамтамасыз етеміз. Осы жолдау адамдардың жүрегі мен өміріне жету үшін біз, кітапқа қоса, «Жақсылық па, Құдай ма?» атты аудио – және бейнесабақтар жиынтығын құрастырдық. Бізге хабарласаңыз, өзіңізге қолайлы әдістеме мен материалдарды таңдауыңызға көмектесеміз.

Бізбен бірге қызмет етіп, Құдайдың Сөзін кеңінен таратуға атсалысып жүргеніңізге ризамын!

Сіздің рухани бауырыңыз,

Джон Бивер



ОҚУ ЖӘНЕ
ТАЛДАУҒА АРНАЛҒАН
СҰРАҚТАР

1 АПТА**1-3 тарауларды оқыңыз***Осы аптада бірінші бейнесабакты көріңіз***ТАЛДАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР**

1. Хауаға ағаштың жемісі жақсы, тартымды, ұнамды болып көрінгендіктен, оны алып жеуге бел буды. Осы аталған қасиеттерді түсіндіріңіз. Әлдененің жақсы болып көрінуі дегеніміз не? Тартымды, ұнамды болып көрінуі деген ше? Осы үшеуінің әрқайсысы бізді Құдайға мойынсұнбауға қалай жетелейді?
2. Едем бағында орын алған оқиға толықтай Құдай тыйым салған бір-ақ нәрсеге байланысты. Осы оқиға бізге адамның сенімділігі мен болмысы жайлы не айтады? Құдай бізге тыйым салған нәрселерге құмар болудан қалай арыламыз?
3. Кітаптардағы, интернеттегі Құдай туралы білім беретін деректер өте бағалы. Алайда, ашық білім мен жеткізілген білімнің арасындағы айырмашылықты түсінгеннен кейін осы деректерге деген сіздің көзқарасыңыз өзгерді ме? Өзгерген болса, қалай өзгерді?
4. Дәулетті жігіт туралы әңгімеден жақсылықтың Құдайға қатысты екенін білу мен Құдай жақсылықтың қайнар көзі екенін мойындаудың арасында айырмашылық барын білдік. Құдай біз үшін ізгіліктің қайнар көзі екеніне қалай көз жеткізуге болады?
5. Киелі Кітаптың беделі мен дәлдігі жайлы не ойлайсыз? Тімотеге арналған 2-хат 3:16 қайта оқыңыз. Осы аятта айтылған ой мен сіздің ойыңыздың арасында айырмашылық бар ма? Осы аптада оқып білгеніңізді есте сақтай отырып, сол айырмашылықтарды талдаңыз.

ОҚУ

Жаратқан Ие барлығына ізгілікті

— Забур 144:9

Едем бағында шайтанның Хауаны алдап соққаны жайлы әңгіме – нағыз трагедия. Хауа Құдай игілігін адамнан жасырады деген шайтанның өтірігіне сенді. Хауа мінсіз, еш кемістігі жоқ, кемел дүниеде өмір кешіп жатқан, бұрын-сонды ешқандай жамандық-жәбір көрмеген еді. Молшылық, Құдаймен күнделікті қарым-қатынас – Хауаның үлесі еді. Игі нәрсенің барлығы Құдайдан келетініне сену үшін, әуелі Құдайдың Өзі игі, жақсы екеніне көз жеткізу керек. Осыған Едем бағында Хауаның күмәні болды. Құдайдың игі екеніне күмән тудыратын факторлар кәзіргі заманда тіпті көп. Қайғы-мұң, ауру-сырқау, тапшылық, дәрменсіздік сияқты Хауа көрмеген қиындықтар бәрімізге таныс. Басымыздан өткен қиындықтардың салдарынан өз қалауымыз бен Құдайдың қойған талаптарының арасында қақтығыс басталады. Біз жеңбеген күмәннің әрқайсысы құлағымызға сыбырлап, азғырады. Құдай игілігін бізден жасырады деген ойда болсақ, Оның айтқанымен жүргенде қиындыққа тап боламыз деп күдіктенеміз. Дегенмен, Нақыл сөз 14:12 есіңізде болсын: «Адамға түзу болып көрінген жолдар да бар, ақырында олар ажалға бастап апарар». Құдайдың еркінен тыс ешбір нәрсе, қаншалықты жақсы болып көрінсе де, мәңгі өмірге, шынайы қуанышқа жеткізе алмайды, көңілімізді қанағаттандыра алмайды. Алдағы аптада Құдайдың ізгілігіне қаншалықты сенетініңізді бағалап көріңіз. Жүрегіңіздің түкпірінде Құдайға толықтай сенім артып, айтқанын бұлжытпай орындауға кедергі болып жүрген күмән мен күдік жасырынып жатқан жоқ па екен, Киелі Рухтан сұраңыз.

Сіздің қазіргі жағдайыңызға қатысты аяттарды Киелі Кітаптан тауып, күнделікті жариялаңыз. Ой-санаңызды Құдайдың Сөзі-

не сай жаңартуды Киелі Рухтан сұраңыз. Құдайдың ақиқаты сізге азаттық әкеледі!

Ойлану

«Жаратқан Ие ізгі, мадақтаңдар Оны, Мәңгілікке ұласады мәңгі сүйіспеншілігі!» (Забур жырлары 106:1).

Қолдану

Уәде етілген жерге жету үшін Иешуа Нұнұлы бастаған Исраил халқы Иордан өзенінен өтті. Егін ору уақыты еді. Өзен тасып, суы арнасынан шығып жатқан. Құдай сарқыраған суды тоқтатты. Халық өзеннің құрғап қалған арнасын басып өтті. Құдай Иешуаға өткел болған жерге жақын тастан ескерткіш тұрғызуды бұйырды. Бұл ескерткіш Құдайдың Өз халқы үшін жасаған кереметін есте сақтау үшін керек еді.

Көбінесе әлдебір жаман нәрселерді жадымызда сақтау Құдайдың жақсылықтарын еске түсіргеннен оңай болады. Осы аптада Құдайдың ізгілігін ұмыттырмайтын ескерткіштер тұрғызыңыз. Құдайдың уәдесіне адалдығын дәлелдейтін сәттерді жазып алуға арналған күнделік сатып алыңыз, телефоныңызға немесе диктофонға жазып жүріңіз. Сол естеліктер кейін, қиындық пен күмән Құдайдың ізгілігіне деген сеніміңізді шайқалтқанда, сеніміңізді жандандырып, жігер беретін куәліктерге айналады.

2 АПТА

4-5 тарауларды оқыңыз

Осы аптада екінші бейнесабққты көріңіз

ТАЛДАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Исаның Иеміз ретіндегі позициясы мен Құтқарушы ретіндегі атқарған ісінің айырмашылығын талдаңыз. Бұрын естігеніңіз бен сенгеніңізге осы сәйкес келеді ме? Киелі Кітаптағы билік туралы тәлімге сай болуы үшін сіздің ойыңызды, іс-әрекетіңізді өзгерту керек пе?
2. Басқа елге көшіп баратын болсақ, сол елдің заңдарына бағынып, стандарттарына сай болуымыз керек. Құдаймен қарым-қатынасыңызды осы тұрғыдан қарастырасыз ба? Неліктен?
3. Мәсіхші болғысы келетін адаммен сөйлесіп отырсыз дейік. Бүгін алған біліміңізге негізделіп, оған не айтар едіңіз?
4. Марка жазған Ізгі хабарды оқыңыз (8:34,35). Өз еркіне сай өмір сүруді қоюға деген қалау өз еркіне сай өмір сүруді қою деген сөз емес. Исаның сөзіне бағынудың орнына өзіндік қалауларымызға шырғаланып қалуымыздың себебі неде?
5. Матайдың жазғанын оқиық (7:21). Исаға ермейтін адамдарда да болатын төрт ізгі қасиет: Исаның тәліміне сенім, жанмен берілгендік, Ізгі хабарды уағыздау және қызметке қатысу. Құдайға қызмет еткенде ниетіміз қорқыныш немесе айыпталу болмау керек. Осы айтылғанға сай болу үшін, қалай әрекет етуіміз жөн?

ОҚУ

Алайда біздің отанымыз көкте, содан Құтқарушымызды –
Иеміз Иса Мәсіхті сағына күтеміз.
— Флп. 3:20

Жаңа Өсиет тұрғысынан қарағанда, «Иса Ием» сөздерінде мәсіхшіліктің бар мәні көрініс табады. Римдіктерге арналған хатқа сәйкес (10:9), мәсіхшілік өмір Исаны Ием деп мойындаған сәттен басталады. Алайда көбіміз «Иса Ием» деген сөзге аса мән бермейміз. Бұл біз үшін айтатын өлеңнің немесе мінәжаттың сөзі ғана. Исаны Ием деп атау – Оның өміріміздегі билігін мойындау екенін ұмытып кетеміз.

Сеніммен өмір сүруді бастағанға дейін біз күнәкар дүниенің адамдары едік. Құдайдың еркін білген де, оны білуге ұмтылған да жоқпыз, оған себебіміз де болған жоқ. Енді біз күнәкар дүниелік емеспіз. Біз Құдай Патшалығының – Аспан Патшалығының азаматтарымыз. Өміріміз Құдай Патшалығының стандарттарына бағынып, оның Патшасы – Иса Мәсіхтің болмысына сай болу керек.

Оның болмысы қандай? Оны білу үшін Гетсимани бағында орын алған оқиға туралы әңгімені оқиық (Марқа жазған Ізгі хабар 12:32-43). Бұл оқиға Яһуда Исаны ұстап беріп, дін қызметкерлері Оны римдіктердің қолына тапсырардың алдында болды. 36-аяттың соңында Иса Әкесіне: «Бірақ Менің емес, Сенің еркің болсын»,– дейді.

Айқыштағы өлім – бағынуды көрсететін өте ауыр әрекет. Алайда, бағынып әрекет ету ешқашан оңай болмайды. Исаны Иеміз деп мойындасақ, болмашы тілазарлыққа да жол бермей, Құдайға бағыну тиімсіз, жұрт алдында абыройсыз болса да, Оның еркіне бағынамыз. Біз: «Барлық жағдайда Сенің еркің болсын»,– дейміз.

Исаны қабылдағанда осы шартқа келісіп пе едіңіз? Әлде сіздің өміріңізде әлі де қайталана беретін баяғы бір күнә, Құдайдың нұсқауынан жоғары қойып жүрген өзімшілдік мүдделеріңіз бар

ма? Мақсатым – сізді айыптау немесе ұялту емес. Алайда, басқаша өмір сүретін уақыт келді. Мінәжат етіп, Киелі Рухтан сізге Исаны Ием деп мойындап, қастерлеуге көмектесуін сұраңыз. Оның Сөзіне көңіл бөліп, құзырында болған кезіңізде Киелі Рух аспан Патшалығының азматына сай лайықты өмір сүруді үйретеді.

Ойлану

«...өздеріңді Құдайдың қызметіне арнап, дене мүшелеріңді де Оған бағыштап, оларға әділ істер істетіңдер!» (Римдіктерге арналған хат 6:13).

Қолдану

Кейінірек легализм және ұяттың жетегінде кетпей, Құдайға бағынып өмір сүруге қажетті күшті Құдай қалай беретінін талдайтын боламыз. Осы аптада өзіңізге «Исаның үстемдігіне, билігіне толықтай мойынсұндым ба?» деген сұрақ қойып, оған шыншыл жауап беріңіз.

Бәріміз де қателесеміз. Сіздің болашағыңызға сенетін жанапыр, сенімді адам – жұбайыңыз, жақын досыңыз немесе жетекшіңізбен сөйлесіңіз. Осы аптада білгеніңізді айтып беріңіз де, олардың осы жайлы пікірін сұраңыз. Өміріңіздің қай саласында Исаға толық бағынбай жүргеніңізді ол кісі байқайды ма, соны сұраңыз.

Ол кісінің сізге айтары болса, құлақ қойып, жүрегіңізді ашып, мұқият тыңдаңыз. Сонан соң мінәжат етіп, жауабыңызды Құдайдың алдына әкеліңіз. Одан естігеніңіз жайлы шындықты ашып беруді сұраңыз. Мойынсұну – өтірікке қарсы қуатты қару. Осы қарапайым жаттығу сізді түбегейлі өзгеріске жеткізеді!

3 АПТА

6-7 тарауларды оқыңыз

Осы аптада үшінші бейнесабакты көріңіз

ТАЛДАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Кез-келген жақсы мақсат біздің Құдайды қастерлеп, Оның еркін білуге деген ынтамызды ығыстырып жіберсе, қауіпті мақсатқа айнала алады. Келесі мақсаттарды талқылауға салыңыз. Олар жақсы ма? Керісінше, оларды өміріміздің мағынасы етсек, олар бізді ақиқат жолынан тайдыруы мүмкін бе?
 - Қаражаттық қауіпсіздік
 - Абырой
 - Бедел
 - Жомарттық
 - Гуманитарлық жетістіктер
 - Жемісті қызмет
2. Құдай Израилді уәде етілген жерге Өз құзырынсыз жібермек болғанда, Мұсамен бірге болғаныңызды елестетіп көріңіз. Сол кезде Мұсаның қабылдаған шешімін қабылдауға сізге не көмектесер еді?
3. Адамның назары Құдайдың Өзіне емес, Оның береріне ауа бастауының белгісі қандай? Осы белгілер сіздің де Құдаймен қарым-қатынасыңызға тән болса, бұл жағдайды қалай түзетуге болады?
4. Күнәкар дүниемен дос болмай, керісінше, оған қалай Ізгі хабар айтып, қалай ықпал етуге болады?
5. Легализм – күнәкар дүниенің өмір салты деуге болады. Қалай ойлайсыз, Құдаймен дос болып, діншілдікке түсіп кетпеудің амалы қандай?

ОҚУ

Көз алдыңда қуанышқа бөлейсің...

— (Забур жырлары 15:11).

Сенімнің ең үлкен сынақтарының бірі – жеңіл жол. Ол өте қалыпты нәрсе болып көрінеді.

Шөл далада Мұсаның жеңіл жолды таңдауға мүмкіндігі болды. Ол үнемі күңкілдеп, бүлік салумен болған халықты Мысырдан Синай тауына апара жатқанда, уәде етілген жерге кіру мүмкіндігі оған өте тартымды болып көрінді. Алайда Мұса Құдайдың құзырын осы уәденің орындалуына айырбастар ма еді?

Мыңдаған жылдар өте Исаға да жеңіл жолды таңдау мүмкіндігі кез болды. Ол Өзінің қызметін бастар алдында шайтан Оған билікке қиындықсыз, ауыртпалықсыз оңай жетудің жолын ұсынды. Иса шайтанға бас исе болғаны. Құдайдың азап арқылы жетуге дайындағанына Иса жеңіл жолмен жетуге келісер ме еді?

Шайтан осы амалын Құдайдың Ұлын сүріндіру үшін қолданғаны осы амалдың қаншалықты тиімді екенін көрсетеді.

Осы оқиғаны кейінірек қарастырамыз; ең бастысы, шайтанның қастандығына төтеп берген жалғыз Иса емес. Мұса барлық жолдарды сараптап көрді: уәде етілген жерге Құдайсыз кіру немесе шөл далада Құдайдың құзырында қалу. Ол шөл далада қалуды таңдады. Неліктен? Себебі ол жолын Құдайсыз жалғастырса, неден айырылатынын білді.

«Құдайдың құзыры сіз үшін ең басты мақсат па?» деген сұраққа шын жүрегіңізден «иә» деп жауап бергеніңізді қалаймын. Алайда, сіздің жауабыңыз жүрегіңізден емес, ой-санадан шыққан жауап болмау үшін, әуелі мына сұраққа жауап беріңіз: «Құдайдың құзырында болудың не екенін білесіз бе?»

Достым, сіздің Құдайдың құзырына Мұса тәрізді ғашық болуыңызды қалаймын. Құдаймен жақын қарым-қатынасты аңсағаныңыз сонша, ешбір жеңіл жолды іздемейтін боласыз. Осылай бо-

луын қалаймын. Құдайдың құзырын сезініп, татқаннан кейін ғана, осындай әуестік туады.

Жақып: «Құдайға жақындандар, сонда Ол да сендерге жақындайды...»,– деп жазады (4:8). Жақындау – мінәжат етуге, табынуға, Құдайдың Сөзін оқуға уақыт бөлу, және мұны жұмыс ретінде емес, аңсаған Тұлғамен қарым-қатынас ретінде қарастыру. Құдайды қазір іздеу болашақта өмірдің жолайрықтарында дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі.

Ойлану

«Егер де Маған шын жүректен бет бұрып сиынып Мені іздесеңдер, табасындар» (Еремия 29:13).

Қолдану

Кез-келген қарым-қатынаста екі жақтың да бір-біріне ұсынары бар, мысалы жігерлендіру, кеңес, іс-жүзіндегі көмек. Алайда, нағыз қарым-қатынас – басқадан пайда көріп қалуға ұмтылуда емес, нағыз қарым-қатынас – адамның өзіне көңіл бөлу. Кей кезде Құдаймен қарым-қатынасымызда осы туралы ұмытып кетеміз. Барлық нәрсе Құдайдан келетіндіктен, біз Одан тек керегімізді сұрап, Оның Өзін танып білу туралы ұмытып кете аламыз.

Құдай біздің өтініштерімізді естігісі келеді! Алайда Құдайдың құзырын өміріңіздің ең басты мақсаты етуге ұмтылсаңыз, осы аптада Құдаймен уақыт өткізгенде, зейініңіз тек Құдайдың Өзінде болсын. Оның мінезі туралы ойланыңыз. Оны не қуантамынын білуге ұмтылыңыз.

Киелі Жазбадағы бір әңгімені оқып шығып, оның сізге Құдай туралы не ашатыны туралы ойланыңыз. Осы уақытта Жаратушыңызға бұрынғыдан бетер ғашық болуыңыз үшін мінәжат етемін.

4 АПТА

8-9 тарауларды оқыңыз

Осы аптада төртінші бейнесабакты көріңіз

ТАЛДАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Кейбір адамдар өздерін Құдайды білуге талпынамын деп ойлайды, алайда уақыт өте келе көңілінің тіпті басқаға ауып кеткенін байқайды. Адам ой-санасының қайда бағытталғанын қалай біле алады?
2. Адамдар кейде шектен шығып, сырт көрінісімен де, әрекеттерімен де танымал жұлдыздарға еліктей бастайды, немесе оларды танымаса да, оларға жақын болғылары келеді. Ал Құдайды іздегендерге Оны табатындары уәде етілген. Қалай ойлайсыз, неліктен адамдар Құдайды тану үшін өмір салтын өзгерткілері келмейді, бірақ басқа адамды жақын білу үшін салмақты өзгерістерге бел бууға дайын?
3. Сіздің жақсы атмосфера (көңіл райын) құруға емес, Құдай құзырына ұмтылғатыныңызды қалай тексеруге болады? Жеке мінәжатта да, жалпы жиналыста да қолданарлық әдістерді ұсыныңыз.
4. Қасиеттілікті қарым-қатынастарды ескере отырып талқылаған жөн, себебі қасиеттіліктің басты мәні – Құдайды жақын танып білу. Жаттығу ретінде Мысырдан шығу кітабында (20:1-7) берілген он өсиетті қарым-қатынастарды ескере отырып, қарастырып көріңіз.
5. Қасиеттілікті Құдайдың тұрғысынан қарастыру оңай емес, дегенмен қолыңыздан келетіннің барлығын жасаңыз! Енді, Құдайдың қандай екенін және Оның қалауларын білгеннен соң, қалай ойлайсыз, Ол үшін балаларының іс-әрекеттері де, позициялары да қасиетті болуы неліктен сондай маңызды?

ОҚУ

Енді сендер күнәнің үстемдігінен босатылып,
 Құдайдың қызметіне кірдіңдер.
 Бұның өнімі – Құдайға бағышталған қасиетті өмір...
 — Римдіктерге 6:22

Осы тәлімде қасиеттілік туралы сөз қозғайтын кезді күттім, себебі сіз қасиеттілік – бақылау, айып сезімі немесе адамның ойлап тапқан стандарттарына сай болу деп ойламауыңыз мен үшін өте маңызды. Ең бастысы – қарым-қатынас.

Сіздің отбасыңызда сіз қатты сүйетін бір адам бар делік, бірақ ол әрдайым сізді құрметтемей, сізге әдепсіздік көрсетеді, сіз оған сене алмайсыз. Сіз ол адамды сүйетініңізге қарамастан, онымен қарым-қатынас жасағанды қатты ұната қоймайсыз деп ойлаймын. Ол өзгеруге дайын болмаса, сіз қарым-қатынасыңызда белгілі бір шектеулерді қоюға мәжбүр боласыз. Мүмкін, сіз ол адаммен күн сайын көрісуден бас тартар едіңіз.

Өткен аптада айтқанымыздай, Құдай – Тұлға, және біз Оның құзырын аңсаймыз. Сонымен қатар, Құдай – шексіз қасиетті. Мүмкін, іс-әрекеті орынсыз адамның жанында болу сіз үшін қиын, алайда қасиетті болмай Құдайдың жанында болу тіпті мүмкін емес. Осы себептен қасиеттіліктің өте үлкен маңызы бар!

Еврейлерге арналған хатты қайталап оқыңыз (12:14): «Құдайға бағышталған қасиетті өмір сүруге ұмтылындар! Мұнсыз ешкім Жаратқан Иені көре алмайды». Түпнұсқадағы «ұмтылындар» деп аударылған сөз мынадай мағына береді: әлденені жан-жақты күш салып, белгілі бір мақсат немесе міндетпен жасаңдар. Осы сөздің мағынасындағы екі сөзге назар аударыңыз: жан-жақсы күш салу және белгілі бір мақсат.

Біздің мақсатымыз, жоғарыда айтылғандай – Құдайдың құзырында болу. Сондықтан қасиетті өмір сүру үшін бар күшімізді салайық.

Қасиеттіліктің заңшылдық немесе өлі діншілдік салт-дәстүрлерге еш қатысы жоқ. Сондықтан қасиеттілікке ұмтылу бізден екі нәрсені талап етеді:

1. **Құдай Сөзінің шәкірті болу.** Әлемде біздің адами санамыз бен қоғам жақсы деп санайтын, алайда Құдай жақсы деп санамайтын нәрселер көп. Тура солай, қоғам орнатқан, рухани болып көрінетін шектеулер бар, алайда, оларды Киелі Кітаптан таппаймыз, оларға қоғам мен мәдениет қана мәжбүр етеді.
2. **Киелі Рухқа сезімтал болу.** Құдай бізден Оның Сөзіне қарсы келетін тапсырмаларды орындауды ешқашан талап етпейді. Ол сізді, кім болмасын, барлығынан да артық біледі. Ол сізді азғындыра алатын барлық салаларды біледі және сізге қатысты Өзінің еркі жайлы нақты нұсқаулар бере алады.

Құдайдың Сөзі мен Киелі Рух беретін нұсқаулар сізді дұрыс жолдан тайдырмайды!

Ойлану

«Сондықтан да бізге бөгет болатынның барлығынан, әсіресе, тез шырмап алатын әрбір күнәдан арылып, алдымыздағы «жарысты» қажырлылықпен аяқтайық!» (Еврейлерге арналған хат 12:1).

Қолдану

Пауыл Қорынттық қауымға былай деп жазады: «Менің Мәсіхтен үлгі алғанымдай, сендер де менен үлгі алыңдар» (1 Қорынттықтарға 11:1).

Сіздің өміріңізде Құдайдың Сөзін білетін және Оның Рухын тыңдайтын адам бар ма? Осы аптада сол кісіге жолығыңыз. Одан өзінің Құдаймен қарым-қатынасын, Киелі Кітапты түсінуде қалай өсіп келетіні және Құдайдың даусын қалай танып білетіні жайлы айтып беруін сұраңыз. Осы білімді ол жылдар бойы жинаса керек, сондықтан ден қойып тыңдаңыз!

5 АПТА

10-12 тарауларды оқыңыз

Осы аптада бесінші бейнесабакты көріңіз

ТАЛДАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Киелі Кітапқа сай, Құдайдың және қауымның ең басты ерекшелігі – қасиеттілік. Осы сұрақтарды талдаудан бұрын қай қасиетті Құдайды сипаттайтын ең басты қасиет деп ойладыңыз? Қауымның ше? Осы аптада алған біліміңіз сіздің бұрынғы пікіріңізді жояды ма, әлде жаңа нәрселерді білуге түрткі болады ма?
2. Рақым туралы жолдаудың бөлшектеліп, қысқартылған нұсқасы рақымды бар болғаны біздің қателіктерімізді ақтап шығатын нәрсеге дейін төмендетеді. Жаңа Өсиетке сәйкес рақым күнәларымызды ақтайды және қасиетті өмір салтын ұстану үшін күш береді. Кейбір адамдар үшін әлгі жеңілдетілген нұсқа тартымдырақ болып көрінуі мүмкін. Жаңа Өсиеттегі толық жолдау неліктен артық екенін түсіндіріңіз.
3. Нақыл сөздер 27:6 оқыңыз. Жағымсыз әсер қалдыратындай ештеңені үйретпей, уағыздамау керектігін жақтайтын идеяны ойда сақтап осы аятты талдаңыз.
4. Жолдау тартымды болып көрінсе, ол сізге қажет жолдау деген сөз емес. Шынында, ақиқат кейде жанға батады, кейде ыңғайсыздық туғызады, алайда, ол мәңгі азаттық және өзгеріс дарытады. Өз тәжірибеңізден әлдененің пайдалы, бірақ сіз қаламайтын болғанын келтіріңіз. Сіздің мысалыңыздан Құдайдың Сөзін тереңдеп зерттеуге қатысты қандай сабақ алуға болады?
5. Адамдар қоғамды өзгерту туралы айтқанда, олар көбінесе жаңа заң шығару мен әлеуметтік саладағы өзгерістер туралы айтып жатады. Неліктен жеке өмірдегі қасиеттілік қоғамдағы өзгерістерді туғызатын қуатты күш болып табылады?

ОҚУ

... Мәсіх Исаның сыйлайтын рақымымен күшейе бер
— Тимотеге 2-хат 2:1

Рақым туралы біз еститін екі жолдаудың арасында анық айырмашылық бар. Оны келесі қарапайым сұрақ арқылы көрсетуге болады: сіз өзіңізді жақсы сезінуді ме, әлде жақсы болуды қалайсыз ба? (Жақсы болу деп Құдайдыкі болуды айтамын).

Жаңа Өсиет жолдауын қабылдағанмызда түкке тұрмайтын өмірді таңдаған жоқпыз. Керісінше, Иса Өзінің адамдар арасындағы миссиясын былай деп сипаттайды: «Мен адамдар шынайы өмірге ие болсын және өмірі рухани игілікке толы ағыл-тегіл мол болсын деп келдім» (Жохан 10:10). Иса Мәсіхте әрқашан мәңгі қуанышқа ие боламыз. Біз үшін маңызды нәрселер Құдай үшін маңызды нәрселер болғаны тиіс. Құдай ешқашан біздің жайлылығымызды біздің жақсы болғанымыздан жоғары қоймайды. Біз де солай істейміз бе?

Рақым туралы қай жолдауға сенетінімізді өзіміз таңдауға еріктіміз. Киелі жазбаны оқып, тек өзіміздің ақылымызға сай келетін нәрселермен келісіп отыруға болады. Ыңғайсыздық туғызатын жолдаулардан бас тартып, құлағымызға жағатын уағыздаушыларды ғана тыңдауға болады. Екі дәрігерді тыңдаған адамдай, біз кейде өзіміз жағымды деп тапқан диагнозбен өмір сүруді таңдаймыз.

Осы жолды таңдасақ, өзімізді жақсы сезінеміз! Алайда Исаның әйгілі сөздерін қайталайық: «Адам бүкіл дүниеге ие болып, сол себепті (мәңгілік) өмірінен айырылса, бұдан оған не пайда?» (Марқа 8:36). Сонымен сұрағымызға оралайық: сіз өзіңізді жақсы сезінуді ме, әлде жақсы болуды қалайсыз ба?

Рақымды күш ретінде танытатын жолдау – керемет жаңалық екенін түсінесіз деп үміттенемін. Рақым тек біздің қателерімізді ақтайды деп сенсек, өмірімізде тығырыққа тіреліп, күнәнің шыр-

мауында, үрей мен өтіріктің бұғауында қаламыз. Алайда бізге күш беретін рақымды қабылдасақ, Иса тәрізді – азат, сенімді, ынтаға толы, қуатты және жарылқанған болып өмір сүре алатын боламыз. Құдайдың рақымы – сізді төменге қарай тартатын жүк емес. Жохан елші айтқандай:

«Ал өсиеттерін орындағанмыз – Құдайды сүйгеніміз; оларды орындау қиын емес. Өйткені Құдайдың рухани балалары осы күнәлі дүниені жеңеді. Осы дүниені жеңген күш – біздің сеніміміз» (1 Жохан 5:3,4).

Құдай шынымен де Ізгі болса, Ол бізге ең жақсысын беруді қалайды, оған таң қалудың еш керегі жоқ, Оның өсиеттері – бізге арналған ең жақсы жол! Оның рақымының біздегі күші арқылы ол өсиеттерді орындаудың қиын емес екенін түсінеміз. Не деген тамаша!

Ойлану

«...Менің рақымым саған жетер: күшсіз жағдайыңда Менің күдіретім толықтай іске аса алады...» (2 Қорынттықтарға 12:9).

Қолдану

Жеңіл, ыңғайлы болып көрінетінді Құдайдың жолымен жүру үшін тастауға дайынсыз ба? Дайын болсаңыз, мінәжат етіңіз:

Құдай Әке, күш беретін рақымың үшін алғыс айтамын. Мен оны тек күнәларымның кешірімі ретінде ғана емес, өз күшіммен ешқашан істей алмайтын нәрселерді жүзеге асыру үшін қабілет беретін күш ретінде қабылдағым келеді. Сен – Ізгісің деп сенемін. Сондықтан Сенің кез-келген өсиетің маған тек жақсылық әкелетінін білемін. Құдайым, мен арқылы Сенің Атың мадақталсын! Мені өзгертіп, Саған ұқсас етші. Исаның атымен. Амин.

6 АПТА

13-16 тарауларды оқыңыз

Осы аптада алтыншы бейнесабакты көріңіз

ТАЛДАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Неліктен адамдар Құдайдан Оның бере алатынынан аз күтеді? Сіз осындай жағдайда болып па едіңіз, осы күйді қалай жеңіп шықтыңыз?
2. Миллиардер және үш кәсіпкер туралы әңгіме жайлы ойланыңыз. Қалай ойлайсыз, неліктен үшінші кәсіпкердің арман-жоспары басқалардыкінен әлдеқайда ауқымды болды? Сол адамның өткенге және болашаққа қалай қарайтынын елестетіңіз. Ол инвестормен кездесуге қалай дайындалғанын түсініп көріңіз. Ол не істеді және сіз Құдайдың жоспарынан күтетініңізді ұлғайту үшін не істей аласыз?
3. Осы курста білгеніңізге негізделіп, айыра білу қабілетіне деген күнәкар дүниедей ойлайтын адамның және рухани кемелденген сенушінің көзқарасы қандай болмақ? Қандай бірегей құралдар мен үлгілер сенушінің айыра білу қабілетін жетілдіре алады?
4. Құдайды қастерлеу қиындықтарға деген көзқарасымызды қалай өзгертеді? Қысымға түскенде Құдайды қастерлейтін адамдар не айтады және не істейді? Және олар, керісінше, нені істемейді?
5. Осы курсты аяқтай отырып әр адам жеке өзі үшін және жалпы топқа қатысты қорытынды жасаңыздар. Күнделікті өмірлеріңізде қандай қағидаларды, сабақтарды және құндылықтарды қолданатын боласыз? Ол қалай болмақ? Қадамдарыңыз әрдайым іс жүзінде іске аса алатындай және нақты болсын, сонда сеніммен алға баса алатын боласыз!

ОҚУ

Жаратқанды терең қастерлейтін кішіпейілдер
 Байлық, абырой, шынайы өмірге кенелер
 — Нақыл сөздер 22:4

Осы курстың барысында бірнеше едәуір маңызы бар салаларды қарастырдық. Үстемдік, қасиеттілік және рақымның шынайы табиғаты – сол салалардың тек кейбірі. Сіз көзқарастарыңыз және өміріңіз жайлы қиын сұрақтарға жауап бердіңіз. Енді мен назарыңызды әрі қарай қалай өмір сүре алатыныңызға аударғым келеді.

Ефестіктерге арналған хаттың The Message аудармасында жазылғанды оқыңыз:

«Құдай біз білетіннен көп жасай алады,– біздің елестете алатынымыздан, ойлайтынымыздан немесе ең батыл армандарымызда да қалағаннан әлдеқайда көп жасай алады! Ол мұны бізді әрі-бері итермелемей, Киелі Рухы арқылы бойымызға тереңдеп, жайлап жасайды» (3:20).

Құдай бізді Өзіне қайтарып алу үшін ештеңесін аяған жоқ. Ол біз үшін ең жоғары құнды – Өзінің жалғыз Ұлының өмірін қиып төледі. Ол кенеттен сараң болып қалады деп ойлауға еш себебіміз жоқ.

Құдай Өзінде барының ең жақсысын иемдене алуымыз үшін барлығын – Өз Сөзінің ақиқатын, Өз Рухының бағытын және Өз рақымының күшін берді. Дегенмен, жоғарыдағы үзіндіде айтылғандай, Құдай бізді Онымен серіктес болуға мәжбүр етпейді. Ол сенім, айыра білу және мойынсұну арқылы ең батыл армандарымыздан да асып түсетін өмірге ие болуды ұсынады.

Сізді не тежейді? Сіздің қиялыңызды шектейтін не? Шексіз ресурстарды иемденудің орнына, сізге кішігірім ғана қаражатты сұрататын не?

Құдаймен бірге армандайтын уақыт келді. Қай салада сіздің үмітіңіз бен сеніміңіз аз? Құдайдың қай уәделерінен қорқасыз? Неге? Құдайдың рақымы сізді шабыттандыратын болсын. Өзіңіз әрең сенетін нәрселерді сұрай бастаңыз. Ол одан да жақсысын беруге уәде етті!

Ойлану

«Алайда (Киелі жазбаларда) алдын ала жазылғандай, көз көріп, құлақ естімеген, адам ойына ешқашан келмеген игіліктерді Құдай Өзін сүйетіндерге дайындап қойған» (1 Қорынт. 2:9).

Қолдану

Армандар мен шектеулер туралы сөз қозғадық, енді нақты іске кірісейік. Апта сайын белгілі бір уақытты терең армандарға арнаңыз. Алдымен қағаз не электрондық құрылғы алып, өміріңіздің басты салаларын жазып шығыңыз. Тізіміңізге келесідей салалар кіруі ықтимал:

- Құдаймен қарым-қатынас
- адамдармен қарым-қатынас
- неке және отбасы (қазіргі немесе болашақтағы)
- қаражат
- мансап
- жергілікті қауым және қызмет
- нақты дарындар мен әуестік


Әр тақырыпшаның астына осы салаға қатысты армандарыңызды жазыңыз. Жүрегіңіз бен санаңыздың тереңінде ойлау жолыңыз осындай болуы тиіс.

Құдаймен қарым-қатынасыңыздан не күтесіз? Болашақта қаржылық жағдайыңыздың қандай болуын қалайсыз? Отбасыңыз үшін болашақта не күтесіз? Енді тізіміңізге қайтып оралыңыз. Киелі Рухтан Оның көзқарасы мен уәделерін ашып беруді сұраңыз. Қорқыныш сіздің көзқарасыңызды қалай бұлдыратады? Бұрынғы жаралар мен түңілу сіздің қиялыңызды шектейді ме? «Бұған Құдай назарын аудармайды» деп ойлайтын нәрселеріңізге қатысты Құдайдың шынайы ойы қандай? Сіздің арман-жоспарыңыз қандай болса, қабілетіңіз де сондай болмақ, осыны есте сақтаңыз. Құдай сіздің өміріңіздегі шектеулерді жоюға кірісті. Шектеулерден бас тартатын уақыт келді!



НЕКЕ ЖӨНІНДЕГІ ОҚИҒА

Махаббат жайлы Құдайдың бастапқы керемет жоспарынан қалай қол үзіп қалдық? «Неке жөніндегі оқиға» кітабында Джон және Лиза Бивер сіздерді Құдайдың осы жоспарын біліп, неке туралы түсінігіңізді жаңартуға шақырады. Некелі не бойдақ болсаңыз да, үйленгелі жүрсеңіз де, сіздің өмірбаяныңыз — Құдайдың неке туралы жоспарының бір бөлігі.



КИЕЛІ РУХ

Осы жолдауда Джон Бивер сізді Киелі Рухпен таныстырады. Осы кітап арқылы Оның Тұлғасы мен құдіреті жайлы көбірек біліп, Онымен жақынырақ таныса аласыз. Құдаймен қарым-қатынасыңыз қандай болса да, «Киелі Рух: Кіріспе» кітабы сізді қатты сүйетін мәңгі Құдайға жақынырақ болуға көмектеседі.

Джон және Лиза Бивердің осы және басқа материалдарын қазақ тілінде келесі сайттан жүктеп алуға болады:

www.CloudLibrary.org



Көбірек білгіңіз келе ме?
Сканерлеп алыңыз

ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ БАРЛЫҒЫ ҚҰДАЙДАН КЕЛЕДІ, СОЛАЙ ЕМЕС ПЕ?

Осы күні «жақсылық» және «Құдай» сөздері мағыналас болып кетті. Өлдене жақсы деп саналса, әлбетте, ол Құдайдың еркіне сай деп ойлаймыз. Жомарттық, мойынсұнушылық, әділдік – бұлар жақсылыққа жатады. Өзімшілдік, төкаппарлық, мейірімсіздікті, әрине, жамандыққа жатқызамыз. Айырмашылығы ап-анық сияқты.

Расында да солай ма? Жақсылық сондай айқын болса, Киелі Кітапта жақсы мен жаманды айыра білудің маңыздылығы неліктен айтылған?

«Жақсылық па, Құдай ма?» – бұл күнделікті мәселелерді шешу туралы кітаптардың бірі емес. Бұл кітап сізге жай ғана мінез-құлқыңызды өзгерту туралы кеңес бәрмейді. Ол сізге рухани күш береді. Сол арқылы сіз Құдаймен тіпті басқа деңгейде қарым-қатынас жасай аласыз. Нәтижесінде өміріңіздің ербір саласы өзгереді.

ОСЫ КІТАПҚА АПТА САЙЫНҒЫ ОҚУ МЕН ТАЛДАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР КІРЕДІ

ДЖОН БИВЕР және оның жұбайы Лиза – Messenger International қызметінің негізін салушылар. Қызметкер және бірнеше бестселлердің авторы болып табылатын Джон ақиқат туралы ымырасыз, батыл, әрі жалынды уағыздайды. Джон Бивер қауымдарды, олардың жетекшілерін ұлтына, тіліне, қаржылық жағдайына қарамастан қолдауға ұмтылады. Оның еңбектері 90-нан астам тілге аударылып, миллиондаған данасы әр елдердегі бағушылар мен жетекшілерге таратылған. От басында Джон Лизамен гольф ойнап, бала-шағасы мен немерелерімен уақыт өткізгенді ұнатады.

Осы және басқа ресурстарды www.CloudLibrary.org сайтынан алуға болады

Бұл кітап – автордың сыйлығы.
Сатуға арналмаған.



MESSENGER
INTERNATIONAL
MessengerInternational.org



Көбірек білгіңіз келе ме?
Скамерлет алыңыз